

Қазақ әдебиеттану ғылымына қомақты үлес қосқан ғалым,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
**МӘМБЕТОВ ЖОЛДАСБЕК ОРМАХАНҰЛЫНЫҢ**  
60 жасқа толуына орай өткен

**«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ  
ТАЛҒАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты республикалық ғылыми-практикалық конференция  
материалдары

*Алматы, 17 маусым 2022 жыл*



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



Қазақ әдебиеттану ғылымына қомақты үлес қосқан ғалым,  
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған  
профессор

**МӘМБЕТОВ ЖОЛДАСБЕК ОРМАХАНҰЛЫНЫҢ**

60 жасқа толуына орай өткен

**«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:**

**ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ**

**ТАЛҒАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты республикалық ғылыми-практикалық конференция  
материалдары

*Алматы, 17 маусым 2022 жыл*

Алматы  
Қазақ университеті  
2022

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5Қаз)  
Қ17

**Жауапты редактор**  
ф.ғ.к., доцент *С.Д. Дәрібаев*

**Құрастырушылар**  
PhD *Г.Р. Даутова, Ұ.О. Ахан*

**Қазақ** әдебиеттану ғылымына қомақты үлес қосқан ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мәмбетов Жолдасбек Ормаханұлының 60 жасқа толуына орай өткен «Қазіргі әдебиеттану ғылымы: ұлттық таным және эстетикалық талғам мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 17 маусым 2022 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 191 б.

**ISBN 978-601-04-6106-2**

Жинаққа 2022 жылдың 17 маусымында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде өткен «Қазіргі әдебиеттану ғылымы: ұлттық таным және эстетикалық талғам мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енген.

Жинақ әдебиеттанушы және тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге және көпшілік оқырман қауымға арналған.

## ҚҰРМЕТТІ ЖОЛДАСБЕК ОРМАХАНҰЛЫ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан Сізді мерейлі 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз бұл белесті ұлағатты ұстаз, зерделі ғалым ретінде үлкен жетістіктермен бағындырдыңыз.

Терең біліміңіз бен жылдар бойы жинаған мол тәжірибеңізді жас буынға сіңіріп, өзіңіздің ғылыми мектебіңізді қалыптастырдыңыз.

Сіз өзіңіздің іргелі еңбектеріңіз арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының зерттелуіне елеулі үлес қосқан танымал ғалымсыз.

Танымы терең зерттеулеріңіз ғылыми ортада мойындалып монографияларыңыз, оқулықтарыңыз бен іргелі ғылыми зерттеулеріңіз жас ғалымдардың ізденісіне бағыт беретін құнды еңбектер қатарына қосылды.

Бүгінгі күні өзіңіз білім алған қарашаңырақ университетте қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті қызметін абыроймен атқарып отырсыз.

Университетіміздің дамуына белсенді араласып, қайраткер ғалым ретінде білім ордасындағы игі бастамаларға үн қосып келесіз.

Әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, шәкірттеріңізге өнегелі білім беріп, ел алдында мәртебеңіз биіктей берсін!

Мерейлі жасыңызда Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға береке, қызметіңізге табыс тілеймін!

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Басқарма Төрағасы – Ректор  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ*

## **ҚҰРМЕТТІ ЖОЛДАСБЕК ОРМАХАНҰЛЫ!**

Сізді асқаралы 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз өз мерейтойыңызға лайықты да қошаметтеуге тұрарлық жетістіктермен келіп отырсыз. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымыңыздың және әріптестеріңіздің құрметіне бөлендіңіз. Сіздің өрелі істеріңіз бен білім саласындағы еңбектеріңіз, ғылыми зерттеулеріңіз әдебиеттану ғылымы саласындағы ортада кеңінен танымал, сол арқылы нағыз майталман маманның, ұлағатты ұстаздың, еліміздің абзал азаматының өнегелі ісі екенін дәлелдей білдіңіз. Елімізде білім мен ғылым саласының өркендеуіне және халқымыздың игілігі жолында әлі де талай игі істерді атқарарыңызға кәміл сенеміз.

Қазіргі жастардың саналы білім алуына, ғылыммен айналысуына, біліктілігін арттыруына, патриоттық рухта тәрбиелеуге, саналы ұрпақ болып жетілуіне қомақты үлес қосып келесіз. Бүгінгі күні әр саланың маманы атанып, елімізде жоғары білімді маман ретінде сүбелі еңбек етіп жүрген қаншама жастарға білім мен тәрбие бердіңіз. Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға, ұстанымы берік, терең білімді азамат ретінде жақсы білеміз. Осындай ерен еңбек пен ізденістеріңіздің нәтижесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі мен жүріп өткен саналы ғұмырыңыз, отбасыңыз үшін ғана емес, өзіңізбен қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де үлгі, зор мақтаныш пен абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екені даусыз.

Қадірлі Жолдасбек Ормаханұлы! Қоғамымыздың игілігі, еліміздің болашағы жастарға, жас мамандарға кәсіби қызметте ұстаздық ете жүріп, білім мен ғылым жолындағы күрделі де жауапты қызметті жалғастыруда әрдайым абырой биігінен көріне беріңіз! Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыңызға амандық, еліміздің білім мен ғылым саласының жандануы жолындағы қызметіңізге толағай табыстар тілейміз!

*Ізгі ниетпен,*

*Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің  
Басқарма төрағасы – директор Д. Қожамжарова*

## **ҚҰРМЕТТІ ЖОЛДАСБЕК ОРМАХАНҰЛЫ!**

Сүлейман Демирель атындағы университет ұжымы Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Сіз қазақ әдебиетінің ең маңызды саласының бірі – әдебиет теориясы бойынша еліміздегі беделді жоғары оқу орындарында дәріс оқып келесіз. Ғылыми негізді, мағыналы дәрістеріңіз шәкірттеріңіздің көңілінен шығып, олардың білікті маман болуына зор ықпал етуде. Мұның сыры бәлкім, Сіздің Зейнолла Қабдолов сынды ұлы ұстазға шәкірт болғаныңызда жатса керек. «Ұстаздық ету – өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» деген даналықты тұғыр еткен ғұмыр жолыңызда әлі талай шәкірттің жүрегінен орын аларыңыз анық.

Сүлейман Демирель атындағы университет ұжымының атынан Сізге шығармашылық табыс, отбасыңызға бақ-береке тілейміз! Жас ұрпаққа білім беру жолындағы қызметіңіз берекелі әрі ұзағынан болсын.

*Құрметпен,  
Сүлейман Демирель атындағы университет ректоры  
Давронжон Гайпов*

## ӨМІРБАЯНДЫҚ ДЕРЕКТЕР

Мәмбетов Жолдасбек Ормаханұлы 1962 жылы 19 маусымда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Бесарық ауылында дүниеге келген. 1979 жылдан бастап туған ауылында кұрылыс саласында еңбек еткен. 1981-1983 жылдары Кенес әскері қатарында азаматтық борышын өтеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне 1984 жылы түсіп, оны 1989 жылы “Араб, қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығы бойынша бітірді. 1989-1990 жылдары Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Қарақыстақ ауылындағы Октябрь орта мектебінде араб тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1990 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің Қазақ әдебиеті кафедрасында ассистент, 1993 жылдан аға оқытушылық қызмет атқарды. 1997-1999 жылдары филология факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды.

1998 жылы академик Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен «Жұбан Молдағалиевтың ақындық шеберлігі» деген тақырыпта (шифр: 10.01.02) кандидаттық диссертация қорғады. Әдебиеттану мамандығы бойынша доцент (ҚР ЖАК, 19 қыркүйек 2004 ж.).

«Жұбан Молдағалиевтың ақындық шеберлігі» (2002 жыл) деген оқу құралының, «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» (2011 ж.), «Зейнолла Сәніктің әдеби мұрасы» (2018 ж.) деген монографияның, «Мәңгілік жол» (2019 ж.) деген деректі жолжазбаның (296 бет), «Көркемдік таным таразысы» (2022 ж.) деген зерттеу мақалалар жинағының (320 бет) және 2 әдістемелік құрал мен көптеген типтік оқу бағдарламаларының, жүз алпыстан аса ғылыми мақалалардың авторы. Осы кезге дейін қазіргі қолданыстағы хәріпке түсірілмей келген Есмағамбет Ысмайлов пен Зейін Шашкиннің «Әдебиет теориясының мәселелері» оқулығын (1937 ж.), Ғаббас Тоғжанұлының «Абай» монографиясын (1934 ж.) мұрағаттан алып, қазіргі хәріпке түсіріп, түсініктемелерін жазып, қайта бастырып шығарды.

Оқу барысы бойынша университеттердің бакалавр және магистратура сатыларында «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Жазушы еңбегі», «Әдебиет және текстология», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» және

басқа арнаулы курстардан дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізді.

Факультет, бөлім, университет көлемінде өтіп жатқан қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. 2007 жылы халықаралық деңгейде өткен ақын, аудармашы Т. Ізтілеуов пен академик З. Қабдоловтардың шығармашылықтарына арналған ғылыми-теориялық конференцияларды ұйымдастыруға белсене араласты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанында құрылған Абай атындағы ғылыми зерттеу институты хабаршысының редколлегия мүшесі болды.

2012 жылдың шілде айынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Қазақ тілі мен әдебиеті зертханасының меңгерушісі қызметіне ауысты. 2013 жылдың қаңтар айында Ш. Шаяхметов атындағы Республикалық тілдерді оқыту орталығында ғылыми-әдістемелік бөлімнің бастығы болды. Сол жылдың маусым айынан бастап «Назарбаев орталығы» көп функциялы ғылыми талдамалық және гуманитарлық ағартушылық мемлекеттік мекемесінде жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 2013-2015 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеттің Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, 2015-2017 жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жетекші ғылыми қызметкері, 2017-2021 жылдары Сулейман Демирел университетінің қауымдастырылған профессоры қызметін атқарды. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті.



## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

**Ж. Д. ДӘДЕБАЕВ**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор*

### КІТАП ПЕН АВТОР ТУРАЛЫ

«Көркемдік таным таразысы» – көркем әдебиет, сөз өнері туралы кітап. Авторы – Жолдасбек Мәмбетов. Автор – әдебиеттің тарихы, сыны, теориясы саласында, оны жоғары мектепте оқыту ісінде еңбек етіп келе жатқан белгілі мамандардың бірі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқып, қазақ әдебиеттану ғылымының сол тұстағы алып тұлғаларынан, ұлық ұстаздары мен ғұлама ғалымдарынан дәріс тындады, білім, тәлім-тәрбие алды. Әсіресе Қазақстанның жоғары мектебіне, ғылымы мен біліміне еңбек сіңірген ерен қайраткерлері Зейнолла Қабдолұлы, Тұрсынбек Кәкішұлы сияқты ұстаздарының ұлағатынан күн көзіндей жарық алды, олардың ақыл-ой әлемінде теңіздей тебіреніп жатқан білім айдынының толқынын тамашалады. Университетті бітірген соң да осы ұстаздарының жанында болды, жақсылығын көрді, өзі де ұстаздық етті.

Жолдасбек Зейнолла Қабдолұлының ғылыми жетекшілігімен ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын сәтті қорғады. Кандидаттық диссертациясының тақырыбы «Жұбан Молдағалиевтың ақындығы» деп аталды. Бұл ғылым жолында ізденіп жүрген жасты ғылым кандидаты жасап қана қоймай, оны, боламын десе, қанатты ақынға айналдырғандай айбынды да айбарлы тақырып еді.

Жолдасбек қанатты ақын болуды емес, алдындағы ұлық ағаларына ұқсап балаға үйретуден жалықпай ұстаздық етуді, инемен құдық қазғандай болса да, ерінбей ғылым іздеуді таңдады.

Ғылыми-зерттеу ісінде екі түрлі тақырып болады: бірі зерттеушіні көтереді, екіншісін зерттеуші көтереді. Жолдасбектің тәжірибесінде осылардың екеуі де бар. Зерттеу тақырыбы Жолдасбекті көтерді, Жолдасбек зерттеу тақырыбын көтерді.

«Көркемдік таным таразысы» төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім қазақ поэзиясының қазіргі даму мәселелері туралы. Екінші бөлім қазақ прозасындағы ізденістер жайында. Үшінші бөлімде түрлі сипаттағы әдеби толғамдар топтастырылған. Төртінші бөлімде автор өзінің ұстаздарының тәлім-тәрбиесі, ұстаздық еңбегі, ғылымдағы жетістіктері туралы толғанады.

Бірінші бөлім Жұбан Молдағалиевтың «Мен – Қазақпын» поэмасынан басталып, лирикасына ұласады. Одан Махамбет Өтемісұлының ақындығына өрлейді. Махамбет пен Байрон поэзиясындағы ортақ сарындар сазын саралайды. Одан бері келгенде, Светқали Нұржанның ойлы жырларының озанына қарай озады, ақын Бауыржан Жақып лирикасының сұлу сазына, сырлы мінезіне сүйсінеді, сөйтіп Жанат Әскербекқызы поэзиясының жарығы мен жылуын тамашалайды, өзі сұлу жырдың сұлтанындай көретін Мұрат Шаймаранның лирикалық лебін сезінеді. Қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттарын барлап, баянды байымдаулар жасайды. Бөлімнің соңын Ханғали Сүйіншәлиев пен Зейнолла Қабдоловтың қазақ өлеңі туралы ойлары мен толғамдарын таразылаумен бітіреді.

Автор ақын шығармашылығын, поэзия табиғатын, оны талдау мен таразылаудың жолы мен жөнін, амалдары мен тәсілдерін жете меңгерген. Поэзияны талдап, таразылау үшін, сыншы оның сыры мен сынын ақынның өзінен артық сезінбесе, кем сезінбейтін болуы керек. «Көркемдік таным таразысы» кітабының авторы өлең өрімін, поэзия парасатын, ақындық таным табиғатын ақынша сезініп, сыншыдай танып, зерттеушідей зерделей білетінін көрсеткен. Талдауы терең, таразылауы тура, бағалауы дұрыс. Бірінші бөлімнің сипатын ашатын осы ерекшеліктер кітаптың кейінгі бөлімдеріндегі талдаулар мен саралауларда да сақталады. Сонымен қатар арнайы айтатын бір жай бар. Ол – автордың ой дамыту, пікір тую мәнерінің анықтығы. Автор ойын жүйелі дамытады, анық жеткізеді, пікірін жеткілікті негіздейді, дәлелді түйеді. Автордың тілі де, стилі де

кітаптың жанрлық табиғатына, пайымдау нысанының ерекшеліктеріне сай есіледі.

Жолдасбек Мәмбетовтің «Көркемдік таным таразысы» – қазақ әдебиеттану ғылымы, оның ішінде әдеби сын саласы бойынша жинақталған ойлар мен толғамдардың, пікірлер мен тұжырымдардың қорына қосылған танымдық маңызы зор еңбек.

**С. Р. БОРАНБАЕВ**

*М.О. Әуезов атындағы ОҚУ*

*«Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар»*

*ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, доцент*

## **ЖӨРГЕГІНДЕ ТАНЫСҚАН МҰҢ ТІЛІМЕН...**

Кенес дәуірі кезінде жастарымыздың алдында қандай да бір биік асулардан асу, ойлаған шындарды бағындырсам деген арманға толы мақсаттар тұратын. Оның үлкені – Алматыдағы жоғары оқу орындарының біріне түсіп, жақсы ұстаздардан тәлім алу, сапалы маман болу, мүмкіндігі болса кемі бір совхозды басқару немесе парторг болу, сәті түсіп жатса ұстаздық қызметін әрі қарай жалғастыру, ғалым болу армандары болатын. Біздің досымыз Жолдасбек те сондай үміт жүгін арқалаған аптал азаматтың бірі еді. Оқып жүргенде біртоға, қақ-соқпен жұмысы жоқ, іштен ойланып, өз жауабын соңынан айтатын азаматтардың бірегейі болатын. Ырду – дырдуға да көп араласпайтын. Баяндама, реферат, курс жұмыстары, диплом жұмысын қорғау секілді кезегімен келетін тапсырмалардың бәрін өз жүйесімен орындап жүретін жас студентті ұстаздары да құрметтеп сыйлайтын.

Қоғамдық құрылысты дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісі алдындағы дүмпуді алдын-ала сезген санаулы азаматтың бірі де – біздің Жолдасбек бауырымыз болатын. Зейнолла, Тұрсынбек секілді әдебиет алыптарынан дәріс тыңдап өскен жас, оқуын бітіргеннен кейін ғылым жолына «белін буып, додаға араласып кете барды. Көп ізденді, дәріс оқыды, кітапханалар мен қолжазба қорларында көз майын тауысып жүріп, нағыз ғалым болудың

бастауын тапты. Ғалым ұстазы Зейнолла Қабдоловтан ғылыми тақырып алды. Оңайлау, «тез қорғап» алатын тақырып емес, келешекте ғылым баспалдағындағы жолын ашар тақырып алды. Қиын болса да, келешек ізденісіне жетекшінің көпір салып берген тақырыбы болатын. Бұл тұрғыда профессор Жанғара Дәдебайұлы ағасы айтқандай: «Ғылыми-зерттеу ісінде екі түрлі тақырып болады: бірі зерттеушіні көтереді, екіншісін зерттеуші көтереді. Жолдасбектің тәжірибесінде осылардың екеуі де бар. Зерттеу тақырыбы Жолдасбекті көтерді, Жолдасбек зерттеу тақырыбын көтерді» («Көркемдік таным таразысы» монографиясына жазылған алғы сөзден). Өте тұщымды пікір. Мәселен, тақырып таңдауда сонау кеңес дәуірінің «кылышынан қан тамып тұрған» кезінде-ақ қандай қиыншылық кемесінде отырғанын Мұхтар Әуезов білмеді дейсіз бе? Білді. Біле тұрып, ағынға қарсы жүзді. Қорытындысында Әуезов жеңді. Абайды әлемге танытып, мойындатты. Өзі де танылды. Сол Әуезовтің етегінен тартқан сыншысымақтар қайда қазір? Қалды, өз дәуірімен бірге, өзінің мұрасымен бірге жоғалды. Міне, ғылым жолына түсудің, ғылым жолын таңдаудың машақаты. Біздің Жолдасбек те осындай «ауыр жолды» таңдады. Суға батқан жоқ, көштен де қалған жоқ, біржақты идеологияның етегіне де ерген жоқ. Бұрқыратып, ғылыми мақалалары мен зерттеулерін жазып, қоғамның тіршілігімен тыныстап, өз биігінен түскен жоқ.

Бұл – Жолдасбектің ғылым жолындағы алғашқы жеңісі болатын.

Келешек ғылым жолына түсетін жасқа ғылыми тақырып таңдау қандай өзекті болса, сол тақырыпты өмірлік жолында Қағба ету де, әсіресе жас зерттеушілерге сондай қажет дүние. Меніңше, Жолдасбектің ұстаздары жас ізденушінің бойынан сол бір қасиеттерді көрген болуы керек. Себебі, ұлт мүддесіне үніліп, қазақ тарихын дүр сілкінткен Жұбан Молдағалиевтің шығармашылық мұрасын, әсіресе автордың өзі жазғандай лирикалық-публицистикалық жанрдағы «Мен – қазақпын» поэмасын ғылыми талдау, ғылыми ортада мойындату – жас ізденушінің батылдығын, ұлтшылдығын көрсетіп қана қоймайды, ақын болып, атын шығаруды емес, «инемен құдық қазуды» жөн деп тапқан жастың ішкі бұлқынысынан туған, өз ұлтын сүйген ақынды терең түсінген болашақ мықты маманның дұрыс жолға қадам басуынан болатын.

«Мен – қазақстандықпын» деп емес, «Мен – қазақпын» деуінің астарында осындай ұлтшылдық танымның бала кезінен бойына сіңірген «мұң тілімен» сөйлесуді білгендігінің көрінісі. Сонау, біздің әкелеріміздің ойында жоқ «партия, кеңес» деп ұрандатып, құлдық құдығына апара жатқан солақай социализмнің дүрілдеп тұрған кезінде «Мен – Қазақпын» деп әдебиет әлемінде атойлап шығып, кеңестік жүйеге қарсы поэма жазу – Жұбанның тектілігі, ата дәстүріне табандылығы. Алдыңғы Қасым Аманжоловтардың ізін жалғастырғаны. Бұл – Жұбантанудың ең негізгі ерекшелігі. Екіншіден, Жолдасбектің дұрыс аңғарғанындай, «Мен – қазақпын» поэмасын жазуға тарихи негіз болғандығы. Ол – жас шағынан есітіп, көріп, біліп өскен ақынның тәуелсіздікке ұмтылыс-көрінісі. «Ақынның Ұлы Отан соғысы жылдары «Социалды Қазақстан» газетінде басылған «Қазақ» деген өлеңі оның болашақтағы азаматтық бағытын айқындап, мәнер-машығының қалыптаса бастағандығын аңғартатын өзекті шығарма. Бұл туралы ақын кейін «Мен – Қазақпын» поэмасына даярлық «Қазақ» (1943) өлеңінен басталған еді деп есіне алады. Үлкен эпикалық шығарманың тууына кейде шағын лириканың идеялық мұраты негіз болатындығы да рас. Мысалы, Ж.Молдағалиевтың өзі пір тұтқан дарабоз ақын І.Жансүгіровтің «Бүгінгі дала» (1928) өлеңінің кейін «Дала» поэмасына арқау болып, «мол сарынға айналғандығын» профессор Р.Нұрғалиев та атап көрсетеді. Олай болса, «Мен – Қазақпынның» түпкі идеясын соғыс жылдары жазылған «Қазақ» өлеңінен қарастырғанымыз дұрыс». Міне бұл ғалымның зерттеу бағытын айқындауда ақынның тек шығармашылық лабораториясынан ғана хабар бермейді, «Жұбантанушы» Жолдасбектің де зерттеу құрылымын терең түсініп, пайымдаулар жасауына да негіз болғандығын көрсетеді.

Хош, сонымен Жолдасбек әдебиеттану ғылымына не берді, не береді? Алдымен ғалым Жұбантанудағы дәстүр мен жалғастық мәселесіне көңіл бұрған. Мәселен, қазақ поэзиясында Абайдан тәлім көріп, үлгі алмаған ақын сирек. Ал кеңестік заманда Жұбан секілді «тасты жарып шыққан» ақындар некен-саяқ болатын. Бірақ бойында ұлттық намысы оянған, империалистік-тотарлитарлық жүйеге қарсы күрес бағытын айқындағандар аз да болса бар еді. Солардың бірегейлері – Мұқағали, Төлеген, Мұхтарлар десек,

олардың әдеби мұралары уақыт өткен сайын ұрпақ санасын оятып, ұлттық намысын қоздатуға түрткі болғаны анық. Ал кеңестің жымысқы саясатын барынша қолпаштап, кезінде сыйлық пен жүлденің бәрін алғандар қазірдің өзінде ұмытылып бара жатыр. Міне осындай идеологиялық кезеңде туған дүниелерді салыстырып сараптауда, зерттеу негізіне айналдыруда біздің Жолдасбек өз бағытын анықтап, айшықтап алыпты. Бұл – өте құптарлық, анық сыншыға тән бағыт. Мұны Жолдасбектің «Көркемдік таным таразысы» зерттеуінен-ақ көруімізге болады. Бірінші бөлімдегі «Жұбантану» және қазақ поэзиясының қазіргі даму мәселелерін көтере отырып, Махамбетке көбірек жүгінеді. Онысы заңдылық. Екінші бөлімінде қазақ прозасындағы ізденістер жайын, үшінші бөлімде түрлі сипаттағы әдеби толғамдар топтастырылса, төртінші бөлімде автор өзінің ұстаздарының тәлім-тәрбиесі, ұстаздық енбегі, ғылымдағы жетістіктері туралы толғанады. Бірақ біздіңше, қанша жерден Байронды көтеріп, оны Махамбеттің қасына қойғысы келсе де, Махамбет оған иіліп «сәлем бермейтін» секілді. Мүмкін келешек зерттеулерде мұны ескеру керек шығар. Өйткені, алдыңғы, кейінгі бауырлары империализм одағымен «ауырған» ұрпақтың санасындағы «ұлтшылдық» өлшемі бәрібір сақталып қалады. Кеңес дәуіріндегі Маркстен, Лениннен цитата алмай, зерттеу басталмайтын болса, қазақтың ақын-жазушыларын міндетті түрде орыстың яки батыстың авторларымен салыстыру, солардан «үлгі алып еді» деген таным-түсінік әлі сүйретіліп жүр. Жұбан батысты да, шығыс мұраларын да оқыған ғой. Шығыс дүниетанымына ден қою, салыстырмалы қабылдау, «камили инсан» мен «бенденің кәмалаттығын» тануымызға септігі көп болар ма еді деген түсінік қана біздікі. Бұл ойларымыз – төселіп, қалыптасып келе жатқан бауырымызға деген достық ойымыз ғана.

Одан бері келгенде, «жалғыз қазақ – бауырым» деген бір ғана тармағымен халық сүйіспеншілігіне бөленген Светқали Нұржанның ойшыл жырларын таниды, талдайды. Бауыржан Жақып лирикасына сүңгиді, саздылығына бойлай келе Жанат Әскербекқызы поэзиясының жылуын сезінеді, Мұрат Шаймаранның лирикалық кеңістігіне барлау жасайды. Қазіргі қазақ поэзиясының келешегіне барлау жасап, ойларын түйіндеп отырады.

Жолдасбектің тағы бір жетістігі – шеттегі бауырларымыздың шығармаларына талдау жасауы. Қазақ жазушылары мен шеттегі бауырларымыздың әдеби дүниелеріне қатысты пікірлері талғампаз сыншының келбетін көрсеткендей. Географиялық, тілдік, құрылымдық, образдылық мәселелеріндегі алдымен отандық һәм шетелдік мектептерінің қалыптасуындағы ерекшеліктерге назар аударады. «Ал осы кезге шейін жарық көрген шет елдік қазақтардың шығармаларында тақырып жағынан сонылық, мұндағы қазақтар үшін таңсық танымдық материалдардың мол кездесетіні көңіл қуантады. Әсіресе қытайда тұратын қандастарымыз жазған шығармаларда қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген деректер біздің әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес, жалпы тарих пен өнертану, историяграфия үшін де аса құнды екендігін мойындағанмыз абзал. Сондай қаламгердің бірі – жазушы, фольклоршы, этнограф – Зейнолла Сәнік барлық саналы ғұмырын Қытай Халық Республикасында өткізген шығармашылық иесі» – дей келе оның шығармашылық жолындағы қызметіне тоқталады. Сәніктің туған халқының ауыз әдебиетін жинаудан, қазақтың тұрмысы мен салт-дәстүріне қатысты көптеген материалдарды топтастырып, зерттеуден шығармашылық жұмысы басталғандығын көрсетіп, қазақтың тарихына байланысты табылған ұлттық рухани мұраларымызды да кездескен жерінен тауып алып, жазып Шыңжаңдағы қазақ тілінде шығатын баспасөз бетінде жариялап отырған ғой. Жазушы сол арқылы өз халқының мәдени құндылықтарының ұмытылып кетпей өскелең ұрпақ санасында сақталуын, ұлттық дүниетанымның дәстүрлі ерекшеліктерінің өз жалғасын тауып, айшықты бітім-болмысының қайта жаңғырып, болашаққа аман жетуін қалаған игі тілектен туған саналы әрекеттің жемісі екенін аңғарамыз», – дейді. Бұл – ғалымның өзі таңдаған зерттеу объектісінің шығармашылық лабораториясына үңілуден басталғандығын түсінеміз. Ғалым Зейнолла Сәніктің ғылыммен бағытты айналысуға мүмкіндігі де болмағандығын ескерте келе оның әдеби-тарихи деректерді; тұрмыстық фольклорды; халық емшілігі туралы жинаған мұраларын жіктеп, этнографиялық дүниелерін т.б. мәселелерге тоқтала келе ол деректерді салыстыра зерттеу тәсілімен жазып отырғанына куә боламыз. «Басбай», «Сергелдең» романдарына барлау жасайды. Жеке тарихи тұлғаларға арналған Тұғырыл хан, Қабанбай батыр,

Дежежан, Сүлеймен би туралы кітаптарында аталған тарихи тұлғалардың елі үшін, халқы үшін жасаған қызметтерін саралап, сол кезең шындығымен пайым түйген зерттеуші еңбегіне риза боламыз. Іштей құрмет пайда болады.

Ал Е. Ысмайыловтың әдебиет теориясына қатысты еңбегі әлі күнге ғылыми айналымға түспегеніне қынжылады. Міне, осы айтылған қысқаша талдауымыздан ғалымның әдебиеттану ғылымында өзіндік үні, орны бар екендігінің көрсеткіші дейміз.

Жөкең сүйікті жары Ағила екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жолдасбек Ормаханұлын алпыстың асқарына шығып, кісілік кемесіне мінген адал досты құттықтай отырып, зор денсаулық, қуанышы мол ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыстар тілейміз.

***С. Б. ТЛЕУБАЕВ***

*филология ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

## **ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, АДАЛ ДОС**

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында табиғи дарынымен, талантымен, қабілетімен қоғамдық ортада қайраткерлік, азаматтық, отаншылдық, еңбек сүйгіштік ұстанымен даралана танылып жүрген көрнекті тұлғалар тағлымы ұрпақтарымызды тәрбиелеуге, қалыптастыруға елеулі ықпал етуде. Осы орайда, біз қазақтың ұлттық мәдениетіне, әдебиетінің тарихына, ғылымына елеулі үлес қосып жүрген замандастарымызды ерекше ілтипатпен атаймыз.

Өзінің білімімен, парасаттылығымен, ой-өрісінің ауқымдылығымен әдебиет дейтін киелі дүниенің ел игілігіне айналуына атсалысып жүрген топтың ішіндегі шоқтығы биік тұрған танымал тұлғалардың бірі-белгілі ғалым-әдебиетші, аудармашы, көсем сөз шебері, ұстаз филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясы кафедрасының доценті Жолдасбек Ормаханұлы Мәмбетов. Ол осы күндері алпыс жасқа



толып отыр. Әрине, бұл жас орда бұзар отыз, қамал алар қырық та емес, дегенменен өткеннің емес, жеткеннің тойы. Айналаң толып, өрсің ұлғайып, шаңырағың биіктеп, керегең кеңейіп, іргең қымталып, кемерінен асқан кеменгерліктің тойы. Айналасына байлығымен емес, байыптылығымен, ұлтжандылығымен, ақылымен, ұшқыр да ұтымды ойымен белгілі болған Жөкеңнің тойын бәріміз қуана тойлап жатырмыз. «Осы жұрт мен туралы не ойлайды екен» – деген сұрақ кез-келген адамды үнемі мазалайтын болса, соның бірталайына осындай мерей тойлар кезінде жақсылы-жаманды жауап табары хақ. Мен досымның ел алдындағы беделіне, азаматтығына сүйсініп, риза кейіппен отырмын. «Тайдың жүрісі білінбейді, баланың жұмысы білінбейді», – дегендей алғашқы қадамын мектеп қабырғасында шәкірт тәрбиелеуден бастаған ұшқыр ойлы, ізденімпаз филолог бүгінде көрнекті ғалым, білікті ұстаз дәрежесіне жетті. Әріптестері мен шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленді, ыстық ықыласына ие болды. Өз замандастарының жаратылысы бөлек, жұлдызы жарық, табиғаты таза, өзгеше бітімді өкіліне айналды. Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы ғалым – Жолдасбек Ормаханұлының бар ғұмыры ұстаздық, ғалымдық жолдағы қажырлы еңбегімен біте қайнасқан жүйеде тұтастанып жатыр. Ұлттық әдебиеттанудағы көрнекті ғалым ретіндегі еңбегі әдебиетші қауым мен ғылыми ортаға жақсы таныс. Ол туралы ғылыми талдау пікірлерді өзге әріптестері мерейтойлық мақалаларында жаза жатар.

Ал біз – «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» – демекші Жолдасбектің адами болмыс-бітімі туралы ел не біледі деген мәселе төңірегінде ой қозғауды жөн көрдік. Адам өмірінің қызық та қимас кезеңі – жастық шақ десек, оның мерейлі де мерекелі, сәулелі сәттеріне студенттік өмірді жатқызуға әбден болар еді. Бұл тұс аңғал да, алаңсыз, албырт шақ, баға жетпес балдәурен кезең. Біз бір-бірімізді сол сағынышқа айналған, сырға толы, қызығы мен шыжығы мол студенттік кезден білеміз.

Өткен ғасырдың 1983 жылының күзінде есейіңкіреген қазақтың жиырма шақты қыз-жігіті Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің дайындық бөліміне оқуға түстік. Бәріміз әскерден келген немесе бірнеше жыл жұмыс істеп келгендерміз.

Көпшілігіміз жүрек қалауымен әдебиетті жақсы көріп «кітап ауруымен ауырғандар» едік. Біз өте тату, ұйымшыл, бүтін нанды бөліп жейтін достар болдық. Төлеубек Зайсанбаев, Орынбай Бекжанов, Серік Балшекеев, Баян Мұртазаева, Гаухар Жалғабаева, Гүлшат Ахметалиева, Ағила Шуриева, Табиға Қайшыбекова, Дудариша Сартбаева, Нұрлан Қамиев секілді қыз-жігіттер бір топта оқыдық. Оқуға зарығып барып түскендіктен болар, сабақтан қалмаймыз. Тек, анда-санда жаңа салынып жатқан университет қалашығына сенбіліктерге барғанымыз болмаса. Кураторымыз қазақтың таланты ғалым қызы Алма апай Қыраубаева. Тобымыздың старостасы – Жолдасбек. Сабақтан себепсіз қалуға жол бермейді. Барлық уақытта сабаққа кешікпей келіп, ұстаздарымыздың аузынан шыққанды қағып алып, жазып отырамыз. Сабақтан кейін ол кездегі Пушкин атындағы, қазіргі Ұлттық кітапханаға барып дайындалатын едік.

Бізге қазақ әдебиетінен көрнекті әдебиетші ғалымдар: З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Р. Бердібаев, Х. Сүйіншәлиев, Р. Нұрғалиев, С. Ордалиев, С. Садырбаев, А. Қыраубаева, Ж. Дәдебаев, Ш. Ибраев, ал қазақ тілінен М. Томанов, Т. Сайранбаев, Б. Сағындықов, С. Мырзабеков, А. Айғабылов, Ж. Түймебаев, Х. Кәрімов секілді ұстаздарымыз сабақ берді.

Жолдасбек досымыз өз ұстаздарына адал шәкірт бола білді. Ұлы ұстаздарының өнегесін көріп, тәлім-тәрбиесін алды. Зейнолла Қабдолов пен Тұрсынбек Кәкішевтің өнегесін алғанын, ғылымға бағыт сілтеп, нақты жолға салғанын Жөкең аузынан тастамай айтып жүреді. Өзінің бойындағы әдебиетшіге тән қасиет пен семсер сөз екпіні Қабдоловтың көрігінен шыққанын айғақтайды. Сөздің сұлуы мен жылуын, самал жел тербегендей сиқырлы сәтті, кейде дауыл соғып, теңіздің толқыны жағаға ұрғандай тебіреністі танытатын көркем шығарма кереметін ұқтырған ұстаздары оның піріне айналды. Бәріміздің ұстазымыз Зейнолла Қабдоловты өзінің туған әкесіндей құрметтеп, қасында жүрді. Өнегесін алды. Ұстазының әдебиеттегі таным мен талғам туралы ой ажарын бейнелей ашар сұлу сөзі арқылы бір-бірімен сырласа табысып, ықылас қоя тыңдаған талапты шәкіртті, өз әлеміне баурап алып кете бергені сөзсіз. Ұстаз бен шәкірттің қатар жүруі қандай жарасымды. Ұстазының үмітін ақтады, жұмысын сәтті қорғады. Зейнолланың

зерделісі атанды. Ұстазының мейірім шапағатына бөленді. Ұстазының да, өзінің де мерейін асырды. Өзінің өткір ойларымен, өзіндік қайталанбас соны пікірлерімен, тың тұжырымдарымен көп еңбек етіп көзге түсті. Аузы дуалы ағаларының назарына ілікті. Жөкең жайлы айтқан ағалық ақжайма пікірлерінің, ұстаздық ыстық ілтипаттарының, кіршіксіз таза пейілдерінің куәсі болдық, құлағымызбен естідік. Досымыз үшін қуанып, досымыз үшін марқайдық.

Біз Жолдасбек досым екеуіміз бір-бірімізді білгелі қырық жылға тақап қалыпты. Сөзіміздің басында айтқандай, өткен ғасырдың сонау 1983-1989 жылдары сол кездегі Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы әлі де солай, қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың (ол кезде Киров атындағы) филология факультетінде қатар оқып, білім алдық, бір жатақханада, бір бөлмеде тұрдық. Айрылмас дос болдық. Бізге қарсы бөлмеде тұратын Атыраудың екі қызымен көңіл жарастырып, отбасын құрадық. Перзент сүйдік, әке атандық. Әлі күнге дейін біргеміз. Жөкең студент кезінен ұқыптылығымен, салмақтылығымен, талапшылдығымен танылды. Міне, содан бері менің білетінім ол біліп сөйлейді, қытығына тиіп, ашынғанда тіліп сөйлейді. Кейде амалсыз іштен тынып сөйлейді, бірақ оның біреуден ығып немесе бұғып сөйлегенін көрген емеспін. Не айтса да, қалай айтса да турасын айтады. Өзіндік ұстанымы, көзқарасынан ауытқымайды. Тұғырлы талант иесі Жолдасбек досымыздың өзіне тән тұрлаулы тұғырнамасы бар. Жолдастың жайма-шуақ күлкісі, әріптестеріне, достарына деген адал сөзі, бауырмалдығы, керекті жерінде кесіп айтар мінезі өзіне жарасып тұрады. Өзім деген адамына ойып тұрып, көңіл төрінен орын береді. Мен жүрек талмасына ұшырап, ота жасатып сырқаттанғалы бері досынан гөрі бауырын өбектегендей болып, қамқорлық көрсетумен келеді. Достық пейілінен айныған емес.

Жолдас өзінің сүйікті жары Ағила екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы. Бұл күнде құдандалы болып, немерелерінің сүйікті ата-әжесі атанып, құт-береке қонған жарасымды жанұя.

Жолдас доспен арамызда берік байланыс, шынайы сыйластық бар. Бір-бірімізге достық сезім шуағын, жан жылуын сыйлауға тырысып келеміз. Өмір атты алып кемеде әрқайсымыз өз

бағытымызда аман-есен жүзіп келеміз. Қысқа ғұмыр, өлшеулі өмірде достық сезімімізге селкеу түсіп, арамыз алшақтамаса екен дейміз.

Сөздеріңді шәкірттерің сағынып отыратын, іздеп жүріп оқитын ұстаздық қызметіңе, ой маржандарыңды тізген ғалымдық еңбегіңе табыс тілейміз. Қанатың талмасын, өрісің тарылмасын, Жөке! Өндірте еңбектеніп, ой маржандарыңды тізіп, халқыңа тағлымды дүниелеріңді тарту ете бер! Орғаң ортаймасын, баратын жолың алыстай берсін. Халқың қадіріңе жетсін. Алпыстың ауласына ат шалдырып жатқан, алқынбай алшаңдап жеткен мерейтойың құтты болсын! Көңілің жеткен жерге, өмірің жетсін, дос!

**С.Д. ДӘРІБАЕВ**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

## **ШӘКІРТТІК СЕЗІМІН ҰМЫТПАҒАН ҰСТАЗ**

Асылы, дүние дидарында адам баласы үшін ұстаз деген ұлы есімнің орны қашан да биік қой. Бағымыз болар, біз ғажап ұстаздарды көрдік. Мұң кернеген кеудеміз келместің кемесіне мініп көш түзеген сол даналарды, сол ағаларды іздейді, сағынады қазір. Олар бізге білім ғана берген жоқ, жүрегімізге жан жылуының нұрын да төгіп кетті. Арда қазақтың руханияты, тілі мен әдебиеті үшін түн ұйықтамаған, күндіз отырмаған ұстаздарымыздың жазғаны жанға азық, айтқаны алты алаштың ақылына баланатын. Қызмет еткен қазақ әдебиеті кафедрасы – сөз өнеріне қорған, болашағына бағдар болған құтты, киелі мекен болды. Мәуелі бәйтеректей жайқалып, ұлт құндылықтарын дәріптеген ұстаздарымыз кеңірдектен алар кеңес билігінің тұсында да төменшіктемей, тарих қойнауында қалған талай тектінің сөзін төрге оздырды.

Олар салған сара жолда санадан өшпес, ізгіліктің ізі қалған ғажап дәстүр бар. Сондықтан болар, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғали, А.Қыраубаева дәріс оқыған аудиторияларда сабақ беру абырой ғана емес, үлкен жауапкершілік те жүктейді. Ғасырлардың үнін, ұлттың үмітін, сөз өнерін аманаттаған ұлт зиялыларының

жолынан жаңылмасақ, ақиқатынан айнымасақ деймін. Алаң көңілім кей кезде «осы бір сәтте сол ағай-апайларымыз болса қандай шешім қабылдар еді?» деп ұлы ұстаздардың көзін көрген, бірге қызмет еткен, кеше мен бүгіннің ойын жалғар алтын арқау ағаларды іздейді. Сол ардақты аға – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, белгілі әдебиеттанушы-ғалым, ұлағатты ұстазым – Жолдас Мәмбетов. Ресмилендірмей, шәкірттерінің жүрегіндегі риясыз көңілмен айтсам – Жолдас ағай.

Айтпақ әңгіменің төркінін әриден, сағынышқа толы сезіммен бастағаным бекер емес. Себебі, Жолдас ағай – шежіре қылып айтар жылдардан жалғасқан жақсы дәстүрдің дәнекері. Парасат пайымына салып тағы бір түйіндесем, ағалар аманатын жас буынға табыстаған тұнық ойдың иесі. Ол жоғарыда айтқан жақсылардың аялы алақанын сезініп, жылы лебізін естіді. Ұлтын ұлықтаған ұстаздардың ұстанымынан үлгі алып, ғылым жолындағы қадамын жасады. Атағы аудитория ауқымынан асып, алысқа жетіп жататын ағай-апайлардың қасында жүріп, қазақ деген халықтың қазынасынан сөз маржанын терді. Жас та болса олармен қанаттаса қызмет етті, қабілетін шыңдады...

Көне ғасырлардың куәсіндей болған Жаңақорғанда кіндік қаны тамған Жолдас ағай балалық шағынан-ақ білімге құштар болды. Сұлу Сырдың бойында кемел ойдың дариясындай болып аққан жыр жампоздарының өсиетін көңілге тоқып, сүлейлерді тыңдап өсті. Ата-анасының ақ тілеуімен тәрбиенің тал бесігінде тербелді.

Ол орта мектепті кеңес өкіметінің керенау саясаты кенеріне сыймай тұрған шағында тәмамдады. Бірақ, коммунизм орнатамыз деп ұрандатқан биліктің қазаққа әкелген қасіретін бозбала шағында-ақ бар болмысымен сезінген. Сезінгені сол болар, оның аты-жөні комсомол қатарына қабылданған жастардың тізімінен табылмады. Оған саналы түрде кірмеді. Дүрмекке ере бермес қайсар мінез, турашылдық Жолдас ағайдың жан дүниесінде осы кезден-ақ бұлқынатын. Парасат-пайымыңды партия мүшесі болумен бағамдап, бұл қатардан табылмасаң болашағың бұлыңғырлау болатын сәттерде де ол өз көзқарасынан айныған емес. Мүмкін, бұл бүгін әңгіме арқауына айнарлардай дүние емес дерсіз, бірақ сол уақыттың талабымен тарқатсақ, таңды таңға жалғар тақырыптарға

ұласары анық. Коммунистік жүйенің кезек-кезегімен келетін пионер, комсомол, партия сынды құрылымдық құрсауына қабылдауға ықылас-ниетіңнің болмауы басыңды бәйгеге тіккенмен бірдей екені бәріне аян. Айтпағымыз, Жолдас ағайдың азаматтық ұстанымы, ақиқаттан айнымас ақ жолы бозбала шағында-ақ басталғандығы.

Мектеп бітірген соң ел тірлігіне араласып, екі жылдай құрылысшы да болды. Әскерге барып, азаматтық борышын өтегені тағы бар. Алайда білім шыңдасам, орта көрсем, үлкен ғалымдардың тағылымын алсам деген аласармас арман жүрек түкпірінде жататын.

Ормахан әкенің ақ батасын алған соң қазақ білімінің қара шаңырағы – КазГУ-дің дайындық курсына қабылданды. Осы жерде ой түзеді, бой түзеді. Ақылына білімін серік қылған көп жастың көшбасшысы болды. Келесі жылдың сыйлаған тағы бір керемет сәті – филология факультетінің студенті деген мәртебе. Бұл Жолдас ағайдың көптен күткен қуанышы еді. Данқы дүниеге мәлім Мұхтар Әуезовтің өзі дәріс оқыған жерден жан азығын алсам деп келген үміті ақталып, араб бөліміне қабылданды. Атағы аңызға айналып тұрған бұл бөлімінің бір артықшылығы, тек тіл меңгертумен ғана шектелмей, әдеби жәдігерлерді түпнұсқадан зерделеуге зейін қоятын. Жаһан дүниеге жол ашар дипломат деген дәрегейге жеткізетін де осы бөлімнің білімі еді. Жолдас ағайдың қазақ тілі мен әдебиетінің кәусарынан қанып ішіп, асыл арналарына үңілгені осы шақ. Дана Абай «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп қалай деп айтқан. Жолдас ағай да З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Р. Нұрғали, А. Қыраубаева, С. Мырзабеков, Б. Сағындықов, А. Айғабылов, Ж. Дәдебаев сынды ұлағатты ұстаздардан білім алды, тәлімін көрді. Лепісі қазақ руханиятын қанаттандыратын нартұлғалардың әр сабағы телегей теңіз білім ғана емес, тектілік пен адамгершіліктің алтын дінгегі екенін сезінді.

Иә, бұның бәрі өмір мектебінің жарқын парақтары.

Оқу бітіргеннен кейін еңбек жолын Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Октябрь орта мектебінде мұғалім болып бастады. Еліміздегі ең таңдаулы оқу орнын жақсы бітірген Жолдас ағайға жоғары оқу орындары да қолқа салған. Алайда алдындағы үлкен мақсат мектептегі шәкірттердің жүрегіне ұлттық құндылықтың дәнін ексем деген тілектің үстінде еді. Әдебиет әлемінің әсемдігін

әр қазақтың баласы білсе деген ниеті де Алматыдан алысқа ұзатпай, жыл өткен соң арманының ақ желкені болған университетке оралды. Кафедраға аға оқытушы болып қабылданды. Бұл елдің еңсесі түсіп, тығырыққа тірелген тоқсаныншы жылдар болатын. Білім ғана емес, бар саланың берекесі кетіп, бас қайғы болған алмағайып уақытта да ол өз мақсатынан айныған жоқ.

Осы жолдарды жазып отырып, сол жылдардың естелігіндей кейбір сәттер санамда жаңғырып отыр. Оқуға түстік дегеніміз болмаса, оң-солымызды танып үлгермеген, бірінші курстағы сары ауыз балапан шағымыз еді. Оның үстіне біздің курсқа түскендердің дені мектепті енді ғана бітірген өрімдей жастар. Бізден жоғары курста оқитындарды жыға тани қоймаймыз. Тіпті олардың студент не жас мұғалім екенін де ажырата алмай жататын аңғалдық тағы бар. Әскерден оралғаны, бірнеше жыл жұмыс істеп келгені, дайындық курсың тәмамдап түскені бар, жоғары курстарда жас шамаларының біздікіндей біркелкі болмайтынын кейінірек білдік қой. Алғашқы күндері жатақханадағы бөлмемізге «мұғалім» болып тексеріп келіп, қобалжығанымызды қызық көретіндер де болған. Бірақ уақыт өте келе аға-апаларымыздың бізге деген қамқорлығың да ерекше сезіндік. Оқитың пәндерімізді, дәріс жүргізетін оқытушылар туралы да таным-түсінігімізді солар кеңейтіп жататын. Қазір шәкірттерінің аяулы ұстаздарына айналған Пазыл, Сәкен, Жолдас ағайлар сол жылдары соңғы курстың студенттері еді...

Тоқсаныншы жылдардың басында біз де жоғары курсқа жетіп жығылғанбыз. Арнаулы курстардың бірінің семинарын Жолдас ағай жүргізетінін естігенде қатты қуандық. Бұрын бір жатақханада тұрған аға достың сабағында арқа-басымыз кеңіп, өткен-кеткенді еске алар әңгіме тиегін ағытармыз деген үміт де жоқ емес. Не керек, тағатсыздана күткен сәтіміз де келді. Аудиторияға кірген ағай бәрімізбен емен-жарқын амандасып, қал-жағдайымызды сұрап алған соң тез сабақ тізгінін алды. Сол алғашқы сабақта-ақ бізді ойының тереңдігімен, шешендігімен ғажап бір күйге енгізіп кеткен. Көп адам тәуекел ете бермейтін теорияны терең меңгергеніне таңқалғанбыз. Енді алғашқы сабақты қалай күтсек, бұдан кейінгі сабақтарды да асыға күтетін болдық. Тек бір айырмашылығы, бұл күткен адамымыз – терең білімді, әділетті, әдебиет әлеміне жан дүниесімен берілген Жолдас ағай болатын.

Жолдас ағай осы жылдары академик-жазушы, ұлағатты ұстаз Зейнолла Қабдоловтың жетекшілігімен ғылыми зерттеу жұмысын бастаған. Қабдоловтай тау тұлғадан тақырып бекіту бақытының да бәріне бұйырмасы анық қой. Үлкен жүректі ұстаздың сеніміне сызат түсірмей, ғылым мұхитынан әдебиеттің асыл жауһарларын жинауға асықты. Осы жолдағы ізденістері оқытушылық жолымен жалғасып, 1997-1999 жылдар аралығында филология факультеті деканының орынбасары қызметін де абыроймен атқарды. Кандидаттық диссертациясы Жұбан Молдағалиевтің ақындық шеберлігіне арналды. Жазар дүниесіне үлкен дайындықпен келген Жолдас ағайдың тұжырымдары оның зерттеушілік қырын да әдебиетші қауымға паш етті. Махамбеттің «мені» мұнарланған шақта «Мен-қазақпын» деп қазақтың намысын жаныған Жұбан ақынның өлендеріне терең талдау жасады. Бұл жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Дәдебаев: «Ғылыми-зерттеу ісінде екі түрлі тақырып болады: бірі зерттеушіні көтереді, екіншісін зерттеуші көтереді. Жолдасбектің тәжірибесінде осылардың екеуі де бар. Зерттеу тақырыбы Жолдасбекті көтерді, Жолдасбек зерттеу тақырыбын көтерді» деп нақты пайымдапты. Рас, ұстаз сөзі аңғартып отырғандай, Жұбан ақын мұрасын зерделеуге Жолдас ағайдай жаны таза жан ғана жанаса алатындығы анық еді. Ол осы зерттеуімен кеңес билігіне өз ойын ірікпей айтқан көрнекті ақынның жыр күмбезін жоғары көтерді. Ғалым ақын шығармаларын талдай отырып: «Біздіңше азаттық идеясының желісі үзілмеді. Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжандар шейіт болса да олардың ой-пікірін астарлап болса да бізге әкелуші Қасымдар мен Жұбандар болды» деп азаматтық кредосын да айқын аңғартты. Аңғарған адамға бұл жолдар өз тақырыбының көкжиегіне көзі жетпес қасаң пікір емес, қазақтың қилы тағдырын толғаған тиянақты тұжырым еді. Осы зерттеуінде: «Заманмен кереғар болып, онымен ашық тартысқа түсудің соңы неге апарып соқтыратынын әрине ақын жақсы білді. Сондықтан да ол қытымыр империялық саясатпен ымыраға келе отырып, замана қайшылығын көркем образдар арқылы астарлай жеткізудің өзіндік жолын тапты» деп ақын мұрасына әділ баға берді. Қазақ халқының рухын көтерген Жұбан жырларының көркемдік қырларына үңілді. Тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, өлендерінің жазылу тарихы да ғалымның



сарабал ойымен қорытындыланды. Ақын қаламынан туған өлеңдердің әр жолы зерттеушінің назарынан тыс қалған жоқ. Сондықтан болар, Жұбан жырларын, оның ақындық дәстүрін зерделеген еңбектердің арасынан Жолдас ағайдың еңбегі жарқырай көрінді.

Жолдас ағай *қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны, теориясына* қатысты құнды зерттеу монографияларын жазды. Әсіресе, «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» атты еңбегінде суреткерлердің шеберлігі, талғам таразысы, соған сай сөз саптауы, айналада болып жатқан құбылысты түйсінуі терең талданды. Бұл бағытта жазылған еңбектерді қазақ тілінде таба алмай дағдарған адам аз емес. Платон, Аристотель, Лессинг еңбектеріндегі ой-тұжырымды әлі де болса орыс тілі арқылы оқып, сол тілдің ерекшеліктері негізінде танып жүргеніміз анық. Сондықтан, адамзаттың арғы замандарынан бастау алатын эстетикалық танымды төл тілімізде түсіндірген толымды еңбектердің бірі осы зерттеу деп бағамдасақ, қателеспеспіз. Автор монографияның кіріспе сөзінде: «Қазақ тілінде эстетикаға қатысты еңбек жазудың өзіне тән қиындықтары да бар екені рас. Өйткені басқа елдерде мыңдаған жылдар бойы қалыптасып қалған әр алуан терминдер мен атауларды, ұғымдар мен түсініктерді көптеген жылдар бойы ғылыми айналыстан шығып қалған қазақ тілінде сөйлету үшін де біраз ізденуге тура келеді...» деп пайымдапты. Жолдас ағайдың тұжырымы ғылым салаларына қатысты терминдер түсінікті болуы үшін, алдымен ана тілінің тұғыры биік болуы керек деген ойды бекітеді. Ғылым тіліне айналса ғана қазақ тілінің қанаты қатаяды деген қабырғалы кеңес те бар. Сондықтан, бұл еңбек бұған дейінгі олқылықтардың орнын толтырған мақсаты айқын мағыналы жұмыс дер едік.

Екіншіден, бұл зерттеудегі айқын аңғарылар дүние – ғалымның жазу стилі. Бұл, әсіресе, ғылыми стильмен жазылған еңбектерді бірден «сіңіре» алмай, әрі-сәрі күй кешетін студент қауымы үшін оқу құралындай қызмет етері сөзсіз. Әдетте, сірескен терминдерді төзімі жетіп оқи бермейтін оқырман да бұл монографиядан мүлде басқа ой түйері анық. Себебі, Жолдас ағайдың тілі жатық, танымыңа жақын тұжырымдары сізді сырт тастамай, сырласып отырғандай әсерге қалдырады.

Үшіншіден, бұл зерттеуді зейін қоя оқыған адам эстетикалық категориялардың мысал мәйегін төл әдебиетімізден табады. Тауып

кана қоймай, әр ғасырдағы әдеби мұраларымыздың асылын саралаған сан мысал салтанат құрғанда, эстетикалық таным-түсініктің тамыршысындай терең ойға батасыз. Бұл Жолдас ағайдың көз майын тауысып, түн ұйқысын төрт бөліп тапқан ізденісінің нәтижесі.

Жолдас ағайдың тағы бір іргелі зерттеуі саналы ғұмырын Қытай Халық Республикасында өткізген жазушы, фольклорист, этнограф Зейнолла Сәніктің шығармашылығына арналды. Ол тағдырдың жазуымен өмірі өзге мемлекеттің тыныс-тірішілігімен ағып жатса да, ой өзегі ұлттынан ажырамаған асыл азаматтың әдеби мұрасын ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты талдады. Қаламгер шығармашылығын зерделей отырып, қазақ әдебиеті деп айтар тұғырлы ойдың өлшемі тек өз шекарамызда ғана қалып қоймай, қадастарымыз өмір сүріп жатқан кеңістіктен де іздеудің өзектілігіне ой салады. Ғалым қазір екі мемлекет болып отырған Корей елінің тарихын пайымдай отырып: «Оларда ұлт идеологиялық принцип бойынша бөлінгендіктен, біртұтас ұлттың әдебиетінің де екіге жарылуына әкеп соқтырды... Ал біздегі жағдай оларға қарағанда сәл де болса басқашарақ. Бізде екі алып мемлекеттің ықпалымен біртұтас ұлт екіге бөлінгенімен, әлі күнге шейін олардың арасындағы көзқарастар, дәстүр мен салт өзгешелікке ұшырай қойған жоқ. Сондықтан да Қытайдан көшіп келіп жатқан қандас ағайындар атамекенге тез сіңіп, араласып, өз орындарын тауып жатуы соның белгісі деп білеміз. Оның үстіне қанша жылдар бойы басқа мемлекетте өмір сүрсе де, мемлекеттік идеологияның әсерінен гөрі олардың жүректерінде сақталған ұлттық қасиеттер, ұлттық дүниетаным әлдеқайда жоғары екені байқалды» деп тұжырымдайды. Жолдас ағай қаламгер мұрасын талдау арқылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген рухани қазынаның тағы бір қайнар көзіне үніледі. Бұл қайнардың қазақтың сөз өнері, салт-санасы мен тәлім-тәрбиесінің сарқылмас бұлағы екендігін есімізге тағы бір мәрте салады. Ғалым жазушы шығармашылығын тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыдан зерделеп, тың тұжырымдар жасаған. Суреткердің әңгімелері мен хикаяттарының көркемдік ерекшелігі, дәуір шындығы жан-жақты талданады. Сонымен бірге Зейнолла Сәніктің роман жанрын игерудегі ізденістерін де егжей-тегжейлі саралап, ой қорытады. Қаламгер шығармашылығының тағы бір үлкен арнасы

болған зерттеулері мен көсемсөздеріне, ой-толғамдарын жүйелей отырып: «Зейнолла Сәніктің қай шығармасын алмайық, оның шығармаларының астарынан ұлттың тұтастығы, халықтың бірлігі, қандастық, туыстық мәселесі менмұндалап тұрады. Әсіресе, оның айқын көріністері «Демежан Кешубайұлы», «Қабанбай батыр» тарихи эсселері мен «Басбай», «Сергелден» романдарында ерекше байқалады» деп ой түйеді. Жолдас ағай жазушының халықтың тарихи болмысын жаңғырту жолындағы өзіндік әдісін, жадынан зорлықпен шығаруға тырысқан ұлттық сананы оятуға әрекетін нақты деректермен дәлелдейді. Өз ойын жүйелі дамыта отырып, осы бағытта атқарылуы тиіс өзекті мәселелерді де ортаға салады. Бұл еңбек – қазақ әдебиеттану ғылымының қорына қосылған қомақты зерттеу.

Ғалым еңбектерінде *қазақ әдебиетінің тарихы мен даму бағыттары* әр қырынан талданған. «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяның көріністері», «Қорқыт ата» дастанының түркі халықтары әдебиеттануында зерттелуі», «Нәзір Төреқұлұлы», «Жүсіпбек Аймауытов – сыншы», «Мұхтар Әуезов шығармаларының түрік тіліне аударылуы жайынан», «Еркекте ақыл қала ма, өз қонысынан ауған соң» (*Ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы хақында*) т.б. ғылыми мақалалары мен әдеби толғамдарындағы тың тұжырымдар түркілік идеялардың темірқазығы болар ортақ ойларды айшықтауымен құнды. Автор бұл бағыттағы ізденістерін әлем әдебиетінің озық үлгілерімен де сабақтастықта жалғастырған. Мысалы, Махамбет Өтемісұлы мен ағылшын әдебиетінің өкілі Джордж Гордон Байронды салыстыра отырып, екі ақынның шығармаларындағы ортақ ойға, сөзбен салынған айшықты суреттерге тоқталады. Азаттықты аңсаған арда ұлдардың арман-тілегін артына қалдырған әдеби мұрасымен саралаған Жолдас ағай: «...ақын ол қай ұлттың, қай нәсілдің өкілі екеніне қарамастан сол адами сезімдерді қарапайым пенделерге қарағанда әлдеқайда сезінгіш келетіні де рас. Байрон мен Махамбет бір-бірінен шет жатқан екі елдің ұлы ақындары болса да өлеңдерінде ортақ ой мен ұқсас құбылыстардың жиі кездесіп жатуының өзіндік сыры осында» деп ой түйген. Елінің еркіндігін аңсаған екі ақынның өлең өрнегін, мақсат-мұратын нақты дәйектермен саралаған ұстаздың ұстанымы қазақ әдебиетінің қай

халықтың да әдебиетімен терезесі тең, дәргейі деңгейлес деген ойды жеткізеді. Осы бағыттағы ой арнасы Байронмен ғана шектелмей, Пушкин қаламынан туған өлеңдермен де өріс алады.

Жолдас ағайдың зерттеулерінің тағы бір арнасы – *әдеби-сын жанры*. Ғалымның қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттарын барлаған пайымдаулары поэзия патшалығының табиғатын талдауға тосыннан қосылмағандығын аңғартады. Ол Светқали Нұржанның ойлы өлеңдерін, Бауыржан Жақыптың сырлы лирикасын зерттеу нысанына айналдыра отырып, көркемдік құпиясына үңіледі. «Өлеңнің дүниеге келуі – ол шығармашылықтың өзгеше құпия сыры. Ақын үшін мынау маңызды өлең, мынау мәнсіз өлең, мынау үлкен, мына бірі кішкентай деген түсінік жоқ. Егер, өлеңді оқығанда ол бізді өз арнасымен алып кетер болса, егер, ол өлеңнің болмысынан адам жаны ләззатқа бөленер болса, онда оның шығармашылық тұрғыдан құнды болғаны кілтін ашуға тырысады» деген жолдар да Жанат Әскербекқызы поэзиясының нәзік иірімдерін талдаған Жолдас ағайдың қаламынан туған оралымды ой. Осы жанрды өзінің отаншылдық өр рухымен байытқан Мұрат Шаймаранның өлеңдеріндегі тың теңеу, сұлу сурет те ғалым назарынан тыс қалған жоқ. Зерттеу нысанына айналған ақындармен замандас, сырлас, пікірлес Жолдас ағай олардың өмірлік мұратын, азаматтық көзқарасын да терең сезінеді. Сондықтан оның тұжырымы тек тамсанудан тұрмайды, таным талқысына салған сарабдал ойды тарқатады.

Жолдас ағайдың еңбектерінде қазақ прозасының өткені мен бүгінгі бағыт-бағдары туралы толымды ойлар айтылды. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы ұлттық мінез», «Жайсаңбек Молдағалиевтің «Таза бұлақ» романындағы Ыбырай Алтынсарин образы», «Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Мешкей» романының көркемдік ерекшелігі», «Жақсылық Сәмитұлының повестеріндегі лиризм», «Қазіргі қазақ прозасындағы бет пен бағыт» мақалалары жазушы еңбегінің тереңіне бойлаған байлам деп айта аламыз. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі қаламгерлердің ізденістері, дәстүр мен жаңашылдық, тақырып аясы да тиянақты оймен өріледі.

Жолдас ағай *қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін* де терең бойлайды. Оның «Детективті әдебиет және оның жанрлық ерекшелігі туралы», «Образ және көркем ойлау тарихы», «Көркем

прозадағы ырғақ мәселесі», «Текстология ғылымы: өткені, бүгіні, болашағы» т.б. зерттеулері ұлттық әдебиеттанудың өзекті мәселелеріне арналып, теориялық тұрғыдағы тың тұжырымдарымен ерекшеленді. «Х. Сүйіншәлиев қазіргі қазақ поэзиясы туралы», «З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесіндегі портрет пен пейзаж», «С. Қасқабасов – абайтанушы» атты мақалаларын да ғалымның осы бағыттағы ойының өзегі, тұжырымының тұғыры болар құнды зерттеулер.

Ұстаз өзінің оқу-ағарту саласындағы іс-тәжірибелерін ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында Қазақ тілі мен әдебиеті зертханасының меңгерушісі қызметінде абыроймен жүзеге асырды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Сүлеймен Демирел университетінде еңбек еткен жылдарында да ұлт руханиятының, қазақ әдебиетінің жанашыры, шәкірттерінің аяулы ұстазы болды. Қазақ ғылымының қара шаңырағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында да өнімді еңбек етті. Жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістерден тысқары қалмай, «Студенттердің өздік жұмыстарының сапасын арттырудың жолдары», «Еліміздің жоғары мектептеріндегі кредиттік жүйемен оқытудың кейбір ерекшеліктері» талдау мақалаларында өз ойын ортаға салып, жүйелі талдау жасады.

Осы бір шағын мақалада Жолдас ағайдың қаламынан туған құнды зерттеулердің қақпасын ғана ашқандай болдым. Жоғарыда шолып өткен еңбектер соның бір парасы ғана...

Жолдас ағай – алдына алаңдайтын, артына қарайлайтын ұстаз. Көрнекті қаламгер Ә.Кекілбайұлының «Шәкірттік сезімін ұмытқан адам ұстаз бола алмайды» деген қанатты сөзі Жолдас ағайдың өмірлік ұстанымына айналған асыл қасиет. Адалдықты ту еткен абзал ағаның ұлағатты ұстаздар З.Қабдолов, Ә.Дербісәлі, А.Қыраубаева, Ж.Дәдебаев туралы жазған мақалалары да ойлы адамның жанына азық болар өнеге. Ұстаздары жайлы толғанған Жолдас ағайдың өзі де мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, қанат қақтырды. Сол шәкірттің бірі – өзім. Қазір әріптес інісі ретінде де аңғаратыным, ағайдың аманшылығын сұрап, сағынышқа толы сәттерін еске алар шәкіртінің көптігі. Ал, шәкірті іздеген, шәкірті сағынған ұстаз – ең бақытты ұстаз ғой.

Ағай туралы бір үзік сырды, ой-толғанысты әзірше, осылай тарқаттым. Жарық күнді алпыс жыл айналған Жер-Ана бұл күні Жолдас ағайды абырой биігіне көтеріп отыр. Ол бұл биікке өзінің терең білімімен, қарапайымдылығымен, адами қасиеттерімен жетті. Оның еңбектері, өмірлік ұстанымы аға буынның аманатын жеткізіп, жақсы дәстүрдің дәнін еккен дихандай бізге де үлгі болары сөзсіз. Сөз өнерінің, ұлт әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым, айтар ойы айқын Жолдас ағайдың алпыс деген ауылға апарғалы отырған ой қазынасы ортаймасын деймін.

### **Ш. ШОРТАНБАЙ**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы*

## **ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ, ҰСТАЗДАР ҰЛАҒАТЫ**

Әдебиет әлемі, сөз өнерінің ғаламат құпиясы, қаламгерлер әлеуеті туралы айтып тауысу мүмкін емес. Әрбір қалам иесінің өзіне ғана тән жазу әдебі, сезіну әлемі, дүниетанымы мен ұстанымы, қаламгерлік қиялы мен суреткерлік шеберлігі болатыны да түсінікті. Қаламгерлердің шексіз әдеби кеңістіктегі әлемін, шығармаларындағы көркемдігінің сырын, болмысы бөлек шығармашылық тұлға екендігін саралап, талдап беру де оңай шару емес. Көзге көрінбейтін әлемнің мәселелерін қолына ұстатып бере алатын әдебиеттанушы, өлеңтанушы, сыншы қауымының ерен еңбегін зерделеу де керек-ақ. Сондай зерделі зерттеушінің, ізденімпаз әдебиеттанушының қатарынан Жолдасбек Ормаханұлын да көретініміз ақиқат. Ұлағатты ұстаз, әмбебап әдебиеттанушының «Көркемдік таным көкжиегі» кітабы қолымызға тиді. Замандасымыздың сүбелі еңбегі туралы тарқатып айтсақ:

Кітапта автордың сөз өнері жайлы жазған ғылыми мақалалары іріктеліп алыныпты.

«Сөз сарасын саралап..» бөлімінде қазақ поэзиясының өткені мен бүгіні, қазіргі даму қарқыны, ондағы жаңа бағыттар мен ағымдар туралы зерттеулері топтастырылған екен.

Жұбанның жырларын оқып жұбанған ұрпақпыз, шерлі тарихымыздың көркем шежіресін жырлаған туындыларын санамызға тоқып өскен буынбыз. Кеңестік кеңістікте «Мен қазақпын» деп әлемге жар салу – қиынның қиыны. «Мен қазақпын» – тоталитарлық жүйеге қарсылық, алаш ұранды әдебиеттің заңды жалғасы, ұлтымыздың ұлылығын паш ететін поэма. Жылымық жылдардың жаңғырығындай естілетін бұл поэманың ұлттық рухты оятуға, намысты қайрауға көп көмегі тигені анық. Майдан даласынан шыңдалып қайтқан ақын жырларының өзегінде Отан, туған жер, тарих ұғымдары айрықша байқалатын, ақындық қуатпен, шалқар шабытпен жырланатын. Ақын өлеңдеріндегі сыршыл сезім, нәзік иірім, тұңғыш сыр оқырманын қанаттандырып, өзгелерден ерекшелендіріп тұрады. Мейлі майдан даласын, болмаса туған өлке келбетін, немесе қазақ әйелінің асқақ бейнесін, қай тақырыпта жырламасын, Жұбанды жұрты жақсы көретін, жырын оқудан жалықпайтын.

Жұбан жырларынан нәр алған Жолдасбек Ормаханұлының Жұбан ақынды тануы, танытуы тәуелсіздік дәуірімен тұспа-тұс келгенімен, өлең-поэмаларындағы азаттық, тәуелсіздік тақырыбының тарихы әріде жатқанын тап басып таниды. Ақынның азаматтық ұстанымының, өмірлік көзқарасының қалыптасуына ауыр өткен балалық, өмір мен өлім арпалысын бастан өткерген жігіттік, ел еңсесін тіктеуге араласқан азаматтық кезеңдерінің оңай болмағаны әсер еткені анық, оған ақынның шығармашылық ғұмырбаяны куә, Жолдасбектің ақын шығармашылығының жазылу тарихына, қаламгерлік әлеуетіне, көркемдік құпиясына ден қоя үңіліп, ғылыми ізденіс нәтижесінде туған сарабал ой, салмақты тұжырымы дәлел. Ақынның әр өлең-жырының тақырыбын талдап, астарын айқындап, көркемдігін кестелеп, әдеби-тарихи маңызын, мәнін ұғындыруы оқырман үшін де, ғылымға да қажет, ал өлеңсүйер қауымға, жас ізденушіге өнеге, ұрпаққа тағылым болары анық. Мәселен, «Ж. Молдағалиевтың «Мен – Қазақпын» поэмасы көркемдік деңгейі жоғары, идеясы терең шығарма. Өлең өміріндегі ғаламат интонациялық қызулық, қазақ қара өлеңінде бұрын кездесе бермейтін үйлесімді де мағыналы ұйқастар, үлкен философиялық түйіндеулерге негіз боларлық фразеологиялық тұтас ойларды топтап көрсетуге болады. Ақынның көздеген мақсаты салтын,

дәстүрін, тарихын ұмыта бастаған жас ұрпаққа өткенін таныту болғаны анық», деп тұжырымдауы нағыз ақынға берілген шынайы баға. Ақын әлеуетіне тән сипаттың бәрі түгенделген, ақындық болмысын ашатын ерекшеліктердің жүйесі жұмыр, талдауы тиянақты. Ақын мен оқырманның арасын жақындатып, өлең мен ғылымның үйлесімді түйісуін айқын танытқан Жолдасбектің тілі жатық, ой оралымдары айқын.

Зерттеушінің тақырып ауқымы кең, диапазоны ұлан-ғайыр. Қазақ поэзиясы өкілдерінің әлемдік әдеби кеңістіктегі орнын айқындауда өзге жұрттың озық ойлы ақындарының деңгейімен дәрежелес екендігін, еш қалыспайтынын көркемдік таным тұрғысынан саралап, тиянақтап беруі көңілге қонымды, сезімге қуаныш ұялатады, ақылға ақыл қосады. Олардағы дүниетаным ұқсастығы, көзқарас бірлігі, ой үндестігі, ұстаным ұстындары тоқайласа келіп, адамзатқа ортақ адами құндылықтар, ізгілік ілімі, адами болмыс айшықталатынын аңғарады. Мәселен, дауылпаз Махамбет ақынды атақты Байронмен, әйгілі Пушкинмен шендестіре келіп, «әр алуан кеңістікте, белгілі бір уақыт аралығында өмір сүрген үш ақынның шығармаларында үшеуіне де ортақ ұқсас құбылыстардың көрініс табуы кездейсоқ нәрсе емес. Онда ұлы суреткерлердің өмірді образ арқылы танудағы ақындық қасиеттерінің, логикалық пайымдау ерекшеліктерінің әлі де болса біз біле бермейтін құпия сырлары болуы мүмкін. Қазіргі салыстырмалы әдебиеттану ғылымы мұны сол ақындар өмір сүрген табиғи ортамен, сол елдің саяси жүйесімен, экономикалық даму деңгейімен тағы да басқалай себеп-салдарлармен түсіндіруге тырысады. Дей тұрғанмен де жеке ақынның психологиялық болмысын, керек болса бүтіндей биологиялық бітімін зерттейтін де уақыт келген сияқты», деп ой тастауы да ойланарлық жайт. Салыстырмалы әдебиеттанудың алдында сан салалы міндеттер тұрғанын, уақыт пен кеңістік категорияларын жалқылықтан жалпылыққа, жалпы адамзаттық ортақ үндестікке ыңғайлап та зерделеудің қажеттілігі артық болмайтынын елеп-ескергеннен туған ой деп түсінеміз. Өзге елдің озық ойлыларына еліктеудің жөні басқа, ал өзіміздің сөз өнерін кие тұтқандардың өресі кең, өрісі ұзақ екенін, олардың өркениет көшінде өзіндік орны бар екенін қаперімізге салады. Осылайша үш алыптың, Байрон – Пушкин – Махамбет ұштағанының ой үйлесімін,



сезім үндестігін саралап, оқшау, оңаша ойдан ортақ желі, асыл арна іздейді және іздегенін табады. Кембридж бітірген Байроннан, лицей төмамдаған Пушкиннен дала мектебін өткен Махамбеттің сөз бен ой сайысында ешкімге дес бермейтінін нақты шығармаларын талдау, ой-көзқарастарын айқындау барысында көз жеткізеді. Алыптардың ой оралымдарының, көңіл көкжиегінің, тылсым түйсіктерінің ұқсастығы – ортақ қазына екендігіне сендіреді.

Светқали Нұржан, Бауыржан Жақып, Жанат Әскербекқызы, Мұрат Шаймаран! Бүгінгі қазақ өлеңінің алқаракөктері! Көзіқарақты оқырман әрқайсысының ақындық әлемін адаспай таниды, әлеуетін өзінше әліптейді. Өлең өлкесіндегі сапарын қызыға тамашалайды, көркемдік құпиясының кілтін табуға тырысады, шеберлік сырына үңіліп, сиқырына қанығады. Таңғалып, тамсанады. Бүкпесіз ойын, риясыз көңілін білдіреді. Патша көңілді, мәртебелі оқырман дегеніңіз, осы. Ал әдеби ортаның, әдебиетшілер қауымының ақындардың өлеңдегі мұратын, өнердегі болмысын, өмірдегі кредосын ақындауға келгенде айтар ойы өзгеше, саралау сорабы бөлек, талдау тұрпаты ерек. Осы тұрғыдан келгенде әдебиеттанушы ғалым Жолдасбектің ақынды түсінуі, өлеңді қабылдауы, мәніне үңілуі өлеңсүйер оқырманнан гөрі кәсіби өлеңтанушыға жақынырақ болатыны түсінікті. Таңғалумен шектелмейді, тиянақты ой айтады. Тамсанумен іс бітпейтінін біледі, дәлелді тұжырымын білдіреді. Таңырқатудың себебіне үңіліп, шеберлік пен суреткерліктің сырына қанықтырады. Ақындық ортасын зерделейді, ақындық мектебін жүлгелейді. Таным таразысын салмақтайды, өмірге көзқарасын парақтайды. Ал өлеңге ұмтылысы мен құлшынысын өлеңтану қисынына салып, безбендейді. Сезімінің тереңдігіне бойлап, өлеңінің көркемдігіне көңіл бөледі. Ақындардың көңіл айнасының айрықша, сезіну қабілетінің сергек болатынының себебін өмірі мен өлеңін, көңілі мен көлемін асқан сезімталдықпен саралап, ғылыми дәлдікпен тұжырымдайды.

Төбедегі төрт ақынды бөліп алып, жеке-жеке тоқталудың сырына үңілсек, алдымен заманы бір, өмірдегі көргені ортақ. Құрдас һәм сырлас. Әріптес һәм жолдас. Ендеше, өмірді өлеңге айналдырудағы тәсілінің қыр-сырын қыр соңынан қалмай жүріп айқындауға мүмкіндігі молырақ. Ақын болмай-ақ, ақынға жақын

жүрудің мәселесін ерте шешкен Жөкеннің замандастары туралы толғауға қақысы бар, өмірдерегін жатқа білетін олардан әдебиетке керегін ала білу де өнер, оқырманға, әдеби ортаға жете таныстырып, шығармаларының әлеуетін ғылыми тұрғыда негіздеп беруі де нық. Өлеңнің бүгінгі беталысын бағамдауға келгенде бұл тәсілдің өміршендігін байқадық, жата-жастана зерделеудің нәтижесінде ұлттық өлең өнеріндегі жүйріктеріміздің тынысын жақыннан сезіндік, ерекшелігін еңсердік, өлеңінің сыршылдық себебіне қанықтық. Жолдастың досқа адалдығының куәсі болдық.

Ендеше, көрейік...

Айтман атымен танылып жүрген Светқалиді студент кезінен біледі. ҚазҰУ қалашығында туған талай өлеңінің алғашқы оқырмандарының бірі болған. Көз алдарында бұла жырларының ойлы шумақтары туған, кемелдігімен танылып, кең өріске бет алған тұсында қатар жүрген замандас, құрдас, сырлас ақынды, оның шығармашылық ғұмырнамасымен жете таныстығы да талассыз. Светқали Нұржан шығармашылығы туралы «Оның шығармаларында қазаққа белгілі, әр дәуірде өмір сүрген жекелеген адамдардың мінез-құлықтары, олардың өмірлік мұраттары, көзқарастары жан-жақты қарастырылады. Оның лирикалық қаһармандары жыраулар мен діни тұлғалар, ақындар мен батырлар. Светқали өз өлеңдерінде олардың атқарған ұлы істері мен ерліктерін, мінездеріндегі ерекше қасиеттерді талдай отырып, тарихи тұлғалар мен кейінгі ұрпақтың арасындағы байланысқа назар аударады, сол арқылы жалпы адамзатқа ортақ құндылықтардың сырын ашып, түсіндіруге тырысады. Мысалы, қазақтың елдігін сақтап, теңдігін сұраған Сырым батыр жайлы ақын былайша толғанады:

Сырым бабам-ай, Аршыландарға  
есе бермей кеткен қабылан,  
Сені көргенде қайырсыз хандар  
түңілген табыт – тағынан.  
Наркескенің қапты ілулі көкте,  
Жаркылдап жүзі жарты ай боп  
Шарық-Аспанға жаныған.

Жыр мазмұнының көнеден келе жатқан жыраулар поэзиясымен үндес екенін аңғарамыз. Көнерген архайзмдер мен историзмдер

оның өлеңдерінде қайта тіріліп, қазақ сөзінің қасиетін одан әрі тереңдетіп, сөздік қорын молайтып жүргенін біз оның тарихшылығынан, шежірешілдігінен деп білеміз», – дейді.

Бауыржан Жақыптың қазіргі ұлттық поэзиядағы орны, шеберлікке суарылған туындылары туралы тұщымды пікір айтады. «Бауыржан Жақып шығармаларының ішінде шоқтығы биік туындыларының бірі ол – «Абайдың қасқа бұлағы» лирикасы болып саналады. Бұл таза лирикалық толғаныстан, әдемі әсерден туған әсем де мазмұны терең өлең.

Абайдың Қасқабұлағы  
Сағасы інжу-маржаннан  
Жағасы жасыл пүліштен,  
Тамшысы алтын, күмістен,  
Жапырақ сүйген бетіңнен

Суыңнан сұлу гүл ішкен, – деп деп өңшең айшықты метафоралардан басталатын өлең шумақтары расында да бір деммен оқылатын әдемі лирика. Ақын Қасқабұлақтың қазақтың даналары Абаймен, Өуезовпен қатысын сөз ете келіп, оның қасиетін барынша жан-жақты ашуға тырысқан», – деген пікірі арқылы ақынның шағын лирикасының болмысын әр қырынан ашып көрсете алған.

Университетте қатар оқыған, кейінірек әріптес атанған ақын досы Жанат туралы, оның шығармашылық әлемі туралы да айтары көп. Дөп айтылған сөзіне келсек, «Ж. Әскербекқызы поэзиясында сыршылдық басым. Ол өзінің басынан өткізген көңіл-күй құбылыстарын әрдайым өзіне ғана тән нақышпен, сезімді қозғайтын нәзік иірімдерді суретті сөзге айналдыруда өзгелерде көп кездесе бермейтін қарама-қайшы құбылыстарды салыстыра суреттеу тәсіліне жиі жүгінеді. Бұны оның осал тұсы емес, керісінше мықтылығы деп бағалау керек».

Ақындығымен ерте танылған Мұратты да өмір ерте есейткені белгілі. Атажұртқа оралған ақынның өлеңдеріндегі сағынышты, мұңды байқамау мүмкін емес. Өмірдің қызығына, қызылына алданбайтын ақын інісінің шығармашылық лабораториясын жіті бақылап, сан қатпарлы ойдың астарын ақтарады, ақын жанын түсінуге тырысады. «Мұратты басқа ақындардан ерекшелеп тұратын да оның осы астары қалың ой мен терең мазмұнға

жақындығы деп қабылдағанымыз жөн шығар. «Көңілдің өңі ағармас кірі ашылмай» деген өлеңінде ақын:

«Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман»,  
Күн – үміт секілді ме түнге айналған.  
Өмір ме, өңі суық өлім бе екен,  
Бір елес орамалын бұлғайды алдан, –

деп көңіл шерін ақтарады. Бірақ неге күн үміт түнге айналған, неге өмір мен өлім қатар орамалын бұлғап шақырып тұр оған нақты жауап таба қою қиын. Ол сұрақтардың жауабын іздеу де шарт емес секілді, ол санамызда баяғы жыраулар поэзиясы дәстүріндегі риторикалық сұраудың бір көрінісі ретінде жаңғыратындай. Дей тұрғанмен, осы өлеңнің астарында өзгеше ой бар, бөлек бір байлам жатқан сияқты».

Бүгінгі әдебиеттің даму бағыты, қаламгерлердің замана шындығын суреттеудегі ізденістері, қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттары, Қазіргі қазақ прозасындағы бет пен бағыт, ырғақ, лиризм, портрет пен пейзаж, ұлттық мінез көрінісі, ағымдар мен әдістер, текстология мәселелері және т.б. тақырыптар зерттеушінің назарынан тыс қалмаған. Бұл мәселелерді жекелеген қаламгерлер шығармашылығын талдау барсында аңдатып, жаңа заман әдебиетін жасаушылардың бағдарын айқындап беруге тырысады. Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиеттің өзгешелігін танытуда қаламгерлік ізденістерге жүгінеді, суреткерліктің, шеберліктің ұлт әдебиетін жасаудағы аса қажеттілігін сездіреді. «Ұлпаннан» «Мешкейге» дейін немесе Мүсіреповтен Мәдина Омароваға дейінгі аралықтағы прозашыларды зерттеу нысаны етіп алады.

Университеттегі ұстаздарының ұлттық поэзия хақындағы еңбектері де шәкірт назарынан тыс қалмаған екен. Өлең жазғандардың өнерін әдеби-теориялық тұрғыдан талдап, әдебиет тарихындағы алар орнын айқындауға келгенде алдыңғы лектен көрінетін әдебиеттанушы ғалымдар Ханғали Сүйіншәлиевтің қазіргі қазақ поэзиясы туралы, Зейнолла Қабдоловтың қазақ өлеңі туралы толғамдарын көңіліне тоқиды, талдау машығы мен мәнеріне сүйсінеді, өлең тану шеберлігінің құпиясын ашады. Әбсаттар Дербісәлиев, Алма Қыраубаева сынды ұлағатты ұстаздарының мейірім-шуағын, олардан көрген қамқорлығын баяндайды. Өнегелі

істері жайлы толғанады, ғибратты ғұмырларынан тағылым түйеді. Адалдықты ту еткен, қарапайымдылықты қасиет санаған адамгершіліктерін жоғары бағалап, адами, кісілік болмысын құрмет тұтады, ғылымдағы ғұмырын сипаттайды.

Мерейлі жасқа келіп жатқан Жолдасбектің жорға жүрісінен жаңылмай, жас буын тәрбиелеу ісінде ұстаздығымен қатар үздік әдебиеттанушылығы да қомақты үлес болып қосылары анық.

**Н.Ә. АЛДАБЕК**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Абай ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері*

**Б.Ә. ТАСТАНБЕКОВА**

*филология ғылымдарының докторы  
М.Исламқұлов атындағы жалпы  
орта мектеп директоры,  
Түркістан облысы Ордабасы ауданы*

## **ҒАЛЫМ ҺӘМ ҰСТАЗ ЖӘНЕ БІЗДІҢ АҒАЙ**

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің студенттері атану бақыты бізге де бұйырды. Расында да біз өзімізді бақытты студенттерміз деп санаймыз. Себебі есімдері өз елімізге ғана емес, алыс-жақын мемлекеттерге танымал академик ұстаздарымыз, «Айналайын» деген жанға жайлы тиетін сөздерімен, дидарларынан әрдайым мейірім мен қамқорлық есіп тұратын Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Зәки Ахметов, Мәстүра Сармурзина, Ханғали Сүйіншәлиев, Рымғали Нұрғали, Әуез Бейсебаев және Илия Жақанов, Жанғара Дәдебаев, Тұрсын Жұртбаев, Дандай Ысқақұлы, Қанипаш Мәдібай, Күләш Ахметова және бүгін асқаралы алпысқа толып отырған біздің ағай Жолдас Мәмбетов сияқты ұстаздардан білім алдық, тағлымы зор дәрістерін тыңдадық.

Жолдас ағайымыздың әдебиеттанушы ғалым, білікті ұстаз ретінде ауыз толтырып айтатындай қырлары өте көп.

Бұл шағын мақалада біз ағайымыздың педагогикалық шеберлік қырлары хақында өз түйгенімізді баян етуді жөн көрдік.

Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. Жалпы «талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін және бұл сөзді біз көбіне, ақын – жазушыларға, әртістерге, өнер адамдарына қатысты қолданамыз ғой. Ал, енді осы арада «ұстаз, педагог болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бере ме» – деген сұрақ туындайды. Иә, педагог, ұстаз, оқытушы да пенде. Сондықтан барлығы бірдей талантты бола бермейді. Егер оқытушы өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін жан-жақты меңгеріп, алдында отырған әрбір тұлғаның психологиясын білуге ұмтылысы, ынтасы болатын болса, педагогикалық техникасын, стилін қалыптастыра алса, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, міне, сонда ол талантты, нағыз шебер ұстаз бола алады.

Жолдас ағай бізге «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінен дәріс және семинар сабақтарын жүргізді. «Болмасаң да ұқсап бақ» дегенді өзіне ұстаным етті ме екен, Ағай дәрісті ұлы ұстазының бірі Зейнолла аға Қабдоловтың дауыс ырғағына, мақамына салып, ұқсатып оқитын. Әлде тек Зейнолла ағай, Тұрсынбек ағай, Рымғали ағай дәріс оқитын 312-дәрісхананың дәрегейіне лайық өзін ұстауы ма екен, әйтеуір дәрісханада жайлы тыныштық орната отырып, шабыттана дәріс оқиды.

Бізге академик З. Қабдоловтың «Сөз өнері», академик З. Ахметовтің «Өлең-сөздің теориясы», М. Дүйсеновтың «Қазақ лирикасындағы тақырып пен көркемдік шешім» және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық түйін-тұжырымдарды педагогикалық шеберлікпен жеткізе білді.

Жолдас аға шәкірттерін тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды деп нық айта аламыз.

Халқымыздың ірі тұлғаларының бірі Ж.Аймауытовтың «Ұстаз ұстаз емес өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт шәкірт емес өз ұстазын сүймесе» деген керемет қанатты сөзі бар. Филология факультетінің

соңғы курсыңда оқып жүргенімізде, Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойына орай зерттеу мақала жазу бақыты маған бұйырғанына ерекше қуандым. Жолдас ағай мені М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жетелеп апарып, сирек кездесетін қолжазба қорынан Жамбыл Жабаевтың айтыстары туралы қалың папканы алдыртып берді. Уақыт тығыз. Мақаланы тездетіп жазып Түркияда шығатын журналға жіберу керек болды. Не істеу керек? Жолдас ағай үлкен қалың папканы костюмінің ішіне тығып алып шықты. Әдебиет және өнер институтынан біраз ұзағаннан кейін, әлгі папканы маған беріп жатып, «бүгін өл-тіріл», таңға дейін керегінді қарап шық та, ертең таңғы тоғызда маған мақаламен қоса папканы әкелетін бол, – деп сұқ саусағын сермеді.

«Ауылдастың тайы озсын» демекші, ағайдың сол кезде шәкіртінің жұрнақтай мақаласы жат елде жарық көруі үшін уақытын сарп етіп, осыншама жанталаса жүгіруі үлкен ерлікке баладык.

2000 жылдары Жолдас ағаймен әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасында бірге жұмыс істеп, әріптес болу бақыты тағы да бізге бұйырды. Аудиториядағы Жолдас ағай, кафедрада да сол Жолдас ағай. Қоғамдағы, білім мен ғылым саласындағы өзінің естіген, білген ақпараттарымен үнемі бөлісіп отырады. Дөңгеленген дүниенің жаңалықтарына өзінің жеке азаматтық пікірін, сынын айтады.

Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дейді. Біздің Жолдас ағай ұлтжанды. Студенттеріне дәріс оқыған кезінде, практикалық сабақтар жүргізгенде ұлттық тәрбиені әр тақырыппен үйлестіре байланыстырады. Кафедрала да қазақтың, елдің жайын айтып жүреді. Мүмкін, сол ұлтжандылығы көзге анық, ашық көрініп тұратындықтан болар, кафедрадағы кейбір оқытушылар әзіл-шыны аралас біздің Ағайды «нацист» деп атайтын.

Құрметті Жолдас Аға!!! Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен 1996 жылғы шәкірттеріңіздің атынан, өз атымыздан құттықтаймыз. Өзіңізге, отбасыңызға амандық тілейміз. Рухани байлығыңыз бен шығармашылық арнаңыз кемерінен аса берсін.

**А. М. АХМЕТОВА**

*PhD, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері*

## **«ӘДЕБИЕТТІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» – ЭСТЕТИКА ҒЫЛЫМЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС**

***Ұстаз, әдебиет теориясының маманы Жолдасбек Ормаханұлын биылғы 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!***

Қазіргі уақытта цифрландыру мен ақпараттандырудың рөлі алға шығып, санамызды желідегі 3-4 минуттық видеороликтер билеп алғаны шындық. Интернетте қандайда бір іс-әрекетке, құбылысқа адам назарын аударту үшін қарқынды талас жүріп жатқан уақытта білім, ғылым, өнер салаларындағы құнды дүниелердің маңызына ден қоятын сана, көз (адам) азайды. Жасанды интеллект адамзаттың эмоциясын, ішкі сұранысын, қалау-тілегін асқан білгірлікпен ұғып алып, бізді арықарай виртуалды әлемге тартып бара жатыр. Кейбір адам өзіне не қажетін білмесе де, жасанды интеллект оның смартфоны арқылы ұға қойып, өнімдерді бірінен кейін бірін ұсына береді. Біз соның бағыттауымен кетіп барамыз. Зейінімізді қысқа видеоөнімдер жаулап алып, шынайы ***өмірдегі құнды еңбектер мен өзімізге білім, ғылым үйреткен, тәрбие берген ұстаздардың орнын*** кейінгі сатыға ысыра бастадық. Бұл, әсіресе, жас буыннан айқын байқалады. Назарды әлеуметтік желіден арашалап алып, алтын уақытымызды кітап оқуға, оқыған кітаптардың маңызын сараптауға жұмсаудың пайдасы ұшан-теңіз.

Бүгін мақаламызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жылдар бойы әдебиет теориясынан дәріс оқып, мындаған шәкірттер баулыған ***ұстаз-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Жолдасбек Ормаханұлы Мәмбетовтің «Әдебиеттің эстетикалық негіздері»*** (2011, 163 бет) деп аталатын кітабының маңызы жайлы баяндамақпыз.

Аталған кітап – отандық эстетика ғылымында қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбектердің бірі. Эстетика туралы қазақтан шыққан ғалымдардың пайымдаулары, ой-пікірлері көп кездескенімен, эстетиканың ғылым ретіндегі маңызын, қоғамдағы рөлін,



басты категорияларының ерекшелігін, жалпы кез келген адам қолданатын «эстетика» ұғымына берілер түсініктерді толық қамтып жазған еңбектер (Қазақстанда) кездеспейді. Бұл еңбектің ерекшелігі – эстетикалық ұғымдар мен түсініктердің ұлттық танымға, қазақ фольклорындағы, жазба әдебиетіндегі және басқа өнер түрлеріндегі үлгілерге негізделі баяндалуында. Ал кітаптың теориялық-әдіснамалық ұғымдары аталған саладағы басқа зерттеулердің ғылыми аппаратына ұқсас келеді.

Жолдасбек Ормаханұлы 2011 жылы шыққан кітабының алғысөзінде эстетика ғылымына арналған қазақ тілінде зерттеу еңбектердің жазылмағандығын әрі аударылмағандығын да өзекті мәселе ретінде атап өткен. 2020 жылы осындай олқылықтың орнын «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры Ю.Б. Боревтің «Эстетика» кітабын, оған дейін, 2019 жылы Джули Ривкин мен Майкл Райанның бес кітаптан тұратын «Әдебиет теориясы. Антологиясын» қазақ тіліне тәржімалап шығарып толтыруға үлес қосты. Сонымен қатар, басқа да мемлекеттік бағдарламалар аясында З. Фрейд, К. Юнг, Р. Барт, М. Фуко, Ж. Деррида, т.б. еңбектері де қазақ тіліне аударылған. Алайда аударылған зерттеулердің сапасы әртүрлі деңгейде шыққан. Тіпті, мәтіні өте түсініксіз жұмыстар да кездеседі.

Аударма еңбектермен қатар, әдебиет теориясын қазақ тілінде жазып, қазақтілді ортаға ұсынудың маңызы өте жоғары. Қазақы ойтаныммен баяндалған, түсіндірілген әрі теория мысалдарының да әлем әдебиетімен салыстырыла қазақ әдебиетінен алынса, білім алушыға, жалпы оқырманға әлдеқайда түсінікті шығады. Осы тұрғыдан алғанда, Ж. Мәмбетовтің «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» деп аталатын кітабын қазақтілді аудиторияға қажеттілігі айқын сезіледі. Ұлттық университетте «Әдебиет теориясы» пәнінде студенттер шет тіліндегі еңбектермен қатар, Ж. Мәмбетовтің кітабын қатар оқып келеді.

Жолдасбек Ормаханұлы «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» деп аталатын кітабында эстетика ұғымы мен категорияларының табиғатын, мән-мазмұнын сыни көзқарас тұрғысынан пайымдап түсіндірген. Мысалы, эстетика ғылымы әсемдік категориясы негізінде пайда болғанын, ал басқа категориялар (трагикалық, сентименталдық, т.б.) оған тек қосымша эмоционалды бояу,

басқаша мазмұн дарытатынын атап өтеді. Автордың бұл пікірімен келісуге болады. Ю. Боревтің «Эстетика» еңбегіндегі эстетика ғылымының асқақтық, сұмдық, бейберекеттік, құлдыраушылық, ұсқынсыздық, комедиялық, т.б. категорияларының философиялық, діни, этикалық ойлармен ұштасып кететінін байқауға болады. Эстетика ғылымының қоғамдағы маңызын, адамның эстетика туралы пайымы, қоршаған ортадағы құбылыстарды қабылдау ерекшелігін нақты тәжірибеге тән мысалдармен саралаған. Тарихи кезеңдерде қоғамдық-гуманитарлық ғылым түрлері немесе өнер, дін сынды құндылықтардың қайсысы қарқын ала дамыса, эстетика ғылымы да соған ойыса, *пәнаралық құбылыс* ретінде дамығанын да атап өтеді.

Сонымен қатар, кітапта өнер сыншысы, ақын Г.Э. Лессингтің «Лаокоон немесе кескін өнері мен поэзияның аражігі» деп аталатын еңбегінің маңызы да сарапталған. Кескін өнері мен поэзияның – сөз өнерінің өзіндік пәнін – предметі, өнер ретіндегі ерекшелігі, бейнелеу тәсілдері нақты мысалдармен салыстырыла талданған. Кескін өнеріне *дене*; поэзияға *қимыл, әрекет* тән. «Өнер нені болса да бейнелеуге икемді, сондықтан да *сурет және мүсін өнері құбылыстың тек бір ғана сәтін көрсетуге, оның бейнесін елестетуге, суретін жасауға қабілетті* және сол ақиқат шындық бейнеленген сәт арқылы адам мінезін ашады, өзі көздеген ойды жеткізеді. Ал *поэзия болса керісінше қозғалыссыз нәрсені бейнелеуге қабілетсіз. Сөз өмірді қимылсыз күйінде бейнелей алмайды, ол өмірді қозғалыс үстінде, өзгеру, белгілі бір уақыт аралығында бейнелейді*» (30 бет) деп тұжырымдайды. Сөз өнерінің заңдылықтарын оқып-түсінуге кіріскен білім алушыға нағыз қажет еңбек деп санаймыз. Жолдасбек ағай әдебиет теориясына арналған дәрістерінде Лессингтің бұл еңбегі міндетті түрде талдап түсіндіреді. Біздің есімізде.

Кітаптың маңызды бір ерекшелігі, эстетика категорияларын түсіндіруге мысалдардың қазақ фольклоры мен әдебиетінен, өнерінен алынғандығында. Мысалы, сөз өнерінің табиғатын зерделеуге кіріскен студент Ю. Боревтің «Эстетика» деп аталатын еңбегін оқып отырып, өз бетінше қазақ әдебиетінен мысал іздесе, ойша келтірген туындысы сол категорияның нақты мысалы бола ала ма, жоқ па – ойын бекіте алмас еді. Оқу тәжірибесінде мұндай

жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан, отандық ғалымдардың **қазақ тілінде** толықтай әдебиеттануға, эстетикаға арналған монография, оқу құралдарын жазғаны ауадай қажет. Ж. Мәмбетовтің кітабында эстетика категорияларына берілген мысалдардың көбі қазақтілді оқырманға жақсы таныс қазақ өнері мен ауыз әдебиетінен алынған. Болашақта бұл еңбек кеңейтіліп жарық көрсе, эстетика саласындағы іргелі еңбекке айналар еді.

Қазақ тілінде жазылған ғылыми кітаптар қазақ тілінің ғылым тіліне айналу/көтерілу белсенділігін, әлеуетін жетілдіре түсетіні сөзсіз. Бұл кітап осындай мәселені шешуге де үлес қосады.

«Әдебиеттің эстетикалық негіздері» деп аталатын кітапта эстетика ғылымының даму тарихы да баяндалған. Антика дәуірі, орта ғасыр кезеңі, ренессанс дәуірі, 17-18 ғасырлардағы эстетиканың дамуындағы басты сипаттар мен құбылыстарға, ерекшеліктерге ауқымды талдаулар жасалған.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы отандық әдебиеттенудың негізін қалаған «Әдебиет танытқыш» еңбегін оқып отырған оқырман ұстазға тән мейір-шапағат пен жанашырлықты сезінетіні анық. Ғалым ғана емес, ұстаз-ғалымның қаламынан туған еңбектің сондай артықшылығы болады екен. Жолдасбек Ормаханұлы да жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып келеді, мыңдаған шәкірт оқытып шығарды. Ағайдың кітабының баяндалу стилінен де ұстаздық мейірімі қоса көрінеді. Ғылыми стильдегі сөйлемдері «сірескен, қатал, сұсты» қалпымен «сырт тепшей», студентті оқуға қол бұлғап шақырып тұратындай. *Шын мәнінде, ғылым баршаға түсінікті жазылуы тиіс шығар.* Бұл тұста, әрине, ғылыми еңбектердің бір бөлігі белгілі бір академиялық ортаға – ғылыми мамандарға арнап жазылатын да ескерген жөн.

Мақаламызда Жолдасбек Ормаханұлының еңбектерінің бір бөлігін ғана сөз еттік. 2017 жылы ағайдың М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымымен бірге «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» деп аталатын монография шығаруға үлес қосқаны да белгілі. Бұл еңбекте қазіргі қазақ ақындарының шығармашылығын әр қырынан сараптаған болатын. ***Жолдасбек Ормаханұлының қаламынан шыққан еңбектердің тағзы бір ерекшелігі – жазып отырған тақырып пен әдебиет туындыларды (әсіресе, қазақ әдебиетін) жетік***

*білетіндігі.* Интернеттің арқасында өзі жетік білмейтін тақырыпты жаза беретін – графоман ақын да, жазушыны да және ғалым санын да арттырған қазіргі уақытта *мұндай артықшылықты* атап өткен орынды деп ойлаймыз. Ағай жазған теория мен мысал-тәжірибе бір-бірінен ұдайы толықтырып тұрады.

**А. ЖҰМАТАЕВА**

*М.О. Әуезов атындағы*

*Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми қызметкері, PhD докторант*

## **НАҒЫЗ ҰСТАЗ, РУХАНИ ТӘЛІМГЕР**

Әлемге аты жайылған атақты қолбасшы Ескендір Зұлқарнайын ұстазы Аристотель жайлы: «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмірімді алсам, ұстазымнан сол өмірді жақсы сүру туралы білім алдым» деген екен.

Асылында, түсінген адам үшін жақсы ұстазға жолығу, нағыз ұстаздан тәлім алу – шын бақыт. Өйткені «адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» деп кеменгер Абай айтқандай, адамшылығы зор, жан мен тән сұлулығы үйлесім тапқан, рухани ізгілік тұғырында қалыптасқан тұлғаның алдағы өмір жолы да даңғыл болатыны сөзсіз. Ал мұндай кісілік, адамгершілік, парасаттылық сияқты адамның бет-бейнесін, жан дүниесін танытатын шарапаты мол қасиеттерді бойға жиюда ұстаз берген тәлім-тәрбиенің ықпалы ерекше болмақ.

Мен бүгін осындай өмірлік көзқарастарымның қалыптасуына әсер еткен, мен үшін әкемнен кейінгі биік адам жайлы аз-кем сыр ақтармақпын. Ол – менің жанашыр, ақылшы ұстазым, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Жолдасбек Ормаханұлы Мәмбетов.

Қамқор ұстаз, білікті ғалым, қадірлі аға! Алты белес асқан бүгінгі мерейтойыңызға алты ауыз сөз жазбауды шәкірттігіме сын санадым. «Жаман ағаң да 60-қа келіп қапты» деп хабарласқаныңызда, сонау 2008 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің табалдырығын алғаш аттаған студенттік жылдарым көз алдымнан сырғып өтті. Неге екенін білмеймін,

ойыма бірден әйгілі қолбасшының жоғарыдағы қанатты сөзі орала берді...

Шыны керек, шимай-шатпақ мақала жазып жүрсем де, мерей-тойға арнап естелік-мақала жазуым бірінші рет екен. Ең алғаш «Әдебиеттануға кіріспе» пәнінен дәріс беріп, әдебиеттану ғылымының шымылдығын түріп, беташарымен таныстырып едіңіз. Стилі де, мазмұны да бөлек жанрда қалам тербеуіме де алғаш Өзіңіз себепкер боп отырсыз. Сіздің асқаралы 60-қа келген мерейлі жасыңыз, ұлағатты ұстаздығыңыз бен адами болмысыңыз себеп боп отыр. Кездейсоқтық па, әлде жазмыш па?.. Өз басым Аллаһтың тағдыры деп қабылдадым.

Бір қызығы, бірінші сыныптан бастап білім саласындағы ауыс-түйіс, өзгерістің бәрі де біздің буыннан басталған еді. Университетке түскенде де, осындай жаңалықтар орын алып жатты. Біз тұрмақ, оқытушылардың өзіне беймәлім «Интранет», «эдвайзер», «силлабус» деген дүниелер ҚазҰУ-де алғаш пайда болып, оқу жүйесіне енгізіліп жатқан. Эдвайзеріміз Қалқабаева Салима апай сондай құжаттардың біріне қол қою үшін сабақтан сұранып, кезекпен кафедраға келуімізді тапсырды. Кезек маған келіп, кафедраға кіргенім сол еді, төрде отырған бейтаныс бір ағай:

– Бізде мынадай студент бар ма еді, сен әлгінде менің сабағыма неге қатыспадың? – деп дүрсе қоя бергені.

«Бар болған соң келіп тұр ғой» деген эдвайзерімнің сөзін де елеместен, «Сіз бізге сабақ бермейсіз», – дедім өзімше батылданып.

– Бермесем келесі семестрде беремін, – деді бейтаныс ағай ойланбастан.

– Қандай сабақтан бересіз? – дедім мен ақымақтау сұрақ қойғанымды аңғармай.

– Адам өлтіретін сабақтан берем!

– Ммм...

«Қорқынышты екен. Мына ағай сабақ берсе, ешбірімізді аямайтын түрі бар ғой» деген оймен қажетті қағаздарға қолымды қойып шығып кеттім. Кейін Өзіңізге төл шәкірт болып, әріптес болып, осы сөзіңізді талай еске алып күлетінімізді ол кезде білмедік, әрине.

Расында да, екінші семестрден бастап базалық пәндеріңізді, кейіннен таңдау пәндеріңізді оқыдық. Алғашқы күннен-ақ, «Менің артымнан өкшемді басып аудиторияға кешігіп кірмеңдер!» деген қаталдау талап қойғаныңызбен, үніңіздегі жұмсақтықты аңғармау

мүмкін емес еді. Бірақ сабаққа, оқуға келгенде, сол қаталдығыңыз күшеймесе, әлсіремейтін. Тіпті кейбір білімге аса бас ауыртқысы келмейтін «халықшық» студенттер Сіздің сол талапшылдығыңыздан сескеніп, сіз беретін пәндерді таңдаудан қашқақтайтын да еді.

Жалпы «адам ұстаз боп қалыптаспайды, ұстаз боп туылады» деген даналардың сөзінде терең шындық бар. Шәкіртінің дарынын таныған нағыз ұстаз балапанын баулыған құстай оны одан әрі қанаттандыруға мейлінше тырысатыны рас. Өзін ғылымға баулыған ұстазы Алма Қыраубаева жайлы профессор Өмірхан аға Әбдиманұлы бір дәрісінде: «Неге екенін білмеймін, апайдың көзінің құты түсіп, өзге студенттерге қарағанда, маған деген пейілі бөлек болды» дегені бар-тын. Сол сияқты маған және қарсы топтағы менімен аттас бір қызға Сіздің де «көзіңіздің құты» түсіп, бізді олимпиадаларға, түрлі ғылыми іс-шараларға икемдей бастадыңыз. Бірақ мен ол кезде Сіздің сол бір ниетіңізді жете ұғынбағанымды енді түсініп жүрмін. Кейіннен диплом жұмысын алу туралы ұсынысыңызға да, өзге бағытты таңдайтынымды айтып, қарсылық білдірдім. Содан бастап көрген жерде: – Сен әлі тілші болам деп жүрсің бе? – деп зілсіз мысқылдап өтетінсіз.

Ұры уақыт зымырап, төртінші курсқа да аяқ бастық. Түрлі ұсыныстар, пікірлер болғанымен, ойлана келе Сізден диплом жұмысын алуға шешім қабылдадым. Ойымды айтқанымда, теорияға бару үшін философияны сүю керектігі, бүкіл ғылым атаулы пәлсападан бастау алатыны жайлы біраз кеңестер айттыңыз. Дегенмен сол жылы сағат саныңыз асып кеткендіктен, мені Раушан апайға ресми тіркеп қойып, тақырыпты да Өзіңіз беріп, қорғауда жетекші ретінде пікірді де Өзіңіз айтқаныңыз есімде. Диплом алғаннан кейінгі жұмысқа орналасу машақатында да біршама әрекеттендіңіз. Бірақ мен тағы да қисық кеттім.

Сіз Астанадағы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне ауысып, ара-тұра Алматыға келгенде, шәкірттеріңіздің басын қосып, шәй ішуді дәстүрге айналдырдыңыз. Қайда жүрсеңіз де, ақыл-кеңесіңізді айтып, бағыттап отыруды ұмытпадыңыз. Өз басым қандай маңызды шешім қабылдасам да, әлі күнге дейін Сіздің пікіріңізді білуге асығып тұрам.

Мен ұстазды сыйлауды, ұстазды құрметтеуді Жолдас ағайдан үйрендім. Себебі бұл кісі өзінің ұстазы, академик Зейнолла Қабдоловты әрқашан ерекше сағынышпен, ризалықпен еске алып отырады. Қай жерде, қандай мәселеде болмасын, тіпті әңгіме ауаны

өзге тақырыпта өрбіп жатса да, «Зекең айтатын», «Зекең өйтетін», «Зекең бүйтетін», «Зекең болғанда былай жасар еді» деп әйтеуір, ұстазын аузына алмай сөз айтпайды. Мұнысынан аға-досына, ғылыми жетекшісіне, ұстазына деген ілтипаты, ізгі жүрегі мен ықылас-ниеті сезіліп тұрады. Кейде тіпті, ұлағатты ұстазының сөзін ғана емес, өнегелі істерін де бізге – шәкірттеріне нақты әрекетпен көрсетіп отыратыны бар. Мұны сонау бір жылы әкем өмірден өтіп, көңілім құлазып жүргенде анық байқадым. Менің еңсем езіліп, жабырқап жүргенімді сезген болу керек, аға «көңіл шайға» шақырды. Сонда анасы қайтқанда Зейнолла ұстазының өзіне айтқан сөздерін, қылықтарын айта отырып, жұбатқан еді. Осындайда тағы да «шәкірт болып көрмеген, ұстаз болып жарытпас» деген сөздің мәнін терең ұға түсесің.

Ардақты аға, өнегелі ұстаз! Ең жақын шәкірттеріңіздің бірі ретінде Сіз жайлы, Сіздің азаматтық болмысыңыз бен тұлғаңыз, адами қасиеттеріңіз, көп ұстаздың бойынан табыла бермейтін жылуыңыз жайлы бұдан да көп нәрсе жазуыма болар еді. Бірақ қысқа да нұсқа, әсіре пафоссыз болғанын қаладым. «Төрелігін, бекзаттығың көрініп тұрады» деп асыра мақтап, бағалайтын дархан көңіліңіз үшін, арасында тік мінезділігіме салып, бір жағы еркелігім болар, орынсыздау қылық көрсетіп жатсам, «төрешқа», «Бопайдың сіңілісі» деп сабырлық танытып, кешіріммен қарайтын кеңдігіңіз үшін рахмет айтамын!

60-қа толған торқалы тойыңыз тағы да құтты болсын! Ұстаз деген аяулы да ұлы бейнеңіз аласармасын, шәкірттеріңіз үмітіңізді ақтасын! Адал еңбегіңіз еленіп, ғалымдығыңыз – ғибратқа, ұстаздығыңыз – ұлағатқа, азаматтығыңыз – үлгі-өнегеге айналып, жасай беріңіз!

## II БӨЛІМ

---

**С.Б. ЕРЖАНОВА**

*филология ғылымдарының докторы, профессор  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

### **ЖЕЛІЛІК ӘДЕБИЕТ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

Әдеби байланыс – белгілі бір ұлт әдебиетінің басқа да әлем халықтары әдебиетімен қарым-қатынасы. Әдебиет әлеміндегі рухани алмасулар – көркемдік дамудың, әдеби процестің өзіндік заңдылығы. Бүтіндей алғанда, әдеби байланыстың әлем әдебиеті тарихында алатын орны зор. Ұлттық әдебиеттердің даму деңгейі сол кезеңдегі әдеби байланыстың да бағыты мен көркемдік рөлін анықтайды. Оның түрлері мен жолдары көп және бұл процесте аударманың алатын орны өзгеше. Әдеби байланыс жалпы ұлттық әдеби процеске, онда жаңа көркемдік ағымдардың пайда болуына ықпал етеді. Ұлттық әдебиеттердің өзара қарым-қатынасының негізгі түрі ретіндегі әдеби байланысқа әдебиеттану ғылымы XVIII ғасырдың ақыры мен XIX ғасырдың басында назар аудары бастады. Сөз өнері ғылымының әдеби байланысты зерттейтін арнаулы саласы – салыстырмалы әдебиеттану қалыптасты. Бұл мәселеге И. Г. Гердер, И. В. Гете өз еңбектерінде назар аударған. Ұлттық әдебиеттердің бір-біріне әсерін, ықпалын тарихи-әдеби процестің бір бөлігі ретінде тарихи поэтикада қарастырылды. Ресейде А. Н. Веселовский, В. М. Жирмунский, М. П. Алексеев, Н. И. Конрад еңбектерінде бұл құбылыс жан-жақты талданды.

Әдеби байланыс соңғы жылдары қазақ әдебиеттану ғылымының да назар аударған, арнайы зерттей бастаған саласы. Қазақ әдебиетінің басқа әлем халықтары әдебиеттерімен өзара байланыс жасау процесінің кезеңдері, өзгешеліктері бар. Мысалы, адамзат өркениетінің дамуына мол үлес қосқан Әбу Наср әл-Фараби Батыс пен Шығысты жалғастыра білді. Ол көптеген шығыс халықтарына ортақ қазына қалдырды. Қазақ әдебиеті көршілес шығыс, туысқан



түркі халықтарының мәдениетімен, әдебиетімен ежелден жақын, тығыз байланыста болды. Қырғыз, өзбек, тәжік, түркімен, эзербайжан, татар халықтарының ортақ ежелгі жазба ескерткіштері соның айғағы. Шығыстың классикалық поэзиясы, оның ірі өкілдері Фирдауси, Низами, Науаи, Хұсрау, Физули, Жәми, Сағди, Хафиз, Омар һәйям туындылары, араб халқының «Мың бір түн», үнді елінің «Махабхарата», «Рамайна», әсіресе «Қалила мен Димна», «Тотынама» сияқты әлемге әйгілі үлгілерінің кейбір тараулары қазақ арасында кең тараған, олардың жекелеген сюжеттеріне өлең, қисса, дастандар шығарылған. XVIII ғ-дан бастап қазақ халқының тыныс-тіршілігі, рухани өмірі орыс жазушылары мен қоғам қайраткерлерінің назарына іліге бастады. В.А. Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ» (1830), В.И. Дальдың «Бикей мен Мәулен» (1831) повестері жарық көрді. Е.И. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі туралы материал жинау мақсатымен 1833 ж. Орал мен Орынборға сапар шеккен А.С. Пушкин «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» мазмұнын жазып алды, ақынның «Пугачев оқиғасы» мен «Капитан қызы» атты шығармаларында қазақтар жөнінде мәліметтер кездеседі. Пушкиннің ықпалымен Н.Н. Муравьевтің «Қырғыз тұтқыны» атты романтикалық поэмасы жарыққа (1828) шықты. Қазақстанда саяси қуғында Т.Г. Шевченко, Ф.М. Достоевский, С.Ф. Дуров т.б. болды, олар қазақ халқы туралы жылы лебіздер қалдырды. Л.Н. Толстой Ш. Құдайбердиевпен және қазақ мұғалімі Р.М. Елікбаевпен хат жазысқан. Мұндай әдеби құбылыстардың қазақ әдебиеті байланыстарының тарихында мәні зор. Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов Омбы, Семей, Санкт-Петербург мекемелерінде, Орыс геогр. қоғамында қызмет істеді, орыс зиялыларымен (П.П. Семенов-Тянь-Шанскиймен, Г.Н. Потанинмен, Достоевскиймен, Дуровпен, А.Н. Бекетовпен, Я.П. Полонскиймен т.б.) достық қарым-қатынаста болды. Уәлихановтың еңбектері орыс тілінде жазылып, алғаш рет Санкт-Петербургте жарық көрді, кейбір еңбектері Батыс Еуропа елдерінде басылды. Уәлиханов әлемдік мәдениет пен ақыл-ой деңгейіне көтерілген ғалым ретінде, қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен, ұйғыр, сібір тайпалары, моңғол, қытай, орыс, украин, грек, неміс, француз, ағылшын т.б. халықтардың тарихы, этнографиясы, мәдениеті, әдебиеті туралы құнды ой-пікірлер қалдырды. Бұл тамаша дәстүрді мәдениетте,

әдебиетте, халық ағарту саласында А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердиев А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев т.б. жалғастырды. Абай А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Қрылов, Ф. Шиллер, Дж. Г. Байрон, И.В. Гете, А. Мицкеевичтің кейбір өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Шығыс аңыздарының сюжеті негізінде «Ескендір», «Масғұт», «Әзім» дастандарын, «Сократ» трактатын жазды, Аристотель, Платон, Гомер туралы пікірлер айтты. Сондай-ақ, Алтынсарин, Құдайбердиев т.б. ірі аудармалар жасады. Жалпы қазақ даласының өзге алыс елдермен, оның ішінде Еуропа елдерімен, әдеби және мәдени байланысының тарихы тереңде жатыр. ибн Фадлан (10 ғ.), ибн Батута (14 ғ.), Марко Поло (13 ғ.), Р.Г. Клавихо (15 ғ.) т.б. шетелдік саяхатшылар қазақ жері, халқы жөнінде түрлі әдеби шығармалар, ғылыми еңбектер қалдырды. Г. Зелинский «Қазақ», «Дала» поэмаларын, А. Янушкевич «Қазақ даласына саяхат кезіндегі күнделіктер мен хаттар», суретші Б. Залесский «Қазақ даласының көріністері» атты альбом жазды. Француз жазушысы Жюль Верн «Клодиус Бомбарнак» романында қазақ жерін суреттейді. Американдық жазушы Дж. Кеннанның «Сібір және сүргін» кітабында Ертіс маңайының кейбір тіршілік жайы, Семей кітапханасының қоры туралы мәліметтер, деректер келтіреді. Ал, кейінгі кеңес дәуірінде әдеби байланыс аса қарқынды дамып, әлем әдебиетінің ең үздік шығармалары ана тілімізге, қазақ әдебиетінің үздік шығармалары әлем тілдеріне аударылды. Аударма саласында қазақ сөз өнері шеберінің барлығы еңбек етті. Аударма арқылы келген ірі туындылардың ұлттық әдебиетке ықпалы мол болды. А. Құнанбаевтың шығармалары ағылшын, араб, болғар, монғол, қытай, француз, орыс т.б. әлем тілдеріне аударылды. Ж. Жабаетың шығармалары көптеген тілдерге аударылып, оның суырып салма өнері, айтулы айтыстары туысқан елдерді аралағанда өшпес әсер қалдырғаны туралы жазылды.

М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемінің 116 тіліне аударылып, сондай-ақ «Әлем әдебиеті кітапханасында» (134, 135 томдары) ірі классикалық романдар қатарында жарық көрді. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы, О. Сүлейменовтың поэзиясы және көптеген қазақ сөз зергерлерінің шығармалары, сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің інжу-маржандары эпостар,

жырлар әлемінің көп тілдерінде аударылды. Ұлттық әдебиетіміздің әлем әдебиетімен тығыз байланыста дамуына ірі халықаралық конференциялар мен қаламгерлердің және достық қарым-қатынастары да ықпал етеді. Қай халықтың болсын өнер жағынан дамуында әдеби байланыстар сол ұлт әдебиетінің өркен жая өсуіне, халықтың рухани байлығын, арман-мүддесін, өмір тарихын басқа халықтардың даму тарихымен ұштастыруға дәнекер болады. Қазірде қазақ әдебиетінің басқа әдебиеттермен өзара байланыс жасау процесінің ерекшеліктері пайда болды. Бұл байланыстар жаңа мазмұн, жаңа түр, рең тауып, соны жолдар мен мүмкіндіктерге ұласты, әдебиетіміздің сыр-сипатын айқындай түсті.

Жалпы «жаңа медиа» және оның ішінде Интернет мынадай белгілерімен ерекшеленеді: оларға қолжетімділік кеңдігі, арзандығы, «орташа» тұтынушыға бағдарлануы, берілетін стандартталған ақпарат, өндірілгіштік, ойын-сауық (аудиовизуалды), ойын-сауық. Мұның бәрі бұқаралық коммуникацияның, бұқаралық мәдениеттің белгілері. Баспа станогын ойлап тапқаннан кейінгі әдебиетті белгілі бір дәрежеде шарттылықпен бұқаралық ақпарат құралдары қатарына жатқызуға болады, бірақ аудитория әлі де соншалықты кең емес, бағасы соншалықты төмен емес, алушы кем дегенде оқи алуы керек. Құру және тарату технологиялары соншалықты жетілдірілмеген, қашықтықты еңсеру уақыты және қабылдау әлдеқайда көп, анализаторлардың бір түрі ғана қатысады, және ойын-сауық әрқашан айқын бола бермейді. Сондықтан да биік белестерді бағындыруға ұмтылған мәдениетшілер алдында әдебиеттің қоғамдағы мәртебесі, мәтіннің берілуін «жаңа медиа» талаптарына бейімдеу міндеті тұр.

Әрине, интернеттің басқа ақпарат құралдарымен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, желі дерлік бақылаусыз-цензурадан өтеді. Екіншіден, «World Wide Web» – бұл ауқымды және дерлік өлшемсіз деректер қоймасы. Үшіншіден, оның кеңістігі әртүрлі типтегі белгілер жүйелерімен толтырылады: жазбаша, есту, көрнекі және аудиовизуалды. Ақырында, желі интерактивті және пайдаланушыларға өз жұмыстарын жариялауға және коммуникацияның басқа қатысушыларынан жылдам «пікір алуға» мүмкіндік береді. Интернет көптеген адамдарға өзін автор ретінде сезінуге мүмкіндік береді, оқырмандардың еркін таңдауының арқасында

оларға «төменнен» даңққа жетуге мүмкіндік береді. Демек, «бүкіләлемдік желі» мәдениеттану аясында зерттеле бастаған және «ақпараттық қоғамда трансформацияланған халық мәдениеті» ретінде анықталған, оның ішінде халықтық тәжірибені қамтитын бұқаралық ғана емес, сонымен қатар танымал мәдениеттің белгілерімен сипатталады. Күнделікті тәжірибе саласы, суб- және контрмәдени қозғалыс және т.б.»).

Осыған қарамастан, Интернеттің жоғарыда аталған артықшылықтары – цензураның толық дерлік болмауы, жарияланымдардың шектеусіз көлемі мен саны, интерактивті мүмкіндіктер – желінің ресейлік сегменті құрылғаннан кейін бірден көптеген қазіргі заманғы авторлардың назарын аударды.

Бұқаралық ақпарат құралдары дәуіріндегі әдебиетті түрлендірудің тағы бір бағыты – оны тыңдау мен визуализациялау. Аудио жазба және кеңірек айтқанда, аудиокітап оқуға балама болып келеді, ал әдебиет әуесқойлары немесе мектеп оқушылары барған сайын «тыңдағанын» айтады, бірақ ол шығарманы «оқымаған». Әрине, біздің алдымызда мәтінді конвергенциялау және медиациялау, оны цифрлық және басқа да сенсорлық формаға аудару жолдарының бірі тұр. Аудио жазба қабылдауға ыңғайлырақ болып шықты, мысалы, саяхаттау кезінде немесе ұйықтар алдында, басқа ақпаратпен бірге бір тасымалдағышта – экраны әрқашан оңай оқыла бермейтін смартфон. Сонымен қатар, аудиожазба шығарманың авторлық немесе кәсіби (актер) оқуын тыңдау мүмкіндігі болып табылады, бұл оның мағынасын жақсырақ (немесе жай ғана басқаша) түсінуге мүмкіндік береді.

Бейнежазба немесе бейнеклип – бұл басқа қабылдауды қажет ететін пішін. Барған сайын, өте дұрыс, біз өнердің ерекше түрі – бейне поэзия туралы айтып отырмыз. Бұл жанр кино және музыка саласымен тығыз байланысты – мәтінді бейне тізбегімен әр түрлі дәрежеде үйлестіре білетін режиссер, оператор және осы саланың басқа да мамандары ақынға бейнебаян жасауда жиі көмектесетіні кездейсоқ емес.

Интернеттегі әдеби байланыс жайлы сөз болғанда, ескеретін бір жайт біз жоғары да интернеттің мүмкіншіліктеріне тоқталдық. Интернеттегі аудармашы құралдар арқылы кез келген шығарманың аудармасын оқуға болады. Десек те, оның мәні, сапасы, құрылымы

қандай болмақ? Көбі әдеби байланыс бұл тек аудармамен шектеледі деп ойлайды, десе де олай емес. Әдеби байланыс – бұл екі мәдениеттің өз ерекшеліктерін ескере отырып тоғысуы. Көркем аударма аудармашы құралдағы аудармадан сапа жағынан, құрылымы жағынан да алда тұрады.

Қазіргі әдебиет әдетте жанрлық экспериментке бағдарланумен, көркем емес мәтіндердің үлгілері мен форматтарын белсенді қолданумен сипатталады. Эпикалық формаларда оқиға желісінің әлсіреуі байқалады, модалды, уақыттық және субъективті белгісіздік, кеңістік-уақыттық жоспарлар мен нүктелердің орын ауыстыруы көрінеді. Жанрлық рефлексия тақырыпта (тақырып, эпиграф, субтитр, авторлық кіріспе) жиі кездеседі. Авторлық сана жанрлық канонды үлгі ретінде басшылыққа алады, бұл абстрактілі жанрлық заңдылықты ұстанудың нәтижесі емес, жанрлық архетипті қайта құру тәжірибесі. Бұл жағдайда жанрлық канон – кейбір өзіндік жанрлық мәннің жүзеге асуы. Осының бәрінің артында жеке авторлық жанрлық стратегиялар ашылады. Автор санасының жанрлық ниеттері (олар жанрлық номенклатура туралы ойлармен байсалды түрде келіспесе де) сол немесе басқа жанрлық номинацияда түсіндіріледі.

Қазіргі таңдағы интернет арқылы танылып жүрген көптеген ақын, жазушы, блоггерлер бар. Блоггерлердің өзі түрлі бағытта кітаптар, аудио, видеокітаптар жазып, өз оқырмандарына ұсынууда. Әдеби байланыстың интернет арқылы жылдам жүзеге асатыны белгілі. Мысалы, Марзия Бекайдар деген коуч, психолог Инстаграм арқылы өз блогын жүргізеді. Оның «Қисық қабырға» атты кітабының жарыққа шыққанын енді бір жылдан асты. Десе де, бұл кітап 3 тілге аударылып үлгерді: түрік, орыс, өзбек. Бұрында бұл байланыс ұзақ уақытта жүзеге асатын, лны іздейтін, оқытын, оль елдің тұрмысымен танысатын, сосын барып аударма жасалатын. Қазір интернет арқылы қай елде қандай кітап шыққанын, оған деген бұқараның сұранысын біліп отыру тіптен оңай. Бұқарадан сұраныс болса, ол кітапты аударуда жылдамырақ жүзеге асады. Ал өткен аптада ғана күнделігі жарық көрді. Ал қазір ол күнделік Қырғызстанда сатылымға шықты. Бұл да әдеби байланыстың жарқын үлгісі деп білеміз.

Замана көшінен кеш қалмай интернеттің әдебиетке әсері, әдебиеттің интернетке әсері әр адамның танымына, оның жеке пайымдық көзқарасынан өтуіне байланысты шығар. Ал итернет бар жерде, ғаламдық үдеріс болғандықтан, сондағы әлемдік әдеби байланыстың арасы үзілмек емес.

### Әдебиеттер

1. file:///C:/Users/HP/Downloads/sovremennaya-rossiyskaya-literatura-i-internet-problemy-vzaimodeystviya.pdf
2. [https://el.kz/news/archive/debi\\_baylanys/](https://el.kz/news/archive/debi_baylanys/)
3. Құлманов С. Аударманың өзекті мәселелері. – Алматы: «Palitra-Press», 2015. – 216 б.
4. Алпысбаев Қ.Қ., Қазыбек Г.Қ. Қазақ аудармасының теориясы мен тәжірибесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 213 б.
5. Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. – Астана: «Аударма» баспасы, 2004. – 70 б.

**Б.С. САРБАСОВ**

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

## ЕЖЕЛГІ МҰРАЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕР

**Аңдатпа:** Мақалада мотивтердің шығу тегі халықтың ертедегі дүниетанымымен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты қарастырылады. Мақалада Оғыз, Шыңғыс хан, Қорқыт кейіпкерлердің дүниеге келуі туралы мифтер мен аңыздарға талдау жасалынады. Аңыз әңгіме, шежіредегі ғажайып туу мотивін зерттеу үшін нысанаға оғыз, түркі-монғол тайпаларының шыққан тегі туралы шежірелер және Оғыз, Қорқыт, Шыңғыс хан туралы аңыздардағы ғажайып туу сарындары алынып отыр.

**Кіріспе.** Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді. Халықтың ертеңгі болашаққа деген ұмтылысы, даналық ой – тұжырымдары, қоршаған дүниеге көзқарасы әртүрлі формада көрініс табуы орынды.

Фольклорлық шығармалардың таралу аясы тек жеке халықтың территориясымен шектеліп қоймай, көршілес шет елдерге ауысып

отырған. Қазақ халқының эпикалық мұраларындағы ғажайып тууға байланысты эпизодтардың көпшілігі берісі түркі, арысы әлем халықтары фольклорлық туындыларында да кездеседі. Бұл ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің ілгері басу процесіне белсене араласуының, дүниежүзілік мәдениеттің өркен жаюына өзіндік қомақты үлес қосқанының нәтижесінде болып отыр. Сонымен қатар әлем фольклорындағы тығыз қарым-қатынастардың айқын айғағы.

Қырғыз халқының атақты «Манас» эпосының бір нұсқасында батырдың шешесі түсінде жаратушы иесінің қолынан алма жеп, Манасқа жүкті болады. Ә.Марғұлан: «Бұл дала эпосында өте сирек кездесетін бейне. Тегінде алмаға жеріту – Манас шыққан ортаның жемісі көп оңтүстік алқаптар – Талас, Ферғана, Қашқармен тығыз байланысты болғанын белгілеп, оның Қарахан дәуіріндегі мәдени тұрмысты еске түсіретіндігін көрсетеді» [1,82], – деп тұжырымдайды. Негізінен сиқырлы алма жеу мотиві бүкіл дүниежүзі халықтарының фольклорында кейіпкердің ерекше жағдайда тууына орай пайдаланылады.

«Манас» жырында бас қаһарманның Манастың дүниеге келуіне қатысты оқиғаларынан бастап, соңғы сәтіне дейінгі өмірі суреттеледі. Оның ішінде кейіпкердің жорықтарын кеңінен суреттеуге зор мән беріледі. Әрине, эпостағы мұндай күрделі сюжеттік құрылымның аз ғана уақыт ішінде құрыла қалмағаны анық. «Манас» эпопеясы ұзақ даму процесінің нәтижесінде осындай көлемді жырға айналған. Ол іштей эпос қаһармандарының өмірбаянына тән дәстүрлі мотивтермен толықтырылып, кеңейтіліп отырған. Сол мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууы.

Ғалымдар Манастың жалпы эпикалық өмірбаянын бірнеше негізгі эпизодтарға бөліп қарастырады. Оның ішінде бас кейіпкердің жеке басына қатысты өмірбаяндық мотивтер тобында қаһарманның ғажайып туу эпизодтары да бар.

Ғалым А.Н.Веселовский бұл мотивтің татар мен қазақ халық ауыз әдебиетіне тән екенін анықтап, аталған халықтар фольклорында кейіпкердің күн нұрынан тууына байланысты көптеген аңыздарды, мифтерді келтіреді. Кейбір татар тайпаларының тегін Аланкуадан таратындығына тоқталады [2,535]. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның,

Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

**Негізгі бөлім.** Ғажайып туу мотивінің қыр-сырын толық тану дүниежүзі фольклорына ортақ үлгілерін типологиялық аспектіде тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу қажет. Себебі, Батыс Европа мен Орта Азия фольклорлық шығармаларында көптеген ұқсастықтар бар. Ол көбінесе жеке мотивтердің, сюжеттердің ұқсас түрде қайталануына байланысты. Фольклорда осындай құбылыстардың орын алуы адамзат тарихының біркелкі дәуірлерді басынан өткізуінің нәтижесі болып табылады. Мәселен, түркі халықтарының феодалдық дәуірде пайда болған эпикалық шығармаларындағы типологиялық сипатын В.М.Жирмунский «Тюркский героический эпос» атты еңбегінде қарастырған.

Аңыз әңгімелердегі кейіпкерлердің дүниеге келу мотивін мынадай бағыттарда зерттеуді жөн көрдік. Біріншіден, түркі халықтарының фольклорлық мұраларындағы ортақ сарындарға типологиялық салыстыру жасалады.

Екіншіден, мотивтердің қазақ фольклорының эпикалық жанрларындағы даму ерекшеліктерін анықтауға күш салынады. Зерттеу осы мәселелерді зерттеген ғалымдардың түрлі халықтар фольклорындағы тарихи ұқсас құбылыстарға жасаған салыстырмалы талдауларына сүйене отырып жүргізіледі. (А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп, В.М.Жирмунский)

Ғажайып туу мотивінің мифтен бастап, кейінгі дәуірде туған фольклорлық жанрларға дейінгі даму жолы біркелкі емес. Осы мақсатта оның ертегі, эпос сюжеттерінен орын алуына орай иеленген ерекшеліктерін анықтаймыз. Зерттеу барысында шежіредегі немесе жеке қаһармандардың пайда болуы туралы аңыз-әңгімелердегі ғажайып туу туралы мотивтің поэтикасы, оның сюжеттік құрылымы ашып көрсетіледі.

В.Я.Пропп «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырды. Бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді [3, 205-239].



Жыршы қаһарманды керемет етіп көрсету мақсатында ғажайып туу мотивін түрлі көркемдік тәсілдермен өрнектейді. Мәселен, болашақ батырдың қасиеттерін ерекше айқындайтын мотивтің бірі – анасының жүкті кезінде ең күшті жыртқыш аңдардың етіне жерік болуы. Сондықтан, бұл мотив әлі дүниеге келмеген кейіпкердің мінез-құлқын алдын ала таныту үшін өте маңызды рөл атқарады.

Батырлық эпоста кейіпкердің ғажайып туу мотивінің кеңінен тараған түрі – ата-бабалар аруағының жәрдемімен және әулие-әнбиелердің түсте аян беруі арқылы болашақ батырдың дүниеге келуі. Бұл мотивтер, әсіресе, шамандық және мұсылмандық культтердің үстемдігі тұсында қалыптасып, дамыған.

Бұл жөнінде С.А.Қасқабасов былай дейді: «Ислам діні енгеннен бастап Қазақстанда ескі шамандық пен ислам діні қатар өмір сүрді. Бұл жағдай көп уақытқа созылғаны белгілі. Бірақ жай созылған жоқ, екі идеология арасында үнемі күрес болып келді. Сөйтіп, бұрынғы шаманизмді исламның «қасиетті» күштері ығыстыра бастады, ал, кейбір шамандық кейіпкерлер мен әдет-рәсімдер исламдық сипат алады. Соның нәтижесінде ежелгі тотемге және ата-баба аруағына табынумен қатар, мұсылман дінінің әулие-әнбиелерін қасиеттеп, оларға сыйыну кең етек алды. Міне, бұл процесс қазақ фольклорында көрініс тапты. Мысалы, аңыз, ертегі, жырларда болашақ қаһарманның ата-анасы бала тілеп, Аллаға сыйынады, мұсылманның қасиетті орындарына зиярат етеді [4,252]. Осындай таным-түсініктердің өзгеруіне байланысты жырдағы кейіпкердің дүниеге келу жөніндегі сюжеттерінде әулие-әнбиенің жәрдемімен туу сарыны пайда болады. Әрине, бұл сюжет өзінің негізгі баяндалу тәртібін, қалпын сақтап қалады.

Батырдың ғайыптан дүниеге келуіне болашақ қаһарманның шешесінің тотемнің етін жеу де себепші болатыны белгісі, әулие-әнбиелердің шапағатымен жүкті болған. Болашақ кейіпкердің шешесі әр түрлі жыртқыш аңдардың етіне жерік болуынан аңғарылады. Осындай құбылысты «Оғыз-наменің» кейбір нұсқаларында әсіре мұсылманшылдығы танытылған Оғыздың сыртқы кейпінің тотемдік жануарларға ұқсауынан байқаймыз.

Түркі халықтарының батырлық эпосында жиі кездесетін тотемдер – қасқыр, жолбарыс, аю, арыстан сияқты айбарлы да күшті хайуандар кейпінде. Аталған хайуандарға балау немесе теңеу

батырларымыздың ерлік тұлғасын сипаттауда қолданылып ержүректіліктің, батырлықтың, күштіліктің символына айналғандығына толық көз жеткізуге болады.

Оғыз қаған келбеті: «Осы ұлдың өңі-шырайы көк еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді. Нұрлы періштелерден көріктірек еді... Аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей, жауырыны бұлғынның жауырындай, кеудесі аюдың кеудесіндей еді. Тұла бойын қалың түк басқан еді», – деп сипатталады [5,30].

Дүниежүзі фольклорының эпикалық жанрларында елдің дүниетанымын, ежелден қалыптасып келе жатқан тарихын көрсететін әр түрлі көркем тәсілдерді кездестіруге болады. Қай халықтың эпикалық мұрасы болмасын, ол сол жерді мекендейтін адамдардың тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабар береді. Соның ішінде бүкіл дүниежүзі халықтарын эпосында кеңінен тараған мотив – кейіпкердің ғажайып дүниеге келуі.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастырған ғалым А.Н.Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген [2,538-539]. Бұл мотив – осы көрсетілген кезеңдегі адамдардың дүниеге келуі тотемнің әйел бойына қонуына байланысты жүзеге асатын құбылыс қарабайыр дүниетанымның жемісі деп білген. Бірақ кейбір халықтар өздерінің генеалогиялық мифтерінде өздерінің шығу тегін, әйелмен емес, керісінше ер адаммен байланыстырады. Кейіпкер белгілі бір қасиетті тотеммен некеге отырып, сол арқылы ұрпақ таратуға иеленеді.

«Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткішінде де ғажайып туу сарыны кездеседі. Солардың бірі – «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұстанымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған [5].

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы дүние жүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «Күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [3, 207-208].

Қазақ аңыздарында бұл мотив Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланысты айтылады. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Есім ханның атасы Шыңғыс ханның күннің нұрынан дүниеге келгенін әңгімелеуден басталады. Ал, біз қарастырып отырған «Оғыз-намеде» да Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Бұл мотив екі туындыда ұқсас сарында баяндалады [5]. Осы аңыздың қазақ, монғол арасында тараған нұсқаларын салыстырып зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бір арнаға саяды. Олар кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві түркі тектес және монғол халықтарының фольклорына тән сарын екендігін дәлелдеп көрсетеді. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Бұл мотив халқымыздың ежелгі таным-түсінігінің негізінде қалыптасқан түркі, монғол тайпаларының таралуы туралы шежірелерде және жыр аңыздарда, соның ішінде Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның, Манас жөніндегі шығармаларда ұшырасады. Осы қаһармандар туралы шығармалардың нұсқаларын Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың шежірелерінен, Г.Н.Потанин жинақтарынан кездестірсек, оларды зерттеуге Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов т.б. ғалымдар зор үлес қосты.

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздарда немесе ру тайпалардың шығу тегі туралы шежірелерде қаһармандардың ерекше жаратылуына үлкен мән беріледі. Бұл жерде ол алғашқы ру-тайпаларды

жаратушы ілкі бабалардың, атышулы әулие-перілердің, жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын баяндайтын мифтер циклін құрайды. Әрбір халық өздері табынатын объектілерді уағыздау мақсатында осындай мазмұндағы аңыздарды таратқан. Оның халыққа әсерлі болуы үшін қаһармандарды ерекше жаратылысын суреттеу тәсілі қолданылады.

**Қорытынды.** Батырлар жырында қаһарманның ерекше бітімі, күдіреттілігі аңыз кейіпкеріне қарағанда басқаша түсіндіріледі. Қаһарман тайпалық тотем мен аталар аруағының ғажайып түрде желеп-жебеуінің нәтижесінде туылған болады. Батырлар жырында ғажайып туу мотивтері кейіпкердің кереметтігін дәріптейтін көркем тәсілге айналған. Кейінірек бұл мотив батырлардың, ру-тайпа көсемдерінің ерекше жаратылысын бейнелеуге, яғни, басқа қарапайым адамдардан дәрежесін көтеру мақсатына қызмет еткен.

Мәселен, жоғарыда сөз болған Оғыз қаған, Шыңғыс хан, Қорқыт т.б. кейіпкерлердің барлығы да түркілердің мифологиялық дүниетанымына сәйкес суреттеледі. Осы келтірілген материалдардың зерттелу нәтижесіне қарап, ғажайып туу мотивтері дами келе эпикалық туындылардың экспозициясын құрайтын негізгі бөлшектердің қызметін атқарғандығын көреміз. Мұндай мотивтің ертедегі алғашқы адамдардың пайда болуы туралы антропологиялық мифтерге негіз болып, өз алдына дербес жанр ретінде таралғандығын фольклортанушы ғалымдар анықтаған.

Қорыта айтқанда, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінде күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ол – тек түркі халықтарында ғана айтылмайды, көптеген халықтарға тән құбылыс. Текті нұрдан жаратылған етіп көрсету ежелдегі адамдар үшін өте маңызды болған.

#### Әдебиеттер

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
2. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л.: 1940. – 646 с.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – М.: Наука, 1976. – 325 с.
4. Қасқабасов.С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. –584 б.
5. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. –Алматы: Ғылым, 1988. – 448 б.

**С.Р. БОРАНБАЕВ**

*филология ғылымдарының докторы, доцент*

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

**М.О. ШИНТАЕВА**

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің*

*магистранты*

## **ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

Қазіргі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің де ғасырлар бойы тарихи қалыптасу және даму процесін басынан өткеріп, ортақ белгілерін сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерін де қалыптастыруын айқындауда түркі жазба ескерткіштерінің орны ерекше. Халқымыздың рухани байлығын бойына жинақтаған тіліміздің тарихи қалыптасуында ежелгі дәуір мұралары мен өзге де туыстас түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зертемейінше өзекті ғылыми мәселелердің басын ашу оңай емес. Осы тұрғыдан алғанда орта түркі жазба ескерткіштері, оның ішінде түркологияда қыпшақ тілі ескерткіштері аталып жүрген «Codex Cumanicus» (XIII-XIV ғғ.) және Мысыр мәмлүктері тілінде (XIV-XV ғғ.) жазылған қыпшақ ескерткіштері қазақ тілі тарихының да қайнар көзі болып табылады.

Қазақ тілінің тарихи дереккөз мұралары қатарында бұл ескерткіштердің тілімен салыстырмалы зерттеу жұмысын жүргізу қажеттігіне кезінде С.Е. Малов назар аударған болатын. Ол 1941 жазылған «К истории казахского языка» деген мақаласында қазақ тілінің тарихы үшін половец немесе куман тіліндегі «Codex Cumanicus» (XIII- XIV ғғ.) жазба ескерткішімен қатар қазақ тілімен жақын байланысы бар деп орыс жылнамалары мен венгр хроникаларында және Венриядан табылған алтын ыдыстардағы түркі руна жазуында жеткен печенег тілін де көрсетеді [1, 97-98 бб.]. Нақты жазылған мерзімдері белгілі куман немесе половец, сондай-ақ печенег тілдерінде тіл арты *g* (г) и *γ* (ғ) дыбыстарының сөздің ортасы мен соңында қолданылмауы өте ертеде болған процесс екендігіне мынандай мысалдар келтіреді: өзге түркі тілдеріндегі *tau* сөзінің орнына *tai* (тау), *beg* сөзінің орнына *bei*

(бастық, старшина), *saryu* сөзінің орнына *sary* (сары) т.б. [1, 98 б.]. Одан әрі бұл құбылыстың: «Эта крупная фонетическая особенность – исчезновение *g* и *γ* и появление вместо них или долготы, или полугласного звука – является характерной чертой у так называемых западных или северо-западных тюркских языков, куда входит и казахский язык» [1, 98 б.], деп маңыздылығын көрсетеді. «Codex Sumanicus» жазба ескерткішінің қазақ тілінің тарихы үшін баға жетпес мұра екенін айта отырып: «Он написан где-то на юге России в русских степях в монастыре св. Иоанна, и язык, описанный здесь, через Дон, Волгу и Урал соприкасался и был весьма близок языку степняков, кочевавших где-то восточнее половцев, частично в современном Казахстане, частично несколько севернее, т.е. этот язык степняков юга России был в некоторых отношениях похож на язык, который мы имеем теперь у казахов», – ойын түйіндейді [1, 98 б.].

Қазақ тілінің тарихы үшін пайдалы және құнды деректерді XIII-XV ғасырларда Мысырда араб тілінде жазылған қыпшақ тілінің грамматикаларынан мольнан табуға болады. С.Е. Малов бұл ескерткіштерде *č* дыбысының *š* дыбысына өтуі мен алмасуларын қазан татарлары тілімен салыстырғанда қазақ тіліне тән екендігін көрсете отырып, оның себебін былайша түсіндіреді: «В этих грамматиках языка кыпчаков, т.е. того народа, который жил в Дэшт-и Кыпчак, в Кыпчакской степи, которая отчасти входит в современный Казахстан, мы, например, имеем в грамматике 1245 г. зафиксированными уже много черт, свойственных казахскому языку; например, о чередовании кыпчакского *č* в некоторых диалектах Кыпчакии с *š*, что как раз характеризует казахский язык. Например, *čeri* и *šeri* (войско) из старого *čerig*, *baqyršy* и *baqyrčy* (медник) и т.п.

Более подобных фактов собрано в другой анонимной грамматике кыпчакского языка (на арабском языке), изданной в Стамбуле в 1928 г. Килисли Муаллимом Рифатом с предисловием (на турецком языке) Фуада Кёпрюлю. Здесь, от XV в., мы имеем, например, чередование *č* и *š*: *uš* (летать) и *uč*, *käš* (переходить в брод) *käč*, *šyq* (выходить) и *čyq*, *aš* (открывать) и *ač*, *ayāš* (дерево) и *ayāč*, *balšyq* (грязь) и *balčyq*, *aqša* (деньги) и *aqča* и тому под.

Все эти факты связывают казахский язык с языком степняков юга и востока России X-XV вв.» [1, 97 б.]. С.Е. Малов көрсеткен бұл құнды ескерткіштердің қатарына армян әрпімен жазылған қыпшақ ескерткіштерін қоса отырып, олардың қазіргі түркі тілдерінің тарихындағы алатын орнына тоқталған Э.Р. Тенишев қазіргі қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихы үшін де аталған ескерткіштердің маңыздылығын атап көрсетеді [2].

Қазіргі біртұтас қазақ халқын құраған ру-тайпалар тілінің орта түркі жазба ескерткіштерінде белгілі дәрежеде көрініс табуын олардың сол жағрапиялық аймақтарда мекендеуімен байланыстырып, осыдан 80 жыл бұрын айтқан С.Е. Маловтың пікірі орта ғасыр жазба ескерткіштерінің үлкен маманы профессор Э.Н. Наджиттің еңбектерінде [3, 60-61 бб.], [4, 64-65 бб.], Н.Т. Сауранбаевтың мақаласы [5] мен Ә. Құрышжановтың зерттеулерінде [еңбектерінің толық библиографиясы: 6, 420-447 бб.] жалғасын тапты.

Мысыр мәмлүктері тіліндегі ескерткіштердің Қазақстанда жариялануына келсек, жекелеген ескерткіштердің тілдік ерекшеліктері арнайы зерттеу нысандары болғанымен [7; 8; 9], ескерткіштің мәтініне ғылыми талдау жасап, түпнұсқа көшірмесімен жариялаған еңбектерден Дүйсен Сержан, Яван Кенанның [10], С.Р. Боранбаевтың [11], сондай-ақ А.Н. Гаркавецтің ескерткіштің түрлі-түсті факсимилесі мен транскрипциясын, сөздігімен қоса жариялаған еңбектерін [12] ғана айта аламыз. Сондықтан Мысыр мәмлүктері жазба ескерткіштерін дереккөз ретінде пайдаланғанда шетел, оның ішінде түрік ғалымдарының еңбектерін негізге алдық.

«Codex Cumanicus» ескерткіші 1826 жылы Г.-Ю. Клапрот [13] француз тілінде жариялағаннан бастап, латын тілінде Г. Куун [14], неміс тілінде В.В. Радлов [15] К. Гренбек [16; 17], француз тілінде В. Дримба [18], түрік тілінде Мустафа Аргуншаһ пен Галип Гүнер [19], орыс тілінде ескерткіштің толық мәтінінің жолма-жол транслитерациясы мен транскрипциясын, жоғары сапалы факсимилесін сөзбе-сөз аудармасымен, соңында латын, парсы, куман және немісше-орысша сөздігімен қоса 4 кітап етіп А.Н. Гаркавец [20] жариялады. Гаркавец А.Н. 2019 жылы еңбектің екінші басылымын үлкен бір томға біріктіріп шығарды [21]. Қазақ ССР Ғылым

академиясының Тіл білімі институты 1978 жылы ескерткіш тілінің жиілік сөздігін шығарған болатын [22].

Халықтың тарихи даму барысында қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінде өзгерістер орын алып, өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде күнделікті өмірде өзгерістерге әкеледі. Бұл өзгерістердің барлығы тілде, ең алдымен оның сөздік қорында көрініс табады.

Қыпшақ тілінің тұрмыстық лексикасын зерттеу лексикалық-семантикалық ерекшеліктерді, лексиканың осы категориясының қызмет ету сипатын анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қыпшақ тілдес халықтардың материалдық мәдениетімен таныстырады. Бұл тақырыптық топтың лексикалық бірліктері халықтың төл өмірінің кез келген саласындағы болмашы ауытқуларға анық жауап береді. Қыпшақ тілінің сөздік құрамына қоршаған орта жағдайларының, рухани өмірдің, күнделікті өмірдің және басқа факторлардың өзгерістері әсер етеді.

Мақалада қыпшақ жазба ескерткіштерінде сақталған тұрмыстық лексиканың киім-кешекке қатысты тобына қысқаша тоқталамыз.

Жалпы киімге, оның кейбір құрамдас бөлшектеріне қатысты атаулардан ескерткіштерде төмендегі сөздер кездеседі:

*börk* СС «шапка», «бөрік»; осы мағынада *börk* атауы GT, İM, TZ ескерткіштерінде көрініс тапқан.

*çalma* СС «чалма», «шалма»; *çalma* MG.

*kepäs* СС «хлопчатая шапка», «кепеш».

*ičik* СС «шубейка», «ішік».

*iç ton* «подштаники», «ыштан, іш киім» TA, Kİ, TZ.

*kiyim* TA-да: туркм. «одежда», “взято из персидского” (!) – а. «платье, одежда» де берген.

*čäkmän / čekmen* СС «сукно, шерстяная ткань», «жүн мата»; *čekmän* TA «кафтан», «шекпен»; «платье, одежда», «көйлек, киім».

*keyit* «одежда, наряд, облачение», «киім, киіт» СС: Oyluj saa keyirdirdi türlü-türlü keyitlerni «Твой сын одел тебя всевозможные облачения/ Сын твой на тебя надел разные одежды». «Ұлың саған түрлі-түрлі киімдерді кидірді».

*opraq* СС «одежда, платье, халат; подкладка», «киім, көйлек, халат; астар»; *apraq* TZ, *yupraq* İH.



*kövlek* СС «рубашка, сорочка», «жейде», *könläk* «рубашка» ТА; *könlek* GT, İM, TA, TZ, *kömlek* KK, DM, TZ, ТА-да *könlek* [ كُنْغَلَك ] тюрк.-монг. сорочка, рубашка – п. *bırhan* [ بېرھان = بېراھان ] рубашка, рубаха, сорочка (66г2-3). Рубашка – *könläk*. Штаны – *könçäk*, ещё говорят *im* «шаровары», ещё говорят *iç ton*, то есть «подштаники» деп берілген.

*könçäk / könček* СС «поножы, штаны, порты», «ыштан, шалбар»; *könçek* İM, TA, KK, DM, TZ → *könçük* İM, *kürinçük* TA, *göncük* İN. Тіліміздегі көйлек-көншек деген қос сөздің мағынасы сонда «көйлек-шалбар» дегенді білдіреді.

*ton* «одежда (верхняя)», «тон, сырт киім»; *ton vel opraq* «одежда и белье» СС; *ton* GT, MG, İM, TA, KK, İN, TZ «сырт киім, киім, көйлек»; *teri ton* «тулуп, шуба; меховое пальто», «тері тон, сеңсең тон» СС.

*tütmä / tüymä* «узел, завязка, пуговица», «түйін, түйме» (СС): *Tüymä tüydim, tütkängä/tütgängä saldim. Ol us dir.* «Пуговку я смастерила / Узелок я завязала, к веретену прицепила». Это ум (запоминание, память), «Түйме түйдім, ұршыққа салдым». Ол ақыл. *Tügme, түymele-* KĠ, VM → *tügmele-* *tüyme* TZ → *tügme. түymele-* TZ → *tügmele-* *tügme* MG, İM, TA, *dügme* TZ, *tüyme* TZ.

*уеҥ* «рукав», «жең» СС, *уеҥ* GT, İM, TA, DM, TZ, *уиҥ* MG, İM, İN.

*qur* «пояс», «белбеу»; *qur vel belbaу* «пояс или поясная повязка», «белдік немесе белбеу»; *altun qur* «золотой пояс», «алтын белбеу» СС, *қур* İM, TA. Қазақ тілінде құр – Киіз үйдің керегелері мен уықтарын және үзіктің ішкі жағын т.б. байлайтын ені 2-3 елідей, тоқып немесе есіп жасалған жалпақтау бау. Құр белбеу – құр тәрізді етіп жіптен тоқыған жұмсақ сәнді белбеу (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 том. Алматы: Арыс, 2014. – 365 бет.)

*belbaу* «пояс, поясная повязка, кушак, поясной ремень»; *bel bağı* İN, *bél bağı* TA: *bel bağı* «поясная повязка, пояс, кушак», «белбеу, белдік, мата белбеу»; *қушақ, қур, bel bağı* «пояс, кушак, то есть – завязка талии», «белбеу, құр белбеу» ТА.

*хайіш* «ремень», «қайыс белдік» (СС): *Yazda yavli хайіш yatir. Ol yılan-dir.* «На лугу жирный ремень лежит» Это змея. «Жазықта майлы қайыс (белдік) жатыр». Ол жылан. *қайыс* BV, DM, Kİ, KK, MG, TZ.

*kämär* СС перс. «ремень, пос, кушак», «кемер белбеу»; *hikmet kemerin belinden şeş- GT.*

*çaruq* İH «шарық, аяқ киім»

*başmaq* «башмақ», «кебіс» СС, *başmaq* GT, ТА, КК, TZ.

*çulıyav* «портянка, обмотка», «шұлғау» СС, *çulgu* (TZ).

*etik* СС «сапог; сапоги», «етік»: *etik başı* «носок сапога», *etik key-* «надень/обуй сапоги», *etik keydüm* «я надел/обул сапоги», *etik keyärmen* «надеваб/обуваю сапоги». *Beş başlı elçi keliyr* «Посол о пяти головах идет» *Ol, etikden beş barmaq bayar* «Это пять пальцев ноги торчат из сапога», Бес басты елші келер. Ол етіктен бес бармақ көрінгені. *etük* İM, ТА, *etik* КК, *itik* TZ, *üdiik* MS.

Келтірілген мысалдардан бір сөздің барлық ескерткіште кездесе бермейтіні, кей сөздердің мағыналары бірдей болғанымен дыбысталуларында өзгерістер бары байқалады. Мұның бір себебі ескерткіштердің мазұнына, мақсатына, көлеміне байланысты болса керек. Сондықтан жазба мұралардағы кәсіби, тұрмыстық лексикаларды салыстырмалы тұрғыдан жан-жақты зерттеу тіл тарихын, сонымен қатар халықтың этногенезін зерттеуге мол материал береді. Сонымен қатар, ол қазақ әдеби тілінің терминологиялық жүйесін байыту көздерінің бірі бола алады.

Сонымен бірге олардың көпшілігінде көне түркі лексикалық бірліктері сақталған. Мұндай сөздерді анықтап, зерттеу салыстырмалы-тарихи лексикологияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылатын түркі тілдерінің сөздік құрамының мағыналық дамуы үшін құнды материал береді.

#### Дереккөздер

- BM – *Kitâbü Bülgatü’l Müştak fi Lügati’t Türk ve’l Kıfçak*, A. Zajczkowski. 1954. Warszawa.
- CC – Codex-Cumanicus Гаркавец А.Н.
- KK – *El Kavâninü’l- Külliye Li-Zabt’l Lügati’t-Türkiyye*. Recep Toparlı, M. Sadi Çögenli, Nevzat H. Yanık. 1999. Ankara.
- DM – *Ed-Dürretü’l -Mudîa fi’l-Lügati’t Türkiyye*. Recep Toparlı, 2003, Ankara
- TZ – *Et-Tuhfetü’z- Zekiyye fi’l Lügati’t- Türkiye*.
- GT – *Kitâb Gülistan bi’t Türkî*, Ali Fehmi Karamanlioğlu, 1989, Ankara.
- İH – *El-İdrâk Haşiyesi*, Velet İzbudak, 1936, İstanbul
- İM – *İrşadü’l- Mülûk ve’s- Selâtîn*, Recep Toparlı, 1992, Ankara.
- İN – *Kitâb fi İlmî’n-Nüşşâb*, H. İbrahim Delice, 2003, İstanbul.

RH- Kitâb fi Riyâzâtü'l-Hayl, Can Özgür, 2002, İstanbul.

Kİ – Kitâbü'l-İdrâk li Lisâni'l Etrâk, Ahmet Caferoğlu, 1931, İstanbul

MS – Kitâb-ı Mukaddime-i Ebû'l –Leysi's Semerkandî, Recep Toparlı, 1987, Erzurum.

MG – Münyetü'l-Guzât, Mustafa Uğurlu, 1987, Ankara.

ТА – Гаркавец А.Н. Книга-и Маджму'-и Тарджуман-и Турки ва 'Аджамии ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О.О. Туякбаева. – Алматы: Баур, 2019. – 600 стр., в т. ч. 192 илл.

### Әдебиеттер

1. Малов С.Е. К истории казахского языка // Известия Академии наук Союза ССР. Отделение литературы и языка. 1941, №3. Стр. 97-101.

2. Тенишев Э.Р. Место кыпчакского (половецкого, куманского) и геченежского языков среди современных тюркских языков // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественная. – Алма-Ата, 1970. – № 5. – С. 78-81.

3. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века на материале «Хосров и Ширин» Кутба. Кн. 1. – М.: Главная редакция Восточной литературы, 1979. – 480 стр.

4. Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан: Типография «Туран» при МКТУ, 2004. – 291 стр.

5. Сауранбаев Н.Т. Некоторые черты древнекипчакского языка // Вестник АН КазССР, 1948, №12. С.11-187

6. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – 472 бет.

7. Курышжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в – «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 234 стр.

8. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері: Көмекші оқу құралы. – Астана: Ер-Дәулет, 2006. – 240 бет.

9. Садықбеков Қ.А. Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі (Әбу Ләйс әс-Самарканди XV ғ.) Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, 2010. – 160 бет.

10. Дүйсен Сержан, Яван Кенан. «Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы» жазба ескерткішіні (XIII-XV ғ.). – Монография: графика, орфография, синтаксис, сөздік, мәтін факсимилесі. – Түркістан, 2004. – 316 бет.

11. Боранбаев С.Р. «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» жазба ескерткішінің тілі (XIII-XIV ғ.). – Монография: фонетика, морфология, лексика, сөздік, мәтін факсимилесі. – Шымкент: ОҚМУ баспаханасы, 2005. – 179 бет.

12. Гаркавец А.Н. Книга-и Маджму'-и Тарджуман-и Турки ва 'Аджамии ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и

по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О.О. Туякбаева. – Алматы: Баур, 2019. – 600 стр., в т. ч. 192 илл.

13. Klaproth J. Vocabulaire latin, persan et coman de la bibliothèque de Francesco Petrarca // Mémoires relatifs à l'Asie, contenant des recherches historiques et philologiques sur les peuples de l'Orient, – Paris, 1828.– Т. 3. – P. 122-254.

14. Kuun G. Codex Cumanicus: Bibliothecae ad Templum Divi Marci Venetiarum. – Budapestini, 1880.

15. Radloff W. Das türkische Sprachmaterial des Codex Cumanicus.– SPb., 1887.

16. Grønbech K. Codex Cumanicus: Cod. Marc. Lat. DXLIX in Faksimile herausgegeben, mit Einleitung von K. Grønbech, Monumenta linguarum Asiae Maioris-I, Kopenhagen, 1936.

17. Grønbech K. Komanisches Wörterbuch, Türkischer wortindex zu Codex Cumanicus, Einar Munksgaard, Kopenhagen, 1942.

18. Codex Cumanicus. Édition diplomatique avec fac-similés, Editura Enciklopedică, Bucarest, 2000.

19. Argunşah M., Güner G. Codex Cumanicus, İstanbul: Kesit yayınları, 2015. – 1079 s.

20. Гаркавец А.Н. Codex Cumanicus. I. Половецкие молитвы, гимны и загадки XIII-XIV веков. -Алматы: Баур, 2015. – 106 стр.; Codex Cumanicus. II. Факсимиле и построчная транслитерация. -Алматы: Баур, 2015. – 330 стр., в т.ч. 166 стр. факсимиле; Codex Cumanicus. III. Транскрипция и пословный перевод. -Алматы: Баур, 2015. – 316 стр.; Codex Cumanicus. IV. Латинский, персидский, куманский и немецкий словари и вкрапления из других языков. -Алматы: Баур, 2015. – 596 стр.

21. Гаркавец А.Н. Codex Cumanicus: Второе полное издание. I. Введение. Половецкие молитвы, гимны, проповеди и загадки. II. Факсимиле и построчная транслитерация. III. Транскрипция и пословный перевод. IV. Латинский, персидский, куманский и немецкий словари и вкрапления из других языков. – Алматы: Алматы-Болашак, 2019. – 1360 стр., в т. ч. 168 стр. факсимиле.

22. Құрышжанов Ә., Жұбанов А., Белботаев А. Кумаша-қазақша жілік сөздік. – Алматы: Ғылым, 1978. -278 б.

## **ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАЗЫНАМЫЗДЫҢ ҚОРМАЛЫ**

**Андатпа:** Мақалада автор қазақ тарихын, әдеби жазба мұрасын, фольклорын, этнографиясын кең қамтып, нақты ғылыми тұжырымдармен негіздеп, көне жәдігерлерімізді жаңғыртып халқына тарту еткен танымал ғалым, көсемсөзші – публицист, шалқыма әңгімелері мен тамыры терең тарихи тақырыптарға қалам тартқан суреткер жазушы З.Сәнік мұрасының ұлттық әдебиеттану, фольклортану ғылымына, көркем әдебиетке қосқан қомақты үлесіне, мән-маңызына жан-жақты тоқталады.

Ұлттық тарихымызды, фольклорымыз бен этнографиямызды зерттеуде алаш зиялылары қолға алған ізгілікті ісімізге қызыл көз балшөбектік-жаулық көзқарастың қысымы, пролеткультик идеологияның кесапаты, таптық сананың қиянаты салдарынан рухани қормал мол мұрамыз шетқақпай көріп, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, М.Әуезовтердің еңбектері тәркіленіп, тыйым салынғаны тарихи ақиқат. Зейнолла Сәнік өзі жазғанындай, ата қоныстан ажырап, кемтар жанның күйін кешкен ағайынның да қытайдың қыл бұрауынан үні шықпай, ән-күй мұралары мансұқталып, тілі теперішке түсіп, салт-дәстүрінен көз жазып, әдеби, фольклорлық, этнографиялық рухани құндылықтары құнсызданып, қайғы жұтқаны да шырылдаған шындық. Тәуелсіздігімізді алысымен соңғы көштен бағзы жұртта қалған қандас бауырларымыз да туған жерінен қалың елі қазағының ортасына көш бетін түзеп, ат басын бұрған текті атаның ұрпақтарын бастап келген ардақты ақсақал, қазыналы қария – Зейнолла Сәнік тыйым мен тежеуден, құрсау мен бұғаудан тайсалмай жоғалтқанымызды түгендеуге, өткенімізді өшірмеуге, асыл мұраларымызды ұрпаққа аманаттауға бел байлаған алаш азаматы еді. С.Қирабаев: «Қазақ халқының рухани мұрасы тек бүгінгі Қазақстан жеріндегі ұлт өкілдері еңбектерімен шектелмейді. Тағдырдың тәлкегімен шет елдерге және бұрынғы КСРО көлеміндегі мемлекеттерге ыдырап кеткен қазақтардың әдебиеті мен мәдениеті де ұлттық байлығымыздың бөлінбес бөлігі» [1,17] – дейді. Зейнолла ағамыздың сан салалы, жан-жақты жиған-тергені, өсиет–нақылдары мен

зерттеулері, шалқу әңгімелері, том-том тарихи романдары жүлге-жылғадан келіп қазақтың мол рухани мұрасының арнасына құяды.

Қазақ тарихын, әдеби жазба мұрасын, фольклорын, этнографиясын кең қамтып, нақты ғылыми тұжырымдармен негіздеп, көмескі тарта бастаған көне жәдігерлерімізді күмістей жарқыратып жаңғыртып болашаққа тарту еткен ғалым, көркем жазып, көсем сөйлеген публицист, шалқу әңгімелері мен тамыры терең тарихи тақырыптарға қалам тартқан суреткер жазушы З.Сәнік ағамыздың мол мұрасын зерттеу, ғылыми айналымға түсіруде істелініп жатқан игілікті бастамаларды қолдау, қолға алу абыройлы парыз.

Мағжан ақынның «...талайлар ұмытылып қалды деп қанша өкінгенмен, әлде болса да ауызда аман қалған әдебиетіміз талай елдердің ауыз әдебиетінен бай. Әлі де болса ауыз әдебиетіміз, бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық. Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Негізі берік өз еліміздің әдебиеті боламын десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті», — деген пікірі [2,75] де З.Сәнік жинаған ауыз әдебиеті үлгілеріне қатысты айтылғандай.

Қазақ этнографиясы мен тарихына, фольклорына қатысты әдеби мұраларды ұқыптылықпен зер сала отырып жинау, реттеу, зерттеуді ерте бастан мықтап қолға алған Зейнолла Сәнік ағаның ұлттық асыл рухани мұраларды «Төрт көнеге» жатқызады. «Фольклортану – көп түрлі ғылымның көмбесі тәрізді кең мазмұнды ғылым», – деген түйін жасап, этнография ғылымын мазмұнына қарай екі үлкен салаға бөліп, біріншісін – заттық мәдениет, екіншісін – рухани мәдениет ретінде А.Байтұрсынов пайымымен ұштастыра қарастыруды ұсынады. Этнографиялық зерттеулерінде халықтың демографиялық ахуалын, ата-тек шежіресін, ұран, таңбасын, мал бағу, егіншілік, балықшылық, орманшылық шаруашылығын, бау-бақша өсіру сауда кәсібімен айналысу, аңшылық, саятшылық атбегілік, құсбегілік өнерін, ауыл, дала, жайлым-өріс этнонимін, тұрғын үй жабдықтарын, ас-тағамдарының түрін, дайындау технологиясын, ұлттық киім үлгісін, батыр-лардың сауыт-жарақтарын, ұлттық колөнер: зергерлік, ағашшылық өнер, ою-өрнектер, ат әбзелдері т.б. шып-шырғасын шығармай тиянақтап жазып шыққан. Сонымен

қатар, ұлттық ойындарды: көңіл ашу ойындары, спорттық ойындар, балалар ойындары деп те жіктейді.

Қазақтың көне жазбаларындағы қазақ шежіресін жинаушы шежіреші З.Сәнік қазақ этнографиясының арғы-бергі зерттелу тарихына шолу жасап, ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, ұлттық салт, ғұрыптардың мәйегін халық ішінен жинастырып, өз өмір тәжірибесі мен байламдарын ғалымдық қабілет – қасиетпен ғылыми тұжырымдар жасайды.

Қазақ этнографиясы жөнінде бұған дейін де отандық ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Құрбанғали Халидұлы, Әбубәкір Диваев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, С.Мұқанов, Ж.Бабалақов, Ақселеу Сейдімбек сияқты қазақтың ғалымдары жазған еңбектер қатарында қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Зейнолла Сәніктің де мол мұрасы толықтырып тұр.

Фольклортанушы Зейнолла Сәнік ұлт азаттығы үшін күрескен ерлердің көтерілісіне байланысты туған «Қабанбай батыр», «Демежан батыр», «Башпай» қатарлы тарихи жырларды жинап, бастыру ісіне зор еңбек етті. Бұрын ғылыми айналымға түспеген бұл жырларды алғаш рет зерттеу нысанына айналдырды. Зейнолла Сәнік «Қабанбай батыр» (*Шыңжаң халық баспасы, 1986 жыл, Үрімжі*), «Қаракерей Қабанбай» (*«Жазушы» баспасы, 1991 жыл, Алматы*), «Хан батыр Қабанбай» (*Ұлттар баспасы, 2000 жыл*) «Қаракерей Қабанбай», «Тұғырыл хан», «Демежан батыр», «Халық күйшісі Қайрақбай», «Баспай» тәрізді тарихи тақырыптағы шығармалар да жазды. Қаламгердің бұл еңбектерінің көбісінде қаһарман қолбасшы, хан батыры атанған Қабанбай (Ерасыл) Қожағұлұлы жайлы түрлі аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар сөз болады. Қабанбай батыр туралы тарихи жырларды жинап, тарихи жырлардың туып, қалыптасуы турасында өз көзқарасын ұсынады.

«Қабанбай батыр» жайлы қисса, жыр-дастандардың ХХ ғасырдың бас кездерінен бастап С. Сейфуллин, М.Әуезов, С. Мұқанов, С. Аманжолов, Ә.Марғұлан, Е.Ысмаилов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхаметханов, Б.Абылқасымов, Н.Смирнова сияқты ғалымдар еңбектерінде сөз болғандығынан хабардар ете отырып, Қабанбай батыр жайында айтылатын жыр нұсқаларының жиналуы мен зерттелуі туралы мәліметтерді, батыр жайындағы барлық аңыздар мен жырларды қатар алып қарап, олардың тарихи шындыққа

жанасатын тұстарын салыстырады, шайқастар өткен жер-су мен кісі, ру, ұлт, елді мекеннің аттары дәл өз күйінде сақталғанын жырдың тарихилығы деп танып, жалпы батырлар мен шешендер, ақындар туралы тың тарихи деректерді молынан қамтиды.

М.О.Әуезовтың: «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары – көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды» [3, 75-б.] – деген тұжырымы Зейнолла Сәнік жинаған жырлардың сюжеттік желілері мен идеялық-тақырыптық бірлігінен анық байқалады.

Қаракерей Қабанбайдың тікелей ұрпағы З.Сәніктің батырдың өмірі мен шежіресін, ерлік істерін, батыр туралы қисса жырдастандарды зерттеуі, тарихи роман-эссе жазуы – ата-бабалар рухы алдындағы перзенттік парызы. Кеңестік идеология күзетшілері 40 жылдары жазылған «Қазақ әдебиетінің тарихы» көп томдығына «Қабанбай мен Бөгенбайды тарихқа кіргізіп дәріптеу керек емес», - деп алдырып тастаған-ды. Батыр бабасының мұрасын зерттеуге зор күш-жігерін арнаған Зейнолла Мүбәрақұлының Қабанбайтанудың негізін қалауы да заңдылық.

Қазақ этнографиясы мен тарихына, фольклорына қатысты әдеби мұраларды ұқыптылықпен зер сала отырып жинау, реттеу, зерттеуді ерте бастан мықтап қолға алған Зейнолла аға ұлттық асыл рухани мұраларды «Төрт көнеге» жатқызады. Шыңжаңдағы қазақтардың фольклоры мен этнографиясын, бірнеше тарихи жырларының ерекшеліктерін ашып, оларға түрік тектес халықтардың жырларымен тарихи-типологиялық салыстыру жасады, ортақ сипаттары мен өзгешеліктерін айқындады.

«Белгілі бір дәуірдің нақты тарихи мән-мазмұнын, оның қайталанбас келбеті мен ерекше бейнесін көркемдік әдіспен игеретін ауызша және жазбаша әдебиеттің тарихилық» мәселесі осы қасиеті арқылы өзіне ерекше назар аударуды талап ететіні хақ. Сонымен, фольклорды және оның туындыларын көріктендіруші негізгі көз – тарихтың ауыз әдебиетіндегі бет-бейнесін тарих ғылымымен және оның саласы этнографиямен байланысты қарастыру З.Сәніктің ғылыми зерттеулерінің басты нысаны.



Сондықтан, осы тарихи жырлар мен фольклорлық-этнографиялық мұраларды тиянақтап жинап, зерттеген ғалым еңбегінің фольклорлық-этнографиялық сипаты мен маңызын зерттеу ұлт руханиятының тарихы үшін өзекті мәселе.

3.Сәніктің ғұрыптық фольклорды зерттеуде бұрын көп уақыт назардан тыс қалып келген қазақ фольклорының архаикалық жанрларын, әсіресе көне наным-сеніммен байланысты ғұрыптық фольклорды ден қоя зерттеді. Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге тартады. Шамандық наным – сенімнің ерте дәуірінде қаскөй күштерді қуып тұру рәсімінен там-тұмдап жеткен бәдік, арбау, бақсы сарыны сол ескі ғұрыптық фольклордың жұрнақтары болса, сол жұқана жұрнақтарды жинап-жасқап, жүйелеп, ғылыми сараптап, ізденген еңбегін, сарабал пікір, пайымдаған парасаттылығын көреміз. «Бақсылар да ақын, жырау, сал-серілер сияқты фольклор жасаушылардың байырғы өкілдерінен саналады. Бақсы сарындары да өзге жанрлар секілді нақты поэтикалық заңдылықтарға бағынады, сол заңдылықтар негізінде өмір сүреді. Бірақ бақсының аталған тұлғалардан алабөтен айырмашылығы бар. Оның негізгі міндеті көркем шығармашылықпен айналысу емес, белгілі-бір дүниетанымға негізделген діни культті атқару болып табылады», [4, 75] – деп жазады.

3.Сәнік қазақтың дәстүрлі айтыс өнерінің айбынын асырған суырыпсалма айтыскер, «аққуға аспандағы әнін қосқан» әнші, сазгер Әсет мұрасын зерттеуге де мол үлес қосты. «Әсет қызық пен қасірет тең алмасқан қысқа ғұмырында айтыстың туын тігіп, тартыс мінбесінің төріне шығарды. Жүрген жері думан мен сөз сайысы болды. Қазақ айтыстарына қосылған жана арна «жұмбақ айтыстың» мазмұнын байытты», ...«Халықтық дастан – қиссаларды жаттап таратушы Әсет Сарыарқаның сазды даласында, майлы Жайырдің мамыражай өлкелерінде, Тоқта-Барлықтың тауларында, Бұраталаның бөктерлерінде, Сауырдың саласында, Іленің көрікті мекендерінде жүргенде, өз туындыларын ғана орындап қоймай, халық жыр, дастанда-рын жатқа айтып таратушы болып та көзге түседі» [5, 232] деп бағалады.

Зейнолла Сәніктің күйші әрі ел билеуші Қайрақбай Шәлекенұлының күйлері жайлы зерттеулері де қазақ мәдениетіне қосылған құнды мәліметтер. Қайрақбай 1854 жылы 26 жасында Орта жүз

елінің Төбе биі болып сайланады. Қайрақбай Шәлекенұлы – Семей сиезі, Қарқаралы сиезі, Ойжайлау сиезі қатарлы қазақ даласына тегіс мәлім сияздарда Алтай, Арқа, Тарбағатай арасын тегіс шарлап, алты алаштың атқа мінген игі жақсы-ларымен қатар жүрген айтулы тұлға.

1980 жылдардың басында Іле облыстық мәдениет мекемесінің мәдени мұраларды зерттеу кеңсесінен Баяқын Әлімбекұлы мен Дәулет Халықұлы арнайы Тарбағатай аймағына келіп, сол кезде көзі тірі қариялардан, Қайрекеннің әулеттерінен сол ердің өмірі мен шығармалары жөнінде мол дерек жинақтайды. Арғы дүниеден мол хабары бар Ілияс Сүлейменұлы (1902-1989), Әнуар Қоңқақұлы (1924-1988) сияқты шежіреші қарттардан ауызекі деректер алып, олардың лебізін үн таспаға түсіріп жариялаған. Әйгілі сазгер, күйші Қайрақбайдың өз өмірінде 140-тан артық күй шығарғаны, оның 40-тан астамының аты аталып, түсі түстелгені анықталған. Сол негізде 1985 жылы шыққан «Күй қайнары» атты кітапта Шинжаңда өткен төрт үлкен күйшінің өмірі мен еңбектерін жариялап, **«Қоңыр күйлер» шоғыры** тобына Қайрақбайдың «Майдақоңыр», «Молқоңыр», «Мұңлы қоңыр», «Телқоңыр», «Желқоңыр», «Қоңыр қаз», т.б. күйлерін жатқызады. Қытайдағы үш аймақтың күйі үш үлкен күйшіден: Алтайда – Бейсенбі Дөненбайұлынан, Тарбағатайда – Қайрақбай Шәлекеұлынан, Іледе Қожеке Назарұлынан бастау алатынын, аталған күйшілер әр өңірде өмір сүргендіктен, олардың күйлерінде біршама өзгешеліктер барын, олардың – Қытай қазақтарының күйшілік мектебін қалыптастырушылар екендігін де орынды бағалайды.

Академик Сейіт Қасқабасов бір сөзінде «Тау сілеміндей мол мұра фольклор, ауыз әдебиеті, жыр-аңыздар, ел әңгімелері, көркем проза, этнографиялық жазбалар, жолсапарлар, публицистикалық материалдар, романдар, повестер мен көркем әңгімелер, қысқа афоризмдер мен накыл сөздер секілді әдебиеттің әр алуан жанрында қалам тербеуі Зекеңнің шығармашылық қазынасы бай адам болғанын қапысыз көрсетеді. Зейнолла Сәнік шын мәнінде де сан қырлы талант иесі болатын. Бір ғана «Бабалар сөзінің» 20 томы Қытай қазақтарының еңбегінің негізінде шыққанын айтсақ, бұл қыруар еңбекті жинау жолында Зекеңнің еңбегі ұшан-теңіз болды» -дегені ақиқат сөз [б. 63 б].

«Ұлт болып сақталып тұрудың төрт тағаны бар: біріншісі-сол халықтың үні, ән күйі, музыкалық мәдениеті; екінші-тілі; үшінші-тарихы, бай салт–дәстүрі, асыл әдеби мұралары, этностық белгілері; төртінші –ата мекені, тарихи қонысы. Осы төртеуінен айырылған ұлт ел болудан қалады. Осы төрт тағанның бір де бірі кем болса, яки кінәратқа ұшыраса, ол кемтар жанның күйін кешеді», ... «Елмен етене болған адам ел құрметіне бөленеді. Заманның қабағына қарай қамданыңдар,- [7, 3] деп өсиет қалдырған Зейнолла Сәніктің ғылыми зерттеулері мен көркем шығармалары – халқымыздың рухани байлығын үстей түсері сөзсіз.

### **Әдебиеттер**

1. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
2. Жұмабаев М. Шығармалар 3-томдық. 3-том.- Алматы: Білім, 1995. – 256 бет.
3. М.Әуезов Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962. – 427 б.
4. Зейнолла С.Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017.
5. Зейнолла С. Сөз-ғұмыр. – Алматы: «Runa» баспасы, 2017. – 300 б.
6. Қасқабасов С. Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы // Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2001.
7. Зейнолла С. Сөз-ғұмыр. – Алматы: «Runa» баспасы, 2017. – 300 б.

**С.Р. БОРАНБАЕВ**

*филология ғылымдарының докторы, доцент*

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

**Н.К. АБДУЛЛИНА**

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің магистранты*

## **АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ КЕЙБІР ЛЕКСИКА-ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Түркологиялық әдебиеттерде Алтын Орда дәуірінің әдеби тілін анықтау үшін: «аралас қыпшақ-оғыз әдеби тілі», «Еділ түріктері», «түркі-татар», «хорезм-түркі әдеби тілі», «Хорезм-Алтын Орда жазба тілі», «Шығыс түркі тілі», «Алтын Орда-Египет әдеби тілі»

сияқты әртүрлі терминдер қолданылып келеді. Зерттеушілердің көпшілігінің пікірінше, Алтын Орда әдеби тілі алдыңғы қарахандық-ұйғыр тілінен құрылымдық ерекшеліктері мен қызметтері жағынан оғызданған және қыпшақтанған нұсқалардағы әртүрлі варианттарда айтарлықтай ерекшеленеді. Зерттеулерде «аралас тіл» термині де қолданылады, бірақ бұл ұғым жеткілікті түрде тұжырымдалмаған. «Аралас тіл» термині түркологтар тарапынан ескерткіш мәтінінің мазмұны ретінде фонетикалық, грамматикалық, лексикалық элементтердің, басқа классификациялық топтың тіліне жататындығы ретінде түсініледі. Сонымен бірге бұл тілдік элементтер әдетте белгілі бір тілдер тобына немесе диалектілердің (қыпшақ, оғыз, ұйғыр, қарлұқ) көрінісі болады. Әдетте, мұндай жағдайларда байланысатын тілдердің немесе диалектілердің лексикалық-грамматикалық жүйесіндегі елеулі өзгерістер туралы айтылады. Қазіргі қалыптасқан түркология дәстүрінде араласу – тіл жүйесінің өзгеруін емес, бір ескерткіш тіліндегі диалектизмдердің екінші ескерткіш тіліндегі нормаға айналуын білдіреді. Сонымен бірге синхронды сәйкестік те, басқа дәуір тіліне тән архаикалық құбылыстар да осында көрінеді. Мұндай терминологиялық түсініксіздік жазба ескерткіштер тілін салыстырмалы түрде зерттеуді айтарлықтай қиындатады, өйткені «қоспа» белгілері барлық зерттеушілер үшін бірдей бола бермейді, бұл ескерткіш тілін бағалаудың нақты және біркелкі критерийлерін әзірлеуді қажет етеді.

Сондықтан бұл дәуір ескерткіштеріне зерттеу жүргізу, талдау жасау мен сипаттама беру бүгінгі күн талабынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі деп санауға болады.

Алтын Орда аумағында бірнеше мәдени орталықтар болғаны белгілі. Солардың бірі Орталық Азияның түркі (қарахандық-ұйғыр) жазба мәдениетінің ескі дәстүрлерін сақтаған Сырдарияның төменгі ағысындағы Солтүстік Хорезм; тағы бір осындай орталық (XII-XIII ғасырлардың өзінде) Еділдің төменгі ағысындағы Сарай қаласы болды. Ал XIV ғасырдан бастап мәмлүктер билік жүргізген Мысырда жаңа орталық пайда болады.

Солтүстік Хорезмде жазылған ескерткіштер тілін біртұтас ортаазиялық түркі әдеби тілінің екінші кезеңіне жатқызған А.Н. Самойлович олардың тіліне қыпшақ-оғыз элементтерінің енгенін де көрсетеді: «Предварительно мое мнение сводится к тому, что язык

его, с преобладанием в фонетике черт северо-восточной группы турецких языков (конечное *γ* и *d* вместо *j*) и с особой близостью в отношении словаря к языку первого периода, все же обнаруживает некоторую связь с языком второго (кыпчакско-огузского) периода» [1, 939 Б.]. Э.Н. Наджип Египет аумағында Алтын Ордадағы кыпшақ-оғыз аралас жазба тілі одан әрі дамығанын айтады [2, 16].

Хорезм-Алтын Орда жазба ескерткіштері тілі материалдарын салыстырмалы тұрғыдан зерттеуде Наджип Э.Н. [3; 4], Сабыр М.Б. [5; 6], түрік ғалымдары Айсу Ата [7] мен Суат Үнлү [8] еңбектерінің маңызы зор.

Төменде келтіріліп отырған лексикалық мысалдардан Хорезм-Алтын Орда ескерткіштеріне тән деп есептелетін бір сөз бен сөз тіркестерінің, туынды сөздердің құрамынан кездесетін *д/й, е/и, -лығ/-лық/-лы/-лі/-луқ/-луғ, -ығ/ө, -ыш/ө, з/ө, д/т* сияқты айырма белгілерін көреміз.

*alp* “алып, батыл, ержүрек, батыр” KE 61v/14, ME 32/6, İML 55

*alplıq* “батылдық, ержүректік, ерлік, батырлық, салыст. *alpluq*” İML 89

*alpluq* “батылдық, ержүректік, ерлік, батырлық салыст. / *alplıq*” ME 80/6, *alpluq qıl-* “ерлік көрсету, батыл әрекет ету” ME 103/1, *alpluq qılış-* “бір-біріне қарсы батырлық көрсету, бір-біріне қарсы ерлік көрсету” ME 113/3

*alpağut* “батыл, ержүрек, батыр” NF 151/9, KE 132r/11. Қазақ тіліндегі *алтауым* сөзінің қазіргі мағынасы өзгеше.

*altun* (1) “алтын” NF 205/7, KE 6r/17, ME 4/2, MM 187/1, НКТ 57a/3, HŞ 396, MN (1) 7/1, İML 98, *altun bol-* “асыл болу, алтынға тең, жоғары деңгейде болу” KE 102r/5

*altunçılıq* “алтыннан зергерлік бұйымдар жасау ісі, зергерлік” KE 124r/17, *altunçılıq it-* “алтыннан зергерлік бұйымдар жасаумен, зергерлікпен айналысу” HŞ 2045

*altunla-* “алтынмен аптау, безендіру” ME 65/8

*altunlıg* “алтынды” İML 77

*altunsız* “алтынсыз” İML 84

*ant* “қасиетті нәрсемен сендіру арқылы берілетін серт, уәде, ант, салыст. *and*” NF 333/15, KE 5v/18, ME 22/6, MM 264/4, НКТ 182a/7, HŞ 2549, İML 188, *ant bër-* “ант бер-, салыст. *ant bir-*” NF 195/13, KE 5v/15, / *ant bir-* “ант беру, салыст. *ant bër-*” HŞ 1990, *ant iç-* “ант ішу”

NF 41/15, KE 19r/4, ME 32/6, НКТ 33b/4, HŞ 321, *ant içiş-* “ант ішісу, екеуара ант берісу” ME 116/3, НКТ 364b/2, *ant içiür-* “ант ішкізу” ME 22/5, *ant oğurla-* “антын ұстану, антына берік болу” KE 5v/16, *ant sindur-* “антын бұзу, сертген таймақ” HŞ 1690, *ant yād kıl-* “ант бер” NF 32/19, НКТ 86a/5, *antın saqla-* “антына берік болу” HŞ 1516

*antdaş* “бір-біріне ант беріскен адам, анда” ME 119/3

*antdıķ-* “ант бермек, серт етпек” ME 152/3

*antlı* “ант ішкен, серт берген, бір-бірімен уәде байласқан салыст. *antlıg, / antlu*” ME 121/1 *antlu* “ант ішкен, серт берген, бір-бірімен уәде байласқан салыст. *antlıg, antlı*”

*antlu bol-* “ант ішкен, серт берген, уәде байласқан” ME 116/3

*aş* (1) “тағам, ас” NF 28/11, KE 49r/21, ME 159/5, НКТ 289a/1, HŞ 858, İML 132, MN (2) 2/10, *aş aşa-* “ас же-” KE 59v/14, HŞ 740, *aş bér-* “дастархан жаю, қонақасы беру” KE 69r/18, *aş ét-* “ас әзірлеу, дастархан жаю, қонақтарға ас, тамақ беру” KE 35v/7, *aş kıl-* “ас әзірлеу, дастархан жаю, ас қою, қонақтарға ас, тамақ беру” NF 422/10, KE 47r/19, *aş sal-* “дастархан жаю, қонақасы беру” HŞ 1126, *aş tök-* “дастархан жаю, қонақтарға ас, тамақ беру” MM 232/3

*aşa-* “аса-, же-” NF 263/12, KE 228v/21, HŞ 2451, MN (2) 10/96

*aşat-* “асат-, тамақ беру, ет асату” NF 143/1

*aşçı* “асшы, ас пісіруші” KE 85r/5, İML 156

*at* “ат, көлік және мініс жануары, салыст. *aṭ*” NF 440/17, KE 3v/16, ME 13/1, MM 226/7, HŞ 391, MN (1) 2/10, İML 81, CE 2/2

*aṭ* “ат, салт мінетін, арба-шанаға жегілетін және әртүрлі шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын піштірілген, ақталған еркек жылқы” NF 405/2, KE 140v/10, ME 13/1, НКТ 434b/4, K1/28, *aṭ mīn-* “ат мін-” NF 199/13, *aṭ yeli* “аттың жалы” НКТ 560a/1 [59 б.]

*aṭlan-* “атты әскер болу, атқа міну, жорыққа шығу, аттану” NF 184/8, KE 47v/2 *atlan-* ME 178/4, HŞ 765, İML 99.

*aṭlandur-* “атқа мінгіз-, жолға аттандыр-” KE 150r/2; *atlandur-* HŞ 1103

*ath* (2) “атты бар, атқа мінген адам, атты жауынгер салыст. *athıg* (2), *athıg*” HŞ 846, İML 84

*athıg* (2)1. “аты бар, атқа мінген адам, атты жауынгер салыст. *athıg*” KE 112v/5, ME 178/4, HŞ 1647, İML 146 // *athıg* “аты бар, атқа мінген адам, атты жауынгер салыст. *athıg* (2), *ath* (2)” NF 184/5, НКТ 277a/2, KE 112v/5

*atlıқ* (2) “ат байлайтын жер” İML 179

*atmıқ* “ат иесі” İML 83

*ақтаңа* (<Мо.+Т.) “ат сейіс, шабандоз” НҰ 2019

*at yılı* “жылқы жылы” İML 186

*ayaқ* (1) 1. “аяқ салыст. *adaқ, ayaғ* (2), *adaқ* (1)” KE 188r/1, ME 58/1, MM 198/2, НКТ 339a/6, НҰ 2034, İML 142, MN (2) 12/115, 2. “қадам, адым” НКТ 200a/4, *ayaқ бол-* “оған қызметші болу, аяғы болу, көмекшісі болу ” KE 200v/10, *ayaқ bilezigi* “ тобық сақинасы” İML 150, *ayaқ siniri* “аяқ сіңірі” İML 142, *ayaқın turған-* “аяғына тұру, түрегеп тұру” НКТ 32a/3

*adaқ* (1) “аяқ, төмен, асты, салыст. *ayaқ* (1) *ayaғ* (2)” NF 60/10, KE 6r/9, ME 129/1, MM 72/1, НКТ 341b/3, НҰ 1740, MN (2) 11/106

*азық* “азық, сапарға шыққанда жолаушының алатын жол азығы, салыст. *azuқ*” NF 7/10, ME 52/2, MM 49/1, НКТ 29a/7, İML 188, *азық ал-* “азық алу” НКТ 29a/7, *азық қіл-* “азық, ас әзірлеу” NF 7/8, НҰ 1909

*азықландур-* “ас, тамақ бер” NF 163/16

*азықсыз* “азықсыз, тамақсыз” ME 63/5

*azuқ* “азық, жолаушының жол азығы, салыст. *azuқ*” KE 23r/5, НҰ 3340

*азуқлан-* “ас, азық дайындау” KE 129r/19

*едгі* 1. “игі, ізгі, игілік, ізгілік, жақсы, ” NF 54/4, KE 6r/4, ME 98/3, НКТ 198b/4, MM 101/4, НҰ 2491, İML 97, 2. жамандық көрмеген, игілікті, жақсы” НКТ 290b/1, 3. қайырымды, пайдалы, құрметті, құнды” НКТ 568a/4, *едгі* ‘amel “игі және пайдалы іс, игілік” НКТ 306a/1, *едгі ат* “ізгі, құрметті ат” НҰ 218, *едгі бол-* “игі, жақсы болу” NF 114/10, KE 126r/4, *едгі һаслет* “игі, жақсы әдет” НҰ 3872, *едгі іш* “игі, пайдалы іс” НКТ 16a/3, *едгі қіл-* “әізгілікпен, әділ қарау” NF 197/10, НКТ 369a/7, *едгі қілмақ* “жақсылық, қайырымдылық қылу” НКТ 484a/9, *едгі құл* “игілік пен жақсылық жасаушы құл” НКТ 379a/1, *едгі сақын-* “біреудің амандығын тілеу” KE 232r/6, НКТ 227b/2, *едгі тұт-* “игі тұту, әділ қарау” KE 167v/10, *едгі үісүд* “әдемі дене” НҰ 1080, *едгі уанут* “жақсы сыйақы ” НКТ 15a/5, *едгі зәт* “ізгі қайраткер ” НҰ 641, *едгірек* “өте ізгі, өте қайырымды” NF 158/15, НКТ 345b/6, НҰ 2519, *едгірек іш* “игілікті іс, жақсы іс, өте қайырымды іс” НКТ 188b/2

*едгілік* “игілік, салыст. *едгілік, ідгілік, еygілік*” KE 93v/12, *едгілік қіл-* “игілік, жақсылық қылу, жарылқау, бата беру” KE 233v/9

*edgülik* 1. “игілік, ізгілік, жақсылық, салыст. *edgülik*, салыст. *ıdgülik*, *edgülik*, *eygülik*” NF 269/16, KE 34r/3, ME 29/3, НКТ 7a/5, İML 94, HŞ 3439, 2. береке, рақым” НКТ 86b/9, *edgülik bol-* “игілікті болмақ, ізгі болу” HŞ 3439, *edgülik et-* “игілік, жақсылық ету” ME 188/3, *edgülik kel-* “жақсылықта кездесу” NF 292/11, *edgülik kıl-* 1. “игі іс қылу, жақсылық жасау” NF 185/15, KE 26r/4, ME 33/1, НКТ 527a/3, HŞ 2093, 2. “ игілік, жақсылық тілеу” НКТ 248a/1, *edgülik kılğan* 1. “игілік қылған, жақсылық жасаған” НКТ 294b/2, 2. “қайырымы мол, ізгілікті адам” НКТ 501b/4, *edgülik kılмақ* “игідік, жақсылық қылмақ” НКТ 510a/6, *edgülik kör-* “игілік көрмек, пайда көрмек, жақсылық, табыс көрмек” KE 99r/16, *edgülik teg-* “игілік көрмек, пайда көрмек, жақсылық, табыс көрмек” NF 412/9, *edgülik yawuzluq sebebi* “бір нәрсенің болуына себеп болған нәрсе” НКТ 161a/1, *edgülik tile-* “игілік тілеу” HŞ 2947

*edgüliklü* “ қолдау, жәрдем, көмек ” ME 62/2

*eygü* “игі, жақсы, салыст. *edgü*, *ıdgü*, *eyü*, *ıgü*” İML 79

*eygülik* “игілік, салыст. *edgülik*, *edgülig* *edgülik*” ME 151/6

*ıdgü* “игі, салыст. *edgü*, *eygü*, *eyü*, *ıgü*” MN (1) 8/12

*ıdgülik* “игілік, салыст. *edgülik*, *edgülik*, *eygülik*” MN (1) 4/9

*ıdik-* “игі болу, жақсы болу” İML

*erte* “ерте, таңертең, салыст. *erte*, *irte*” NF 15/14, KE 77r/19, *erte namāzi* “таңғы намаз” NF 100/9, *erte bol-* “ерте бол-” NF 20/4

*erte* “ерте, таңертең, салыст. *erte*, *irte*” ME 72/3, MM 154/3

*ertecek* “таңертемен” ME 69/3

*erteki* “ертемен” KE 171r/9

*ertele-* “ ояну, түнді өткізу” NF 147/4

*ertelet-* “ерте ояну” ME 69/3

*ertesi* “таңертең, келесі (күн, жыл)” NF 40/14, KE 87v/10, *ertesi yil* “келер жыл” KE 92v/15

*irte* 1. “ерте, таңертең, салыст. *erte*, *erte*” НКТ 452a/2, HŞ 752, İML 184, 2. “таңертеңмен” НКТ 298a/6, 3. ертең, келесі күні” НКТ 227b/2, 4. “ ертең, келешек, болашақ ” НКТ 542b/9, *irte aşı* “ертеңгі, таңғы ас” НКТ 289a/1, *irte bile қор-* “ерте тұр” MN (1) 2/5, *irte birle kel-* “ерте кел-” НКТ 63b/3, *irte kel-* “ерте кел-” НКТ 542b/6, *irte vaқtınğa kirigli* “ түнді артқа тастап, таңға жету” НКТ 430b/4, *irte yöri-* “ертерек әрекет ет-” НКТ 410a/1, *irtege kir-* “түннен шығып



таңға жету” НКТ 387a/1, *irtege kirigli* “ түнді артқа тастап, таңға жету” НКТ 542b/3

*irtele-* “түнді артқа тастап, таңға жету, салыст. *ertele-*” НКТ 155b/7, *irtelegen* “түнді артқа тастап, таңға жеткен” НКТ 225b/4, *irtelegen hâlda* “ түнді артқа тастап, таңға жеткен халде” НКТ 256a/7, *irtelegen vaqtı* “танертенгі уақыт” НКТ 170b/5.

Түркі жазба ескерткіштерін зерттеу барысында бұл шығармалардың сөздік құрамын зерттеуге маңызды орын беріледі. Түркі тілдерінің бір-бірімен әр дәуірдегі, әр аумақтағы тарихи байланыстары туралы лексикада көрінетін сенімді мәліметтерді фонетика да, морфология да, синтаксис те бере алмайтынын айтуымыз керек.

#### Дереккөздер

- NF – Nehcü'l-Ferâdis, Uşmahlarını Açık Yolu,  
KE – Kısaşü'l-Enbiyâ  
ME – Mukaddimetü'l- Edeb  
MM – Mu'inü'l Mürîd  
НКТ – Old Turkish and Persian Inter-Linear Quróan Translations II: An Inter-Linear Translation of the Quróan into Khawarazm Turkish, Introduction, Text, Glossary and Facsimile  
MN (1) – Mi'râc-Nâme  
MN (2) – Muhabbet-Nâme  
HŞ – Hüsrev-i Şirîn  
İML – İbni-Mühennâ Lügati  
AO – Altın Ordu Sahasına Ait Yarlık ve Bitikleri  
Ka – Kazan Sahasına Ait Yarlık ve Bitikleri  
K – Kırım Sahasına Ait Yarlık ve Bitikleri  
CE – Cevâhirü'l-Esdâf

#### Әдебиеттер

1. Самойлович А.Н. К истории литературного среднеазиатско-турецкого языка // Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника / А.Н. Самойлович [Сост. и отв. ред. Г.Ф. Благова, Д.М. Насилов]; Отделение ист.-филол. наук РАН. – М.: Вост. лит., 2005. — 1053 с.
2. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Часть I. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 213 с.
3. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Нахдж ал-Фарадис» и его язык. – Туркестан: Туран, 2012. – 448 с.

4. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. В 4-х книгах. Книга I. -Астана, 2017. -366 с.; Книга II. – 384 с.; Книга III. – 458 с.; Книга IV. – 452 с.

5. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. -316 б.

6. Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. / М. Сабыр. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 464 б.

7. Aysu ATA, Çağatay Türkçesinin İlk Devresi. Harezm-Altın Ordu Türkçesi. 2. Baskı, Ankara Üniversitesi Yayınevi, 2016. – 192 s.

8. Suat ÜNLÜ, Harezm, Altın Ordu Türkçesi Sözlüğü, Konya,Eğitim Yayınevi, 2012. – 716 s.

**А.А. КАСЫМЖАНОВА**

*психология ғылымдарының кандидаты,*

*«Тұран» университеті, «Психология» кафедрасының профессоры*

**Қ.О. АХАН**

*әлеуметтік ғылымдар магистрі*

## **Л. РЕБЕККАНЫҢ «КОГНИТИВТІ-ӘРЕКЕТТІК СТИЛЬДІ ЗЕРТТЕУ» ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕЙІМДЕЛУІ**

«Когнитивті стиль» термині ең алғаш рет 1950-1960 жылдары америкалық психологияда ақпаратты қабылдау, талдау және жүзеге асырудағы жеке тұлғалық ерекшеліктері бірінші орынға қойылған зерттеу барысында пайда болды. Сәтті зияткерлік әрекеттер кезінде жеке ерекшеліктер ақпаратты өңдеудің жеке тәсілдерінен бөлінді. Кейде когнитивті стиль зият жұмысының мазмұнды аспектілерімен байланыспайтын зияткерлік әрекеттердің ресми-динамикалық сипаттамасын білдіреді. Сонымен қатар когнитивті стиль субъектінің танымдық бейімділігі және мүмкіндігіне сәйкес келетін зияткерлік мінез-құлықтың белгілі бір тәсілдеріне қатысты артықшылық деп те түсіндіріледі [1].

«Когнитивті стиль» ұғымын алғаш рет А. Адлер түрлі зерттеу стратегияларын қолдануды анықтайтын таным үрдістерінің тұрақты ерекшеліктерін көрсететін тұлғалық сипаттамаларды анықтау үшін қолданды. Оның жеке психологиясы шеңберінде тұлғаның өмірлік жолының, құрылымдалған қойылымының және мақсатқа жетуінің ерекшеліктері ретінде түсіндірілді.

Г. Олпорт когнитивтік стильді құралдық мағынада, яғни мақсатқа жетуге арналған тәсілдер мен құралдар ретінде тұлғалық интегралды жүйесінің құрылымын сипаттау үшін қолданды. Кейінірек бұл мәселемен К. Стаднер, Г. Уиткин және т.б. ғалымдар айналысты [2].

Кейінірек ғылымда «когнитивті-әрекеттік стиль» ұғымы пайда болды. Бұл ұғым «когнитивті стиль» түсінігіне қарағанда тұлғаның жеке сипаттамасын тереңірек қарастырады, яғни қабылдау, ойлау, қарым-қатынастың когнитивті тәсілдерін анықтайды. Егер стильдің түрлі психологиялық құбылыстарда (қабылдау, есте сақтау, ойлау, іс-әрекет, қарым-қатынас, т.б.) байқалатынын есепке алсақ, онда когнитивті-әрекеттік стильді қызмет көрсету нәтижесі әдеттегі әрекеттер болып табылатын когнитивтік талдаудың әдіс-тәсілдерінің жүйесі ретінде қарастыруға болады [3].

Қазіргі уақытта АҚШ, Алабама университетінің профессоры Л. Ребекканың өз әдістемесінде көрсеткен когнитивті-әрекеттік стильдің мына құрылымы қолданылуда:

- Ақпаратты қабылдау: визуал-аудиал-кинестетик;
- Қоршаған ортамен қарым-қатынас: экстраверт-интроверт;
- Өзінің жеке тұлғалық қабілеттеріне қатынас: интуитивтік-логикалық;
- Жұмыс істеудегі тәсілі: қатаң реттелген-реттелмеген;
- Идеяларды пайдалану: аналитик-синтезатор [4].

Ақпаратты қабылдау түрлері бойынша негізгі бес арна ажыратылады: көру, есту, тактильді, дәм сезу, иіс сезу. Сенсорлық жүйенің негізгі түрінің саны көп мәліметте үш, ал соңғы мәліметтерде төртеу деп жазылған. Олар: визуалды жүйеде өңдеу үшін көру жүйесі басым қолданылады. Аудиалды жүйеде ақпарат дыбыс, мелодия, олардың тоны, дауысы, тембрі арқылы өңделеді және осы арнаның қолданылуы басым болып табылады. Кинестетикалық жүйеде жанасу, дәм, иіс, температура сияқты сезімтал ақпаратына жүгіну алға шығады. Дигиталдық ішкі жүйеде адам ақпаратқа талдау жасау арқылы өндейді.

Осы жүйелердің біреуі басым болса, басқалары әлсіз болады деп ойлауға болмайды. Жүйеде бір арна басқаларға қарағанда жетекші болып келеді. Дәл сол жетекші жүйе ойлау процесін

белсендіреді, ес, қиял сияқты менталды процесстерге негізгі себеп болып табылады [4].

Қоршаған ортамен қарым-қатынасты сипаттауға байланысты Карл Густав Юнг экстраверсия мен интроверсияны – физиологиялық түсіндірмесі бар тума қасиеттер деп анықтайды. Қазіргі ғылым оның интуитивті болжамдарының дұрыстығына көз жеткізді. Ол, егер керек болған жағдайда, адамдар интроверттен экстрровертке дейінгі континуум бойынша әрекеттеніп, әлемге бейімделе алатынын айтты. Юнгтің ойынша, континуумның кез келген нүктесі адам үшін қалыпты жағдай. Алайда, әрдайым бір бағыт басқасына қарағанда күштірек болып келеді. К. Юнг, егер адам өзінің бейімделген ортасынан (экстраверт немесе интроверт) тыс әрекет етсе, онда қосымша энергиясын жоғалтады, ал жаңасы қайтадан пайда болмайтынын айтады. Бірақ егер энергияны жинақтауды үйренсе, осылай қор жинап, қабілеттеріне сәйкестігі төмен, бейімделмеген ортада тиімді пайдалануға болады деп түйіндейді [5].

Өзінің жеке тұлғалық қабілеттеріне қатынасты логикалық тұрғыда ойлайтын адамдар үшін ақпарат өте маңызды. Кез келген қарым-қатынас ол үшін ең алдымен ақпарат алмасу болып табылады. Факт туралы, нақты мәліметтер туралы айтады. Олар келісімшарт бойынша, заң бойынша әрекет етеді. Ал интуитивті ойлайтын адамдар үшін күш-қуат маңызды. Олар үшін қарым-қатынас энергиямен алмасу ретінде қарастырылады. Әңгімелесуші қалай айтып жатқанын бақылайды, негізгіге аз көңіл аударады. Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас саласында білікті және интуициясымен басшылыққа алып әрекет етеді.

Жұмыс істеу тәсілі бойынша қатаң реттелген жұмыс тәртібін қалайтын адамның іс-әрекет барысында оқу үдерісіне бағытталғанын, еңбегін бір тапсырмадан келесісіне аяқталғанына дейін жоспарлайтынын байқауға болады. Ал керісінше, қатаң реттелмеген жұмыс тәртібін қалайтын адамды жаңаны, қызықты ақпаратты танып білу қанағаттандырады. Қалыпты ережелер немесе уақыттың шектелуі оларға ыңғайлы болмайды.

Идеяларды пайдалану жағынан синтезатор – жеке бөлімдердегі жалпы заңдылықтарды, ал тұтастай жүйеде оның құраушы элементтерін табуға қабілетті адам; қарама-қайшылықты жақсы байқайды. Ол түрлі іс-шара мен процесстерді қиялдауды немесе

үлгілеуді ұнатады, жиі нақты жағдайдан ауытқиды, бірақ есесіне осыған дейін ешкім ойламаған нәрсені шығаруы мүмкін. Ал, аналитик – жүйелі түрде фактіні талдайтын және мәселені шешудің логикалық тәсілдерін іздейтін адам. Алдымен ол ақпараттарды жинайды, сосын талдайды және қорытынды жасайды. Барлығына өте мұқият назар аударады, ұқыпты, тәртіпті. Жиі жаңылысатын және мазасыз адамдарды ұнатпайды [6].

Назарларыңызға ұсынылып отырған зерттеу жұмысының мақсаты: Л. Ребекканың «Когнитивті-әрекеттік стиль» әдістемесінің қазақ тіліне аударып, сенімділігін бағалау.

Әдістеме сенімділігін анықтауда Л. Кронбах 1951 жылы ұсынған өлшем шкалаларының бір-бірімен сәйкестігін бағалауға арналған статистикалық әдіс қолданылды. Бұл Альфа Кронбах коэффициенті деп аталады.

Л. Ребекканың «Когнитивті-әрекеттік стильді анықтау» әдістемесі 5 бөлімнен, яғни 5 әрекет түрінен тұрады. Әр бөлімнің өз атауы бар. Олар:

1. Оқу және жұмыс барысындағы менің түйсігім;
2. Менің қарым-қатынасым;
3. Мен өзімнің жеке қабілеттеріме қалай қараймын?
4. Менің жұмыстағы бағытым;
5. Мен идеяларды қалай пайдаланамын?

Автор ұсынған әдістемеді жалпы 110 тұжырым бар: 1-бөлім 30 тұжырымнан, қалған бөлімдер 20 тұжырымнан тұрады. Бұл тест арқылы 11 шкала, яғни әр 10 сұрақ арқылы 1 шкала өлшенеді. Зерттелінушілер әр тұжырымға «Иә» немесе «Жоқ» деп, немесе «->» немесе «+» белгілері арқылы тұжырымның өзіне бейім немесе бейім емес екендігін білдіреді [7].

Бірінші бөлім бойынша зерттелушілердің аудиал, визуал, кинестетик екендігі, екінші бөлім бойынша – экстраверт немесе интроверт, үшінші бөлім бойынша – интуитивтік не логикалық, төртінші бөлім бойынша – қатаң реттелген немесе қатаң реттелмеген жұмыс тәртібіне бейімділігі, бесінші бөлім бойынша – аналитикалық және синтезаторлық қабілеттері анықталады.

Бұл аталған психодиагностикалық әдістеме 18-22 жас аралығындағы «Тұран» университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық

университетінің 96 студентіне жүргізіліп, 11 шкала бойынша нәтижелер алынды. Алынған ақпараттарды статистикалық өңдеуге арналған SPSS компьютерлік бағдарламасына жүктей отырып, «Когнитивті-әрекеттік стилін анықтау» әдістемесінің  $\alpha$ -Кронбах арқылы сенімділік деңгейі анықталып, ішкі үйлесімділігі дәлелденді.  $\alpha$ -Кронбах коэффициентінің интерпретациясы бойынша келесі көрсеткіштері арқылы сенімділік деңгейі бағаланады:

- 0,9-1 – өте жақсы;
- 0,8-0,9 – жақсы;
- 0,7-0,8 – жеткілікті;
- 0,6-0,7 – күдікті;
- 0,5-0,6 – нашар;
- 0-0,5 – жеткіліксіз.

**1-кесте.** Зерттеуге қатысушыларды бақылау бойынша жинақ есеп (SPSS, 23.0)

		N	%
Бақылау	Валидті	96	100,0
	Алып тасталынды <sup>a</sup>	0	,0
	Барлығы	96	100,0

1-кестеде берілген көрсеткіштер бойынша зерттеуге қатысушы барлық студенттер саны есепке толық алынғанын байқауымызға болады.

Келесі қадамда Альфа Кронбах коэффициентінің көмегімен жалпы әдістеме бойынша сенімділік деңгейі анықталды (2-кесте).

**2-кесте.** Л. Ребекканың «Когнитивті-әрекеттік стилін анықтау» әдістемесінің  $\alpha$ -Кронбах арқылы сенімділік статистикасы (SPSS, 23.0)

Альфа Кронбах	Элементтер N
,927	110

Альфа Кронбах көрсеткіші әдістеменің толық нұсқасы бойынша анықталып, жалпы әдістеменің сенімділік деңгейі өте жоғары екендігі ( $\alpha = ,927$ ) анықталды.

Өлшеу шкалаларының ішкі сәйкестігінің өлшемі  $\alpha$ -Кронбах коэффициенті болып табылады. Оның диапазоны 0 мен 1 аралығында орналасқан. Егер коэффициент 1-ге жақын болса, әдістеменің ішкі сәйкестігі, сенімділігі жоғары болады.

Келесі қадамда әдістеменің әр сұрағы бойынша сенімділік деңгейі анықталды, бұл нәтижелер 3-кестеде беріліп отыр.

**3-кесте.** Әр бөлімнің жиынтық балға қатынасы бойынша сенімділік деңгейінің статистикасы

№		Бөлім алынып тасталған кездегі масштаб ортасы	Бөлім алынып тасталған кезде масштаб дисперсиясы	Бөлім мен жиынтық арасындағы түзетілген корреляция	Бөлімді алып тастағандағы Альфа Кронбах
1.	Мен ақпаратты жазып алсам, жақсы есте сақтаймын	176,4444	1027,168	,122	,928
2.	Мен көп жазамын	176,7500	1022,936	,205	,927
3.	Мен сурет, сөз, сандарды көру арқылы есте сақтаймын	176,4167	1029,107	,112	,927
4.	Мен оқу барысында басқа бұқаралық ақпарат құралдарына карағанда бейнежазба және теледидарды қолданғанды ұнатамын	177,1111	1025,759	,152	,927
5.	Оқу барысында есте сақтау үшін астын сызып отырамын	176,8611	1008,237	,413	,926
6.	Мен керекті ақпаратты белгілеу үшін түрлі түсті қарындаштарды қолданамын	177,4167	1024,307	,175	,927
7.	Орындалатын жағтығуларға түсініктеме берілгенін қажет етемін	176,8333	1020,257	,247	,927
8.	Сабақ кезіндегі бөгде шу менің ашуымды келтіреді	176,9722	1045,228	-,187	,929

9.	Адамдар не айтып жатқанын түсіну үшін оларды көріп тұруым қажет	177,1667	1021,514	,213	,927
10.	Бөлме қабырғасында тұрған плакат, иллюстрациялармен жақсы жұмыс жасаймын	177,0000	1005,429	,482	,926
11.	Ауызша талданатын ақпаратты мен есте жақсы сақтаймын	177,0556	1032,740	,027	,928
12.	Мен оқығанға қарағанда, дәрістер және оқуға байланысты аудиожазбаларды тыңдау арқылы жақсы меңгеремін	177,3611	1029,037	,093	,928
13.	Маған жаттығуды орындауда ауызша нұсқау қажет	177,3056	1019,018	,277	,927
14.	Есту арқылы қабылдау маған ойлануға көмектеседі	176,9722	1015,513	,406	,926
15.	Мен музыка тыңдап отырып оқығанды және ойланғанды жақсы көремін	177,1667	1020,943	,241	,927
16.	Мен айтып жатқан адамды көріп тұрмасам да, айтылған мәліметті оңай түсінемін	176,7222	1023,063	,206	,927
17.	Мен әдетте адамдардың өзін ұмытып қаламын, ал олардың айтқан мәліметтері есімде қалады	176,9444	1037,425	-,056	,928
18.	Бір мәрте айтылған әзілді жақсы есімде сақтаймын	176,9722	1008,199	,488	,926
19.	Мен адамдарды дауысына қарап оңай танимын	176,4722	1014,771	,411	,926



20.	Теледидарды қосқанда көруге қарағанда көп тыңдаймын	177,1111	1015,530	,337	,927
21.	Мен жаттығудың түсіндірмесіне қарамастан бастай беремін	177,4167	1011,393	,441	,926
22.	Оқу немесе жұмыс кезінде маған жиі үзілістер қажет	177,1944	1026,275	,160	,927
23.	Егер «ішімнен» оқысам, ернімді жыбырлатамын	177,3333	1015,429	,281	,927
24.	Мен партада отырып дайындалғанды ұнатпаймын және мүмкіндігінше одан қашамын	177,7500	1030,650	,084	,928
25.	Мен ұзақ уақыт қимылсыз қалсам, ашуланамын	177,3611	1032,866	,025	,928
26.	Мен қимыл кезінде жақсы ойлаймын	177,1667	1024,143	,257	,927
27.	Қимылдап тұрған объектілер менің есте сақтауыма жақсы әсер етеді	177,1111	1017,873	,294	,927
28.	Маған құрастырған, үлгілеген ұнайды	177,0000	1026,114	,152	,927
29.	Мен физикалық белсенділік танытқанды жақсы көремін	177,0000	1008,400	,417	,926
30.	Мен ашықхаттарды, тиындарды, маркаларды қызыға жинаймын	177,5278	1016,999	,248	,927
31.	Мен ұжымда жұмыс істегенді және үйренгенді қалаймын	176,4722	1012,885	,409	,926
32.	Мен жаңа достарды оңай табамын	176,7222	1001,292	,610	,925
33.	Мен адамдар арасында болғанды ұнатамын	176,4722	1003,971	,557	,926

34.	Мен танымайтын адамдармен оңай сөйлесіп кетемін	176,8889	1004,216	,462	,926
35.	Басқа адамдар туралы жаңалықтарды біліп отырғанды ұнатамын	176,9722	1011,456	,394	,926
36.	Мен қуана-қуана сауық кештерінің соңына дейін боламын	176,8889	1012,330	,369	,926
37.	Адамдармен қарым-қатынас маған күш береді	176,4444	1011,283	,414	,926
38.	Мен адамдардың есімін оңай есте сақтап қаламын	176,8611	996,523	,554	,925
39.	Менің достарым мен таныстарым көп	176,4444	1002,025	,634	,925
40.	Мен қайда болсамда, барлық жерде жеке байланыс пен таныстық орнатып жүремін	176,5833	993,564	,634	,925
41.	Мен бейресми ортада жұмыс істегенді және оқығанды ұнатамын	176,7778	1004,863	,449	,926
42.	Мен ұялшақпын	176,9167	1031,279	,046	,928
43.	Адамдармен қарым-қатынасқа қарағанда спорт және хоббимен айналысқанды ұнатамын	177,1944	1027,133	,136	,927
44.	Адамдардың көпшілігі мен туралы аз біледі	177,0833	1038,707	-,083	,928
45.	Айналадағылар мені түйық адам деп санайды	177,1944	1046,275	-,196	,929
46.	Мен адамдар арасында көп сөйлемеймін	177,0833	1036,079	-,031	,928
47.	Адам көп жиналса, қысыла бастаймын	177,5278	1040,142	-,116	,928
48.	Жаңа адамдармен қарым-қатынас мені қобалжытады	177,4722	1030,371	,075	,928
49.	Мен мүмкіндігінше сауық кештеріне бармауға тырысамын	177,5556	1035,454	-,021	,928

50.	Мен жаңа таныстардың есімін сақтауда қиналамын	177,3889	1044,987	-,163	,929
51.	Мен еркін қиялдаймын	176,2778	1020,206	,242	,927
52.	Мен идеяларды жылдам ұғынамын	176,4167	1005,336	,535	,926
53.	Менің ойыма мәселені шешудің бірнеше тәсілдері дереу келеді	176,5833	1011,736	,413	,926
54.	Маған түрлі мүмкіндік пен таңдаудың болғаны ұнайды	176,3889	1009,959	,461	,926
55.	Болашақтың жобалары мені рахаттандырады	176,5000	1005,229	,568	,926
56.	Мақсатқа ұмтылудағы мүқияттылық пен біртіндеп жасалатын әрекеттер мені жалықтырады	177,4722	1042,313	-,154	,929
57.	Маған мәселені түсіндіргенге қарағанда, оны шешкен ұнайды	176,6389	1004,580	,491	,926
58.	Мен өзімді ерекше деп санаймын	176,4722	1011,228	,354	,926
59.	Мен ойлап тапқышпын	176,8611	1004,923	,482	,926
60.	Жұмыс немесе оқу жоспары кенеттен өзгергенде де менің көңіл-күйім жақсы болады	176,9167	1012,421	,395	,926
61.	Мен өзімнің тәжірибешілдігімді мақтан тұтамын	176,6667	1012,571	,341	,927
62.	Менің жүріс-тұрысым өмір жағдайларына сәйкес	176,5000	1011,000	,435	,926
63.	Маған терең ойлайтын адамдар ұнайды	176,3333	1022,686	,234	,927
64.	Мен реалист болғанды қалаймын	176,5000	1021,400	,264	,927
65.	Іс-шаралардың біртіндеп дамығанын қалаймын	176,5278	1019,456	,296	,927

66.	Маған жоспар бойынша жұмыс істеген және оқыған ұнайды	176,3889	1006,187	,474	,926
67.	Мен теориялық тұрғыдан ойластырғанға қарағанда нақты дәлелдерді қалаймын	176,4444	1008,883	,440	,926
68.	Түсініктердің жасырын мағынасы туралы ойлар мені жалықтырады	176,9722	1026,828	,146	,927
69.	Шешім жолдарының таңдауы көп болғанын ұнатпаймын	177,2500	1029,964	,080	,928
70.	Болашақ туралы ой толғаныстары пайдасыз деп ойлаймын	177,8889	1046,159	-,262	,929
71.	Мен жұмысқа дереу кірісемін	176,6944	993,304	,689	,925
72.	Мен тәртiптi адаммын	176,4444	1015,454	,387	,926
73.	Мен жұмыс жоспарын жасаймын.	176,9167	997,850	,595	,925
74.	Мен өз әрекеттерімді жоспармен салыстырып отырамын	176,8889	1006,502	,453	,926
75.	Жұмыс уақытында айналадағы ұқыпсыздық мені ашуландырады	176,4167	1011,050	,396	,926
76.	Мен жұмысты әрдайым алдын ала бастаймын	176,7778	997,663	,663	,925
77.	Мен уақытты дәлдеп сақтаймын	176,9722	1004,085	,505	,926
78.	Жұмыстың алдын ала аяқталу мерзімі менің еңбегімді ұйымдастырады	176,5556	1008,197	,534	,926
79.	Маған өз еңбегімді құрылымдау ұнайды	176,5556	1001,225	,678	,925
80.	Өз жоспарымды біртіндеп жүзеге асырамын	176,6111	1005,330	,569	,926
81.	Мен кенеттен әрекет жасауға бейім адаммын	176,4722	999,113	,647	,925

82.	Мен жағдайлардың өздігінен дамуы мен жоспарлануына араласқанды ұнатпаймын	177,1389	1007,437	,436	,926
83.	Тым құрылымдалған еңбек жағдайында өзімді жайсыз сезінемін	177,3056	1029,990	,092	,928
84.	Мен жұмыстың аяқталуын үнемі кешіктіремін	177,6111	1029,559	,099	,928
85.	Менің жұмыс үстелімде әрдайым «шығармашыл» ұқыпсыздық	177,2500	1011,450	,334	,927
86.	Менің ойымша, алдын ала анықталған жұмыстың аяқталу мерзімі – жасанды және пайдасыз шектеу	177,5278	1016,428	,356	,927
87.	Мен кең көзқарасты адаммын	176,4167	998,193	,620	,925
88.	Жұмыстан рахатқа бөлену – маңызды компонент екеніне сенімдімін	176,3611	1004,294	,519	,926
89.	Белгіленген жұмыс кестесі мен тәртібі маған ұнамайды	177,3889	1031,387	,068	,928
90.	Жоспарды кездейсоқ өзгерте отырып, өзімді керемет сезінемін	177,0556	1004,168	,445	,926
91.	Ауқымды түсініктемеге қарағанда қарапайым жауапты қалаймын	176,6389	1006,752	,471	,926
92.	Істі егжей-тегжей бөлшектеу маған ұнамайды	177,1944	1022,504	,262	,927
93.	Маған орынсыз болып көрінетін бөліктерге назар аудармаймын	177,1111	1017,930	,282	,927
94.	Менің болжауым кең ауқымды	176,7222	1018,435	,356	,927
95.	Мен ақпаратты оңай жалпылаймын	176,5278	1002,542	,582	,925

96.	Мен басқалардың ойын оңай түрлендіріп мазмұндай аламын	176,4722	1011,685	,476	,926
97.	Мен ойдың мәнін жылдам түсінемін	176,4167	1010,536	,610	,926
98.	Нақтыланбаған негізгі идея туралы жалпы ой мені қанағаттандырады	177,1111	999,587	,605	,925
99.	Мен жеке фактілерді оңай тұтастап біріктіре аламын	176,8333	1008,943	,568	,926
100.	Менің конспектімде дәрістің тек негізгі ойлары жазылады	177,1111	1012,444	,364	,926
101.	Мен қысқа жауапқа қарағанда толық жауап алғанды қалаймын	176,9722	1030,656	,056	,928
102.	Ақпаратты бөлшектеп қарастырғаннан кейін жалпылаудан қиналамын	177,4444	1019,225	,295	,927
103.	Мен нақты мәліметтерге, фактілердің ерекшеліктеріне назар аударамын	176,4722	1006,085	,517	,926
104.	Жалпы идеяны құрамдас бөліктерге бөлген ұнайды	176,9722	1014,771	,324	,927
105.	Ортақ белгілерді іздегенге қарағанда ерекшелендіретін белгілерді тапқанды қалаймын	176,8056	1016,847	,310	,927
106.	Мәселені шешуде логикаға жүгінемін	176,6389	1024,466	,173	,927
107.	Менің конспектімде барлығы толық жазылған	177,0278	1031,971	,041	,928
108.	Нақты бөліктері көрсетілмей тек жалпы идеялары берілген жұмыстар маған ұнамайды	177,0278	1024,256	,206	,927

109	Мен әрдайым тақырыптың жалпы идеясына қарағанда ерекшелігіне мән беремін	176,7778	1017,321	,332	,927
110	Мазмұнын айту немесе түсіндіруге мен көп уақыт жұмсаймын	177,0278	1026,199	,166	,927

3-кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша соңғы бағанда берілген Альфа Кронбах деңгейі әр сұрақтың аудармасы мен мағынасы, яғни әр сұрақтың ішкі сәйкестігі мен сенімділік деңгейі бойынша, жоғары екендігін анықтадық.

Қорытындылай келе, қазақ тіліне аударылған Л. Ребекканың «Когнитивті-әрекеттік стильді зерттеу» әдістемесінің сенімділік және ішкі сәйкестік деңгейі жоғары және психологиялық зерттеулерде қолдануға болатындығы туралы айта аламыз.

Бұл жұмыстың нәтижелері қазақ тіліндегі психодиагностикалық әдістемелердің қорын толықтыруға арналған авторлардың үлесі болып табылады. Қазақ тілінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарында аудармалы әдістемелер жиі қолданылады. Алайда, екіншіше орай, барлық басқа тілдерден аударылған әдістемелер аударылғаннан кейін ғылыми жұмыстардың талаптарына сәйкес сенімділік деңгейін тексеруден өткізіле бермейтіндігі көпшілікке мәлім. Қазақ тілінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін жоғарылату біздің еліміздегі психологиялық ғылымды дамытудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Мещеряков Б.Г., Зинченко В.П. Большой психологический словарь. – 4-е изд., расширенное / СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2009. – 811 с.
2. Когнитивный стиль [Электронный ресурс]. – Психологос: энциклопедия практической психологии. – URL: <https://www.psychologos.ru/articles/view/kognitivnyy-stil>
3. Шлыкова Н.Л., Илларионов С.Н. Роль когнитивно-деятельностного стиля в выборе копинг-стратегии. – Человеческий фактор: проблемы психологии и эргономики Тверь: Межрегиональная Общественная Организация "Эргономическая Ассоциация", 2005. – С. 76-80.
4. Определение когнитивно-деятельностного стиля (Л. Ребекка) [Электронный ресурс]. – Все профессиональные психологические тесты. URL: <https://vsetesti.ru/151/>

5. Марти Лэйни. Преимущества интровертов. — М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. – 303 с.

6. Платонов Ю.П. Пять основных стилей мышления людей: практическое руководство [Электронный ресурс]. Центр дополнительного образования «Элитариум. URL: <http://www.elitarium.ru/myshlenie-stil-pragmatik-sintezator-idealist-realist-analitik-povedenie-obshchenie-rukovoditel/>

7. Сиротюк А.Л. Обучение детей с учетом психофизиологии: Практическое руководство для учителей и родителей. М.: ТЦ Сфера, 2001. – 128 с.

**К.А. БАТЫРБЕКОВА**

*филология магистрі*

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*

**М.Қ. ЖАНТАСОВА**

*педагог-сарапшы*

*Титов ат. №20 мектеп-гимназия*

## **АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Бабалар тілін зерделеу брысында олардың құрған тұрмысы мен тіршілігінде, тілі мен ділінде ортақтық бар екендігі анықталып жатады. Қ. Мұсаев осыған орай былай дейді: «Когда говорят, что язык представляет собою кладовую истории народа – его носителя, прежде всего имеется в виду лексика, которая непосредственно реагирует на все изменения в жизни народа. Ни фонетика, ни грамматика языка не может показать нам условия жизни народа так полно, как лексика» [1].

Аталған тақырыптардағы зерттеу жұмыстары арқылы осындай өзекті мәселелердің шешім көздерін табу жолдарын іздестірген жөн. Қыпшақ тілінің қалыптасу жолдарының негізгілерінің бірі – көне түркі тілі екендігі мамандарға белгілі. Ал қыпшақ тілінің тарихын зерделеуге тиер үлесі мол көне түркі жазба ескерткіштерінің қазіргі қыпшақ тілінде сөйлегендері, толыққанды түрде зерттелінгендері жоқ. Болғандарының өзі – жекелеген мақсаттарда, ғылымның белгілі бір аспектілерін қамтитын дәрежеде ғана қарастырылған.

Туыстас қыпшақ тобындағы тілдердің лексемалары салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазіргі қыпшақ тілдері, ішінара көне түркі



тілдері, қазіргі заманғы түркі тілдері материалдарымен синхронды сипаттау тұрғысында әрі тарихи диахронды бағытта саралау арқылы қарастырылған. Солар арқылы және қазіргі түркі филологиясының соңғы теориялық, әдістемелік жетістіктерін пайдалана отырып, қыпшақ тілдеріне қатысты этимологиялық және этнолингвистикалық сабақтастық мәселелерінің тілдік қатпарлары анықталған.

Жалпы түркі тілінің басты ерекшеліктері ретінде өзге ғылым мамандары да көне жазу ережелерінің, әсіресе оның әліпби құрамының соншалықты дәл және нақты жасалғанын атап көрсетеді. Мысалы, В.В.Бартольд көне түркі жазуының сол кезеңде осы тілде сөйлеген халық үшін өте ыңғайлы жасалғанын ерекше атап өткендігі, өзге ғалымдардың да бұл жазу туралы оң көзқараста болуына ықпал етті. Ғалым: «Турки, по-видимому, не только заимствовали готовый алфавит, но прибавили к нему некоторые новые знаки... Сверх того, алфавит был приспособлен турками к фонетическим особенностям своего языка, особенно к закону звуковой гармонии; вследствие этого самый старейший из турецких алфавитов в то же время должен быть признан самым совершенным из алфавитов, когда либо употреблявшихся турками» [2,23] – деген келелі ой түйінін білдіреді. Түркі тілдерінің терең білгірі В.В. Бартольд түркі жазуының дыбыс құрамы тілдің ішкі заңдылықтарымен өте тығыз қабысып жатқандығын, сөйтіп сөздің дыбыс құрамын өте дәл көрсететінін алға тартады.

Буын деңгейіндегі просодикалық құбылыс тек сингармонизм емес, тілдік қызметі осыған ұқсас буын просодикасы өзге тілдерде де кездеседі. Бұл саланың негізгі мамандарының бірі – профессор Гординаның «Отдельные звуки – элементы слога – привязаны к фонетическому положению и оказываются в тесной зависимости друг от друга и подчиненном положении по отношению к целому» деген пікірін проф. Н.А. Баскаковтың толық қолдайтындығы өзінен-өзі көрініп тұрған сияқты. Ол: «Некоторые исследователи считают, что сингармонические слоги строятся не по односторонней зависимости согласных от гласных или гласных от согласных, а определяются характером слога, т.е. характером фонемы, состоящей из элементов гласных и согласных. Эта теория отчасти применима и к фактам тюркских языков, в которых, правда, определяющими фонологическую структуру слова являются все же

согласные. А так как в этих языках согласные определяют характер не только слога, но и всего слова, то, как ни парадоксально, понятие фонемы, если слог типа СГС одновременно выступает и в значении самостоятельного слова, совпадает не только целым слогом, но и целым словом, т.е. слово-фонемой» – дейді.

А. Байтұрсынұлы өзінің «фонологиялық» пайымдауын төмендегідей сөздермен баяндайды: «Тіл болса, оның заңоны болуы керек. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жінішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің заңоны емес пе? ...Менің бұрынғы жазған сөзім хәм осы жолғы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы». Қазақ тілінің сондай «заңоны» ретінде үндесім (сингармонизм) фонологиясын алып отыр.

Қазіргі тілдік жүйеміздің негізі болып табылатын дыбыс талай тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, дамудың ең жоғары деңгейіне жеткендігі мәлім. Дыбысқа қатысты жүзеге асатын әрбір өзгерістер, құбылыстар заңдылыққа айнала отырып, қазіргі түркі тілдерін дамытты. Тіліміздің фонологиялық жүйесі ұзақ уақыт бойында дами отырып қалыптасқандықтан дыбыстарға байланысты өзгерістер де сан алуан дамуды басынан кешірді. Сондықтан олардың негізгі себебін анықтау қиынға соғады. Дыбыстар сәйкестігінің бір буынды сөздерден бастап көп буынды сөздерде де, афикстер құрамында да кездесуі оның көнеден келе жатқан заңдылық екендігін дәлелдейді.

Біздің дәстүрлі фонетикамызда фонологиялық және фонетикалық белгілер толығымен араласып кеткені рас. Бұл туралы белгілі фонетист ғалым Ә. Жүнісбек: басты мақсат қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап, оның ішкі құрылыс жүйесін сипаттап шығу, дыбыс өзгерістерін талдап, әуен түрлерін түгендеу. Сонымен қатар фонетикалық және фонологиялық талдау-сипаттамаларды жіктеп, әрқайсысын өз алдына дербес сала ретінде қарастыру қажет, – дейді.

Генетикалық туыстығы жағынан әлем тілдерінің ішіндегі Алтай тобына кіретін түркі тілдері жайында түркологиялық еңбектерде көптеген ғалымдардың әр түрлі принциппен құрған топтастырулары бар. Олардың қатарында түркі халықтарының өкілі, әлемдік тіл білімінде салыстырмалы әдісті тұңғыш қолданып еңбек жазған

Махмұт Қашқаридан (ХІ ғ.) бастап, И.Н. Березин, Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, Н.А. Аристов, Н.Ф. Катанов, Ф.Е. Корш, Н.А. Баскаков, А.Н. Самойлович А. Құрышжанұлы, Ғ. Айдаров, М.Томановтың топтастыруларын атап өтуге болады. Топтастыру принциптері белгіленген лингвистикалық айырым белгілерінің салмағын, географиялық өлшемін есепке ала отырып, сондай-ақ түркі халықтарының тарихи мәліметтеріне қарай түрлене береді. Алайда бүгінде түркі тілдерінің барлығы мойындаған ортақ топтастыруы жоқ деуге болады.

Жазба жадыгерліктердің басым көпшілігі бірлі-жарымды, ал кейде жеке бір материал тұрғысында жарияланғаны, қысқаша ғылыми-көпшілікке хабарлама ретінде ұсынылғаны болмаса, өз алдына арнайы зерттеу объектісі болмағандары көп. Мұның бір себебі – түркітанудың іргелі бір саласы қыпшақтануға кезінде жеткілікті мән берілмеуімен, енді бірі – осы салада тер төгіп, халық мұрасын игілікке жарата алатын мамандардың мемлекет тарапынан аз дайындалуымен түсіндіріледі ғой деп ойлаймыз [3] – дейді түркітанушы ғалым С. Боранбаев.

Жалпы түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтар бар және бұл оларды өзге тілдік семьялардан ерекшелейтін белгілер болып табылады. Тілдің құрамын өзгертуге себепкер болатын, жеке сөздерді тек тұлғалық жағынан ғана өзгертіп қоймай, бір түбірден тараған гомогенді параллельдердің семантикалық астарының жіктелуіне де ықпал ететін – дыбыс сәйкестіктері. Жалпы алғанда альтернативация құбылысы дегеніміз – дыбыстардың парадигмалық қатынасқа түсіп, бірінің орнына екіншісінің қолданылуы. Бұл құбылыс дыбыс алмасулары және дыбыс сәйкестіктері деп екіге бөлінеді. Ал, дыбыс сәйкестігі мен дыбыс алмасуы түркі тілдерінде принципті түрде ажыратылады.

Түркі тайпалары артына өшпес мұра етіп қалдырған жазба ескерткіштерді оқып білу бүгінгі әдеби тіліміздің тарихын зерделеуге, қазіргі қазақ тіліндегі теориялық мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады. Сондықтан мұндағы айтылатын ойдың негізгі мақсаты көне түркі, ортағасыр түркі тілдеріндегі ескерткіштерді оқытып, олардың мәтіндерін, оқу әдістемесін меңгертіп, тілдік ерекшеліктерін оқып-үйрену жолдарын меңгерту болмақшы.

Солардың негізгілерінің қатарына жазба деректерді дәуірлей отырып, жаңа мәліметтерге қол жеткізе алу болып табылады. Осыған орай, бұрынғы қол жеткізілген азды-көпті жетістіктеріміз жалпы “көне түркі мәдениеті” аясында қаралып келсе, қазіргі уақытта “көне түркі, ескі түркі”, яғни алғашқы VI-X және кейінгі X-XV орта ғасырлар аралығы сияқты және т.б. ұғымдар сахнаға шықты. Сонымен қатар нақты археологиялық, нарративтік дереккөздер мәліметтеріне орай жаңа ұғымдармен, танымдармен толықты [4] және мұндай іс-шаралардың ұдайы жалғасын тауып отыруы мүдделі қажеттіліктердің бірі.

Түп-төркіні арысы Орал-Алтай, берісі көне түркі тілі болып табылатын қазіргі қазақ тілінің өз алдына бөлініп, қалыптасу тарихындағы белесті, маңызды кезеңдерінің бірі – X-XV ғғ., яғни кейінгі орта ғасырлар дәуірі. Түркітанушы, академик Б.Е. Көмековтің пікіріне қарағанда кейінгі орта ғасырларда «Дешті-Қыпшақ» аумағында болып өткен тарихи оқиғалардың нстижесінде осы аймақтарды мекен-жай еткен түркі халықтары өкілдерінің әлемнің түкпір-түкпіріне шашырай орналасуы «Дала мәдениеті» танымына жаңа көзқарас қалыптастырды. Соған орай көне жадыгерліктерде «Тұран, Түркі даласы» атауымен қоса «Қыпшақтар, Қыпшақ даласы» [5] ұғымдары кеңінен қолданыла бастады.

Рухани құндылықтарымыз –Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген жазба жәдігерліктер. Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерді қазақ руханиятының қайнар көзі деп тани отырып, тілдік, әдеби тұрғыдан зерделеу – маңызды іс [6, 37].

Тіліміз бен жазу мәдениетіміздің тарихи даму жолын нақтылау барысында көне және орта кезеңдерде түрлі жазулармен хатқа түскен жәдігерлік-терімізді туыстас түркі тілдерінің материалдарымен салыстырмалы түрде зерттелуі шарт.

Тіл тарихын, оның сөздік қорын зерттеу үшін тілдік фактілердің көне дәуірде және ортағасырларда пайда болған жазба ескерткіштердің болуы шарт. Тілдің әрбір тарихи кезеңінен хабар беретін жазба материалсыз тіл тарихының болуы мүмкін емес. Түркі тілдерінің ортағасырлық кезеңінен хабардар ететін материалдардың бір тобы – Алтын Орда дәуірінде пайда болған ескерткіштер лексикасын қазақ тілі лексикасымен фонетикалық, лексика-

семантикалық, лексика-фразеологиялық, фоно-морфологиялық салыстырулар жасап зерттеу – нақты ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

1. Мусаев К. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – М.: Наука, 1975.
2. Бартольд В.В. Очерк истории Туркестана. Домонгольский период. ЗВОРАО, т. XXIII. – Спб., 1894.
3. Боранбаев С. «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ» жазба ескерткішінің тілі (XIII-XV ғғ.). – Шымкент, 2005.
4. Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабском словаре». – Алма-Ата, 1970.
5. Кумеков Б.Е. Некоторые итоги и проблемы кыпчакovedения. Евразийское сообщество. – Алматы, 1997.
6. Сабыр М.Б. Алтын Орда жазба ескерткіштері – ұлттың рухани мұрасы// «Алтын Орда жазба ескерткіштері – ұлт руханиятының негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Шымкент, 2020.

**Ж. РАЙЫМБЕКОВА**

*І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі*

## **ОРТА МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бағдарлай қараған адамға абайтану, яғни қазақтың ұлы ақын-философы Абайдың шығармашылығын біліп-тану мектеп қабырғасынан, мүмкін мектеп қабырғасына дейін басталуы керек, бұл анық дүние!

Абай шығармашылығы жайлы азды-көпті алған біліміңіз бір салаға тоғысар болса, ес біліп, көзін ашқалы Абай есімін жаттап келе жатқан әр қазақ: “е-е-е, Абайды білеміз ғой” – дері анық. Жастықтың желігімен біз де осындай тоқ көңілдің жетегінде жүрдік, жүре де берер ме едік, егер күндердің күнінде белгілі абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Мұхтартану және Абай

ғұмырнамасы» атты алғы сөзін өзі жазып, құрастырған «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» деген Мұхтар Әуезовтың кітабы қолымызға тимегенде. Ұлы ақын Абайдың өмірі мен шығармашылығын өмір бойы зерттеп, «Абайтану» ғылымының негізін салушы Мұхтар Әуезов ақынның ғылыми өмірбаянын толық жазбай, Абай шығармашылығын терең түсіну мүмкін емес деп білген. Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы өзінің «Мұхтартану және Абайдың ғұмырнамасы» деген еңбегінде: «Қазіргі күнде М.Әуезов жазған Абай өмірбаянының 1933, 1940 жылдары жарияланған нұсқасы аса сирек ұшырасатын, тек ірі ғылыми көпшілік кітапханаларда ғана кездесетін еңбекке айналып кетті. Мұның үстіне ол нұсқалардың латын әріптерімен жариялануы себепті оны қазіргі буынның оқып, білу мүмкіншілігі де жоқтығын ескеру керек. Ал, биографтың Абай өмірбаянын үшінші рет барынша өңдеп, соны деректермен толықтырып қайта жазған 1945 жылғы нұсқасы жарияланбай қалған. Оның машинкаға басылған қолжазбасының үшінші данасы М.Әуезов әдеби-мемориалдық музейі архивінде сақталып, көпшіліктің танысуына мүмкіндігі болмай отыр. Осы себептерді ескере отырып, М.Әуезов жазған Абай өмірбаянының төрт нұсқасын (1933, 1940, 1945, 1950ж) бір жерге топтап, оларға арнайы ғылыми түсініктемесін қоса басып шығару мезгілі де жетті деп білеміз» – деп атап көрсетті [1.52-б.].

Мекемтас Мырзахметұлының алғы сөзімен шыққан «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» деген Мұхтар Әуезовтың Абайдың өмірбаянын зерттеген еңбегінен қысқаша түйгенімізді ортаға салар болсақ, былай болады екен.

Қазақ халқының Ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығын толық білу үшін біз өмір сүрген қоғам мен өскен ортасын жете зерттемей, оның мөлдір таза, философиялық лирикаларының өресін ұға қоймаспымыз анық.

Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Абай үш жыл және «Приходская школа» үш ай оқиды. Абайдың бар оқыған оқуы осы. Медреседегі дін оқуы ықыласты, ерекше зейінді балаға қиындық соқпай, медреседегі оқу оған оңайға түседі. Ұғымға қиын араб сөздерін мұғалім бір айтып аударып бергенде Абай оны есіне сақтап, екінші рет айтқызбайды екен.

Абай медреседе араб, парсы тілдерін жақсы білумен қатар, шығыс поэзиясымен танысып, оның кәусәр бұлағынан дәм татып, рахат сезімге бөленеді.

Бірақ бұл сезім ұзаққа бармайды. Өзінің қаталдығымен елінің көптеген адамдарын өзіне жау қылып алғын Құнанбай, өзіне сенімді орынбасар тәрбиелеу мақсатында он үш жасар Абайды медреседен шығарып алып, ел билеу әдісіне баули бастайды. Он үш жасқа келген Абай өзінің балалық күшіне сай емес ел ісіне әке өкімімен еріксіз араласа бастайды. Алғашқыда барып кел, айтып кел де жүрген Абайға кейде әкесі кейбір істерге кесікті үкімін айтуды да мойнына жүктейтін. Әрине, бұл күндердегі Абайдың көңіліндегі иманы әкесінің сөзі. Соның ұғымы бойынша әкесінің жауын жау деп, досын дос деп санайды. Абай балалық асып, бозбалалық, жігітшілік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөз, жол-жора, мақал, тақпақ, ескі биліктерінде елдің маңдай алды кісілерімен қатар тұратын білім алған. Бір айтқанын ұғып алу, ұққанын ұмытпау, оны қиюын келтіріп ел сөзіне кірістіріп жіберу Абайға парыз секілді болған. Абайдың тағы бір жетістігі оның мұсылманша оқуы еді. Ел басқарған адамдардың көпшілігі Құнанбай секілді оқымаған адамдар болғанда, Абай олардың қасында өзін молдадай көрген. Үш жылдық медресе оқуы, бұған халық ауыз әдебиеті үлгілері қосылғансоң, Абайда өз заманының ішіндегі ел сөзіне өз күшіне сенген сенімділік пайда болады. Әкесімен жауласқан кісі мұның жауы болып, бетті, өжет жігіт болып, мұндай кісілерге мұның қолы мен тілі қатаң тие бастайды.

Сонымен қатар шешен, білгіш деген кісілердің барлығын оңайшылықпен місе қоймайтын зор көкірек, өз қайратына сенген тәкаппарлық Абай мінезінде пайда болды. Бұған Абайдың Қаратайға, Шорманның Мұсасына айтқан сөздері толық дәлел.

Ел іші сөзінде, оны бағындыруда, елге әмір жүргізуде Абай түгелімен әкесінің шәкірті болған. Өзге болса әдісі мен ебі ғана өзге.

Бай, жуан болу, түгел тобықтыны билеу, әкесінің жауын шаншып аяқ асты ету, Құнанбайдың қолынан шығып кете жаздаған билікті қалпына келтіріп, сол дәуірдің ерке қожасы болу, өзінен артылған бақты Құнанбайдың өзге балаларына қондыру – міне бұл Абайдың сол кездегі арманы, түгел ұмтылып қуған мақсаты болады.

Ұлғайған кезде артына қалған өмірге суық сыншы болып, өткеннің бәрін өкінішпен еске алған кезде Абай:

Жасымда албырт өстім ойдан жырақ  
Айлаға ақылға да жақтым шырақ  
Есейген соң тимеді ерік өзіме  
Сандаламен күн кешкен түспе ізіме –

дей келіп, Қаны қара бір жанмен, жаны жара... деген сөз текке айтылмаған.

Ел ісіне араласқан Абай ашу мен қаттылыққа шырақ жағады. Бойына қуат кіріп елді меңгере бастаған сайын қырына алған елге бөрідей тиеді. Жаулары да қарап отырмайды. Абай үстінен арыз, шағым түсіріп, Абай 1869-1870 жылдардың қысында қалаға тергеуге шақыртылады. Осы жолы Абай 12 іспен тергеліп Семей қаласынан 3-4 айға шыға алмай жатады. Осы тергеу барысында Абай орыстың көп судьяларымен, адвокаттарымен кездесіп, жақын болып жүреді. Бұрын өзін елімен салыстырып білімдімін, толықпын деп жүрсе, орыс оқыған адамдарына кездескен соң түбірлі білімі жоқ надан екенін сезген. Өткен өміріне қатты өкінген Абай, бар күшімен талпынып білім іздеген. Жасы отыздан асқан соң, бұрынға азды-көпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Азын аулақ тіл білген соң кітап оқуға кіріседі. Содан былай Абай өмірінде үлкен орынды ел сөзімен бірге кітап алады. Абай бұл кезде кітапты талғамай ретсіз қолына түскенін оқиды да, 1880 жылдарда Михаэлиспен танысқан соң, Михаэлистің ұсынысы бойынша белгілі жоспармен суретті әдебиет, сын, философия, тарих, табиғат әлеуметшілдік туралы кітаптарды белгілі ретпен оқи бастайды.

Осы ретпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Чернышевский, Добролюбов, Писарев. Европа ақындарынан Гете, философ – табиғатшыл білгіштерінен Спенсер, Луис, Дарвин тарихшыларынан Дрепер сияқты талайларды оқыған. Абай бұларды бір ақ жылдың ішінде оқыды деуге болмайды. Көбісін беріде, жасы ұлғайғанда оқыған болуы керек.

Өзінше Европа білімін көп ізденіп оқуы, бертінде Михаэлис, Гросс секілді зор білімді адамдармен сұхбаттаса жүріп, пікірлес, мәжілістес болды. Абайдың алдында жарық дүние есігі ашылғандай болады. Сонымен 1884-1885 жылдары Абай жасы қырыққа таман



келгенде, дүниеден көп мағлұматы бар, дүниеге өзіндік көзқарасы бар, сыны бар, әшейін ел кісілерінен сонауғұрлым білімді, озғын кісі болып бөлініп шығады [1.114,118,121,123,124,126,133 б.].

Орта мектеп бағдарламасы бойыншы А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын өткенде, сол кездегі Қазақстанның тарихи-әлеуметтік жағдайымен тығыз байланыстыру керек.

А. Құнанбайұлы Қазақстан тарихының күрделі кезеңінде, күрделі өмір сүрген сан қырлы талантты тұлға. Оның жеке өмірінде не өзі, не халқы ұялатындай бір бет жоқ. Ол ғылымға, ақындыққа бірте-бірте өзін-өзі тәрбиелеу арқылы ағартушылық жолмен келген. Абай өмірінің соңғы жағында ғана Ұлы ақын, ағартушы-философ дәрежесіне көтерілді. Соған дейін оның жүрегінде екі Абай тұрды. Оның бірі әке жолын қуған, ірі феодал ру басы Абай болса, Екіншісі ақын ағартушы, философ, ұлы гуманист Абай. Осы екі Абай ақын жүрегінде үнемі таласып келіп, Мұқыр сайлауындағы оқиғадан кейін феодал, ру басы Абайдың «саяси өлімі» болып, екінші Абай жойылып, бір ғана Абай, яғни ұлы ақын, ойшыл-философ, ағартушы, гуманист Абай ғана қалады. Осыны балаларға мектеп қабырғасынан бастап түсіндіріп оқыту керек. Себебі, ұлы ақын Абайдың өмірі мен оның сан-тарау қилы тағдырын білмеген бала, оның ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ халқының өмірінің шынайы бейнесін суреттейтін шығармаларының нәрлі сығындысын түсінбей кетуі әбден мүмкін.

Абай Құнанбайұлының жеке өмірі туралы айтқанда, оның әкесі Құнанбайға соқпай кету мүмкін емес. Құнанбай тарихта болған, «қарадан шығып хан болды» дейтіндей Қарқаралы округінде аға сұлтын болып, 1804-1886 жылдар арасында өмір сүрген. Мектеп оқушыларына Құнанбай туралы айтудың қиындығы, біз осы кезге дейін Құнанбайды айтқанда М. Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясындағы Құнанбайдың образын айтып, аса залым, оны жаман адам деп жерге тыға жамандап келдік. Ал енді еліміз тәуелсіздік алғаннан бері оны шектен асыра мақтау басым. Ұлы сыншы В.Г. Белинский айтқандай көркем әдебиет тарихи оған кесек ақыл, ғажайып ес анықтама бере алмайды. «Абай жолындағы» Құнанбай бейнесі жазушы М. Әуезов жасаған көркем образ болатын.

Ал өмірдегі Құнанбай қандай адам болған?

Құнанбай туралы Қазақстанға жер аударылып келген поляк революционері Адольф Янушкевич, 1848 жылы «маусымда өзінің досы Густав Зеленскиге Семейдің Аякөзінен жазған хатында: “Құнанбай бидің жасы Барақ сұлтаннан біраз үлкен. Бұл да дала өңірінде аты кең жайылған адам. Қарапайым қазақтың баласы. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Ісекер, өз аталастарының игілігі туралы қам жейді. Дала заңдары мен құран қағидаларының жетік білгірі. Қазақтарға қатысты россиялық уставтарды бес саусағындай біледі. Қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман.

Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да, шалғай-шалғай ауылдардан келіп жатады... Ал барлық байлар Құнанбайдың кебісін кигізуге жарамайды», – деп таң қалады [2.75-76-б].

Екінші Құнанбай туралы соңғы кезде көбірек мағлұмат берген Шәкәрім Құдайбердіұлының баласы Ахат Шәкәрімұлы, 1900-1986 жылдары өмір сүрген.

Ол кісінің жазуы бойынша: «Құнанбай діншіл адам болған. Пара алуды, пара беруді, өтірік айтып, ұрлық қылуды, адамға табынуды жаны түршігіп жек көрген. Ол тек құдай мен көпке бағынуды лайық деп санаған» – деп айта келіп: «Өскенбайды іздеп келген адамдардың барлығын Құнанбай тындап, әділ билік айтады, оған екі жағы да риза болып қайтады» – деп жазады [3].

Адольф Янушкевичтің Құнанбай туралы жазғанын Ахат Шәкәрімұлы толықтырып тұрғандай. Абайдың өмірін және шығармашылығын, Абайдың қазақ әдебиетіндегі алатын орнын және оның қазақ әдебиетіне алып келген жаңалықтарын, поэзиясын, қара сөздерін өмір бойы зерттеген, Абайтанушы ғалым М. Әуезов Құнанбай туралы не айтады екен, енді соны тыңдайық.

«Сонымен Жамантай өзі сұлтан бола алмайтынына көзі жеткен соң, өзіне қараған тастарды Құнанбайға салғызып, Құспек жеңіліп, Құнанбай сұлтан боған. Аға сұлтан болған бетінде Құнанбай көзге түсерлік жаңалық кіргізді ма, жоқ па? Бұл туралы ештеңе білінбейді «Қара болды» джеген ат болмаса елге жүргізген билікте, барлық істеген істің әдісі саясатында жаңалық болды деуге болмайды. Оны күтуге де керек емес», – дей келіп: «Тегінде Құнанбай аса діндар кісі болған. Бірақ сол діндарлығы көп уақытта ұсақ фонатизмгеде жетіп отырған. Мысалы, насыбай атқан адамның танауын тілу сияқты.

«Құнанбай аға сұлтан болған кезде өз еліне болыстыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Халық ұрыншақ мінезді, тентек, сиымсыз Майбасарды басшы болып ел менгеруге жарайтын кісі деп білмеген. Осы Майбасардың болыстығына наразы өз туысқаны Жігітек ішіне аттанып келген Құнанбай, Жігітек басшысы Бөжейдің өзіне қоса барлық ірі басты кісілерін ұстатып, байлатып алып, дүре салғызады», – деп жазады [1.106-1076].

Мұның арты жаулыққа ұласып, Жігітек ішінен басты-басты он жеті адамды Құнанбай Сібірге жер аудартады. XXVII-XIX ғасырларда рулық-патриархалды қоғамда өмір сүрген қазақ қауымы үшін басты мәселе – Жер. Осы жер туралы саясатты Құнанбай қалай жүргізген? Енді соған келейік. «Құнанбай ең әуелі жалпы Тобықтының жер шетін молайтуға күш салған. Сонымен шығыстың солтүстігіндегі күзеуі, оңтүстік сыртында жайлауы болған тобықты, екі шетіндегі уақ пен керейді өз жерлерінен ептеп жылжытып, тықсыра бастап, жылдан жыл өткен сайын жерлерінің өрісін молайта бастаған» – дейді М. Әуезов [1.1076].

Әуезовтың жазуы бойынша Құнанбай діншіл, өз замандастарының оқ бойы озып тұрған ақылды, шешен, зорлықшыл, «шынжыр балақ-шұбар төс» дейтіндей дала феодалы.

Құнанбай жөнінде бір-біріне қарама-қарсы айтылған екі түрлі пікірді салыстырып көрейік. «Қара қылды қақ айырған әділ», «Құранның білгірі», «Ел қамқоршысы» – міне Құнанбай туралы Адольф Янушкевич пен Ахат Шәкәрімұлының пікірі. Ал, М. Әуезовтің Құнанбай туралы жазуы бізді Янушкевичпен Ахат Шәкәрімұлының пікіріне қарама-қайшы, мүлдем басқа ойға жетелейді.

Менің ойымша Адольф Янушкевич те Ахат Шәкәрімұлы да Құнанбай мен оның заманын М. Әуезовтей зерттеген жоқ. Адольф Янушкевич қазақ тілін, оның әдет-ғұрпын білмеген, ол тек белгілі бір тапсырмамен Жетісуға бара жатып, көзбен көргенін өз пікірлерін қағазға түсірген. Тілін, әдет-ғұрпын білмейтін халық туралы жазған Адольф Янушкевичтің көп жерде үстірт кеткенін, қазақ халқының XIX ғасырдағы өмірін білетін көзі қарақты оқушыға бірден білінеді. Ал, Ахат Шәкәрімұлы 1900 жылы яғни Құнанбай қайтыс болған соң 14 жылдан кейін дүниеге келген. Ол Құнанбай туралы естелікті тек туысқан, жақын адамдарының бір

текті жағымды пікірлерінен жинаған секілді. Егер ол Құнанбай туралы өз аталарын Сібірге жер аудартқан Жігітектерден сұраса, олар Құнанбай туралы мүлдем басқаша пікір айтқан болар еді деп ойлаймыз. Алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай өзінің Мұхтар Әуезов туралы зерттеу еңбегінде «Қарқаралы округінің аға сұлтаны және болысы Өскенбаевтардың заңға қарсы әрекеттері туралы Сібір қазақтарының жалпы шекара басқармасына түскен шағымдары» және «Сұлтан Өскенбаев туралы» [4.373 б.] деген атпен белгілі екі томдық қылмыстық істің Омбы мұрағатында сақталып қалған материалдардың папкасының нөміріне дейін көрсетіп, Құнанбай үстінен қозғалған қылмыстық істерді атап көрсетеді.

Құнанбай туралы осы айтылған қарама-қарсы мәндегі екі пікірді саралай келгенде, Құнанбай «елдің қамын жеген Едіге емес», кәдімгі өмірде өзінің және ұрпағының үстемдігін орнатқысы келген ақылды да зерек, «шынжыр балақ шұбар төс» дейтіндей ру басы, дала феодалы. Әуезов «Абай жолында» суреттегендей өмірде Абай мен Құнанбай арасында үлкен конфликт болмаған. Ғылым, өнер жолына түскенге дейін Абай барлық ел басқару ісіне Құнанбайды өзіне ұстаз тұтқан, оның үлгілі шәкірті.

Абайдың биографиясын, оның шығармашылығын өмір бойы зерттеген академик М.Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянын бірінші рет 1927-1933 жылдары, екінші рет 1940 жылдары үшінші рет 1944 жылы және 1950 жылы төртінші рет толықтырып басқан. М. Әуезов Абайдың туыстарына, оның ішінде Кәкітай Ысқақұлына, шәкірті Көкпай ақынға, баласы Тұрағұл Тұрашқа Абайдың өмірбаяндық деректерін жаздырған. М. Әуезов Абай өмірін зерттеп жүргенде, Абайдың достары, туыстары, әйелі Ділдә, Әйгерімнен бөлек оның қастарымен де, жауларымен де көп кездесіп, Абай туралы мол мағлұмат алған. М. Әуезов өзінің «Мен «Абай жолы» романын қалай жаздым», «Абайдың Құнанбайұлы» атты ғылыми монографиясында Абайдың жеке өмірінен, жай күнделікті өмір дағдысынан көп мағлұмат береді. А.Янушкевич пен Ахат Шәкәрімұлының Құнанбай туралы жазғандарын М.Әуезовтің Құнанбай туралы зерттеуімен салыстырсақ, М. Әуезов Құнанбай туралы пікірлерінің ғылыми негізі жоғары да дәлелді екеніне көзіміз жетеді.

Абай шығармашылығын орта мектеп бағдарламасы бойынша оқытқанымызда, ақын нәр алған үш арнаны айтамыз. Олар: Халық

мұрасы, шығыс және батыс мәдениеті. Абай нәр алған осы үш бастауда шығыс мәдениетінен гөрі, батыс әсері мол болды деген пікір кешегі күнге дейін басым болып келді. Абай мұрасының шығысқа қатысын М. Әуезовтің өзі қысқаша тезис түрінде нені зерттеу керек екенін айта келіп, «Батысқа келгенде ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді» – дей келіп, «Абайдың діні сыншыл ақылдың шартты діні» – деп сипай қамшылап өте шыққаны болдмаса, тереңдеп барып талдай алмады. Өресі жетпегендіктен емес еді, темір құрсаулы кеңес идеологиясы талдатқызбады. Біз қазақ даласына мәдениет алып келдік деген отаршылдардың үстем идеологиялық насихатына уланған көпшілік: Абай шығармашылығында шығыс мәдениетінен гөрі, батыс әдебиетінің әсері мол болды, яғни Абай батыстан үлгіні көбірек алды деген пікірде еді. Тіпті абайтанушы ғалым Х.Сүйіншіәлиевтің өзі «Абай прозасының стилі Шығыс әдебиетінен ауысып келген стильде емес. Қазақ әдебиетіндегі ертегілік стильде де емес, орыс әдебиетінің мазмұны әсерінен пайда болған жаңа стиль» – деген пікірде еді.

Профессор Х. Сүйіншіәлиевтің осы догмалық пікірін қатты сынға алған ғалым Мекемтас Мырзахметұлы: «Абай қара сөздерінің жанрларын тегі мен стильдік ерекшелігін Шығыс әдебиетінде дидактикалық сарында жазылған «Намерлердің» төркінімен салыстыра қарау керек тәрізді» – дей келіп, «Біз осындай деректердің бірі шығыс әлемінде ертеден бері мәшһүр болған Кейкаб ибн Вашалидің өз ұлына насихат етіп жазған «Кабус-намасы» (Шығыста Насихатнама) деп білеміз» – дей келе, өзінің соны дәлелдері арқылы ғылыми тұжырым жасайды.

Абай шығармашылығын жан-жақты зерттеген М. Мырзахметұлы: «М.Әуезов мораль философиясы саласындағы Абайдың әлеуметтік күресінің тегігіне айналған толық адам жөніндегі Шығыстық белгілерді еске ала отырып: «Абайда батыстан кірген белгіден Шығыстық белгі басымырақ» – деген тұжырымның әлі күнге дейін ғылыми мәні барлығын мойындау керек» – деп жазды [1.65-б.] өзінің «Мұхтартану және Абай ғұмырнамасы» деген еңбегінде.

Абайдың шығысқа қатысын зерттеу М.Әуезовтен бастау алады деген ойды айтқан М.Мырзахметұлы, Абайға қатысты өзінің

барлық зерттеу еңбегінде ұлы ғалым, жазушы М.Әуезов еңбектерін бағдаршамдай алда ұстайды. М.Әуезовті Абайтанудың бірегей зерттеушісі деп, өзіне ұстаз тұтады. Мүмкін ғылымдағы дәстүр жалғастығы дегеніміз осы шығар. Абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы өзінің «Абай және сопылық ілім», «Мен бір жұмбақ адаммын», «Абайдың ғылым жайлы танымынан» – деген еңбектерінде ғалым, Абайдың дінін оның исламиятқа қатысын зерттей келе «Хауас» «Мантикин» «Мүтәкәллимнің»– тарихы мен мағынасын зерттей отырып, «Имамсыздық намазда, қызылбастың салған жол» – деген Абайдың бір жол өлеңін ғылыми тұрғыда талдай келе, оқушысына дін тарихынан хабар береді. Ақынның «Сәулең болса кеудеңде» деген өлеңін талдай отырып, жеке тұлғаның қоғамындағы орнын көрсетеді.

Ғалым Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың сопылық ілімін Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (1069), Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметімен» салыстыра отырып, Абайдың «Толық адам» «Кәмили Инсани» «Жауанмәргілік» идеясын тұтас бір әлем ретінде қарастырып, Абай шығармашылығында Ғұламаһи Дауани әсерін талдай келе Абайдың рухани дүниесінің шығыстық арнасына жан-жақты талдау жасайды.

Біздің бұл сөздерімізге қарап, Абай шығармашылығының рухани көзі шығыстан бастау алады деген пікір туындауға тиіс емес. Абай өз ұлты, қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің асыл мұраларымен қатар Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын тел емген ғұлама ақын. Бұл – анық! Сондықтан да, осы аталған Абай шығармашылығының рухани қайнар көздерінің үш бастауын біз жас ұрпаққа мектеп қабырғасынан бастап ұғындыра беруіміз керек. Айтқымыз келгені: Абайдың ғылыми өмірбаяны мен шығармашылығын және «Абай ілімі» мен «Абайтану» ғылымының тарихын ғылыми негізде, мектеп қабырғасынан бастап, ұлтымыздың болашағы жас ұрпақтың санасына сіңіре берсек, ұлт болашағы өркендей өсіп, кемелдене берері хақ!

#### Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997.
2. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жалын, 1979.
3. Шәкәрімұлы Ахат. «Құнанбай» мақала // «Жас Алаш», 1997 жыл 17 қыркүйек.

4. Жұрбай Т. Бесігінді аяла. – Астана: Фолиант, 2003.
5. Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы. – Астана: Білге, 2002.
6. Құнанбаев А. Өлеңдер мен поэмалар. I том. – Алматы: Ғылым, 1977.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XX том. – Алматы: Жазушы, 1985.

**Ж.К. РАЙЫМБЕКОВА**

*Түркістан облысы, Созақ ауданы  
Таукент қалашығы мұғалімі*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ПОЭЗИЯМЕН ТӘРБИЕЛЕУ АРҚЫЛЫ ҰЛТЖАНДЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазіргі күндегі біздің қоғамның алдында тұрған ең үлкен өзекті мәселе-тіл мәселесі. Бұған бейжай қарауға болмайды. Біздің мемлекетіміздің басты назары қазіргі тіл мәселесінің айналасында болып отыр. Саясаткерлеріміз болсын, ғалымдырымыз, ұлт жанашырлары болсын бұл мәселеге үлкен алаңдаушылық танытып отырғаны бекерден-бекер емес. Егер тіліміз жоғалса, ұлт болып қалыптасуымыз да өз ұғымын шектейтін ащы болса да шындық болып отыр. Тілімізді жоғалтсақ, бәрін жоғалтамыз, ұлтымызды жоғалтамыз. Қазіргі кезде тек еліміздің оңтүстік аймағы мен шет аудандардың ауылдарында ғана қазақ тілінің қаймағы бұзылмай келе жатыр. Қаладағы тіл мәселесі туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Бір мемлекетті экспансиялаудың жолы оның тілі мен дінін жою екені тарихтан белгілі.

Бабаларымыз ат үстінде жүріп, найзаның ұшымен, білектің күшімен сыртқы жаулардан сақтап қалған кең-байтақ жерімізді, тәуелсіздігімізді жоғалтып алмау-мен қазақпын деген әрбір азаматтың міндеті деп білемін.

Сондықтан ұлтымызды, тілімізді, дінімізді сақтап қалу үшін өз үлесімізді қосу-біздің отанымыздың, ұлтымыздың, болашақ ұрпағымыздың алдындағы азаматтық борышымыз.

Ұлтымызды жоғалтсақ, тәуелсіздіктің де құнды бола алмайтыны кімге болса да белгілі. Ұлтымызды, тәуелсіздігімізді сақтау

үшін біз ең алдымен тілімізді сақтауымыз керек. Ал тілді сақтау үшін ұлтжанды тұлға қалыптастырып алуымыз керек.

Сол үшін де мен әр сабағымда осыған үлкен мән беремін. Ана тіліміз біздің бабаларымыздан мұра болып қалған ең асыл қазынамыз болса, сол қазынаның кілті-ұлттық салт-дәстүріміз бен қазақи тәрбиемізде.

Бұрынғы кезде ата-апаларымыз,әсіресе,кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде өлеңмен хат жазуды әдетке айналдырған. Бірер шумақ өлең шығармайтын қазақ кемде-кем болған. Аталы сөзге тоқтай білу-біздің қанымызда бар қасиет екені тарихымыздан, шешендеріміздің сөздерінен белгілі.

Менің 41 жылдық ұстаздық жолымда байқағаным, адам неғұрлым поэзияға жақын болса, соғұрлым жаны таза, иманды, тілін, сөз құдіретін құрметтейтін болады. Ал жаны таза адамнан қоғамға пайда келмесе зиян келмейтіні сөзсіз.

Мен өзім қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі болғандықтан,тіл жанашыры ретінде,ұлтжанды азамат ретінде алдыма мақсат қойдым.

**Ол-қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабағында оқушыларды поэзиямен тәрбиелеу арқылы ұлтжанды тұлға қалыптастыру.**

Қазіргі заман ағымы жаңашылдықты, ізденімпаздықты талап етеді. Осы талап деңгейіне жауап бере алатындай ұлтжанды тұлға қалыптастыру үшін мен үнемі ізденіс үстінде жүремін.

Қазақ тілі болсын,әдебиет сабағы болсын 3-5 минут уақытымызды «**Поэзия минутына**» арнаймыз. Кейде сабақта амандасуды да өлеңмен бастаймын, оқушылар шамалары жеткенше өлеңді жалғастырады. Классиктерімізден, белгілі жас ақындардан өлеңдер жаттап келіп оқиды немесе өздерінің өлеңдерін оқиды Экспромт өлеңдер,қайым айтыс менің әр сабағымның ажырамас бөлшегі десем де болады.

Мысалы, қазақ тілі сабағында «**Төл сөз бен автор сөзін**» өткенде әдебиетпен байланыстыра отырып, жұмбақ өлең шығардым.

### **Жұмбақ**

«Төлімсің, тек өзімнің»-деді маған,  
Келтірген дүниеге автор анам  
Жай сөдің арасында ерекше боп  
Тұратын тырнақшада мен бір балаң (Төл сөз)



Төл сөздің әкесі де, шешесі де,  
Қос нүкте қойып алып шекесіне  
Тіл сөзді тырнақшада сақтайтұғын,  
«Деді» – деп, араласпай жеке ісіне (Автор сөзі)

Оқушылардың төл сөз бен автор сөзін тез түсінуіне бұл жұмбақ өлеңдердің көп септігі тигенін сабақ барысында байқадым.

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын өткенде

Мағжан – ұлы даламың,  
Арман қуған баласы.  
Ғажайыбы заманның  
Жанашыры, данасы,  
Арамыздан әкеткен  
Нәубеттің зіл-заласы. (7-сынып)

деп ақын есімінің әрбір әрпіне өлең шығардым

Махамбет Өтемісұлын өткенде

Махамбетім,  
Алдаспансың,  
Хас дұшпанмен  
Арбасқансың.  
Мәңгі өлмейтін ерлігіңмен  
Болашаққа жалғасқансың.  
Елің мәңгі жырлап өтер  
Таусылмайтын жыр-дастансың! (9-сынып)

деп ақын есімін пайдаланып шығарған өлеңім оқушыларыма қатты ұнады, өздері де осылай өлең шығаруға тырысты.

Ш. Мұртазаның «Тұтқын бала» әңгімесінен соң

Тұлпардың тұяғы,  
Ұл болды зиялы.  
Расқа  
Айналды  
Рысқұл қиялы –

деп сабағымды өлеңмен түйіндегенім де шәкірттерімнің көңілінен шықты.

Ә.Нұрпейісовтің «Балықшыларын» өткенде

Ерлік ісің  
Лайықты құрметке  
Адал жансың  
Мінезің бар бірбеткей  
Арамдыққа қарсы тұру сен үшін  
Нар адамға жүктелетін міндеттей –

деп негізгі кейіпкеріміздің образын ашуда осы өлеңді пайдаландым.

**«Қырық өтірік»** ертегісін өткенде  
Өтіріктен алдына жан салмаған,  
Тазша бала ханнан да тайсалмаған.  
Ізіне әбжыланның қақпан құрған,  
Растап өтірігін қайсар балаң.  
Ісімен ханға өзін дәлелдеген,  
Келтірген өтірігін дәлелменен.  
Ши оқпен құлататын құланыңды,  
Шегін қымыз сауып жыланыңды, –

деп өлең шығардым.

Өзім сабақ беретін 5-Б сыныбында өлеңге жаны жақын балалар өте көп. Сол балаларға **«Поэзия минутында»** қайым айтыс жасап жүрмін. Бұл өз жемісін беріп келе жатқаны мені қуантады. Мен оларға алдыңғы екі жолын айтамын, балалар соңғы екі жолын тәп-тәуір аяқтайды. Мысалы: 20.01.14 ж күнгі сабақта **«Поэзия минутында»**

**Мен:** Жаңа жылда бәріміз  
Жалқаулықты тастайық (дегенде)

**Аружан:** Оқулықты алып біз  
**Жаңа сабақ бастайық!**- десе

**Нұрсәуле:** Жаңа жылда бәріміз  
Жалқаулықты тастайық  
**Жылқы жылын бәріміз**  
**Қуанышпен бастайық!** –

деп әп-әдемі аяқтағаны мені қатты қуантты.

Тағы сол сыныпта:

**Мен:** Жалқауларды қайтеміз,  
Оқымайтын сабақты?! (дегенде)

Нұрсәуле: **Отыратын үндемей,  
Түйін алып қабақты, –**

деп аяқтады.

Өзім: (әзілдеп) былай аяқтадым

Жалқауларды қайтеміз,  
Оқымайтын сабақты  
Бермей қойса сол күні  
Мамасы оған тамақты.

27.01.2014 жыл 5 «Б» сыныбында «Поэзия минутында»

Мен: Жақсы оқитын баланы  
Бәрі жақсы көреді. (дегенде)

Нұрсәуле: **Жақсы оқитын балаға  
Апай сыйлық береді**

Және: **Оқымайтын балаға  
Кімдер сыйлық береді? –**

деп екі нұсқада шығарса,

Ақерке: **Жанат апай оларға  
Сыйлық әкеп береді.**

Және: **Байқап оны жалқаулар  
Сабақ оқып келеді, –**

деп, ол да екі нұсқада шығарды.

Әр тоқсанның соңында өз пәнімнен үздік оқыған оқушыларға өз атымнан сыйлық әкеліп беретінмін. Ақерке бұл жерде соны айтып отыр. Мені осы кішкентай қанаты қатпаған балапандарымның өлеңге деген құштарлықтары, алғашқы қадамдары қуантады, шабыт береді. Бұл аяқсыз қалмайтынына сенемін. Олар есейген сайын ойлары да бірге есейіп, бұдан да ойлы, салмақты өлеңдер өмірге келер деп үміттенемін!

6-сыныпта “Қайым айтыс”, “Жалғасын тап” ойыны кезінде оқушылар өте жақсы өлеңдер шығарды.

Көктем келді далама,  
Өң кіріпті қалама.  
Туып өскен өлкемде

- Мұратбек Оразхан 6 “Ә” сынып 14.03.22  
 Көктем келді далама  
 Өң кіріпті қалама  
**Күн уақыты ұзарып**  
**Қуанады бала да**
- Айдарбек Аяулым 6 “Ә” сынып 14.03.22  
 Көктем келді далама  
 Өң кіріпті қалама.  
**Өзге елге барғанда**  
**Өз еліңді бағала**
- Алиханбар Ербол 6 “Ә” сынып 14.03.22  
**Көктем келіп қалыпты,**  
**Құстар әнге салыпты. (Өзім)**  
 Ағаштардың барлығын  
 Жасыл түске малыпты.
- Айдарбек Аяулым 6 “Ә” 04.05.22

9-сыныпта Әдебиет сабағында айтыстың түрлерін өткенде (бұдан көп жылдар бұрын) соңғы сағатында оқушылар екі топқа бөлініп айтысты. Айтыстың барлық түрлері қамтылды.

### **Жұмбақ айтыс**

- **Айгүл:**

Дидарың Оңтүстіктің мақтасындай,  
 Білемін бұған жауап таппасыңдай-ай,  
 Әселжан, айта қойшы, дүниеде,  
 Не қымбат алтынан да ат басындай?

- **Әсел:**

Алтын күміс-тас екен  
 Даналық сөз-рас екен  
 Жұмбағыңның шешуі  
 Арпа бидай-ас екен.

Сабақта барынша бастан-аяқ кара сөзбен емес, өлеңмен сөйлесуге тырыстық. Кемшіліктері де болып жатты. Бірақ мені балалардың өлең сөздің құдіретіне деген қызығушылықтары қуантты.

Мен де сабақты:

Біздерде жақсы да,бар жаман да бар.  
Жалқаулық осы менен тәмамдалар,  
Журналда екіліктер тұрмас еді,  
Осылай дайындалса командалар! –

деп аяқтадым

Оқушылардың поэзияға деген қызығушылықтарын арттыру үшін “Поэзия мигутынын”, “Жалғасын тап”, “Кім жылдам?”, “Кім тапқыр?”, “Сөзбен түйін түйю”, “Қайым айтыс” ойындарының нәтижесі өз жемісін беріп келеді. Осы тәжірибемді ортаға салып, әріптестеріме бұл тәжірибенің берері мол екендігіне көздерін жеткізіп, әрі қарай жалғастырып, күнделікті іс-тәжірибелерінде қолдануларына ұсыныс жасағым келеді.

#### Әдебиеттер

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т 20 Монография мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: Санат, 1997.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976.
4. Мақатаев М. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1982.
5. Жармұхамедов М. Айтыс. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990.

## ЖАС ҒАЛЫМДАР

---

**Б.Б. ӘДІЛБАЕВА**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
2-курс магистранты

### АУДАРМА ПЬЕСАЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ КӨРІНІСІ: Ф. КАФКА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН МЫСАЛҒА АЛЫП ТАЛДАУ

**Аңдатпа:** абсурд ең алғаш Францияда шыққан дедік. Ол тек 1950 жылдары емес, оған дейінгі авторлар шығармасында да кездесті. Осы орайда Франц Кафканың шығармашылығына, оның абсурдтық тақырыптарды ерекше жолмен көтерген авторларға қалай әсер еткенін алайық. Франц Кафка (1833–1924) – ХХ ғасырдағы еуропа әдебиетіндегі өзіндік орны бар, ерекше тұлға. «Гоголь шекпеніндей» оның да шекпенінен модернизмнің түрлі бағыттары шыққан, ол бағыттар экзистенциализм философиясына ықпал еткен.

#### **Кіріспе**

«Абсурдты» «ежелгі грек философтары логикалық тығырық деп түсінген, яғни мұндағы талқылау талқылаушыны нағыз мағынасыздыққа немесе қарама-қайшылыққа тіреп, шығар өзге жолды, ой мен өзге амалды талап етеді» [1, 11-б.]. Грек дәстүріндегі абсурд жайлы Я. Котт жазған [2, 161-167 бб.]. Сөз төркіні гректерден римдіктерге жетіп, барлық еуропа халықтары тіліне сіңіп кеткен (лат. Absurdus – мәңсіз). ХІХ ғасырда абсурдты философиялық категория ретінде қайта ашқан – С. Кьеркегор. Ол бұл ұғымды адам «тұрмысына/болмысына» бағынбайтын «экзистенциямен» қатар қарастырған. П. Павидің анықтамасы бойынша, ХХ ғасырда философиялық экзистенциализмнен шыққан «абсурд» түсінігіне нақты анықтама беру мүмкін емес; ол адам әрекетіндегі философиялық және саяси негіздерден бас тартқан» [3, 1-б.].

Алғаш рет «абсурд» сөзін 1950 жылдары Францияда әрекет мәні көрермен көкейінде түрлі өрбитін спектакльдер пайда бола бастаған

кезде театр әлемінде қолданған – М. Эслин (Мысалы, Э. Ионеско, С. Беккет, кейінірек – А. Адамов, Г. Пинтер). Зерттеушілер абсурдтық драма мен психологиялық драма арасынан байланыс барын анықтаған. Мысалы, Чехов пьесаларындағы ұқсастықты айтуға болады (орнықты сюжеттері, жұп әрекеттер, заттық әлем қызметі, қайталану поэтикасы). «Беккет тек жағдайдың тоқырап, өзгеріссіз қалғанын ғана көрсетпейді, сонымен қатар олардың ішкі әлеміндегі нағыз себебін тауып, мәнсіздіктің өмір бойы және бір нәрсенің үнемі қайталана беруін анықтаған... Осындай экзистенциялық шарасыздықтан мәнсіз адам өмірі шығады» [4, 214-б.].

### **Негізгі бөлім**

И. Бражников абсурд ұғымын абсурдшы драматургтер шығармасы аясында шектеп қоюға болмайды дейді. Драматургиялық, сахналық, идеологиялық контекске қабыспайтын абсурд элементтері 1950 жылдары абсурд театры пайда болмай тұрып-ақ қалыптасқан. П. Пави жіктеуі бойынша, Беккеттегі абсурд «ғаламдағы бейберекет көрінісінің құрылымдық принципі» секілді көрінеді [5, 204]. Ол «абсурд тұрмыстың мәнін түсінуге тырысқан кезде пайда болады, ол мағыналық (тілдік) тығырықтың дәл өзі, ойдың (тілдің) әлсіздігі тұрмысты ұйымдастырудың басы саналады. ... Сөйтіп, абсурд ең алдымен дискурс тоқырауы және интерпретацияның проблемасы: бір дискурс аясында абсурд көрінетін дүние басқаша көрінуге мүлде міндетті емес» [5].

XX ғасырдың 50-жылдарында Батыс драмасы тұрмыстың абсурдқа толы екенінен, адам өмірінің құнсыз, мәнсіз екенін баяндайтын, драмалық кейіпкер жанының «бос» қалуын алға шығаратын экзистенциализм философиясына баса назар аудара бастады. Бұл драма кейіпкеріне психологизм, дара болмыс, нақтылық, өзгергіштік, өзара байланыс тән емес; ол әлеуметтік және өткенімен байланыстан жұрдай. Драма әрекеті құнсыздануды, тілдің майдаланып, бұзылғанын көрсету арқылы коммуникация төңірегіндегі мәселелерді қамтыған. Бұл – жағдайдың емес, нақты сюжет пен конфликт жоқ оқиғаға сүйенген театр. Сюжет композициясы қайталанып отырады, сол арқылы адамның адам күшінің құнсыз әрі құр әуре екенін танытады. Тұрмыс параметрін анықтайтын уақыт пен кеңістік бастапқы мазмұнынан айырылады: уақыт өзінің міндетті хронологиялық тәртібін жоғалтса, кеңістік

нақтылығынан айырылған. Осындай сипаты бар Батыстағы абсурд театры италиялық комедияға сүйенген, оның буффонада, клоунада, гротеск және кейіпкерлердің маска киюі секілді ерекшеліктерін алған. Аталған жанрларға тоқталсақ, олардың басты ұқсастығы сол: олар жанр диффузиясы деп аталатын комедиялық және трагедиялық пафос бірігіп кеткен.

Абсурд ең алғаш Францияда шыққан дедік. Ол тек 1950 жылдары емес, оған дейінгі авторлар шығармасында да кездесті. Осы орайда Франц Кафканың шығармашылығына, оның абсурдтық тақырыптарды ерекше жолмен көтерген авторларға қалай әсер еткенін алайық. Франц Кафка (1833–1924) – ХХ ғасырдағы еуропа әдебиетіндегі өзіндік орны бар, ерекше тұлға. «Гоголь шекпеніндей» оның да шекпенінен модернизмнің түрлі бағыттары шыққан, ол бағыттар экзистенциализм философиясына ықпал еткен. Шығармалары емес, өзінің жалғыз да қайшылыққа толы тұла бойы заманауи әдебиеттің символына айналды. Кафка дүниетанымындағы шегі де, шеті де жоқ пессимизм, трагедияға, метафораға, құпияға әрі үрейге толы романдары, лабиринт-түс принципі бойынша дамып отыратын қарапайым, сонымен қатар көп қырлы хаттары – мүлде бөлек жаңа поэтиканы туды, тіпті тың болғаны сондай әдебиетке ұқсамайтын.

Кімде-кімнің әлемдегі ең бірінші қорқынышы шығармашылық болса, сондай адамны тұңғышы – Кафка. Кейіпкерлері автордың дәл өзі сияқты ауыр азапқа төзуге мәжбүр, мәңгі жалғыз, төңірегі ешқашан мұны да, өзі де түсінбейтін, өмір бойы құл, беймәлім жағдайдың құрбаны болып қалады. Дүниені түсіну адамзаттың мандайына жазылмаған, ол механизм адамнан мәңгілікке жасырылған. Осындай «кафкалық» дүниетаным көптеген абсурдистерге тән.

Соғыстан кейінгі француз әдебиеті шетелдік әдебиет ықпалына бейім болды. Осы кезде Кафка рөлі артты. Ж.-П. Сартр айтқандай, Кафка «адам тағдырын сипаттауды қалады. Бірақ бәрінен бұрын белгісіз және қол жетпейтін судьялар жүргізген және кенет сәтсіз аяқталған тұрақты процесте айыпталушы өзіне тағылған айып мәнін анықтауға тырысқан бос әурешілігі бізді қызықтыра түсті, аса мұқият жасалған қорғаныс кенет өзі қорғап тұрған адамына қарсы шауып, айып тағылған құжаттар тізіміне қосылып кеткені, мұны абсурдқа толы қазіргі уақытта мұны кейіпкерлер де басынан



өткеріп, шешімін таба алмаған соң біз мұны тереңнен жаза түсуді қаладық... Кафка шығармаларында адам тағдырын өзгеше әдіспен жазған, толық және тұтас жасанды, үмітсіз, есесіне жете, талғаммен және қарапайым. Бұл көзге көрінгеннің бұрмалаусыз дәл сондай екенін жеткізу үшін, көзбен көріп отырғанның ар жағында бізге айтыла бермейтін басқа шындық жатқанын ұғыну үшін керек. Кафкаға еліктеу де, одан қайта көшіріп алу мүмкін емес. Біз оның кітабынан құлағымызға сыбырлағанын алып, өзімізге жаңа жол табуға тырыстық» [6, 210-б.]. Адамов айтқандай, өмірдің өзі «кафкаша» болып кеткен. «Процесс» пен «Қамалдың» әдебиет құрылымына жаппай ықпал еткен. Жаңа бағыт тудырмағанымен, әдебиеттің ойын өзгертуге де тілек қалыптастырды. Франц Кафка – пьесалары өте аз болғанымен, XX ғасырдың екінші жартысындағы театр сахнасында өте көй қойылған, өте танымал болған автор. Кафка шығармаларының бәрінде конфликтінің арнаулы сценографиясы, образдардың режиссурасы, сахна метаформасы және т.б. барлығы кездеседі. Оның көркем шығармалары – сахнаға қоюға таптырмас материал. Францияның соғыстан кейінгі алғашқы театрларының бірінде режиссер болып жүрген Жан-Луи Барро Кафканың «Процесс» және «Қамалын» қойып, режиссер өзі басты рөлде ойнаған. «Процесс» премьерасы 1947 жылғы 10 қазанда өткен. Барро тапқан стильде Жарридің, Аполлинердің, дадаистердің, неміс экспрессионистерінің, Арто мен Витрактің әдеби және сахналық дәстүрін бір жерге топтастырған. Мұндай синтезден кейін Барро қойған спектакльге қатысты өткір сын айтылды. «Бұл пьеса емес, бұл тек образдар, фантомдар мен елестер тізбегі ғана... Бұл киноматогрфия, балет, паномима, бәрінің қойытпағы» [7, 35-б.], – деп сынаған. Мартин Эсслиннің қойылымға қатысты ойы мүлде басқа. Ол былай дейді: «Бұл инсценировка абсурдистер спектаклін орап түсті. Барро абсурд театрының ашыларын болжағандай: ол клоунада, алогизм поэзиясы, түс көру мен аллегорияны байланыстырды» [8, 348-б.]. Шынында да, Кафка шығармасы тұңғыш рет сахналанғанда абсурдшылардың да пьесалары енді жарыққа шығып жатқан еді, сондықтан Франц Кафка мен С. Беккет, А. Адамов, Э. Ионеско, Ф. Аррабаля шығармаларындағы үндестік күмән тудырмайды. Барлығы да адам өміріндегі абсурдтық жағдайларды,

адамзат миынан туатын бірақ адамзат түсінігіне сыймайтын, көзі ашықты экзистенциализм әлеміне сүйреген тақырыптарды көтерді.

Ф. Кафка шығармаларын қазақ театрларында қойған режиссер де, мәтінін аударып, инсценировкасын жасаған драматург те сирек. Соның арасынан Е. Аманшаев және Қ. Сүгірбаев тандемін бірегей дейміз. 1990 жылдардың соңына қарай (1997) М. Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры сахнасында Қ. Сүгірбаев режиссерлігімен Ф. Кафканың «Құбылыс» новелласын қойылды. Сахналық нұсқасын жасаған драматург – Е. Аманшаев. Е. Аманшаев ғалым ретінде экзистенциализм тақырыбын зерттеу нысаны етіп алғаны, осы тақырып аясында «Жалғандағы жалғыздық немесе қазақ прозасындағы кеңістік пен кейіпкер әлемі», «Қазақ прозасындағы екіұдайлық», «Қазақ әңгімелеріндегі уақыт жүгі» [9] секілді мақалаларын жариялаған. Сондықтан Е. Аманшаевтің дәл Ф. Кафка шығармасын аударғаны, оның сахналық нұсқасын жасағаны бекер емес. Ф. Кафканың «Құбылу» (Die Verwandlung) атап жүрген новелласын «Адам-жәндік» деп аударғанымен, біз қарастыратын қойылым сахнаға «Құбылу» атауымен шыққан.

Ф. Кафканың «Құбылу» новелласындағы Грегор Замза бір отбасының ауытпалығын өзім көтерем, асыраймын деп жүріп жігіт жәндікке айналып кетеді. Автор шығармасынан Ф. Кафканың өзін көреміз. Ол әкесінен қатты қорыққан, екеуінің арасы тым қиын болған деседі білетіндер, сондықтан Ф. Кафка шығармаларындағы балалар қатыгез әкесінің мейірімін көргісі келеді, жүрегін жібітуді ойлайды. «Құбылуда» да бір үйді асырап, әкесіне жағамын, шешесі мен қарындасының мейірімін көремін деп дәмеленген жігіт жәндікке айналып кетіп, тіпті сүйкімсіз бола түседі. Жәндік кейпіндегі ұл әке мейіріміне бөленбек түгілі, енді оның көзіне түсуге қорқып, қашып жүреді. Үйіндегілер мұның өлімін тілеуді шығарған. Бұл арқылы Кафка не айтқысы келген? Ол адам қанша жерден бір туған болса да, ол жалғыз, жат екенін, адам жаны тек өзіне қымбат екенін, адамгершілік заңы сырт қоғамда ғана емес, отбасында да сақталмайтынын айтқысы келген. Фантастикалық «паразит» мотиві шынайы өмірге қабысып кеткен. Күнделікті шынайы тіршілік сюрреализмдік өмірмен тоғысып кетеді. Трансформациясына қарамастан, бас кейіпкердің ақыл-есі орнында. Осы арқылы оның жәндікке айналуы отбасы Грегорды қаншалықты жат көретінін

көрсетсе керек. Жатбауырлық қай кезде де барлық елде өзекті мәселе болғанын Кафка шығармасының әлі күнге дейін оқырманы көп болғанынан аңғаруға болады.

М. Әуезов театры сахнасында қойылған «Құбылыс» та жәндік кейіпінде осы жүріп адамдығын сақтап қалған Грегор мен адам кейіпінде болғанымен, жәндік құрлы мейірімі қалмаған адамдар арасындағы кереғарлықты көрсете білген. Грегор рөлінде Дулыға Ақмолда ойнаған. «Адамның жәндікке айналуын, ақырындап адами қасиеттерінен арылуын актер жоғарғы деңгейлі пластикалық дене қимылдарымен, акробаттық трюктармен оңтайлы жеткізе алды. Көрермен оның ойыны арқылы денесінде алты аяқтың, қанаттардың өсуін, арқасында жәндіктегідей қатты қабыршақтың пайда болуын тітіркене отырып сезінді. Қоюшы-режиссер актердің үстіне үлкен матадан тігілген, тек басы мен аяғы шығатын тесіктері бар киімді кигізген, сол матаның ішінен, жәндіктің денесінен шыға алмағандай бүкіл жан-дүниесімен буырқанған Грегордың әр қимылы арқылы бейнелеген» [10, 46-б.].

### **Қорытынды**

Қ. Сүгірбаев режиссер болған туындылар өте күрделі. Оның қолынан шыққан туындылары эксперименттікке, философия, психология, метафораға тұнып тұрады. Қысқа ғұмырында қазақ театрына Кафка, Ибсен секілді еуропалық күрделі авторлардың, М. Жұмабаев, Ж. Аумауытов секілді шығармасы сирек сахналанатын қазақ авторларының туындыларын қойған. Азды-көпті шығармашылығын зерттеген театртанушылар оның ерекше қолтаңбасына тоқталмай кетпейді. Сондай пікірдің бірін әдебиеттанушы, сыншы Ә. Бөпежанова айтқан. Ол: «Сүгірбеков театры – реализм, романтизм, символизм, сюрреализм, абсурд сынды бағыттарды өз стилінде қорытқан, яғни, тағы қайталағанда, екінші шындықпен де жұмыс істейтін театр. Жалпы адамзаттық мәдени тәжірибе үлкен құндылық деп танитын режиссер қажет деп тапса, бұл бағыттағымдардың қай-қайсысында еркін жүзеді және үлкен суреткер ретінде оларды өз стилі аясында табиғи түрде шебер үйлестіреді; сондықтан да оның спектакльдерінің мәдени қуаткернеуі өте жоғары болып келеді» [11] – дейді.

Әлем мойындаған, адамзат проблемасын көтеріп, мәңгілік тақырыптарды қозғаған Ф. Кафка шығармасы – терең философия. Оның туындысын оқыған адамның Кафка кітабын ұстағанға дейінгі ойы өзгеруі бек мүмкін. Ол мейірімге зәру әлемді жылытуды, құрбан болған кейіпкерлері арқылы ғаламға жылу бергісі келген. Күрделі философиясын сахналау да оңай емес, қазақ сахнасында шығармалары сирек қойылып жүрген себебінің бірі осы болса керек. Оңай шағылатын жанғақ болмаған соң, жауапкершілігі ауыр жұмысқа көптің қолы батпаған секілді. Кафканың бұдан да өзге «Қамал», «Процесс», «Ауыл дәрігері» секілді туындылары біздің қоғамға ауадай қажет. Кез келген қоғамда кездесетін күрделі жағдайларға философиялық ой жүгірткен шығармалардың диттеген ойын дәл жеткізер мықты драматург-режиссер тандемдерін көреміз деп білеміз.

#### Әдебиеттер

1. Фрагменты греческих философов. – М., 1987. – С. 11.
2. Котт Я. Греческая трагедия и абсурд // Современная драматургия. 1990. №6. – С. 161–167.
3. Пави П., Словарь театра. – М., 1991. – С. 1.
4. Клуге Р.–Д. Антон Чехов и Беккет // Современная драматургия. 1990. №4. С. 214.
5. Бражников И. Смысл и чистота абсурда // Современна драматургия. 1994. №2. С. 204.
6. Сартр Ж.-П. Что такое литература? — СПб.: Алетейя, 2000. — 466 с.
7. 10. Cahiers de la Compagnie Madeleine Renaud — Jean-Louis Barrault. Paris: Gallimard, 1957. 126 p.
8. Esslin M. The Theatre of the Absurd. – Paris: Buchet-Chastel, 1971. – 456 p.
9. Аманшаев Е. Аңызды аңсау: Проза. Драматургия. Әдебиеттану. Мәдениеттану/ – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2013. – 384 б.
10. Нурсолтан Е. Қазақ театрындағы шетел драматургиясын интерпретациялау мәселесі (1991-2015) // Диссертациялық жұмыс. – Алматы: 2018. – 46-бет.
11. Бөпежанова Ә. Аққан жұлдыз жарығы немесе Қайрат Сүгірбеков театры // Жас Қазақ. – 2006, тамыз 18.

## **ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЕРТЕГІСІНДЕГІ АБСУРД ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

**Аңдатпа.** Ертегінің бірнеше функциясы болғандықтан, оны әртүрлі ғылым саласында қарастырады. Мысалы, ертегі халық дүниетанымынан хабар береді, сондықтан философия ғылымы халықтың ертедегі дүниетанымын ұғу үшін осы ертегілерге назар аударады. Әдебиеттану саласы сюжетін, образдар мінезін зерттеп, сол арқылы салт-сананы, ұлт психологиясын, тіпті сол уақыттағы проблемалық мәселелер ұшын шығарады. Әдебиеттану мен психология, әлеуметтану, мәдениеттану секілді бірнеше саланың арнасы тоғысады. Ертеден бері келе жатқан түсінікті, проблеманы анықтауға болады. Мақалада әдебиет пен әлеуметтану саласының байланысын көреміз.

### **Кіріспе**

Оның ішінде ертегідегі әлеуметтік проблемалардың көтерілуі жайында сөз болмақ. Психолог ғалым Зигмунт Фрейд адам түсінігіндегі ертегі сюжеттерінің ерекшелігін зерттеген, 1913 жылы *Marchenstoffe in Traumen* атты еңбегін жазып шыққан еді. Шәкірті, аналитикалық психология негізін салушы К. Юң ұжымдық бейсаналық, яғни архетип жағынан қарастырған. Ж. Кэмпбелл болса, 1949 жылы жарыққан шыққан *The Hero with a Tho usand Faces* атты еңбегінде қаһармандардың әрекеттерінен, олардың кезіккен қиындықтарынан ұсқастық іздеп, осы арқылы халықтың ортақ проблемасын, қандай қиындыққа тап болып, одан бартырдың құтқарғанын қалайтынын анықтаған. Батыс ғалымдарының еңбектерінің кейін, орыс ертегілерінің ортақтығын бірізге түсірген, сюжетіне қарай топтаған В. Пропптың еңбегін айта кету керек. Оның 1928 жылы шыққан «Морфология «волшебной» сказки» атты еңбегі бар. 1988 жылы Билл Мойерс *Power of Myth* деген еңбегінде мифология және голливуд фильмдеріндегі байланысты сипаттаған. Осыдан ертегі мен киномотографияның да байланысын анық байқауға болады. Ертегіден тек сөз байлығын, халық тәжірибесін ғана емес, сол бір кездегі үрейін, қызығушылығын, проблемасын да көруге болады.

Адамды қоршап тұрған қалыпты әлемдік тәртіптің сыртқы танымында жасырын түрде қамтылған абсурд әуелден бар және онда белгілі бір мекенге қатысты немесе уақытша шектеулері жоқ (салыст. «абсурд сезімі») [1, 222–319]. Буренинаның пікірі бойынша, абсурдтың кез келген шектен табылмау ерекшелігі оны кодталмаған кеңістік құбылысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді: «абсурд – ақылдың рационал-логикалық ойлау шекарасында қиылысуы» [2, 189]. Е.В. Клюев «абсурд мәтін негізі тікелей фольклорда жатыр» деп ашық айтады [3, 92]. Орыстың «Куручка Ряба» атты ертегісін зерттеген зерттеушілер оның тұла бойы тұнып тұрған абсурд екенін айтады. Дегенмен бір оқығанда білінбеуі мүмкін, алайда «Бәрінің өз орны бар» деген негізгі ойды жеткізіп тұрған ертегі кейіпкерлері әрекетінен дүниені бейберекет қылғысы келгендердің абсурд әрекетін жеткізіп тұр деген ойды айтқан. Бұл ойды одан әрі құптаған Бурина «Абсурд, негізінен, фольклор секілді» деген пікір білдіреді.

### **Негізгі бөлім**

Маңыздысы сол, абсурд та фольклор секілді халықтың мифологиялық санасына, негізінен, ортақ ойланбастығын негізге алады, кеңірек айтар болсақ, трастұлғалық категорияны қарастырады. О.Л. Кабачек, мысалы, арихаикалық абсурдтық ерекшеліктерді анықтайтын бірнеше семантикалық өріс түрін анықтайды. Мысалы: қорқынышты немесе ажал құшатын, бесік жырлары, олардың мазмұны адам санасының түрлі түс көру, танатологиялық немесе мистикалық секілді түрлерімен байланысты. Бұлар балалар фольклорындағы түрлі тақпақ, жаңылтпаш секілді түрлі жанрларында да кездеседі. Әсіресе, қиял-ғажайып ертегілерде анық байқалады. Бұл туралы айтқанда «тарихи абсурд» табиғатына сай келетін мазмұнда өрбиді. Ертегінің көбінде «қасиетті жер» мен оған қарама-қарсы жат, «жеті қат жер астындағы», аспаннан ар жағындағы ел болады. Бұл елдер абсурд, жағдайдың екінші жағы/екінші ұшы символына сай келеді. Бұл аймақтарда жыландар патшалығы, Жалмауыз кемпір, Жеті басты дәу секілді түрлі кейіпкерлер болады. Бұл шынайы өмір мен түнек өмір концепциясының жақындауын/ажырауына қатысты байланысты көресетеді. Жеті қат жер астындағы әлемге түскен қаһарман өзіне мүлде таныс емес, өзіндік нормасы мен қисыны бар әлемге келіп түседі, осы арқылы сол

әлемнің нақты шекарасын көрсетеді. Осы сәттен бастап кеңістіктік-уақыттық шатасу, ойлау жүйесі өзгеріп, жағдай абсурдқа ұласады.

Мысалы, Льюис Кэрроллдің *Alice in Wonderland* ертегісінде логикалық қарама-қайшылықты анық байқауға болады. Мәні жоқ сөздерден құралған, лингвистика тұрғысынан да қате деп танылған. Льюис Кэрролл парадокске толы өткір ойлары арқылы оқырманды өзіне тартып тұрады. Басынан не өтсе де, оның кейіпкерлерінде психологиялық нақтылық бар, ал шынайы детальдер жағдайды одан әрі күлкілі ете түседі. Кэрролл сөздің тура және жанама мағынасын да алады, бұл дәл балалардың әрекеті секілді. Абсурд дарамасының генезисі де осы халық театр дәстүрінен бастау алады, сюжеттері ертегі жанрынан шығып, нағыз мәнсіздіктің не екенін айғақтайды. Бұл ертегіні авторы бар қиял-ғажайып ертегі деп білеміз. Л. Кэрролл мәтінін зерттеген В.П. Григорьева (2002) оның сөз қолданысы туралы былай деген: «Стиль автора система содержательных и формальных лингвистических характеристик, присущих произведениям определённого автора, которая делает уникальный воплощённый в этих произведениях авторский способ языкового выражения» [4, 706 б.]. Оның стилі көркем шығармадағы эксперимент ретінде қарастырылады. Ең бастысы Л.Кэрролл тілді ойнату арқылы мәнсіздік тудырып, ертегі әлемінің құрылымына ықпал етеді. Сәтті қолданылған тілдік құралдың ұтымды тұсы көп. Автордың негізгі принципі сол, оқиғаның формасы мен мұзмұны бір-біріне сәйкес келмейді. Екеуі мүлде екі түрлі нәрседен хабар береді. Каламбур тіл ойнату ретінде лексикалық-стилистикалық деңгейде шығарманы қарастыруды талап етеді. Т.А. Корнеева: «В отличие от реального мира, страна чудес представляет собой замкнутую систему, в которой каждый предмет является носителем одного постоянного признака» [6, с. 72]. Яғни әр кейіпкер өзінше бір мінезді көрсетіп тұрады, мысалы, Шляпник мен Наурыз Қоян – өздерін алаңғасар етіп көрсетеді, Мысық үнемі күліп жүрсе, Ақ көжек бәрінен үркіп жүретінін айтуға болады. Ертегі әлемі бүгінгі адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетіп отыр. Сонымен қатар бас қаһарман ауызекі қарым-қатынас нормасын үнемі бұзады. Осы арқылы автор шынайы өмірдегі адамдардың нағыз қарым-қатынасын көрсетіп отыр, бұл үшін Алисаны пайдаланған. Тұтас ертегі метафораға толы, Алиса оқырманды әр сөздің өзіндік әлемі бар ғажайып әлемге

жетелеп отыратын жол көрсетуші, ондағы әр абсурд астарына нақты логика мен автор ойы жатыр. Ондағы каламбурларды, сөз ойнату тәсілін түсіну кейде ұлттық мәдени айырмашылықты меңгеруді талап етеді. Кей каламбурларында полисемия, омонимия, антонимия, паронимия, этимологизация, терминдерді түрлендіру, аббревиатур немесе нақты кісі есімін ойнату секілді түрлері кездеседі. Мысалы: «I see nobody on the road, » said Alice. «I only wish I had such eyes », the King remarked in a fretful tone. «To be able to see Nobody! And at that distance too! Why, it's as much as I can do to see real people by this light! ». «I see somebody now!», she exclaimed at last [5]. Мұның астарында жалған этимология жатыр, сонымен қатар тіке түсініп қою секілді абстрактілі түсінік бар. «Nobody» (ешкім) сөзін Патша «Ешкімнің» нақ есімі екен деп қабылдап, Алисаның айтқаны өзгеріп кетеді. Ондағы каламбурларды, сөз ойнату тәсілін түсіну кейде ұлттық мәдени айырмашылықты меңгеруді талап етеді. Ағылшындарға күлкілі болған, абсурд ойға жетелеген тұсы өзге халықтарға қалыпты көрінуі мүмкін. Бұл туралы, яғни абсурдтың мәдениетке қарай өзгерісі – өзінше мәдени лингвистика, әдебиеттегі мәдениеттік таным тұрғысынан қарастыруға тұрарлық тақырып. Осындай сөз ойнату түрлерін қазақ халық фольклорындағы Тазша бала ертегілерінен көруге болады. Бұл туралы сәл кейінірек.

Ертегідегі ой сол халық тұрмыс-тіршілігінен хабар береді. Ол ой ертегіден тегін айтылған жоқ, сол арқылы қоғамдағы, өмірдегі түрлі мәселелерді көтереді. Мұндай сипат барлық халық ертегілеріне ортақ. Бұл ретте қазақ ертегілері бар. Сол арқылы байырғы қазақтың арман-мақсатын, әлеуметтік өмір шындығын танимыз. «Дүниенің жаратылыс сыры, адам туысы, қас ие, дос иелер тұлғасы, әрекеті жөнінде неше алуан бұлдыр долбар, сырлы қиял, ғажайып ұғым-нанымдар жасап алып, соны дін іргесі еткен. Және осы жағдайлардың бәрі ертегі, аңыз түрінде туып, тараған. Ол ертегі, заманының білімі де, ұғым наным да түгел жиылған. Сол күндегі адамның шама-шарқына қарай құрылған қазынасы солар» [6, 35 б.]. Қазақ қиял-ғажайып ертегілері мен Батыс ертегілерін салыстырсақ, қазақ ертегісінде Батыс халқында кездеспейтін жағдайлар бар. Мысалы, жеті қат жер асты, жеті қат аспан әлемі, бірде қара құстың үстінде ұшып бара жатып, түймедей болып көрінген жер бейнесі, күн



астындағы күндей сұлулардың адам аяғы жетпейтін жерде орналасуы, ол жерлердің барса келмеске айналғаны, су асты әлемі секілді кете береді. Осы әлемді бағындырған ер жігіт не өледі, не мұратына жетеді. «Осы алуандас ертегілердің бәрінде адам қандай, адамды қоршап тұрған дүние қандай? Ол дүниенің жаратылыс сыры туралы сол күндегі адамның ең алғашқы ұғым-нанымы, түсінік қиялы қандай? Қандайлық мифтік түсініктер жасап еді, бұлдыр менен болмыс, барлық арасында сол күннің шамасына қарай білім, наным етіп ұстанғаны немене еді? Адам жаратылысы мен қуатының өзі қандай жұмбақ еді және сол адамның күшіне сену, нану қаншалық дәрежеде биік, берік еді? Осының бәрін халықтың ой қиялы тудырған ғажайып ертегілер неше алуан түрде қзінше шешіп, ашып береді» [6, 35 б.]

Ертегідегі билік не қара күш иесіне қарсы, адам баласы басып көрмеген қиын тапсырманы орындауға, қара алып күшпен күресуге кім аттанады? Жалғыз, жарымжан, көптің бірі болып жүрген бір кедей барады. Бұл кейіпкер күшіне емес, ақылына сенеді, тәуекел ете біледі. Көбіне ол әлжуаз бала, жас жігіт, біреудің жар дегендегі жалғысы, кедей не болмаса күштіден қорлық көрген момын, я болмаса өз күнін адал еңбекпен көрген батыр, мерген болып келеді. Бұл кейіпкерлер жақсылық жаршысы ретінде аттанады. Олардың қарсыласы – оқлым күш. Жалпы сипаты Камю сипаттаған үшінші мысал кейіпкеріне сәйкес келеді. Ол – әлем заңын ұмытып, бәріне өзі ие болғысы келетін тіршілік иесі. Алайда оның бәрі Камю әрдайым қайталаудан жалықпайтын «өлім деген ақиқаттан» қашып құтыла алмайды. Заттық әлем құранына айналғандардың бейнесі халық ертегілерінде өте көп кездеседі.

Енді қазақ халқының қиял-ғажайып ертегісі «Күн астындағы Күнікей» атты туындысын талдап, мұндағы абсурд жағдайларға тоқталып көрейік. Қоғамда белгілі бір шекараны аттамаса, әлем абсурдқа айналмас еді. Алайда адамдар сол аттамау керек шекараны кесіп өтіп, айналасын абсурдқа толтырады. Осындай ойды ертегі барысынан да көру болады. Сюжет барысынан адамның ауыр бейнеттен құтылып, жақсы өмірге ұмтылысын көруге болады. Жайлы өмірге жетіп, мақсатына жеткісі келеді. Сол мақсатқа жету барысында бас кейіпкер түрлі қиындықтарды өткереді.

Бас кейіпкер әрекеттеріндегі абсурдқа тоқталайық. Ең алғашқы әрекеті – өз үйін тастап, мақсатына жету үшін сапарға аттануы. Ол үй сондай жайлы да ыңғайлы болады. Бірақ алға қойған мұрат оны тастап, қиын жолды бастан өткеруді талап етеді. Жоғарыда атап өткендей, кейіпкер белгілі бір мақсатқа жету үшін өзге әлемге сапар шегеді. Мүйізі алтын киікті ұстап әкелген соң жетім бала сый орнына, одан да күрделі тапсырма алады, себебі ханның қызғаншақ уәзірлері ханға осындай шешім шығаруға кеңес береді. Осылай әр тапсырмасын сәтті орындап келген сайын, одан да қиын тапсырмаларды беріп отырады. Осы арқылы баланың үйден аттанған кезі мен, ана дүниеге аттанғанға дейінгі сәті көрінеді. Сынақ кезінде бар қиындықтан, кедергіден құтқарар сыйқырлы нәрсе иеленеді. Қолдаушысымен кездесіп, аян беріп желеп-жебейді. Қайырымды мінезінің арқасында өзіне жолдас табады. Ол жолдастары қиын кезде көмектесіп, кедергіден алып шығуына себепкер болады. Мысалы, ертегідегі жетім бала Күнікей қызды алып қайтар сапарға шыққанда жетімнің жанына төрт жолдас табыла кетеді. Әрқайсы ерекше қабілет бар жолдас еді. «Сонымен бесеуі жолдас болып жүріп келе жатса, бір шұқанақтан көп балаларымен тырмысып шыға алмай жатқан бір құмырсқаны көреді» (Babalarsozi, 2011: 126). Қайырымды жетім құмырсқаға да көмектесіп, құмырсқа ертегі поэтикасына сай жақсылығына жақсылықпен жауап қатады. Бас кейіпкер шынайы өмірдегі де, «өзге әлемдегі» де қиындықты көреді. Кейіпкер жанындағы жолдастарының арқасында сол кедергідерден сүрінбей өтіп кетеді. Мысалы, қызды алуға бара жатып алдарынан ит шығады. Бұл иттен талай қыздан дәмесі бар азамат өте алмай кері қайтқан не сол жерде өлген. Оның сынақтан өтуінің өзі толық бір сюжет. «Сонда хан: – Жолдарыңда бір көк төбет ит кездесті ме? – деп сұрайды. Бұлар: – Жолда бір күшікке кездесіп едік, біздің лақтырған кесегіміздің астында үні өшіп, өліп қалды, – дейді» [7, 105]. Бұдан әрі түрлі қиындықтарға тап болады. Алайда жанындағылардың арқасында ол қиындықтарды да еңсереді. Күресте жеңіп, жүгіруден озып, қырық қыз арасынан Күнікейді тауып, ханның амалын қалдырмай, қызын береді.

Шынайы әлемдегі, қиыл әлеміндегі тыныштықты бұзып, хаосқа айналдыратын кейіпкерлер бар. Мысалы: хан мен уәзірлері, қыз әкесі, мыстан кемпір. Бұлар А. Камюдің эссесіндегі дүниені

жаулап алуға тырысқан, мәңгілікті қалаған, тарихта қалуға ұмтылған, жаратылыс заңын ұмытқан кейіпкеріне келеді. Мәселен, хан мәңгілік ағаш түбіндегі күміс және алтын өзенге батырылған қанатты қалап, сол арқылы мәңгілік билікті аңсайды. Мұнда тіпті саяси абсурд элементі байқалады.

Осынша күрестің астарында не бар? Барлық ертегіге тән зұлымдық пен мейірімнің күресі деуге болады. Тереңдей түссек, ең алдымен хан мен оның уәзірлерің заттық әлем құлы екенін көруге болады. Олардың дүниеқоңыздығы, заттық әлем құрбаны екенін – жетімге берген тапсырмаларынан көрінеді. Сонымен қатар мәңгілік билікке құштарлығын да алтын таққа жұмсаған кезінен-ақ байқалады. Әуел басында оларға ешнәрсе болмайтындай, бәрі өз дегенімен жүргендей көрінеді. Алайда Күнікей оларды сыйқыр күшімен ханды қасқырға, уәзірлерін түлкіге айналдырып жібереді. Неге? Осы орайда заттық әлемге бой ұру саналы адамға емес, санасы жоқ жануарға тән деген ой жатыр.

### **Қорытынды**

Қазіргі балалардың қабылдайтын ақпараты өте көп. Солар ақпаратты жылыжайында өсіп жатыр десе де болады. Олардың ойлау қабілетін қалыпқа салып тастамай, бірдей ойлайтын бір-біріне ұқсайтын ұрпақ өспесін десек, осындай қиыл-ғажайып ертегілермен достастыру керек. Оның астарын, философиялық шешімдерін тым күрделі емес, қарапайым тілмен жеткізу жолдарын да қарастыру керек. «Күнікей» ертегісіндегі Желаяқ, Көлтаусар секілді ғажайып кейіпкерлер арқылы қиялын дамытуды көздеу керек. Әрине, балалар дәл қазір абсурдтың не екенін түсінбей, оған мән бермес. Оларға соңы жақсы аяқталса болды, алайда сыни ойлау дағдысын дамыту үшін астарында не бар деген сұрақ формасын өзгертіп, түрлі сауал қоюға болады. Үлкен қалада «құбыжық» көп. Мысалы: рухани құлдырау, атақ-даңққа мас болу, жемқорлық, бір-біріне селқос қарау, ақшаға құмарлық және т.б. Мұны бәрі біледі. Көбі осының соңында, жүрегі дауалағандар қуып жетіп, хан мен уәзірлері секілді ғайып болып кетеді. Осы ойды балаларға жеткізе алсақ, болашақ ұрпақ тәрбиесіне аз да болса үлес қосарымыз анық. Қазақ ертегілері арасында «Аяз би» шыншыл ертегісіндегі бас кейіпкер – абсурд адамына қарама-қарсы. Ол абсурд адамы секілді заттық әлем құбаны емес және ол өз тірлігінің мәнсіздігін, өмірдің

өткінші екенін тек бір сәт дамылдағанда емес, үнемі ойлап, байлық – ажалдан құтқармасын біледі.

### Әдебиеттер

1. Камю А. Миф о Сизифе. Эссе об абсурде [Текст] / А. Камю // Ницше Ф., Фрейд З., Фромм Э., Камю А., Сартр Ж.-П. Сумерки богов. – М.: Политиздат, 1989. С. 222–319.
2. Буренина О. «Реющее» тело Абсурд и визуальная репрезентация полета в русской культуре 1900–1930-х годов [Текст] / О. Буренина // Абсурд и вокруг: Сборник статей / Отв. ред. О. Буренина. – М.: Языки славянской культуры, 2004. С. 189.
3. Клоев Е.В. Указ. соч. С. 92.
4. Григорьев В. П. Об изучении поэтического языка // Григорьев В.П., Будетлянин М. Языки русской культуры, 2000. – С. 705-712
5. <https://school-science.ru/5/3/35348>
6. М. Әуезов, Ертегілер. – Минпрос. – 1957, 35-б.
7. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 74 том. Қиял – ғажайып ертегілер. – Астана: “Фолиант”, 2011. – 105 б.

**Ф.А. ДУЙСЕНБАЕВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

## **С. МҰҚАНОВТЫҢ Ш.УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ (эпистолярлық мұра негізінде)**

**Аңдатпа.** Мақалада С.Мұқановтың эпистолярлық мұрасына назар аударатырып, жазушының Шоқан Уәлиханов туралы «Аққан жұлдыз», «Шоқан Уәлиханов» т.б. еңбектерін жазудағы қиындықтары мен ізденістері талданды.

Оқырман хаттары – шығармашылық лабораторияның кілті десек, «Аққан жұлдыз» романы мен «Шоқан Уәлиханов» пьесасына жазылған оқырман хаттары арқылы сол кездегі қоғамның шығармаға деген көзқарасы сараланып, туындының беймәлім тұстары ашылды.

Ш.Уәлиханов, оның ата-бабасы туралы ел аузынан естіп өскен С.Мұқанов өзінің саналы ғұмырын Шоқан Уәлихановты зерттеуге арнаған. Жазушының Ш.Уәлиханов туралы еңбектерін төмендегідей бөліп қарастыра аламыз:

➤ Пьесалар («Ариадна арқауы» (1945) кейінірек «Шоқан Уәлиханов» (1953) деген атаумен қайта жазылған), «Қашқар қызы»;

➤ Роман («Аққан жұлдыз»);

➤ Ғылыми-зерттеу еңбегі («Шоқан Уәлиханов» (1962) кейіннен Шоқан, Абай туралы зерттеулерді жинақтап «Жарқын жұлдыздар» (1964) атты монография жазды. «Шоқанның халықшылдығы», «Шоқан аға», «Өршіл ойлы ғалым», «Шоқанның әдеби-көріністері», «Ғалым, ағартушы, демократ» т.б. мақалалар).

Ж.Бекболатова С.Мұқановтың Шоқан туралы мақалалары туралы: «Үстем ортада туып, түп атасынан бері билік тізгінін қолда ұстаған ұядан шыққандығынақарамастан оның қарапайым халық бұқарасының мүддесін қорғаған дүниетанымын паш етеді. Сол арқылы Шоқан есімін «байшыл» ғылым өкілі болудан арашалап алады. Осы жүйедегі ой-пікірін сол кездің саясат шеңберіне шақтап жаза отырып, Шоқан мұраларының халықтық, бұқарашылдық сипатын ашады», – деп бағалайды [1,49]. Расында, Шоқан мұрасын зерттеу, зерделеу ісі арнайы тапсырылмаған. Оған Шәкенге жазған хаты айғақ. С.Мұқанов «мойынға өз еркіммен артқан жүк» деп атайды. Бұл жолда Шоқанды байдың баласы деп бөлмейді, зерттеу жолында аянбай тер төккен.

К.Ахмет «Сәбит Мұқанов Шоқан ізімен» мақаласында Сәбеннің Қытайдағы сапарға шығуы туралы біршама дерек келтіреді. 1950 жылдардың соңына қарай Шоқан Уәлихановтың ізімен жүрген С.Мұқанов ғалым туралы көркем шығарма жазуға деректер іздеген. «Шоқанның ізімен жүрген сәттерінде тарихи-этнографиялық қазынасын молайтып жүрді. Тіпті Шоқанның Қашқарияда 10 ай 14 күн тұрғанын да ең алғаш айтқан Сәбит Мұқанов болатын» [2,71]. Бұл да Сәбеннің жасаған ізденісінің нәтижесі.

С.Мұқановтың 141 томнан тұратын эпистолярлық мұрасында Ш.Уәлиханов туралы хаттар көп. Біздің қолымызға түскен хаттарды саралай отыра, ішінара бірнеше тақырыпқа бөле аламыз:

➤ С.Мұқановтың Ш.Уәлиханов туралы зерттеу жұмыстарының жүргізілуі;

➤ Ш.Уәлиханов туралы шығарманың жазудың қиындықтары т.б.

➤ «Шоқан Уәлиханов» пьесасы, «Аққан жұлдыз» романы туралы оқырман хаты;

- Пьесаны сомдаған әртіс пен жазушы арасындағы хаттары;
- Пьесаның аударылу жайы туралы хаттар т.б.

Ш.Уәлиханов туралы еңбек жазуда, Шоқан жүрген ізбен жүру, сол жерлерді көзімен көру, ғалым туралы білетін адамдармен сұхбаттасу, хат алмасу; мұрағат, мұражайлармен байланыс жасау – осының барлығы жазушының кредосына айналған тәрізді. Ол Шоқан туралы зерттеулер үшін Ресейге де, Қытайға да, Қырғызстанға да барды. Шоға Аманның әкесі Ыдырыс Уәлихановпен, Достоевский мұражайымен хат арқылы байланысып жасап отырған. Ал Қытайға сапары С.Мұқановқа оңайға түскен жоқ. Оған Д.Алексеевичке ашуға булығып жазған хаты (29.09.1955) айғақ. Сурковтың бастауымен Қытайға бір топ жазушылар баратыны белгілі болған. Бірақ, ол тізімде Сәбең жоқ. «За последние 10 лет я неустанно хлопочу перед ССП СССР, о поездке в Китай, причем, как в прошлом году говорил Вам лично, что желаю я ехать туда не с туристской целью, а чисто творческой», – дейді [3]. Жазушы бір жыл емес, екі жыл емес, бақандай он жыл осы үлкен романға отыруға ниеттенген. Шоқан туралы деректері бар болғанымен, толыққанды болмыс пен бітімді суреттеу үшін, әсіресе, үлкен туынды жасау үшін бұл жазушыға жеткіліксіз еді. С.Мұқановтың хатта ашулану себебі өзін Қытайға жібермегендіктен емес, уәдесінде тұрмағандарына наразы. И.Фадеев те, Сурков та, Д.Алексеевич те мүмкіндік туған жағдайда бірінші кезекте барасыз деп жазушыға уәде берген. Жазушы хатында осы наразылығын айқын көрсетеді: «Что это такое, Дмитрий Алексеевич? Неужели я не достоин быть командированным в братское государство, как Китай или Вы мне не доверяете? Скажу прямо по-товарищески, – я просто возмущен!.. Теперь, опять хлопочи, опять доказывать..», – деп өзінің жан айқайын ашады [3]. Қытайға барамын деп талап қоюы, алдымен Ш.Уәлиханов туралы мәліметтерді толықтыру, толыққанды дүние жазу. Жазушының ренішін де түсінуге болады. Ол Индияға барамын дегенде де жібермей, орта жолдан келген М.Әуезовті жібереді. Сонымен қатар, Қытайға сонша жыл барамын деп үміттенген Сәбеңнің тізімде болмауы да ашуландыратын дүние. Мұндағы айтпағымыз, жазушының психологиялық күйі емес, оның Шоқанға деген, әдебиетке деген адалдығы.

Талай жылғы ынтасы мен ерік-жігерінің нәтижесінде С. Мұқанов Қытай сапарына барып, «Аққан жұлдыз» романына отырады. Романның үшінші кітабы аяқталмаған. Бірақ, С.Мұқановтың хаттары арқылы оның деректерінің көп болғаны сонша, эпопея жазбақ болған. Ф.М.Достоевский мұражайына жазған хатында (12.04.1971) трилогия емес, төртінші кітабы да шығуы мүмкін деген болжам жасаған.

С.Мұқанов В.Борисовичке (08.07.1944) жолдаған хатында Шоқан Уәлиханов пьесасының мазмұнын байытып, образды айқындай түсу үшін бірнеше мәрте түзетулер енгізілгені айтылады. Қайта-қайта тексеруі Шоқанға, тарихқа, көрерменге деген құрмет ғана емес ұлттық мұра алдындағы жауапкершілік деп түсінеміз. Сонымен қатар, әр пьесасының сахналануына да бей-жай қарамаған. Гурьев облыстық қазақ драма театрының бас режиссері Николай Ильичке жазған хатында «Шоқан Уәлиханов» пьесасының драматургы ретінде ғана емес, сахналануын бақылаушы тұлғасында көрінеді.

Шәкенге хатында (30.04.1968) Шоқан туралы айту оңай болғанмен, жазудың қиындығын жеткізеді.

Оған екі себепті бар:

➤ «Шоқан үлкен ой-сананың, өнер білімнің, зор істердің кісісі», – дей отырып, Шоқан бейнесінің көрсетудің қиын екендігін айтады [4,306]. Шоқанның ортасы, білгілікті адамдар бейнесін, оларға деген бас кейіпкердің пейілін көрсету – бұл көлемді еңбекті талап ететін жұмыс.

➤ Шоқан Уәлихановтың ғұмыры қысқа болса да, жасаған ісі, артынан қалдырған мұрасы, ортасы үлкен екені мәлім. Бұл да зерттеу зерделеу жұмыстарының ұзақтығын білдіреді.

Осындай қиындықтарға қарамастан, жазушы өзінің ізденісін тоқтатпаған.

Ал «Аққан жұлдыз» туралы оқырман хаттарында бағалаудан гөрі, сұрақ көп. Әрі романның қайшылығын көрсететін көзі қарақты оқырмандар жазған. Евесов Қайролла тәрізді романды жоғары бағалаған адамдар да жетерлік. Кейбір оқырманның көкейінде сұрақтар туындап, соған хат арқылы жауап алғысы келеді. Б.Жуматаев Кенесары-Наурызбай оқиғасы туралы, ал Ағайдаров Садық «Аққан жұлдыздағы» Елембай жөнінде мәлімет сұрайды.

Екі жерде ек түрлі дерек кездесетін хаттар көп. Мысалы:

Алдаберген Хаджи «Жұлдыз» журналына (18.06.1970) жіберген оқырман хатын жолдайды.	<b>«Аққан жұлдыз» романы</b>	<b>«Жұлдыз» журналы</b>
	40-бетінде Шорманның Мұсасы 1812 жылы туған.	4-бетте 1833 жылы туған.
	18 бетінде Көкпекті дуанының аға сұлтан Әбілсайыз Абылай	4-бетте Татсының қанғожасы аға сұлтан
Қонарбек (1972 жылдың сәуірі)	<b>«Аққан жұлдыз» романы</b>	<b>С.Бегалиннің «Шоқан асулары» кітабы</b>
	Шыңғыстың шешесі Айғаным , Шоқанның шешесі Зейнеп келін болып үйіне түспей тұрғанда өледі.	Шоқанның нағашысы Мұсаның ауылына Шоқанды Айғаным ертіп алып барады.
	Кейіпкерлер бір-біріне ұқсамайды. Күншай, Жайнақ, Аба, Айжандар бар.	Ол кейіпкерлер айтылмайды.
	Шепе деген Шыңғыстың ағасы, паракор, шөлкез мінезді болыс	«Батыр Шепе»

Сөз соңында, екі адресат та қай дерекке сенерін білмей дағдарады.

Одан бөлек, сол еңбектің ішіндегі кереғарлыққа назар аударған адамдар бар. Бурят халқының өкілі П.Т. Хаптаев «Промелькнувший метеор» кітабының шығуымен құттықтай отыра, ескертпе жасайды: «На 123 стр. в диалоге Александр Викторовны читаем: «... На весь аймак, равном по территории нашей любой губернии, нет ни одного грамотного медика». А на 125 стр. речь идет о «хошунах». У бурят тогда не было ни аймака и ни хошуна. Аймаки и хошуны как новое название административно-территориального деление были введены в 1917 г., в дни Февральской революции», – деген сияқты төрт ескертпе жасайды [5]. Кітап болып басылмастан бұрын 1995 жылы Мәскеуде «Доржи Банзаровты» оқуға кеңес береді. Бұл деректердің, қарама-қайшылықтардың барлығы тарихи туындыны



жазудың қиын екендігіне көзімізді жеткізе түседі. Бір қызығы, оларға жазған автордың хаты осы папкада кездеспейді. Жауап жазылмауы да мүмкін. Жазылса да оның көшірмесін сақтамады немесе жоғалып кеткен болуы керек. Ең бастысы, осындай хаттарды оқи отыра жазушы өзінің трилогиясындағы деректерді қайта тексере түседі.

А.Я.Козлов (06.01.1971) «Аққан жұлдыз» романын оқып отырып, қызыққаны сонша, өзінің немерелеріне де үй шаруасына да көңіл бөлмей, бас алмай оқыған. Август Яковлевнаның қызыққаны – Шоқан мен Айжан өмірінің жалғасы.

Кітап туралы, Шоқан бейнесі туралы оң пікірін білдіреді. Оқырман Шоқандай дарынның қысқа уақыт аралығында халық үшін жасаған ерен еңбегіне оны таңдандырады. «... Давно я не испытывала такое удовольствия от чтение книги... Нет, не зря я изучила казахский язык. Читать ваши книги в подлинниках-большое наслаждение» [6]. Бұл хаттан шығармаға деген махаббат ғана емес, Қазақстанға деген ыстық сезімі де байқалады.

Орал облысы, станция Сайхинның бір топ малшыларының атынан Әлмурат Абдғалиев жазған хатында (15.02.71) «Аққан жұлдызды» қызыға оқыған оқырман Шыңғыс хан туралы, оның Шоқанмен туысқандығы жайлы білгісі келеді. Шыңғыс ханнан бастап, тарихи оқиғаларды тізбектеп жазады. Шоқанның тегінің моңғол яки қазақ екендігін білгісі келеді. Аудармашы

Трилогияны жазғаны үшін, талай адамға жек көрінішті де болып қалды. Ахметжан Нұртазин алдымен Сәбеңе хат жазады. Хатында жиналыста төре тұқымы Хайролланың Сәбеңді жаратпай жүруі, ол айтылған сөзден Сәбеңе келер дақ жоқ па екенін сұрайды. Ал С.Мұқанов 1970 жылдың наурыздың 31-ші жұлдызында жазған жауап хатында: «Төрелердің «Аққан жұлдызға наразы болып жүргенін білем. Олардың ең үлкен өкпесі – Айғаным жайлы. Оның жаман қылықты адам екенін менен қырық-елу жыл бұрын «Уәлі, анау, қар қатынмен басы қатқан деп» Мағжан жазған. Содан бері, неге туламаған? Мен халық аузында жүрген өсек-аяндарды жаздым. Ол үшін «Төрелер» ешкімнің де құлағын кесе алмайды, маған да, шығармаға да бөгет бола алмайды. Ол жайлы айтқан кісіге солай дей саларсыз», -деп қысқа қайырады [5].

С.Мұқанов редакторға жазған хатында Көкшетау облысындағы Айыртау ауданында Малтабар, Құлтабар есімді рулар бар екенін айтады. Сол рудың адамдары «Аққан жұлдыз» романында кездесетін Малтабар және Құлтабар дейтін жағымсыз кейіпкерлерді өз аталарына жорып жазушыға жәбірленіп, хат жазған екен. Осы түсініксіз жағдайды ашу мақсатында: «Ең алдымен, Малтабар мен Құлтабар аталатын ру басылары менің кітабым да сипатталатын заманнан әлдеқайда бұрын болған. Сондықтан менің оларды кейіпкер ғып алуым мүмкін емес. Екіншіден, арғын, керей, атығай, адай тағы солар сияқты ру аттары ежелгі замандардан бүгінге дейін балалаларға қосыла береді. Соған қарап, кім көрінгенді өз атасына санауды қажеті жоқ. Менің романымда сипатталатын Малтабар мен Құлтабардың қарауыл руында осы есімдермен аталатын ру басыларының ешбір қатынасы жоқ. Үшіншіден, осы есімдердің төңірегінде рушылдық ұранын шақырып намысқа шабудың біздің советтік заманда ешбір қисыны жоқ», – деп газет бұрышына шағын түсіндірмеге орын беруін сұрайды [5]. Бұл мәлімет арқылы романның кейіпкерлері туралы ақпарат алып, жазушы лабораториясын аша түсеміз.

1970 жылдың 6 мамырында Шоқан рөлін сомдаған Геннадий, оның жары Мариямен екеуі Сәбеңе хат жазады. Өртіс жасының келіп қалғанына байланысты Шоқанды ойнай алмаса да, Сәбенді ойнауға күш-қайраты барын жеткізеді.

Сәбит Мұқанов өз шығармашылығын сомдайтын әртістермен сөйлесетіп қана қоймайды, сонымен қатар, әр пьесаның сахналануына бей-жай қарамайды. 1955 жылы тамыз айының бесі күні С.Мұқанов Гурьев облыстық қазақ драма театрының бас режиссері Николай Ильичке жазған хатында «Шоқан Уәлиханов» пьесасының сахналану жайы, көлемі, бас режиссер М.И. Гольблатпен пьеса туралы талқыланып жатқандығы, қатысатын адамдар санының қысқартылуы, сахналық киім т.б. туралы мәселелерді қозғайды. Бұл хат арқылы әрбір пьесаның артында драматургтың де үлесі зор екеніндігі көрінеді. Ол тек қана жазып қана қоймай, туындысының сахналануын бақылаушы.

Ал кейбір хаттар да шығарманың көркемдік, идеялық сипатын жоғары бағалай отыра, жазушыға ұсыныстарын білдіреді. ҚазМҰУ-ды бітірген К.Абдрахманов (орыс орта мектебінің мұғалімі,

Қарағанды) 1954 жылдың 27 қарашасында жазған хатында жылап оқығанын айтады. кино әрі Шоқан туралы бір кітап шығарса, кино түсірсе деген ізгі ниетін байқатады. «Ақырғы сұрайтынымыз – Шоқанның киноға орыс тілінде шығуы. Танысын біздің халқымыздың тарихын Совет жұртшылығы» [7]. Адресат өз әдебиеті мен тіліне жанашырлықпен қарай алатын қазақ азаматының үлгісі. Ол киноның орыс тілінде шығуын, Шоқандай қазақтың біртуар азаматымен мақтанғысы келгендіктен айтып отыр.

Талдықорған қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі (15.04.1957) Ш.Уәлиханов туралы дерек, ал Б.Махатов (5.04.1972) «Аққан жұлдыз» туралы өлеңмен өрілген әсерін «Социалистік Қазақстан» газетіне шығаруын сұрайды.

Ленинград қаласынан театр суретшісі Сүлеев Дүйсен «Шоқан Уәлиханов Петербургта деген суретті салмақ ниеті бар. Айдаровтың «Шоқан Уәлиханов» деген кітабын оқып шыққан адресантқа бұл мәліметтер жеткіліксіз болып, жазушыдан қосымша мәліметтерді қайдан алуға болатындығын сұрайды.

Оқырман хаттары арқылы С.Мұқановтың Шоқан туралы еңбектерінің жоғары бағанғандығын түсінеміз. Әрі оқырман хаттарында сұрақтың көп болуы тарихи шығарма болғандықтан, әрі Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына қызыққандықтан жазылған.

Жазушының эпистолярлық мұрасы негізінде С.Мұқановтың әр дерекке бей-жай қарамайтындығын, Шоқанға деген адалдық пен тарих алдындағы жауапкершілікті түсінгендігінен деп білеміз.

С.Мұқановтың Шоқан Уәлиханов туралы зерттеу еңбектері эпистолярлық мұра негізінде әлі зерттелініп, көлемді зерттеу еңбектері шығарына сеніміміз кәміл.

### Әдебиеттер

1. Бекболатова Ж. С. Мұқановтың Шоқан жайлы мақалалары // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2000, №6.
2. Ахметова К. Сәбит Мұқанов Шоқан ізімен – Хабаршы / Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – 2010, №2.
3. ҚРОММ 1634 қор, 1 тізім, 298 іс.
4. Мұқановтың хатханасы / құраст. Ә.Қайырбеков. – Алматы: «Полиграф-комбинат», 2018. – 265 б.
5. ҚРОММ 1634 қор, 2 тізім, 41 іс.
6. ҚРОММ 1634 қор, 1 тізім, 156 іс.
7. ҚРОММ 1634 қор, 1 тізім, 234 іс.

## **АРАБ-ПАРСЫ АҢЫЗДАРЫ МЕН «ШАХНАМАДАҒЫ» ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР БОЛМЫСЫ**

**Андатпа:** Фирдоуси көне дүниенің қызықты оқиғаларын өзгеріссіз, сол қалпында баяндаушы автор емес. Ақын кейде Ескендір образын бейнелеу барысында шектеулі, эпикалық қалыптан шығып, өз кейіпкерінің ішкі әлеміне бойлауға күш салады. Оның Ескендірі өте сезімтал, нәзік және жаны жайсаң адам, мұндай қасиеттердің қаһарлы билеуші болмысына үйлеспейтіні анық. Ескендір төңіректе болып жатқан жайттарды жүрегіне жақын алады, Фирдоуси болса оның көңіл-күйін шеберлікпен суреттейді. Адамның сан қырлы күрделі ішкі әлемі Фирдоуси заманындағы ортағасырлық парсы әдебиетінде жасалған жоқ. Фирдоусиде адамның жан-дүниесіндегі өзгерістер кейіпкердің сыртқы пішінін сипаттау арқылы беріледі.

Ескендірдің Шығыс әдебиетіндегі бейнесі сонау X-XI ғасырлардан бастау алады. Бұл кезде Парсы жұрты араб басқыншыларынан азат болып бас көтере бастаған еді. Халықтың сана-сезімі оянып, ескі құндылықтар еңсе көтере бастайды. Ақсүйектер ұлы істер мен жемісті жеңістер уақыты саналатын өткен күндерін жаңғыртып, қайта қалпына келтіруге мүдделі болатын. Әр беті қаһармандық қадамдардан хабар беретін тарихы мен парсылық биліктің заңдылықтарын көрсететін деректер көне жыр-шежірелерге деген қызығушылықты арттыра түсті.

Атақты Әбілқасым Фирдоуси Туси аталатын шағын қалада көптеген жылдар бойы парсы патшаларының тарихына арналған «Шахнама» атты ауқымды поэмасын жазды [1]. Иран тарихы ғажап тұлғалар әрекетімен толығып, жаңа қырынан көріне бастады. Бұл ауқымды шаралардан Ескендір патшалық құрған кезең де тыс қалған жоқ.

Фирдоусиде Ескендір – көптеген жорықтарымен күллі жаһанға мәшһүр болған Иранның заңды патшасы. Ақын бұл жорықтардың тарихын, негізінен, Калисфен жазбаларынан алады. Фирдоуси Ескендірдің шыққан тегін парсылықтар қатарына қосатын версияларға ден қояды. Ол нәтижесінде Дарабаның ұлы, ол Дарийдің ағасы болып шығады. Филипп парсы шахына тәуелді болғандықтан өзінің қызын Дарабаға қосуға мәжбүр болады. Осы қыз әкесіне

қайтарылған соң, Ескендір дүниеге келеді. Ескендірдің салық төлеуден бас тартуы оның Дарийге қарсы жорығына себеп болады. Дарий жеңіліске ұшырайды: тастүнек орнап, көздері көруден қалған парсы әскерлері бытырай қаша жөнеледі. Әрі қарайғы оқиғалар аңыз әңгімеге жақындайды.

Фирдоуси грек романында да сипатталатын қиял-ғажайып оқиғаларды сақтап қана қоймайды, сонымен бірге көп жерін толықтыра түседі. «Шахнамадағы» кейбір эпизодтардың бояуы грек романына қарағанда солғындау көрінеді. Бірақ әйгілі шығарманың желісіндегі ертегі әлеміндегі елдерді еске түсіретін сипаттамалар, жабайы, фантастикалық тұрқымен таң қалдыратын халықтар: жұмсақ аяқтылар, жирен шашты қызыл адамдар, грек романы арқылы жеткен амазонкалар мен кісінің үрейін ұшырғандай Маджуң-Мажуд тайпасы – бәрі-бәрі жан жағынан шыға келген. Ескендір мен оның жеңімпаз сарбаздары алтын тақта отырған өлікті көреді, бөренелерде қонып тұрған жасыл түсті келешекті болжайтын бақ құстарын, жасыл жақұттан жасалып, жазықта бой көтерген ғажап сарайды, онда жайғасып жатқан денесі адамға жақын, басы қабанға келетін мақұлықты көреді. Сөйтіп, мұнда грек романдарының оқиғасы бірте-бірте сұйыла береді.

Фирдоуси Ескендір бейнесін сомдау барысында халық эпосында әбден орныққан қалыптарға, амал-тәсілдерге иек артады. Мінез оның қаһармандарының болмысына сай психологиялық дәйектемелерсіз, даму, өсу жолдарынсыз-ақ беріледі. Е.Э. Бертельс Ескендір туралы әділін айтады: «Ол қаншама қатыгездіктерге барады, кісі өлтіреді, ел-жұртты жұтатып тастайды, бірақ оны мұндай іске итермелеген не нәрсе екені шығарманың өн бойында айтылмайды» [2, 304]. Оның мінез-болмысы тұрақты, өзгеріссіз: дастанның басында да, соңында да оқырманның көз алдында сол басты мінсіз қолбасы, жарты әлемді билеген жиһангер, ғұлама Ескендір тұрады [3, 48]. Ескендір мінезінен күрделі қайшылықтар іздеудің қажеті шамалы. Өйткені ол халық эпосының заңдылықтарына сәйкес үш-төрт қырымен ерекшеленеді.

Эпос кейіпкерінің мүмкіндігі мол, оның тағдыр-талайы өз ырқына бағынады. Ал енді ортағасырлық адамның алдында аттап өтуге болмайтын нақты шекара бар. Мәселен, фәни дүниеде адам баласы белгілі бір таным шеңберінен аса алмайды, ал оның

сыртында бір ғана Жаратушыға мәлім тылсым әлем жатыр. Жазған құлға ол жаққа баратын жол жоқ. Ал бақ сынап, сол бағытқа көз тіккен адамның күллі амал-әрекеті ашкөздік ретінде қабылданады. Фирдоусидің адам және әлем туралы түсінігі, эпикалық және ортағасырлық танымы түгелдей бір-бірімен астасып жатыр. Мұнда, сөз жоқ, кейіпкердің дүниені жаулап алуға әрі оны танып, білуге деген ұмтылысы айыпталады. Брахман Ескендірге былай дейді:

Тәубеңе кел! Ашкөздікке келдің кез,  
Қан төгілер соғыстардан енді без [4, 28].

Сонымен эпос қаһарманының күллі әлемді билеуге бағышталған сапары трагедиялық қалыпқа ауысады. Болашақты болжайтын құстар, жақұттан жасалған сарайдағы алтын тақта жайғасқан өлі денелер, Жаратқаннан хабар күтіп тұрған Исраил – бәрі-бәрі Ескендірге дүниенің баянсыздығын ескертеді, күллі әрекетінің бос әурешілік екенін айтады. Кейіпкер жапанда жалғыз қалғандай болады. Ескендір ештеңенің байыбына бара алмай, меңіреу күйге түседі. Ет пен сүйектен жаралған қарапайым пенденің бірдене іздеп жүргенін тір жанға ұғындыра алмайды.

Көріп тұрғанымыздай, еуропалық Ескендірнамада бұл идея болды. Ескендір алыс елдерді аралай жүріп, дүниенің жалғандығына көз жеткізеді. Бірақ ондағы Ескендірдің сенімі кейіпкердің сана-сезімінің қаншалықты ояу екенін көрсетеді. Жаңа білім көкжиегіне қол жеткізген Ескендір ізденістен бас тартпайды. Фирдоусидегі кейіпкерлер, Жаратушының хабарын жеткізушілер Ескендірді тезге салып, бәрінен бас тартуға, тек қана қаза келер соғысты, дәм таусылар күнді ойлауға шақырады.

Сондықтан соңғы көріністе сөйлейтін ағаштың Ескендірге: «Алдамшы биліктен бас тарт!», – деп бұйрық беруі қайғылы ахуалды танытады. Ескендірдің көңілі түсіп, сағы сынғандай болады.

Қайғырып шаһ ағаштан алыс кетті,  
Өкініш от кеудесін тіліп өтті [4, 25].

Әкім-қара оған небір ғажап сыйлықтар ұсынады, бірақ мұндай әдемі дүниелерге балаша қуанатын Ескендір қабағын ашпайды, немқұрайдылық танытады.

Әкімдерге барып патша алғыс айтты,  
Көзінен жас сорғалап кері қайтты [4,29].

Бұл жерде Фирдоуси, сөз жоқ, брахмандарды құптайды. Сол дәуірдің адамы болғандықтан дүниенің жалғандығына кәміл сенеді және ол жайында жиі сөз қозғайды. Бірақ Фирдоуси фәниді тәрк еткен тақуа ақын болған емес, өмірге құштар жайдары жан еді. Фирдоуси адам баласы тұтынатын әркілы заттардың өзін үлкен махаббатпен суреттейді. Парсы ақыны өмірге жан-тәнімен ғашық болады. Ескендірдің көріпкел құстармен диалогы соның бір дәлелі болса керек. Олар жиһангерден «Өмірден керегіңнің бәрін алдың ба?», – деп сұрайды:

Шаһ айтты: «Тірілермен тірлік қылып,  
Жер-жаһанның қуанышынан құр қалдым.  
Өмір өзі әділ жанға берер бұрып,  
Бақыты үшін жамағаттың мен жандым» [4, 31].

Бұл тұста да эпостық пен ортағасырлық софьлық идеялар тоғысады. Жалпы, бұл екі ұғым түсінуге бір-бірінен соншалықты алыс жатқан жоқ. Ортағасырлық эпос үлгілері де адам мүмкіндігінің шектеулі екенін үнемі ескертіп отырады. Ортағасырдағы әдебиет пен фольклордың дүниедегі адамның орны мен қызметі туралы ұстанымы бір-біріне қайшы келеді деп айта алмаймыз. Қалай дегенмен, эпос әлемі – бұрынғының мінсіз қалпын, ерлікке толы өмірін суреттейтін жабық әлем. Қаһармандық эпостың соңын ала айтылатын дидактикалық толғамдарда кейіпкер өзі өмір сүрген уақыттың мүмкіндігін сарқып тауысқан, келмеске кеткен мінсіз кезең ретінде сипатталады. Ал ортағасырлық әдебиет үшін адам мүмкіндігі шектеулі екендігін үнемі ескеріп отыру – заңды құбылыс. Тіпті олардың жердегі өмірге де көңілі толмайды. Ортағасырлық түсінік бойынша бақытты, мамыражай өмір ана дүниеде ғана болады.

«...баяндаушылар шығарған аңыздарда оның Иран жерінде он екі қала тұрғызып, олардың бәрін Александрия деп атағаны айтылады. Бірақ бұл аңыздың негізі жоқ, өйткені ол жасампаз емес, қиратушы болды»[5, 29].

Алайда Иран ақсүйектерінің жоғары тап өкілдері Александрдың барлық қол жеткізген дүниесін бір ғана жалаң терістеумен көрсетуге риза болмады. Олардың саяси көзқарасы өзіндік «фарра» теориясына құрылды. Олардың ойынша, Иран тағына мұрагерлікпен берілетін Жаратушының сүйіспеншілігіне бөленген адам ғана отыра алады. Иран тағын жат елдік Александрдың басып алуы бұл теорияның мүлде іске алғысыз екенін іс жүзінде дәлелдеді және биліктің патша ретінде де, дінбасы ретінде де беделін түсіріп кетті. Енді Александрды фарра жолын ұстаушылардың қатарына қосу үшін жол табу керек болды және сол арқылы бұл теорияның қажетін дәлелдемек болды. Бұған жолды «Псевдо-Каллисфен» көрсетіп берді. Бұл романда Александр Мысыр патшаларының ұрпағы ретінде суреттеледі. Осы кітаптың ортапарсылық аудармасы ресми сасанидтік тарих зерттеушілерін Иран патшаларын жаулап алушыны шежіреге енгізу туралы және осы арқылы оны Дарийдің өкілетті мирасқоры ету туралы ойға жетеледі деуге болады. Бұл өңдеу мен өзгерістің қалай жүзеге асқаны бізге белгісіз, бірде-бір ортапарсылық мәтінде мұндай мазмұн кездескен жоқ. Бірақ Сасанидтердің ресми шежіресі «Худай-Намаг» («Патшалар кітабы») кітабына Александр «Ариманның туындысы» ретінде емес, Ахеменидтердің ұрпағы ретінде енгенін асқан сенімділікпен болжауға болады. Оның дәлелі ретінде «Худай-Намагтің» қандай да бір нұсқаларымен күмәнсіз байланысы бар араб шежірелері мен «Шахнаменің» Александр туралы аңыздың жаңаша формасын білетінін айтуымызға болады.

Аңыздың арабша нұсқаларының ішінде Абу Ханифа Ахмад ибн Дауда ад-Динаваридің «ал-Ахбар ат-Тивал» шежіресіндегі әңгімесі ерекше қызығушылық туғызды.

Динавари шуубит өкілдерімен тығыз байланыста болды және олардың әдеби өнімдерімен жақсы таныс еді. Өз хикаятында ол ирандықтардың мүддесін білдіретін нәрсенің бәріне басты назар аударады. Александрдың шығу тегін айта келіп, ол бұл әңгіме «ирандықтар ойлағандай», яғни сасанидтердің дәстүріне сәйкес



жеткізетінін атап өтеді. Оның әңгімелеуінше, Филипп Македонский Брахманның ұлы Дармен, яғни II Дариймен қақтығыс кезінде жеңіліске ұшырап, оған алым (алтын жұмыртқа) төлеуге және оған өз қызын күйеуге беруге мәжбүр болды. Дарий қызбен неке түнін өткізді, бірақ физикалық тұрғыдағы кемшілігіне байланысты одан бас тартып, қайтадан әкесіне апарып тастауды бұйырды. Қыз жүкті болып қалған еді, отанына оралғанда ұл туады. Бұл Александр еді. Елдің табалауынан қашып, оны Филипптің баласы деп әңгіме таратты, ал шынында ол II Дарийдің баласы еді, яғни кейінірек басқа анадан туған III Дарийдің туған ағасы болатын. Демек, Александр – Иран тағының заңды мұрагері. Дарийдің үлкен ұлы сияқты ол да фарраға ие болып, Иран билігіне қол жеткізе алатын еді. Осы бүкіл тұжырым оның шығу тегін айқын түрде көрсетіп береді. Осы ертегінің көмегімен зороастризм теоретиктері өз тұжырымдарының дұрыстығын дәлелдеді және Иранның бүкіл тарихының өн бойында ең алғашқы адам Гайомарттан бастап II Хұсрауға дейін Иранды тек фарраны ұстанғандар ғана биледі деп тұжырым жасау мүмкіндігіне қол жеткізді. Үзіліс тек Заххактің басып кірген кезінде ғана орын алды, алайда бұл жат елдік тиранды Ахура-мазданың ауыр қарғысы жоқ қылды.

Осылайша, сасанидтер дәуірінде Александар бейнесі екі түрде көрінді: бір жағынан, ол – еретик, тозақтың адамы; екінші жағынан, сарай шежіресіне сүйенсек, ол – көп зұлымдық жасаса да, ел билеуге құқығы бар заңды түрдегі билеуші.

Александр туралы аңыздардың әртүрлі нұсқалары арабтарға да жетті. Олар сан алуан жолмен, сириялық, еврейлік, ирандық құралдар арқылы енді, жергілікті аңыздармен тұтасып кеткені бар, ал кейде олардың грек аңызымен байланысын орнату қиындық туғызатындай формаға айналды.

Александр туралы аңыздың мұсылман әлеміндегі әрі қарайғы тағдырында бәрінен бұрын оның Құранға енгізілуі үлкен рөл атқарды. Құранда [6] Александр деген есім жоқ, бірақ XVIII сүренің 82-аятындағы Зұлқарнайын (Қос мүйізді) – Александр Македонскийден басқа ешкім емес. Құранның осы жеріндегі мәнмәтін негізгі дереккөздің б.з.д. VI ғасырдағы жазбадан белгілі сириялық аңызға сүйенгенін көрсетеді. Бұл аңыз бойынша, Александр Құдаймен сөйлесе отырып, былай дейді: «Мен өзімнің

басымда екі мүйіз бар екенін білемін және оны әлем патшалығын тас-талқан етсін деп өсіргенінді білемін». Мүйіз туралы деректің пайда болуы аңызды мейлінше шиеленістіріп жіберді, мүйіз Алдыңғы Шығыста көне дәуірден-ақ қуатты күштің символы болып танылады. Сондай-ақ Сузада табылған стеллада Нарам-Син екі мүйізбен бейнеленген. Араб дәстүрінде бұл титул Александрдан басқа Йемен билеушісі ал-Мунзир ал-Ақбарға да тиесілі.

Көріп отырғанымыздай, Ескендірдің өмірбаяны Табаридің жазбасында толығымен аяқталып жазылған, оның барлық негізгі элементтері әрі қарай өзгеріссіз сақталған. Араб тарихшыларының жазбасынан мүмкін көптеген ұсақ детальдарды кездестіруге болар. Бірақ айтарлықтай өзгерістерді байқамаймыз. Сондықтан біз ертеректегі араб дереккөздеріне көп тоқталмаймыз және парсы әдебиетінде орын алған аңыздың формаларын қарастыруға кірісеміз.

«Шахнаманың» Ескендір туралы тарауы халық эпосына тән айрықша бояулармен ерекшеленеді. Тіршіліктегі әр алуан істердің бәрін бос әурешілік ретінде қабылдайтын ортағасырлық идеология ықпалына қарамастан, Ескендір туралы әңгіме өзінің өжет оптимизімімен таң қалдырады. Мұнда ежелгі дүниенің қызық-қуаныштары көз алдына елестеп, еліктіріп әкетеді. Көненің той-томалағы, шайқастары, жойқын жорықтары әсерлі сипатталады. Бұл – фольклорлық үлгілердің ықпалы анық байқалатын әдеби шығарма.

Айбарлы да қаһарлы хан,  
Әділдігі жұрттан асқан.  
Періштеге теңермісің  
Көреген ол кәрі-жастан.  
Маңғаз мінез көпке үлгі,  
Жат артық сөз, ойын-күлкі.  
Тыныштықты қалар жаны,  
Сүймес төгілсе адам қаны,  
Құдайдың да оң қабағы,  
Жан біткенге ол жағады.  
Қуана алмас мұң-шеріне біреудің,  
Жақсылық пен адалдық қой – тілеуі [7, 277].

Мұндай әдеби фольклорлық жымдасу белгілері әдеби дамудың алғашқы кезеңдерінде ғана кездеседі. Фирдоуси – ортағасырлық классикалық парсы әдебиетінің алғашқы көшбасшысы. Әрі қарай әдебиеттің алғашқы кезеңі артта қалған соң, Ескендір туралы туындыларда жаңа идея пайда болды, олар басқа мақсаттарға бағынды.

#### Әдебиеттер

1. Дьяконо М.М., Фердоуси. Жизнь и творчество. – М. – Л., 1940.
2. Бертельс Е.Э. Роман об Александре и его главные версии на Востоке, – Избранные труды, т. «Навои и Джами». – М., 1965.
3. Османов М.Н., Фирдоуси. Жизнь и творчество. – М., 1959.
4. Фирдоуси «Шахнаме». – М., 1964.
5. Зороастрийцы в Иране (Историко-этнографический очерк). – М: Наука, 1982 – С. 136
6. Құран Кәрім. – Алматы: Samga, 2018
7. Низами Гянджеви, Искандернаме. – Баку, 1953.

**Р.Ж. ОМАРОВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты*

### **Т. ЖОЛДЫҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ИДЕЯЛАР**

**Андатпа.** Мақала Қытайдағы қандасымыз Таңжарық Жолдыұлының әдебиетте қалдырған мұрасына арналған. Жалпы, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде Қытайдағы қандастарымыздың шығармашылығын насихаттау, түсіндіру бағытындағы шығармалар ұзақ жылдар бойы қисынсыз айыпталып, шетқақпайланып, көркемдік өрістегі елеулі бағыт мәнінде ғылыми айналымға тартылмай келгені баршамызға мәлім. Шыңжаң өңіріндегі ұлттық әдебиетіміздің ірі өкілдерінің бірі, әрі айтыскер ақын әдебиетте өзіндік ерекшелігімен танылған. Мақалада ақын өлеңдерінің басты тақырыбы, идеялық мақсаты, ұлттық болмысы зерттеліп-зерделеніп, айшықталады. Тәуелсіздікті, азаттықты аңсаған ақынның өлең-толғаулары, қисса-дастандары, айтыстарының көркемдік қуаты, тақырыбы, идеялық мазмұны мен сюжетінің тереңдігі, ұлттық болмысты бейнелеудегі шеберлігі туралы талданып, зерттелді. Мақалада ақынның бірнеше өлеңіне талдау жасалды.

**Кіріспе.** Тамырын тереңнен тартар сөз өнері халықтың рухын асқақтатып, кемеңгерлік келбетінен, өмір тәжірибесінен хабар бермек. Осы ретте қазақ әдебиетінің де өркені өскен, дәстүрі бай әдебиет екені даусыз. Қара шаңырақтағы қазақ әдебиетінің бір бұтағы – Қытайдағы қандастарымыздың әдебиеті десек, ондағы өнер иелерінің шығармаларын бүгінгі ғылыми жетістік тұрғысынан саралау маңызды міндеттердің бірі екені аян.

Бұл қатарда шығармаларының көркемдік қуаты, тақырып ауқымының кендігі, идеялық мақсатының тереңдігі, ұлттық болмысты бейнелеудегі шеберлігі жағынан оқшау тұрған ақын Таңжарық Жолдыұлы екенін айту керек. Ол өзінің өлең-толғаулары, қисса-дастандары, айтыстары арқылы бір өлкедегі (Шыңжаң) ұлттық әдебиеттің талантты өкілі екенін таныта білді.

Таңжарық Жолдыұлы әдебиетке бірнеше ерекшелікпен келген ақын. Солардың бірі – қолма-қол суырып салып айтатын импровизаторлық болса, екіншісі – өлеңді жазып та шығаратын өнер иесі. Бір басында ауызша және жазба әдебиет сипат-ерекшелігінің болуы – ақындық тұлғасын асқақтатып, шығармашылық өзгеше тұрпатын танытады. Таңжарық поэзиясының жанрлық ізденіс жағынан молдығы, көркемдік қуатының өзгешелігі, философиялық тереңдік, образ жасау шеберлігі оның ақындық өнерін биіктетіп, даралай түседі. Оның туындылары қазақ поэзиясына жаңа стиль, жаңа түр қалыптастырып, мазмұндық-идеялық жағынан жоғары деңгейге көтерді.

**Негізгі бөлім.** Таңжарық 1903 жылы Іле аймағы Күнес ауданында дүниеге келген. Алғашында ауыл молдасынан хат таныған Таңжарық 1917-1919 жылдары Күреде қытайша оқиды. 1922 жылы Қазақстанға өтіп, Нарынқолдағы нағашыларына келіп, осы ауылдағы мектепте оқиды. Үш жылдан соң еліне қайтады. 1930 жылдар ішінде ақын қоғамдық-саяси өмірге белсене араласады. Көп ұзамай елде репрессия басталады. Көп адам тұтқындалады. Солардың қатарында Таңжарық та қолға алынады. Абақты азабын 7 (жеті) жылға жуық (алты жыл алты ай) тартады. Талантты ақын 1947 жылдың бтамызы күні қайтыс болады.

Ақын мұрасын зерттеуші О.Егеубаев: «Ұлтымыздың тарихында арғы бет, бергі бетте қаншама бағлан ақындардың жарық жұлдызы абақтыда, айдауда сөнгендігін барлығымыз да қанық білеміз. Бірақ

солардың бір-екілі шығармасы болмаса, түрме құпиясын, жауыздық сырын, өзінің жан-азабын Таңжарықтай түрме түбінде кісендеулі отырып, қанша мыңдаған өлең жолдарымен қағаз бетіне таңбалап кеткен бірде-бірі болмаған» [1.120] – деуі шындыққа сай келеді. Абақтының азабы мен түнегі ақын жігерін жасыта алмады. «Ой толғауы» атты өлеңінде Абай бастаған алдыңғы қатарлы ақындардың өсиетін көлденең тарта отырып, тағылымды жанашыр сөздерін пайымдар зейінді зерде, ұғар құлақ болмағанына өкінеді. Өйткені ел бостандығын ойлаған арыстар мен ақын ойының арасында берік бірлік бар. Ол болашағы бұлыңғыр елдің тағдырын өзгерту болатын, басқаша айтқанда тәуелсіз елге айналдыру еді.

Айырып дос пен қасты танымайды,  
Қор қылып көзін басқан шел не деген!  
Қайғысыз қарны тойса болды емес пе  
Бәстесіп етін жесе серке деген [2, 86] –

деп, кейістік білдіреді.

Дос пен қасты айыра білмейтін халқының бейғамдығы жанына батады. Қарны тойғанды қайғысыз өмір санап, малын баққаннан басқаны ойламайтын халқының марғау тірлігіне көңілі толмайды. «Мінекей осы еді ғой іштегі арман» дей отырып, олардың ой-санасын ояту қажеттігін ұғады. Ақын бұл ойға бірден келе қойған жоқ. Алдымен Абай, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт және алаш арыстарының шығармаларын оқыды, үлгі тұтты. Олармен мақсаты бірігіп те, тағдырлас та болды. Осының бәрі оның жігерін жанып, тағдыр тауқыметінен тайсалмауға ықпал етті. Сондықтан ол тұспалды қойып, тура айтуды жөн көрді.

Бас салып, қойдай талап, басыңды жеп,  
Жүрекке отыр салып, кетпес дықты.  
Сақтаулы қалбырдағы қаймағындай  
Басқалар мұрттын майлап, қолын сұқты.

Бодандықтың қамытын киген халықтың кейпі – осы. Басқаның басымдығына, үстемдігіне селт етпейтін халқының қараңғылығына саңлау түсіруді мақсат етеді. Үш елдің құзырына қарап басындағы еркінен, тіршілігінің көркінен айрылған қазақтың күні мен күйі

ұқсас еді. Болашағы бұлыңғыр заман кейпін шынайы бейнелеуге ден қояды. Шерменде халқының шерін айтудан жалтармайды.

Болмаса өз ішінде өзгелермен,  
Бас қоса топты бұзыпжарған емес.  
Ел болып, еркін алып, берекелі  
Қараса бір ауызға арман емес.

«Ел болып, еркін алып, берекелі» деуінде үлкен мән бар. Еркі жоқ еліне өкініш білдіре отырып, арман-аңсарын да білдіреді, еркіндікке, бостандыққа жетудің жолын көрсетуге ұмтылады. Бұл үшін қаламын қару етіп, жасындай жарқылдаған өлеңдерін жазды.

Т.Жолдыұлы 1930 жылдан бастап, қоғамдық-саяси өмірдегі іс-шараларға белсене араласады. Шығармашылық жағынан да толысып, көптеген жаңа туындыларын жазады. Осы тұста билік басына келген (1933) Шың-Шысай халықтың жағдайын ойлаудың орнына өзінің билігін нығайта түседі. Ең алдымен өлкенің барлық жерлерінде астыртын жұмыс істейтін жансыздарын ұйымдастырады. Үш аймақтың барлық аудандарында сақшы органдарын құрады, қырағылықты күшейтеді. Сөйтіп, шырғалаң ауыр кезең басталады. Елдің мүшкіл халін жете сезінген ақын:

Жан салып, жалған десе, арын сатып,  
Шын сөзге мойын салып нанған емес...  
Әуеден сол себепті нұр төгілсе  
Қазаққа бір тамшысы тамған емес. –

деп күйінеді.

Бұл – «ел болып, еркін алуды» халықтың санасына қалай жеткізсем деген мақсатта айтылған сөз. Өйткені басқаның басымдығы төрдегі басын төменге сырғытты, жатқа жалтаңдаумен күн кешті. Гоминдан өкіметі аз қазаққа үнемісіздік-секеммен, екінші қатардағы халық деп қарады. Осының бәріне ой көзімен қараған ақын үнемі азаттықты аңсады. Бұл үшін не істеу керек? Абай, Ахмет, Міржақыптардың жазғанын, айтқанын ұқпаған халықтан не күтуге болады деп тұйыққа тірелгендей болады. «Өлейін өлсем-дағы айтып-айтып» дейді. Шындықтың бетіне тура қараудан жалтармайтын ақын мынадай түйінге келеді:

Сүрініп аз болмады жығылғаның,  
Жөн енді соны біліп ұғынғаның.  
Бірігіп, бірлік қылсаң бәрің тегіс  
Кетеді маңдайдағы сорың қалың [2, 89].

«Сүрініп, жығылғаннан» бір қорытынды шығаратын кезі келгенін айтады. Еркіндікке жетудің бір жолы халықтың береке-бірлігі деп түсіндіреді.

Егер жұдырықтай жұмылмаса тәуелсіздікке жету мүмкін емес екенін ұғындырғысы келеді.

Ақын бірнеше өлеңінде бір мақсатқа жұмылмаса, билеушілердің үстемдігінен құтыла алмайтынына күмән келтірмейді.

Қайталап және айтамын бірікпесен,  
Баяғы құлменен тең мүліктейсің.

Халық біріге қимылдаса ғана тәуелсіздікті не қолынан, не жолынан алуға болатынына сенеді. Ақын «жай жатар уақыт емес» екенін сезеді. Сондықтан оның беймаза көңілі тыныштық таппайды. Халықтың көзін ашып, көңілін оятуды парыз санайды. «Қапарға» деген өлеңінде:

Бірлесіп бір жағадан бас шығарсақ,  
Уақыт, мезгіл жетер таңым атар,  
Кеңесіп кескен бармақ ауырмайды.  
«Жау алмас» жарылмасаң» деген мақал, –

деп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға шақырады. Ерікті ел болу мен халықтың бақытты өмірі үшін басты шарттың бірі-береке, бірлік деп тұжырымдайды.

Енді бірде ел ішіндегі алауыздықты тудыратын жаман әрекеттерді «ұрлық пен өсек, өтірік, мақтан десе» ерекше белсенділік көрсететіндерді шеней отырып, тағы да қазағының қамын ойлайды.

Ұқпасаң, ұғар күнің келді, қазақ,  
Көрдің бе өзін сынды елді қазақ..  
Таста да надандықты кел қатарға  
Ел болып, есінді жи енді, қазақ.

Бұдан артық батыл айту, батыра айту бола қояр ма екен! Өзің сынды елдің өміріне көз салып көрдің бе? Надандықтан арылып, қатарға қосыл дейді. Басқалардан қалмай, еркін, мәдениетті ел болудың бір жолы ретінде ынтымақ-бірлікті атаса, екінші шарты өнер-білім екенін ұғындырады. Қара күштің заманы өткен. Енді өркендеген елден қалмауды ойлау керек деп біледі.

Тар жер, тас босағада (абақтыда) жеті жылға жуық отырған ақын көптеген өлең-дастандарын абақтыда жазған. Мәселен «Іле түрмесінен», «Ұсталғанда», Құлжадан айдалғанда», «Жолда», «Елмен, жермен қоштасуы», «Абақтыда кім жатыр», «Сығай зәңгіге», «Мінажат», «Көңілім қалды, торықты» т.б. көптеген өлең-толғаулары абақтының қараңғы, қапас камерасында жазылған. Абақты азабымен жаны қиналса да шындықты айтудан таймаған. Тұтқында отырып-ақ ой еркіндігінен жаңылмауы, ақиқатты айтуы, еркіндікті аңсауы – ақынның қайсарлығын, әділ ұстанымын көрсетеді. Іле түрмесіндегі өлеңінен оның мүшкіл халін көреміз.

Бит, бүрге, қандалалар қанды сорып,  
Қасынып жатқаным жоқ қарық болып.  
Етін жеп, кемік-сүйек, қанды сорып,  
Арса-арса терім қалған қабық болып.

Бұл абақты азабын тартқандардың бәрінің көрген күні. Осындай күйде отырған ақын өзіне-өзі қайрат береді. Жігерін жаниды, алған бетінен қайтпайды. Болмыстың сәулесі мен көлеңкесін тұтас қалпында көру, рияшылдық жасамау, көз жеткен ақиқатты ғана айту ақындықтың айнымас заңы болатын [3.158].

Ей, Тәке, құлағың сал мына сөзге,  
Қызығып жүргенің жоқ бұл мен бөзге.  
Көңілінде көздегенің шын әділдік,  
Ойласам арманың жоқ одан өзге[2.45],

дейді.

Ақын арман-аңсарын да ашық айтады. «Көңілінде көздегенің шын әділдік». Қалың қауымның қамын, елінің ертеңін ойлайтын ақын өзі өмір сүріп жатқан қоғамға да сипаттама береді. Басқаша айтқанда, заман кейпін және оны басқарып отырған өкіметтің озбырлығын жеткізе айтады. «Дүние» деген өлеңінде:



Айтқан сөз, берген сертің бәрі жалған,  
Қуға – төр, момындарға – зындан, дүние.  
Соғатын қарға аунатып түлкідей қып,  
Құярсың бір күн көзге құмнан, дүние...  
Немене айтып-айтпай ендігісі,  
Біз-бидай, болдың өзін – қырман, дүние! [1.52] –

дейді.

Қоғамдағы түрлі саяси жағдайларды сылтау етіп, жазығы жоқ жандарды дүркін дүркін абақтыға қамап, көзін жойып отыру гоминдаң өкіметінің бір амал-айласы болатын. Отызыншы жылдардың ішінде совет елінде жүргізілген репрессия Шыңжаңда жалғасын табады. 1937 жылы басталған халық жауларын тазалау науқанына орайластыра Шыңжаңда «жиһангерлерге сатылғандарды тазалау» деген науқан басталды.... Сол тұста 60 мыңдай адам ұсталып, 12 мыңдай адам атылған.

Мұндай нәубеттен Таңжарықтың да аман қалуы мүмкін емес еді. Қайта еркіндікті, бостандықты өзінің жалынды жырлары арқылы ашық талап еткен ақынды қалай аясын. Қолына бұғау, аяғына тұсау салмаса мұндай адам өкімет үшін қауіпті болмақ. Сондықтан Таңжарық ұзақ мерзім қараңғы қапаста отырды. Соған қарамастан оның үні ешқашан бәсеңдеген емес. Гоминдаң жендеттерінің қысым-қиянатына шыдай отырып, халықты бостандыққа үндеген, бір мақсатқа жетуге шақырған.

Ақын үнемі ақиқатты айтуға ұмтылады, елдікке үндеп отырады. Тіпті жазықсыз жазаланып, абақтыда отырғанына өкінбейді. «Жолында ақиқаттың өлсе арман не?» деуі халқының камын ойлаған адамның сөзі екені хақ. Ол Құлжа абақтысында алты ай отырған соң Үрімжі қаласына ауыстырылады. Абақтыда көрген зорлық-зомбылықтарын жіпке тізгендей етіп жазады.

Қан қашып, жан арықтап, тәнім тозып,  
Сабындай ағаш күрек болды желке.  
Қос тактай астымдағы қос мамықтай,  
Етік-жастық, көйлегім болды көрпе.

Бұл – абақтыда жатқандардың көрген күні. Шың Шысай билеген гоминдаң өкіметінің адамдары қызыл қырғынға айналдырып, қан сасыған абақтының бір көрінісі осындай еді. Ақын

жасып-жаншылудың орнына айбындана түседі. Өзінің ой-арманын батыл айтып, халықтың санасын оятуға құлшына кіріскен. Сондықтан шығармаларының басым көпшілігін қараңғы қапаста отырып жазған. Туындыларының ел ішіне тарауын назарда ұстаған. Шындыққа суарылған жырлары абақтыда жатқандармен халықты еркіндікке жұмылдырғаны даусыз. «Құлжадан айдалғанда» өлеңінде ширыға түскен ақын былай дейді:

Бауыры бүтін, бас аман  
Жыламаған пенде жоқ...  
Ішім жалын өртенген...  
Табылар шипа ем де жоқ [2,65].

Көптің басына түскен нәубетті ақын шынайы суреттейді. «Бауыры бүтін, басы аман» пенденің жоғына күйінеді. «Абақтыда кім жатыр?» өлеңінде:

Кінәсі болмаса да кінәлі боп,  
Барлығын Шың Шысайың жалмап жатыр.  
Түрмеден шыныңды айтсаң босатам деп,  
Оларды айламенен алдап жатыр [2, 69]

Жазығы жоқ жандарды «кінәлі етіп» қамау боямасыз шындық болатын. Танжарық гоминдаң өкіметінің қысым-қиянатын боямасыз әшкерелеп, халықтың санасын оятуды мақсат етеді. Алдымен елдің ішкі бірлігін сақтап, тізе қоса қимылдау керектігін, екіншіден-жастардың өнер-біліммен қарулануын, үшіншіден, еңбек ету, пайдалы кәсіппен айналысуын ұсынады, осы арқылы өркениетті елдің қатарына жетуді көздейді.

Ақын халыққа жасалып жатқан әділетсіздікке қарсы үн көтереді. Басқаға кіріптар болудың бір себебі халықтың қараңғылығы деп ұғады. «Кеңес» өлеңінде:

Көзіңді айналаңа бір салсаңшы,  
Табасы бола бермей жанның қазақ.  
Жатырсың надандықтан өрт ішінде,  
Басыңды көтермесең жандың, қазақ, –

деп, білім-ғылымсыз өркениетті ел бола алмайтынын есіне салады. Серпілуге, оянуға үндейді. Мәнді мәселе көтереді, күйінішін ашық айтады. Таңжарық «әдебиетке мүлде басқаша, өзгелерге қарағанда, айрықша ұғыммен қараған. Әдебиетке жаңа тілек, жаңа міндет жүктеді.... Шығармалары арқылы халықты мәдениетке, өнер-білімге тартуды ойлады»[5, 320]. Ақын өлеңдерінің басты сарыны–ағартудан – азаттыққа, бодандықтан–бостандыққа шақыру.

Ақын дауысы қай кезде де жарқын, өктем естіледі. Жауырды жаба тоқудан аулақ. Күмілжіп-күлбілтелеуді білмейтін ақын үнемі ақиқатты айтуға бейім, 1935 жылы Шың Шысай өкметі өлкелік құрылтай шақырады. Ақын осы жиынға өлеңмен ұсыныс жасап, «халықшылдық пен теңдікті қатар ұстауды» талап етеді.

Халыққа әмірінді оқтай жүргіз,  
Күдірге ұңғыл-шұңғыл соқпай жүргіз.  
Әр алуан алым-салық қаражатты  
Барға барша, жоғына жоқтай жүргіз.

Бұл жолдар халықтың ойын дөп басары хақ. Әу бастан-ақ халықтың жоғын жоқтап, намысын жыртқан ақын соңғы демі біткенше осы ұстанымнан таймаған. Әділдікті айту және оны басқалардан талап ету ақынның көптеген өлеңдерінде мен мұңдалап тұрады.

1943 жылы ақынды абақтыдан далаға – ауыр жұмысқа алып шығады. Ауланың маңдайшасына ілінген өлке басшысы Шың Шасайдың суретіне көзі түседі. Сол сәтте Таңжарық:

Отырсың кара залым түсің қашып,  
Біз жүрміз айдауыңда асып-сасып.  
Армансыз дүниеден өтер едім  
Қаныңды бір ұрттасам жалғыз қасық [6, 170] –

деп қатулана тісін қайраған екен «Шың Шысай суретіне» деген өлеңінде. Гоминдаң өкіметінің озбырлығына жаны қарсы ақын тура айтудан ешқандай тайынбаған, жемі болып жетегінде кетпеуге ұмтылады. Тілге тиек, ауызға қақпақ қойылатын заманда осындай өткір сөзбен жақсылықты қолдап, жамандықты қорлап отыру Таңжарыққа тән мінез. Ол – ас ішіп, аяқ босататын көптің бірі емес,

алдына үлкен мақсат қойған күрескер ақын. Тағы бір өлеңінде мынадай жолдар ұшырасады:

Бір ұртың у, бір ұртың қанға толы,  
Өтірік әділмін деп сұмаңдайсың [2, 70].

Бұл – гоминдаң партиясына арналған өлеңі. Азулының апанын-да жатса да қорықпай қажыр-қайрат көрсетеді. Осы өлең бүкіл халықтың ашу-кегінің қарымтасындай, қиып түсер қылыштай айбынды сөз.

Таңжарық басқалармен терезесі тең елге айналудың бір жолы – өнер-білім деп білді. Ол «Өнер-білім туралы», «Қазаққа арнау», «Жастарға», «Оқы жастар, қалам ал» т.б. шығармаларында өнер-білімсіз өркениетті ел болу мүмкін емес екенін жеке адамға да, көпшілікке де қарата ескертеді. Өйткені «апаратын теңдікті, нығайтатын елдікті» өнер-білім деп ұғады. Басқалардың да түсінуін талап етеді. Ақын өнерді-білімді жоғары бағалайды.

Өнерлі елден өнеге ап,  
Олардан еш қалыспа.  
Мектеп ашып, бала оқыт  
Үйренуден жалықпа [4, 147] –

деп ағынан ақтарыла сөйлейді. Оның өлеңін өмірден бөле қарауға болмайды. Шын талант үшін ақындық өнер емес, өмір. Заманның қилы қияндарында өмірі өлеңіне, өлеңі өміріне айналған талант тағдыры ғана талайлы бола алмақ. Мұндай талант үшін өлеңсіз өмір жоқ [6, 171]. Таңжарықтың да өлеңсіз өмірі өтпеген. Үнемі ел ертеңің тынбай жырлаған.

Қорытынды. Таңжарық алдымен халықтың санасын оятуды мақсат етіп, ағартушылық идеяны көтереді. Өнер-білімді, мәдениетті, береке-бірлік, адал еңбекті көптеген туындыларының арқауына айнадырады. Мұны мешеуліктен құтылудың бір жолы екенін көрсетеді. Біртіндеп ел басындағы ауыртпалық, жөнсіз жазалау, халықтың тартқан тауқыметін әшкерелеген өлеңдер жазып, көптің мұңын мұңдап, жоғын іздеді. Төңкерістік мазмұндағы шығармаларымен халықты бостандыққа үндеді. Ол өз көзімен көріп, басынан кешкен халықтық қасіретті бар шындығын батыл

айтып, әлеуметтік теңсіздіктің кесел-кесімін дер кезінде көпке жеткізіп отырған. Азап пен шындыққа төзе отырып, бостандықты талап етіп, шындыққа жүгіну халқын қалтқысыз сүйген ақын жүрегінің құдыретті күші десек болады. Тағдырына мойымаған ол қоғам мен заман туралы жырлар жазып, туған халқының рухын көтеруге қызмет еткен өнер иесі. Сөйтіп аймақ әдебиетіне күрескелік рух әкелді. Бұл оның шоқтықты туындыларының үлкен жаңалығы болып табылады. Басқаша айтқанда аймақ әдебиетіне жаңа сипат әкелді.

Ұлжалғас, Қойдыш, Нұрила, Өлекен, Баймұқамет сияқты ақындармен айтыс барысында бас мінесу, ел мінесумен ғана шектелмей, айтыс өнерін жаңа мазмұнмен байытқан. Таңжарық әлеуметтік мәні зор қоғамдық ой-пікір тудырып, сол тұстағы әділетсіздікті, озбырлықты, қанау, теңсіздікті, мешеулікті айыптап, өркениетке-мәдениетке үндеген. Үнемі халықтың сөзін сөйлеп, ізгілікті жақтаған. Таңжарық айтыстарында жүйелілік, дәлдік, тапқырлық, шешендік, шымырлық, логикалық тереңдік бар. Тіл тұнықтығы, сөз байлығы, айшықты, бейнелі сөз тіркестері молынан ұшырасады. Тіпті айтыс өнерінің жаңа бір түрін енгізген. Бұрын қазақ айтысында кездеспеген «Қарғыс айтыс» тек Таңжарық мұрасында бар айтыс түрі.

Таңжарық Қазақстанда бірнеше жыл болып, білім алуы ақынның қоғамдық-ой сахнасының, таным-түсінігінің кеңейіне, шығармашылық жақтан толысуына әсер еткен. Алаш қайраткерлерімен, Абай сынды ақын мұрасымен танысу оның ерте оянып, халық қамын ойлайтын күрескер ақын ретінде қалыптасуына айтарлықтай рөлі болған. Ол Абайға ерекше ден қояды. Кей өлеңдерінде Абайды ауызға алып, оған жүгіне сөйлейді. Сондықтан екі ақын арасында үндестік, сарындастық бар екені бірден аңғарылады. Ақын идеялық-эстетикалық ізденістер жасай отырып, өзіне лайық, мәнер, машық тапқан, суреткерлік шеберлікке жеткен. Сөйтіп, берісі аймақ әдебиетінің, арысы қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан. Аз ғұмырында көп мұра қалдырған Таңжарық – өмір тынысын сезіне білетін ойы ұшқыр, қаламы жүйрік ақын. Бұрынғы дәстүр жалғастығын жаңашылдықпен қабыстыра жырлап, халықтың басындағы ең зәру, қажетті мәселелерді шынайы өрнектей білген талантты тұлға.

### Әдебиеттер

1. Егеубаев О. «Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы // Таңжарықтың 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2003.
2. Жолдыұлы. Т. Шығармалары. – Алматы, 1992. – 256 б
3. Бердібаев Р. Биік парыз. – Алматы, 1980.
4. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы, 1997. – 504 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
6. Жолдыұлы. Т. Шығармалары. Екі томдық. – Алматы, 2012. – 1-т.

**Ә.Р. САҒЫНБАЕВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті магистранты*

## **МҰҚАҒАЛИ – ПОЭЗИЯ ДҮНИЕСІНДЕГІ ЖАҢА ҚҰБЫЛЫС**

Қазақ халқы сан ғасырлық соқтықпалы-соқпалы кезеңдерді бастан кешірді. Әрбір болған тарихи оқиға халық тағдырымен байланысты. Сол тағдыр әдебиеттегі шығармалардан көрініс тапты. Қазақ әдебиетінде түрлі тағдырды сөз күдіретімен жеткізген қаншама ақын, жазушы болды. Олардың әрқайсысы көкіректеріне күй тұнған, халық тағдыры үшін жанталасқан жандар. Дегенмен көптің ішінен ерекшеленетін дара тұлға болады. Мен үшін ол – Мұқағали Мақатаев.

Мұқағали шығармашылығы сырлы сезімге, құбылмалы көңіл-күйге, нәзік махаббатқа толы. Өлеңін оқыған сәтте бірден бойыңды, сана-сезіміңді еріксіз баурап алады. Әсіресе, Мұқағали поэзиясы – тіршілік тамырындай өміршең, мәңгі жырлар. Ақжүрек ақын «Поэзия! Менімен егіз бе едің?» деп өзі жырлағандай, барлық сезімін, күйініш-сүйінішін, бар болмысын осы поэзия арқылы, өлең арқылы күллі халыққа паш етті. Өз жанының үніндей мақпал мақамдары, таңғы шықтай мөлдіреген маржан жырлары халықтың жүрегіне жол тапты. Өзі өмір сүрген ортаның деңгейін, әлеуметтік жағдайын, сенімін-барлығын сөз арқылы өрнектеді. Өмірін өлеңге айналдырды, өлеңін өмірмен астастырды. «Өлеңімсіз өмір сүрмес болыпшын, Өлеңімсіз өмір де жоқ, борықпын» деп өмірін өлеңсіз, поэзиясыз елестете алмады.

Адам жаны шыны тәрізді нәзік келеді. Кез келген өмірлік жағдайда, қуанышы мен жабырқаған сәтінде айналасынан айрықша қолдау күтеді. Міне, сол секілді Мұқағали да қолдауды адамдардан емес, өз поэзиясынан тапты. Жаны ауырған сәтте поэзиядан дауа іздеді. Жабырқаған түндерінде өлеңінен үміт көрді. Мұқағали өз күнделігінде: «Поэзия – ғылым. Зерттеу керек. Адам өмірінің, адам жанының зерттелмеген, қалам тартылмаған несі қалды? Соны табу, соны зерттеу керек. Адам сезімін жан-жақты зерттейтін күдірет болса, ол тек – поэзия. Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл!» деп жазыпты. Шынында да, поэзия-күдіретті сөз өнері, тек сөз арқылы ғана адамның жан-дүниесін түсінуге болады. Ақынның өзі айтпақшы, «Поэзия-махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиіс»[1,22].

Мұқағали поэзиясы қарапайымдылығымен қасиетті, дәлдігімен дәмді, ой-ырғақ еркіндігімен ерекше, «тілге жеңіл, жүрекке жылылығымен» күдіретті. Өзінің қалауымен, жүрегінің алауымен ақын болған адамның ары жасық жыр жаздырмайды. Өйткені ақын үшін поэзия ермек емес, күллі мүдде-мұраты. Мұқағали оны да айта кеткен: «Ермек үшін белгілі жырламасым, ермек десе, ел мейлі тындамасын. Өтсем болды арқалап адамдардың қуанышын, шаттығын, мұң-наласын». Себебі: «Жырым менің – жалғызым, жан дауысым, жан дауысым жоқтаған ар-намысын». Ақын шығармашылық жауапкершілікті арда парызы санайды. Мұқағалидың ғұмырлық ұстанымы, азаматтық та, ақындық та көзқарасының көрінісі осыған саяды. Өрі оны жырымен де, өмірлік өрнегімен де дәлелдеп берді. Ардақты ақынды асқар биіктерге жетелеген де сол жауапкершілік.

Ақын шығармашылығымен танысу арқылы жүрегіңнің түпкірінде жатқан сұрағына жауап тапқандай боласың. Жан сырынды ешкімге ақтара алмасаң да, поэзиясын оқу арқылы көңіліңе тыныштық сезімі орнағандай болады. Бейне бір тегін терапия өткендей тыныш күйді сезінесің. Өзіңді тапқандай боласың. Жүректі жарып шыққан жыр ғана осылай адамға әсер бермек. Жанкешті сыр мен мұң ғана осылайша өлең болып өрілмек. Сағыныштан сарғайған саналарға солай ғана сіңбек.

Ақын алғашқы ой тұжырымдауында өлең боп өрілген өмірін «Жырым, сырым – екеуі егіздерім, екеуін екі бөлек емізбедім.

Жатсам-тұрсам мұң шағып дәптеріме, жабырқаған жаныма ем іздедім» деп бейнелесе, соңғы кездегі суреттеуінде ол былай бағамдалған: «Таптым ба оны, білмеймін, таппадым ба, халім келмей қажыған шақтарымда! Жан жырым жанға шипа болғаны рас, әлсіреп, сөніп бара жатқанымда...» Бұдан ақынның өлеңін өмірінен, ал өмірін өлеңінен бөліп қарауға болмайтынын байқаймыз [2,32].

Мұқағали – аңыз адам. Мұқағалидың жазып қалдырған әрбір шығармасы өшпес мұра, сарқылмас қазына. Ақынның поэзиясы ерекше шынайы әрі көркем. Ақын оқырманның жүрегіне ұялайтын сөз таба білген, терең мазмұнымен баурай алған. Мұзбалақ ақынның заманы әлі алда, ол ешқашан өшпейді. Ол бар болмыс, алып тұлғасымен көрінер асқар биігіне, табиғат-ана еншілеп қойған ұлы тұғырына өрлеп барады. Ол сол биікке туған халқының жығылмайтын туын, ешқашан жасымайтын намысын, заманалар бойы кіршік шалмаған ары мен ұятын алып шығады. Осынау тіршілігінде өмірдің азабы мен мазағын, зорлық пен зомбылықты көп көрсе де рухы жасымаған, асыл қасиеттерін жоғалтпаған қазақ халқының аяулы перзенті Мұқағали Мақатаев болып жарық дүниеге жан сырын айтады. Оның өзі айтқандай, өлеңдері талай болашақтарға «көшетін» болады. Тұла бойы өлеңнен құйыла салған ақын Мұқағали поэзиясының жұлдызды сәттері ылғи жарқырап тұра береді. Өйткені оның поэзиясы – «адамға және адамзатқа» арналған ғұмырлы поэзия.

### Әдебиеттер

1. Мұқағали Мақатаев, Он томдық. 8-том. Зерттеулер (қазақ тілінде).– Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2021,-22б.
2. Қ.Әлімқұлов. Жауапкершілік жүгі мақаласы. –Алматы:Қазығұрт, 2021.- 32 б.



## **ТӨЛЕН ӘБДІКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ**

Қазақ әдебиетіндегі психологизм мәселесін жете зерттеген әдебиеттанушы, профессор Б.Майтанов: «Көркем шығармадағы өмір шындығының ең жоғары деңгейі психология заңдылықтарымен сабақтас. Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен – психологизм», – деп баға берген болатын [1,5].

Психологизм – күрделі ұғым. Алайда, психологизм қандай қоғамда болса да, әдебиетте төңкеріс жасай алатын түсінік. XX ғасырдың алпысыншы және жетпісінші жылдардың бас кезінде прозадағы психологиялық тенденция өркендей түсті. Бұл кезеңде қазақ философиялық прозасы мен психологиялық прозасы тығыз байланыста дамыды. Қазақ әдебиетіне 1960-1990 жылдарда өзінің тосын тақырыптарымен келген талантты жазушы Төлен Әбдіков прозаға жаңашылдықты әкеліп, әдебиетті мазмұн, түр жағынан ерекше байытқан болатын. Қаламгердің алғашқы туындылары мен әр жылдары жарық көрген шығармалары («Райхан», «Күзгі жапырақ», «Ақиқат», «Айтылмаған ақиқат», «Өліара») әдебиет сүйер қауымды елең еткізді. Жазушы шығармаларында кездесетін бір ерекшелік – адам мен қоғам, әлеумет пен адам қатынасын әрдайым назарда ұстауы, қай кезеңді суреттесе де, алдымен адам тағдырын, оның өмірдегі күрес-тартысын, көзқарасын, әлеуметтік ортадағы әрекетін тереңнен алып танытуы.

Т.Әбдіковтің ерекшелігі деп – сюжетті оқыс оқиға құратындығы, стилі де тосын, шығарманың композициялық құрылысы да бізге таныс емес әдіс-тәсілдермен шебер шиеленесетіндігі, кейіпкерлері де тың, жаңа олар бізге сыртқы сымбатымен емес, ішкі иірімдерімен қызық болып келетіндігі. Т.Әбдіков шебер суреткер, оның суреттеу тәсілі ерекше, кейіпкердің рухани дүниесімен байланыстыра отырып, оқырманға жеткізеді. Бұл жерде профессор Б.Майтановтың айтқанындай, айналаны көркем суреттей отырып, қаламгер тұлғаның рухани дүниесін үйлестіреді. Мысалы, қазақ

прозасындағы сөз жоқ сәтті туған шығарма деп баға берілген «Әке» повесі жалғыз кейіпкер өмірін ғана емес, бүтін қазақ халқының өткен тарихына шегініс жасай отырып, тарихты, этнографиялық шежіресін, ел басынан өткен небір нәубәт кезеңдерді суреттейді.

Туған жеріне әкесінің халін естіп жеткен кейіпкердің естеліктері, сол сәт шебер жеткізіледі. Үйіне жеткен кездегі суреттеуге назар аударсақ: «Бұрын колхоздың кеңсесі болған ұзынша кірпіш үйдің есігін қамыс албармен қоршап қойыпты. Әлдеқайдан күйіс қайырған малдардың пысылдаған дыбыстары естілді. Қай жерде екені белгісіз, дәл аяқ асты маңынан бақпа үйректің қырқылдаған үні шығады. Жолдағы бұталған отын мен жаңғырыққа, шылапшынға сүріне, сипалап жүріп есікке келдім. Мен қаға бастағанда-ақ есік әндете сықырлап, өзі ашылып кетті. Коридорда өлімсірей жанған аспалы шамның болмашы жарығынан бүйірдегі кірер есіктің жобасы көрінеді» [2,63]. Бұл жерде қаһарманның образын назарда ұстай отырып, суреттеу үзінділерінен кейіпкердің ішкі жан дүниесімен үйлескен толғаныстарын байқай аламыз.

Т. Әбдіковтің «Әкесі» оқырман жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленген көркем туынды. Мұнда оның алғашқы әңгімелерінде көтерілген мәселелер тереңінен ашылады. Кейіпкерді өтіп кеткен күндерге апара отырып, шырғаланды өмір жолдарына қиял көзімен қарату арқылы жазушы баяндау амалын қолданады.

Туындыдағы бас кейіпкер тұлға ретінде қалыптасқан жан. Өзіндік алға қойған мақсаты бар және сол мақсатқа жетудегі табандылығы да өзгеше. Ата-баба салтын және әдет – ғұрыпты да да жақсы біледі. Ғылым кандидаты деген атағы бар. Жан – жақты білім алған зиялы қауым өкілі болып табылы. Осы орайда айта кететін болсақ, белгілі ғалым С. Қирабаев: «Төлен Әбдіков «Әке» повесінде біздің қоғамымыздың өсу, есею жолының қиыншылықтарын жеке адам тағдырлары арқылы көрсеткен. Жармағамбеттің бес баласының төртеуі Азамат соғысынан бастап, жаңа қоғам үшін күрестің әр дәуірінде белсенді көрініп барып, мерт болып отырады. Бұл – күрес қиыншылығын тағдыр тартысы арқылы бейнелеуге, күрестің философиялық маңызы мен сырын суреттеуге ұмтылудан туған үлгі. Шегініспен берілетін «Әке» әңгімесі арқылы автор сол дәуірлер шындығын, адамдар еңбегін еске түсіреді. Повесте

балажан әке – шеше мінезі де тәп – тәуір суреттеледі. Шығарма оқушыларына әке – шеше қарызы туралы ой да салады» деген болатын.

Қаламгер көлемді оқиғаларды әсірелеп, әспеттемей бір сарынмен жеткізе білген. Шындығында бұл шығармадағы әрбір оқиға бір – бір тақырып, бірнеше повестің сюжетіне жүк болғандай.

Төлен Әбдіковтің туындылары өзінің интеллектуалдық деңгейімен, кейіпкерлердің ішкі толғаныс, күйзелістерін сыртқа шығаруы ерекше суреттеледі. Көбіне диалог пен монологтың арқасында арқылы кейіпкердің жан дүниесін ашық барлаймыз. Адамның рухани ізденістерін, күйзелістері мен ішкі ой толғамдарын қалай, неге сүйеніп бейнелейміз дегенде қаламгерлер ішкі монологқа жүгінеді. «Әке» повесіндегі мына бір көріністі алайық: кейіпкер Сайлаудың әкесі Сейсенді ақырет сапарына шығарып салар сәттегі жан дүниесінің тебіренісі, әке өмірінің өткеніне ой көзімен қарап, өзегін өртеген ащы шындықты мойындауы, оқырманды да талай ойға жетелейді. Лирикалық шегініс арқылы берілген Сейсеннің өмірінің әр бөлімдерінде талай өмірдің ащы шындығы жатырғандығына куә боламыз.

«Өмірде бір шалқып көрмеген әкемді көкірегіндегі бүкіл шершерменімен құлан таза айықтырып жіберетіндей бір қуантсам деген арман менің де көңілімнен кетпейтін. «Алдағы жазда», «алдағы күзде», «алдағы жылмен», мінекей енді өмірдің саналы сәтінің үстінде отырмыз. Өмірінде не ата – анаға, не дос – жаранға көңілдегі жақсылығынды жасай алмай, бүкіл уақытыңды өткізіп алу қандай өкініш».

Өмірдің мағынасын ылғи алыстан іздейміз. Әлде – бір ұлы оқиғаны, ұлы әрекетті алыстан бастағымыз келеді. Дәл жанымыздағы негізге мақсатқа уақытымыз жоқ. Оған алдаға жаз, алдағы күз немесе алдағы жыл бар деп тебіренетін кейіпкермен бірге сіздің де көзіңізге жас үйіріледі. Әлдеқайда бір ұмыт қалған сағыныш пен мұң сезіміңізге әсер етіп, өзегіңізді өкініш өртейді. Жаныңда отырып әкесіне қатысты өткен күндерін есіне алып, ұят пен өкініштен азап шеккен, тіпті мойнындағы қарызын өтемек түгілі, әкесіне қиянат жасағандай сезінетін.

«Құдай-ау, айдаладағы біреудің жақсылығына жақсылықпен жауап қайтарасың, ал өзінді дүниеге әкелген, сен үшін отқа да, суға

түскен әкене ешқандай жақсылық жасай алмау не деген қылмыс!» [2, 63] – деген Сайлаудың жан дүниесінің ішкі күйзелісі нанымды беріледі. Сонымен қатар, бұл жерден тек бір ғана Сайлау басындағы ата-ана алдындағы кінәні көрмейміз, бұл барлық адамзатқа тән ортақ қасиет. Туған ұяның табалдырығын аттағаннан кейін, ана мен бала, әке мен бала арасындағы үлкен көпірге куә боламыз. Өмірдің қызылды-жасылды қызықтарының соңына түскен ұрпақ көп уақытқа дейін қай жерден қате жібергенін түсіне алмайды. Себебі, ата-ананы қуанту әрдайым соңғы орында болады. Ал, ол қателікті түсінген сәтте – бәрі кеш. Уақытты қайтару мүмкін емес. Қаламгер бір отбасыны суреттеу арқылы, бар адамзатқа тән өзекті мәселелерді көтере алды. Бұл – оның шеберлігі, жеңісі.

Ғалым Г.Піралиева: «Кейіпкердің ішкі ойы осылай арнасынан асып – төгіліп жатады, әлгінде өзі айтқандай өзінің өміріне, мына тіршілікке қанағаттанбай арпалысады, жан азабына түседі. Ал әдеби шығармада қолданылатын «қанағатсыздық» сөзі, ұғымы монолог түрінде беріліп, кейіпкердің ішкі ойлау, толғау процесі тудыратын көркемдік компонент. Адамзатты не тіршілікте, не шығармашылықта тыныштық бермей үнемі арпалыс пен азапқа салып қоятын қанағатсыздық сезімі сөз өнерінде, әдебиеттануда да үздіксіз ойлау процесі оқиғаға жанды қозғалыс, динамика, өмір беретін ең қажетті шеберлік тәсіл десе болады. Сондай – ақ мұнда ағыл – тегіл ой, сезім ағымы құрамында қарастырылатын «сенсорлық» әсер де сәтті қолданылған»[3,75], – деп монологқа сипаттама береді. Бұл біздің жоғарыда суреттеп отырған Сайлаудың ішкі толғанысына жауап беріп тұр.

Төлен Әбдіков туындыларының тағы бір ерекшелігі – жеке тұлғаның идеялық және адамгершілік тұрғыда қалыптасу үрдістері мен мінездің философиялық мәнін ашудағы қоғамның атқаратын орнын айқындауға ұмтылуы. Оның кейіпкерлері терең ойлайды, адам туралы толғауларына қарап қаламгердің парасаттылыққа ұмтылатынын, гуманизмді мақтайтынын көреміз. Оған жазушының танымал туындыларының бірі «Парасат майданы» повесі дәлел. Алғаш рет «Таңшолпан» журналында жарияланған бұл шығармаға халықаралық «Франц Кафка» атындағы алтын жұлдыз берілді. Қаламгердің «Ақиқат», «Тозақ оттары жымындайды» атты

повестерінде көтерген элеуметтік-потологиялық мәселелер ең алғаш осы Франц Кафка туындыларынан бастау алған болатын.

«Парасат майданы» повесінде адам тағдырын жан дүниенің екіге жарылу құбылысы арқылы бейнелей отырып, өз жолынан адасқан адамзат тағдыры суреттеледі. Адам баласының тағдырында парасаттың майданы басталды деп айта аламыз. Адамның қолдан жасаған, мәдениетті боламыз, өркениетті елге айналамыз деп жүріп бастаған майданы.

Осы бір алжасу, адасудан құтылудың жолы – Алланың адам бойына берген ең асыл деген адамгершілік, кісілік қасиеттерден туындайды екен. Өркениет тудырған бауыр да, бүйрек те темір болып кеткен адамзаттың парасаты осының бәріне қарсы шығып парасат майданының да адамгершілік деп аталатын ұлы қасиет жеңіске жетсе ғана әлем шытынамай, аман қалады екен. Бұл – «Парасат майданы» повесінің философиялық пайымдауы. Кешегі «айт дегенді айтсам арым төгіліп, айтпа дегенді айтсам басың кететін» заманда (Ә. Кекілбаев) ебін тауып шындықты жазушыдан оқырман да осыны күткен еді.

Ең алғашқы беттерінен бастап күнделік иесі адам туралы толғайды: «Жарық дүниеге келген адамның көрмейтіні бар ма? Оны ойласаң, ойдан ой бөлініп, сан тарам жолдың қайсысына түсерін білмей, дал болған жолаушыға ұқсайсың. Дүние сыры беймәлім. Не құдайды, не адамды кінәларың белгісіз. Бір қарасаң, құдайдікі дұрыс секілді – адам қылып жаратты, өсіп өн, рақымды бол, ізгілікке ен деді. Одан артық не керек? Әйтсе де, құдайдың әмірімен іс қылып, жаманатын жалғыз өзі көтеретін адам байғұсты тағы аяйсың. Жақсыға да, жаманға да дәлел көп. Біреудің көзін бірдеңеге жеткізу мүмкін емес. Сондықтан әркім өзіне үй ішінен күрке жасап, сол күркенің заңымен ғана өмір сүріп, өз тілегін өзі қанағаттандырғаннан басқаға лаж жоқ» [2, 8], – деген ойларынан кейіпкер санасындағы үлкен күйзелісі көреміз. Мұндағы ой-тұжырым ағымын күнделікке түсіре отырып, барша адамзатқа арнағандай. Бұл жерде субъекті өзіне емес, жалпы пенделерге жеткізгісі келеді. Күннен күнге жазылып отырған жазбаларға назар аударатын болсақ олар бір типті емес.

Өркениеттің алып келген белгілерін айта отырып, өзінің бұлардан қалай жиіркенетінін, былғанып жатқандай болатынын

жеткізеді. Айналасындағы адамдардың барлығы былғанған дейді. Осы жерде мына бір ойға назар аударсақ: «Адамның күнә мен қылмысқа, арсыздық пен әділетсіздікке еті үйренуі – ең зиянды, ең қатерлі дағды»[2,9]. Адамзат біз жаңа дәуірге өтудеміз, өркениетті қолдаймыз деп жүгіреді. Бірақ осындай қарама-қайшылықтардың орын алуы заңды құбылыс. Қаһарман мұны қабылдай алмайды.

«Парасат майданы» – кейіпкердің ішкі сезімдері мен күйзелістерін бірінші жақтан, өз аузынан баяндайды. Сол себепті шыныменде қаламгермен бірге өзгенің күнделігін оқып отырғандай сезім кешеміз. «Бейтаныс құрбының» хаттарын алғанға дейін, кейіпкердің үлкен философиялық ойларына куә боламыз. Ол терең ойлай алады, барысын баға алады.

Психологияда ішкі күйзелісі, уайымы бар жандарды хат жазу арқылы емдеуге болады. Ол «хат терапиясы» деп аталады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша адамның айтылмай қалған өкпесі не шығармаған сезімі болса, ол адамның жадында ғана емес, сонымен бірге денесінде де сақталады екен. Зерттеушінің басты тұжырымы ауруға бейім адамдар балалық шағында ауыр бір оқиғаны немесе есінде қалып кеткен жайсыз жағдаяттар бастан кешіріп, оны ешкіммен бөлісе алмады деген қорытынды болды. Бұл жерде оқиғаның өзі басты рөл атқармайды, тек өз күйзелістерін білдіру мүмкіндігі маңызды. Сол күйзелістерді сақтағанның өзінен ағза энергия жоғалтады да, солай дене біртіндеп психосоматикаға айналып, теріс сезімдерді жинақтайтын болады. «Парасат майданында» бас кейіпкер хат арқылы өз уайымдарын жарыққа шығарады, ол адамдардың өздері жасап алған өркениетінен айналып бара жатқан зұлымдықтарынан жиіркеніетінін жасырмайды. Осыған дейін тек санасында ойлап, сыртқа шығармаған интеллектуалды ойларын хат арқылы бейтаныс құрбысына айта бастайды.

«Өмір – күрес. Адамдар алдымен қара күшпен күресетін болды. Одан кейін неше түрлі қару-жарақ ойлап тауып, соғыс ашып, халықтарды жаппай қырғынға ұшыратты. Енді қатері одан кем емес ақыл-парасат майданы шықты. Егер бұл майданда ізгілік жеңіске жетпесе, адамзаттың рухани күйреу дәуірі басталады. Одан құтқаратын күш жоқ. Сіз сол екеуара шағын майданды (әзірге) бастадыңыз. Амалсыз қабылдадым...» [2, 27] – деп 2 сәуірде басталған хат, небәрі 20 күннің ішінде оның өліміне әкеледі. Хат

арқылы ауқымы кең мәселелерді талқылайды, ортаға тастап ақиқатын көрсетеді. Қаламгер кейіпкердің ішкі толғаныстарын көрсете отырып, бүгінгі қоғамның ащы шындығын жеткізеді. Ізгілікке сенім артпаған жанның ешқашан да жеңіске жете алмайтынын, сенім жоқ жерде – ізгілік те жоқ екенін нанымды көрсетеді. Әділетсіз өлімге қатысты пікірін көрсетіп, бүгінгі күндегі әділ қоғамдағы өтірік шындық жөнінде әңгімесін өрбітеді. Ал хаттың шарықтау шегі зұлымдық пен ізгілікті бірдей деуге келмейтінін айта отырып: «Қиянат жасаудың мың түрі бар, ал қиянат жасамаудың түрі біреу-ақ, ол – тек қиянат жасамау» деген идеямен аяқтайды.

Бұл туындыдағы психологиялық көріністер жөнінде Ж. Жұмагелдин: «Парасат майданы» повесі адам санасында жүріп жатқан тартыстардың желісіне құрылған. Қоғамдағы сан түрлі тартыстардың сана ағымында үздіксіз тайталасқа түсіп, ой ағымындағы майданды еске түсіреді. Зұлымдық пен ізгіліктің үнемі қарама-қайшылықпен арпаласуы, адам жанын азаптап, сананы сергелдеңге салуының көрінісі...» [4] – деп ойын білдірсе, А.Зейнулина: «Қаламгердің басты міндеті – кейіпкер жанындағы, жүрегіндегі терең иірімдердің күрделі сырын ашу, күнделікті болып жатқан өмір оқиғаларына адам жанының қатысын анықтау, оқиғаның сырын адамның болмысы арқылы ашу. Осы тұрғыдан келгенде суреткер Т. Әбдіков алдына қойылған көркемдік мақсатты толығымен орындай отырып, «Парасат майданы» повесі арқылы адам атты ұлы ұғымның өркениет дәуіріндегі рухани қасіретін бейнелейді», – деп пікір қосқан болатын.

Т.Әбдіков туындыларында психологиялық аспектілерден диалог, ішкі монолог, еске алу, еске түсіру, сана ағымы, түс көру, сандырақтау, тұлғаның екіге жарылуы, ойлау, қиялдау, талдау секілді әдістер қолданған. Суреткер кейіпкер етіп алған жанның қай-қайсысы болмасын өзіндік мінез, сөз, ой қайшылықтарымен ерекшеленеді. Жазушының кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үніліп, тылсым сырларын анықтауға қолданған әдістері сәтті.

#### Әдебиеттер

1. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
2. Әбдіқұлы Т. Әке: Повестер мен әңгімелер. — Алматы: «Қайнар», 2005. – 384 б.

3. Пірәлиева Г. Изденіс өрнектері: әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: [Б. ж.], 2001. – 220 б.

4. Жұмагелдин Ж. Төлен Әбдіқұлының прозасындағы адам және қоғам мәселесі // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2015.

**Е.Ә. ӘЛИАСҚАР**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

## **ФОЛЬКЛОРТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АРТЕФАКТ ПРОЦЕСІ (ЗҰЛПЫҚАР ҚЫЛЫШЫНЫҢ МИФОЛОГЕМАЛЫҚ БЕЙНЕСІНІҢ «ҒАЖАЙЫП КӨЛ» ПОВЕСІНДЕГІ СИПАТЫ)**

**Андатпа.** Фольклордың ең көне жанры мифология болса, оның негізгі әрі маңызды элементтері жүйені құрайтын кішкентай бөлшектер сынды. Кез келген фольклорлық туындыларда дәл осындай көзбен көріп, қолмен ұстай алатын бөлшектік ұғымдарды «артефакт» деп атау қалыптасқан. Олардың иесі қасиетті адамдар. Адамзат әлемінің рухани бөлігінің ең ежелгі таным формасы ретінде миф қалыптасқан десек, болмысты тануға мифологиялық туындылардың қосар үлесі ұшан теңіз.

### **Кіріспе**

Мыңдаған жылдар бойғы түсінік фольклорлық туындылардың бойынан анық көрінеді. Соның ішінде мифтердің құрылымы «себеп-салдар» теориясына негізделген «ақиқатты тану құралына» айналу процесін көреміз. Мұнда біз білетін сатылап даму, яғни қарапайымнан күрделіге бағытталған дәуірлер шындығын байқауға болады.

Әлем фольклорында зерттеулер жүргізіліп, сан қырлы сипаты ашылған «мифология» синкреттілікке ие болды. Мағыналық астарына сай мифологияда кездескен кез келген образ интуитивті бола алады. Уақыт кеңістігі жөнінен белгілі бір нақтылық пен шекке басымдылық берілмейді. Сол заманғы адамдардың наным-сенімі мен таным-түсінігіне сай жинақталады. Мұндағы тағы бір айтылатын мәселе «антропологиялық концепті».

Бүтіндік яки бөлшектік ұғымдарын мифтік тұрғыдан қарастырғанда «мифологема» термині қолданылады. Бұл термин



кез келген мифтің мотиві немесе белгілі бір жалпылықтан жалқылыққа өткен элементі дегенді білдіреді.

Ғалымдар өз зерттеулерінде «құпия коды бар түсінік», «кодталған шифр» сынды тілдік бірліктермен қатар қолданып, «жасырын тіл» екенін дәлелдеуде.

### **Негізгі бөлім**

Қазақ халқы «ер қаруы – бес қару» дей отырып, батырлық пен батылдықтың символындай көрген бес түрлі қару жайлы кездесетін фольклорлық туындылар аз емес. «Бес қаруға» тартыспақ (садақ), атыспақ (мылтық), шабыспақ (қылыш), шанышпақ (найза), салыспақ (шоқпар) түрлері жатады [1, 28 б.].

Соның ішінде ерекше жырланатын, тіпті заттық мағынадан сындық мағынаға ұшыраған «зұлпықар қылышы». Әуелгі мағынасы қылыштың мықтылығы мен өткірлігіне байланысты, яғни «омыртқа кесер». Мұның барлығы діни аңызбен сабақтаса халық арасында кең танымал болған. Әуелі төрт кітап түскен төрт пайғамбар діни эпсанасы бойынша сабақтастырып көрейік:

1. Мұса пайғамбар – Тәурат – Хәмкам.
2. Дәуіт – Зәбур – Сәмсем.
3. Иса – Інжіл – Зұлқажа

4. Мұхаммед – Құран – Зұлпықар [2, 140 б.]. көптеген діни дастандарда айтылатын бұл қылыш алмастан соғылған ерекше магиялық күші бар: әуелде Мұхаммед (с.ғ.с), кейіннен пайғамбар күйеу баласы Хазіреті Әли ұстаған делінеді. Әрі Әли ұстаған қылышын сермеген сәтте ұзарады-мыс. Сондай-ақ, «аса таңдаулы» ұғымын білдіретін «берікәлі» семасымен де қатар қолданылады.

Мадина Омарованың жасөспірімдерге арналған «Ғажайып көл» ертегі-повесінде бірқатар қиылыспайтын, уақыт пен кеңістікке бағынбайтын әлемді сипаттайды. Кейіпкерлері тап болған сыйқырлы әлемде мифологеммалық бейнесі бар «зұлпықар қылышының» рөлі айқындалады.

Белгілі бір мақсатта қолданылатын әрі тарихы терең халқымыз үшін аяулы, қастерлі ұғым болып қалыптасқан, тіпті бұл туындыға дейін де әдебиетте қолданылып жүрген сөздердің (зұлпықар қылыш, алтын білезік, дұғалары бар кітап) кездесуі мәтіндер байланысының көрінісі. Мәселен, «Сал-сал», «Зарқұм», «Дариға

қыз» дастандардан бізге белгілі зұлпықар қылышын былай деп таныстырады:

«– Зұлпықар – арабша Зулфикар «жасын» деген сөз. Ол Мұхаммед пайғамбар мен әзіреті Әліні аты аңызға айналған қасиетті қылышы,– деді Сари.

– Ал Мұхаммед пайғамбар оны қайдан алған? – деді Жасұлан.

– Ол Жебірейіл деген періште арқылы көктен түскен. Әзірет Әліге Дүлдүл деген сәйгүлікті, Зұлпыхар деген алмас қылышты Алла тағала өзі сыйға тартқан деген сөз бар» [3, 100 б.]. Кейіннен басты кейіпкер Мәди дәл осы зұлпықар қылышы арқылы зұлым бейнелерден перілер елін азат етеді әрі өзі білмеген шындыққа куә болады.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, бүгінгі зерттеулердің негізгі модусі – адам. Антропоцентристік деңгейде сана-сезімнің ерекшелігін көрсетеді. Осы тұрғыда этномәдени бағытында зерттеулер жүргізу арқылы бүгінгіні қанағаттандыратын жауаптардың кездесуі ықтималдылығы өте жоғары. Демек, фольклорлық бай мұраны жаңа қырынан зерттеу арқылы ата-баба өмір тәжірибесінен мәңгілік құндылықтар жөнінде алтынға бергісіз ақпараттар легін аламыз. Кумулятивті қызметімен қатар этимологиялық әрі прагматикалық қызметі айшықталады.

Мынадай қорытындылар жасап көрелік:

1. халықпен бірге жасасып келе жатқан тіл, дін, руханият ажырамайды. Оның негізгі белгілері бүгінде айқын көрінсе, ежелгі дәуірдегі бейнесі кодтауға ұшыраған;

2. синхронды әрі диахронды зерттеулер арқылы этногенез мәселесінің ашылуына өз ықпалын тигізеді;

Сонымен, біздің әдебиетіміз бен тіліміздегі танымдық бастаулардың негізгі көзі әрі бастау арнасы– халықтың бай ауыз әдебиеті, фольклорлық туындылар екені сөзсіз.

### **Әдебиеттер**

1. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998. – 128 б.
2. Қортабаева Г.Қ. Түркі мифологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 410 б.
3. Омарова Мадина. Қадір түні: Проза. / Мадина Омарова. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2012. – 320 б.

## **КӨК СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ЭТИМОЛОГИЯСЫ**

**Андатпа.** Ұлттың мәдени өмірінің көрінісі түр-түс атауларымен ерекше. Онда ұлт менталитеті көрінісі тұтастай қамтылады десек асыра айтпағанымыз болар.

Табиғат бізге өзінің ерекше әсемдігімен, көркем сәнімен, бояу-нақышымен қымбат. Көз қуантып, көңілге нұр ұялататын, жан-дүниеңе эстетикалық ләззат сыйлайтын табиғаттың осы бір ғажайыбын, ерекше жаратылысын «Түр-түс атаулары» деп, сыры мол, өмір үшін маңызы зор күрделі құбылыс екендігіне көз жеткіземіз.

Мақала табиғаттағы осы бір ғажайып көріністердің бірі «көк» түсінің қазақ көркем шығармаларындағы семантикалық қырларын айқындауды мақсат етеді. Біз бұл мақаламызда бұрыннан бар пікірлерге өз көзқарасымызды білдіре отырып, ұлттық тіліміз бен ділімізде өзіндік сипаты бар **көк** сөзінің этимологиясын қарастырдық.

Әрбір халық, әрбір этностық топ қоршаған ортадағы түр-түс ұғымын өздерінше танып, өз дүниетанымында тұжырымдайды. Қоршаған әлемдегі түр-түс ұғымдары кез келген ұлт мәдениетінің феномені. Ол этностың рухани дүниетанымымен, мәдени өмірімен, болмыс бітімімен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық сана арқылы беріліп отырады.

Қазақ этномәдени болмысындағы түр-түс ұғымы туралы төмендегідей пікір білдіреді. «В казахских цветоконцептах наиболее ярко представлены пространственный и временной коды, что связано с образом жизни и восприятием окружающей действительности еще со времен кочевничества»

Арғысы түркі тілінде, бергісі қазақ тілінде жүздеген түр-түс атаулары қалыптасып этномәдени өміріміздің әр саласында дәстүрлік дүниетаным негізінде кеңінен қолданыс тапқан. «Бұл танымды біздің дәстүрлік таным деп атауымыздың себебі: ол ұзақ дәуірдің, халық болып жаралғаннан бергі дүниетанымның, өзін қоршаған тамаша табиғаттың түр-түсін меңгеруінің және олардың өз тілінде қалыптастыруының нәтижесі болып саналуында» – деп дәйектеуі де қисындылыққа сәйкес келеді.

Түр-түстердің символдық мәні туралы: «көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», – деп жазады.

Ата-бабаларымыз дүниені төртбұрыш деп түсініп әрі бұрышқа өзіндік символдық реңк-түс берген. Атап айтқанда, *шығыс – көк түс, оңтүстік-қызыл түс, солтүстік – қара түс, батыс – ақ түс* деген күн айналымына негізделген этномәдени дүниетаным.

**Колоративті лексика** – қазақ тіл білімінде ерекше назарға ілінген мәселелердің бірі. Ғалымдар түр-түс атауларын адамның тану әрекетімен, мәдениетімен, сол халықтың өзімен байланыста қарап, түр-түстану деген бір саланың негізін қалап, тың зерттеулер жүргізіп жатыр. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы болып табылатын өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Міне, осы мәдениетті, тарихты, дәстүрді түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Мысалы, тарихтан белгілі Көк түрік, Ақ Орда, Көк Орда, мәдениетімізбен байланысты кісі өлсе, үй сыртынан ту тігу, бала алғаш жүргенде аяғына ала жіп байлау — бәрі-бәрі түр-түспен байланысты болып келеді. [1, 27]. Бұның барлығы айналып келгенде қазақ халқының түр-түстанудағы идиоэтникалық болмысын танытады.

Түр-түстердің шығу төркіні жайлы мәселеге байланысты ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарастар айтылып, қилы-қилы болжамдар жасалған еді. Ғалымдардың кейбіреуі түр-түстерді қытай сөзінен алынған десе, кейбіреуі монғолдан кірген кірме сөз, кейбіреуі өзіміздің түркінің төл сөзі деген пікірді білдірген еді. Барлық ғалымдар талдауды *ақ* сөзінің шығу этимологиясынан бастаса, біз түркі танымындағы дүниенің бастауы саналатын түс — *көк* сөзінен бастаймыз.

«Күлтегін» және «Білге қаған» бітіктас жазуында түріктер өздерін «Көк түріктер» деп атады. Мұндағы «көк» түстік мағынаны емес, космостық – аспан мағынасын білдіреді. Сондықтан «көк түріктер» деп емес, «көк түріктері» деп жазып, «аспан түріктері» деп ұққанымыз жөн. Олар билеушілерін «қаған» деп атады. Қаған – «хандардың ханы», яки император дегендік. Сондықтан қағандықтың баламасы империя болмақ.

*Көк*, ғалымдар пікірінше, синкретикалық түбір болып табылады. Академик Ә. Қайдар: «Алғашқы адамдар көк күмбезін оның түсіне карап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты заңды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін ғой,» [2; 39] — деп, *көк* сөзіне қатысты пікірін білдірген болатын. Шынымен де, бұның құбылыс ретіндегі мағынасы бірінші пайда болды ма, әлде сындық (түстік) мағынасы бірінші пайда болды ма деген сұрақ әлі күнге шейін өз шешімін таппай келеді. Зерттеуші Н.Аитова бұл сөзге қатысты ойын былай дейді: «Түркі тектес халықтардың ішінде қазақта көк күшейту мәнінде «көкпеңбек» болып қолданылады. Бұл «көк пен көк», яғни *көкпен* бірдей деген ұғымға келеді. Әр сөздің екі рет қайталануы оның реңдік мәнін әсірелеп, үдетіп жіберген» [3,58].

*Көк пен Тәңір* аспан мағынасындағы синоним сөздер болып табылады. Бұған дәлел ретінде түркінің ұлы ғалымы М.Қашқари сөздігінде көктің бірнеше мағынасы берілген, соның бірі — *аспан*. Ал осы сөздікте *тәңір* номинативінің мағынасы да *аспан* деп көрсетілген. Ш.Уәлихановтың «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында: «Аспан — бұл шамандықта ең жоғарғы құдірет. Көк тәңірі — көк аспан. Қырғыздарда бірінші сын есім көк сөзі көрінетін заттық нәрсені білдіреді, ал тәңірі зат есімі Алла және Құдай сөздерінің синониміне айналған», — дейді [4,96]. Сондай-ақ бұл діни-танымдық мақалада «тәңірі жарылқасын», «көк соқсын» деген тұрақты тіркестер бар. Бұл тілдік бірліктер де екі сөздің мағыналас екендігінің тағы бір дәлелі. «Тәңір» деген атаудың этимологиясы туралы М.Есжанның мына бір дерегін келтіре кетсек, артық болмас. «Көне шумерлер құдайларын «Ди-ниг-ир» деп атапты. Тағы бір дерек бойынша, «тәңір» сөзі көне тибет тілінде «аспан» дегенді білдіреді. 2003 жылы Анкара қаласында бас қосқан түркі тектес 36 мемлекеттің ғалымдары «тәңір» сөзінің төркіні көне түркі тіліндегі «тең» (тұрақты), «ңір» (шексіз) дейтін екі атаудың қосындысы деген пікірге тұрақтағандай болды», — дейді [5, 72].

Сонымен қатар *көк* сөзімен байланысты шыққан қазақта көптеген сөздер бар. Бұған *көк тәңірідегі* алғашқы компоненттің ықпалы бар секілді. Мысалы, *көк шықты* дегендегі көк заттың түсін емес, *жаңа шыққандығын* білдіреді. Тәңірідегі көк дүниенің

бастауы деп түсінсек, *шөп* сөзімен тіркескен көктің мағынасын біз *көктем* мезгілінің келгендігі, *жаңа тірліктің* басы деп ұғамыз.

*Көк* сондай-ақ көне түркіде туыстық мағынада қолданылған. Мысалы, М.Қашқаридағы *көгің кім?* деген сұраудың аудармасы — *шыққан тегің қандай?* Сөздікте *көке* деген туыстық атауы да кездеседі. *Көке* деп әкесінің апа-қарындастарын атаған екен. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз ауыз екі сөйлеуде *көкең кім?* түрінде жиі қолданылады. Бұл тіркес туыстық атауды білдіргенімен, *тірек*, *демеуші* деген мағынада жұмсалады. Дегенмен кей отбасыларда көне түркілік мәні әлі де болса сақталған.

**Көк түс** – жалпы адамзаттық түсінік бойынша аспан әлемі мен су кеңістігіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен байланысты тұжырымдалады.

Көк түс танымының көне түркілер дүниетанымында аспан әлемімен байланыста болғандығын Күлтегін ескерткіштеріндегі:

*Биікте көк Тәңірі*

*Төменде қар Жер жаралғанда*

*Екеуінің арасында адам баласы жаралған*, – дейтін өлең жолдары дәлелдей түссе, оны жалғастыратын батырлық идеяны «Оғуз қаған» эпосындағы *көк бөрі* ұғымымен байланыстыруға болады.

Қазақ ұғымында көк түс аспанға берілген оның тәңірлік сипаты ретінде танылғандықтан, ата-бабаларымыз көк түсті аспан әлемі, жаратушы тәңір әлемі, биіктік пен бостандық әлемі деп қабылдаған. Осыған орай бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің *көк байрағы* аспан түстес еркіндіктің, бостандықтың символын білдіреді. Көк түстің этно символикалық табиғаты жөнінде Е.Шаймерденов былай дейді: «...своеобразный «небесно-голубой мир» кочевника оставил глубокий след в его мировосприятии, национальном характере. Спокойствие души, безхитростная откровенность во взаимоотношениях с людьми, вера в добро – эти качества, отличающие его, как раз закодированы в символических значениях небесно-голубого цвета. Такой же след, может быть, даже более яркий, прослеживается в мировоззрении и мировосприятии казахов» [6, 110].

Қазіргі әрбір халықтың, мемлекеттің рәміздері мен нышандары, символикасы, тарихы олардың ұлттық дәстүрімен, салт-санасымен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты. Ерте кезде әрбір рудың,

тайпаның өзіне ғана тән таңбалары мен ұрандары, тулары мен мөрі, ен-таңбалары болған. Осы аталған этностың белгісін көрсететін символдар халықтың өз дәстүріне сай әртүрлі түстер арқылы бейнеленген. Олардың өзіндік мағынасы, қоғамдық-әлеуметтік дәрежесі, жалпы этносқа ортақ ұғым таңба, белгі, символ ретінде танылған. Сондықтан да, ақ пен қараның, көк пен жасылдың, сары мен қызылдың түстік номинативтік мағыналары бірте-бірте дерексізденіп, олардың заттық, материалдық ауыс мағыналары даму негізінде қолдану шегі бірте-бірте кеңейе түседі.

Қай халықтың болмасын, тұрмысы мен танымындағы бар дүние сол халықтың жадында сақталып, тек тілінде ғана көрініс табады. Тіл арқылы мәдениетті: халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілдегі символ сөздерде жасырынған. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір түр-түстік символдар халықтың рухани-материалдық мәдениетінен де, салтынан да орын алады. Бұл әр халықтың түр-түс табиғатын өзінше танып, өзінше анықтап, өз тілінде ат қойып, күнделікті қолданысына енгізуіне байланысты болса керек. Мәселен, ақ сөзімен келген тіркестердің мазмұны қазақ халқының ұлттық дүниетанымында қасиеттіліктің символдық галереясын сомдайды.

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – көк түс қашан да қазақ халқы үшін биіктікті, адалдықты, тұрақтылықты, мәңгілікті сипаттайды.

Түр-түс компонентті қазақ топонимиясы – географиялық жалқы атаулардың жай ғана жиынтығы емес, ол ментальдік факторларды көрсететін лексикалық бірліктер жүйесі.

Көшпелі қазақ, малшы адам табиғатқа және географиялық ортаға өзінің шаруашылық қажеттілігіне қарай орнығады. Сондықтан жер-су атауларында тек табиғат пен географиялық нысандар ғана емес, табиғат ерекшелігі, құбылыс түрлері, түсі де қабылданып, бейнеленеді.

Тарихи топонимдері қатарында едәуір орын алған «көк» сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған топонимдерге тоқталудың қажеті бар. *Көк* сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі

болып есептеледі (көк тәңірі, көк түрік, көк бөрі концептілері). *Көк* сөзінің *көкшіл*, *көгірек* деген *түстік* мағыналарына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстардың танымдық құрылымы арқылы берілетін бейненің ортақ сипатымен байланысты. Аспанды *көк* деп атап, *көк тәңірге табынған*, *көк бөрінің ұрпағы* саналған түркі тектес халықтардың танымында аспанның түсі барлық осы түстес белгілерге атау ретінде берілген. Неге аспан деп аталынбаған деген сұраққа «аспан» сөзінің өзі таза түркілік емес, әрі қолдану уақыты да кейін енген деуге болады. *Көк* сөзі – түркі тектес халықтарға ортақ сөз. Заттық мәндегі *көк* (аспан) пен түр-түс атауы *көкті* синкретикалық түбір деп қарастырып жүр. Аспан мағынасындағы *көк* сөзі мен онымен түстес нәрселердің салыстырмалы түрде *көк* аталуы әбден мүмкін. Көне түркі тілдерінде «*көк*» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкяң» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Мұндай мағына «көгі жақсы», «көгі жаман» тіркестерінде сақталған. Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. М.Қашқаридың еңбегіндегі «көгің кім» тіркесінің аудармасы «шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді. Номадтар үшін көк сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: көк – аспан, көк – көктем, көк-жаз, өріс кеңейіп, мал тойынатын кез. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы қыстаулар тізбесінен сүзіп алған деректеріміз мынау: Көк+ала+бие, Көк+аяқ, Көк+байтал, Көк+бас, Көк+бие+өлген, Көки, Көк+өгіз, Көк+терек, Көк+терек+тоғай, Көк+шалғын, Көк+ше+ағаш, Көк+ше+тал, Көк+шіл+ағаш. Мысалдарда сын есім+зат есім+зат есім, немесе сын есім+ күшейткіш шырай жалғауы+зат есім түрінде топонимдердің бірнеше жасалу жолдарын келтірдік. Міне, осындай ерекшелік, танымдар жер-су атауларына лексикалық негіз болды.

Қорытындылай келгенде, **қазақ тіл білімі де қарқынды дамуда. Түр-түстердің мағынасы, символикасы, этимологиясы, концепт құру ерекшелігі қазіргі кездегі тіл еңбекшілерінің назарына ілініп, адамтану парадигмасы тұрғысынан зерделеніп жатыр. Біз бұл мақаламызда бұрыннан бар пікірлерге өз көзқарасымызды білдіре отырып, ұлттық тіліміз бен ділімізде өзіндік сипаты бар *көк* сөзінің этимологиясын қарастырдық.** Тіліміздегі түр-түстер өздерінің символикалық қасиеттері арқылы түр-түске мүлдем қатысы жоқ не одан бүгінде



тым алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды білдіреді. Осы саладағы зерттеулерді негізге ала отырып, құрамында ақ, қара, қызыл, көк, сары, боз, ала т.б. түр-түс атаулары кездесетін күрделі топонимдердің түстік мағынадан алшақтап бағыт-бағдарды, басқа заттық түсініктердің белгісі болатынын аңғаруға болады.

#### **Әдебиеттер**

1. *Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З.* Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. *Аитова Н.* Қазақ тіліндегі «қара» және «көк» түске байланысты семантикалық сипаты. Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997.
3. *Уәлиханов Ш.Ш.* Көп томдық шығармалар жинағы. – Т. 4. – 2-бас. – Алматы: Толағай групп, 2010.
4. *Қашқари М.* Түркі тілінің сөздігі (Дивани-лұғат-ат-түрік): III т. шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997.
5. *Аитова Н.Н.* Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы. Ф.ғ.к. ... дисс. авторефераты. Алматы, 2005.
6. *Жампейісова Ж.* «Ақ», «қара» концептілерінің кумулятивтік қызметі // Қазақ тілі мен әдебиеті, №7, 2006, 70-75-б.
7. *Лауланбекова Р.Т.* Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты. Ф.ғ.к. ... дисс. авторефераты. Алматы, 2010.

***А.А. АБДУЛХАМИТОВА***

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты*

## **ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ СЮЖЕТТЕР**

**Андатпа.** Мақалада мифологизмнің тарихи дамуының бір кезеңіне жататын сана түрі ретінде көркем ойлаудың ерекше формасын тудырған неомифологизм құбылысының қазақ прозасындағы көрінісі қарастырылады. Қазақ әдебиетіндегі мифопоэтиканы зерттеушілер мен қазақ прозасындағы неомифологизмнің басында тұрған шығармаларға шолу жасалады. Әлемдік әдеби процестегі өзгерістердің қазақ әдебиетіне де ықпал ететіні және дәстүр мен жаңашылдық мәселесі сөз болады. Мақалада әдебиеттегі неомифологизм құбылысын зерттеудің өзектілігі мен қазіргі қазақ прозасындағы жаңа мазмұн жасаудағы авторлық мифтің рөлі мен қызметі мәселелеріне қатысты ойлар айтылады.

**Кіріспе.** Көркем прозадағы неомифологизм құбылысы ғылыми айналымға толықтай түспеген тың тақырып ретінде әдебиеттану ғылымының келелі де өзекті мәселесіне жатады. Қазіргі әдеби процестегі жаңашылдық, көркем шығарма мәтінін ұйымдастырудағы жаңа форма мен жаңа мазмұн, эксперимент жасау, оқырман санасымен ойнау, типологиялық түйісу формаларының көптеп ұшырасуы, т.б. сынды көркемдік ізденістер жаңаша бағыттағы зерттеулерді талап ететіні айқын.

Көркем әдебиет қоржынына түскен әр шығарма жекелей қаламгердің шығармашылық ізденісінің нәтижесі болғандықтан, ғылыми айналымға түсіп, жан-жақты зерттелгені маңызды. Қалам қуаты мен ой өрісі кең қаламгерлер қазіргі заманға сай, дәстүрден өзгеше, жаңаша бағыттағы шығармалар жазып, оқырман санасына өзге қырынан ықпал етіп жатқаны белгілі. Әдебиеттің қай кезеңдегі болсын мақсаты – адам мен жаратылыс құпиясы мен қырларын көркемдікке көмкеріп жеткізу арқылы оқырманды тәрбиелеу екені айқын. Осы тұста неомифтің де арқалайтын жүгі бар екені айқын.

Неомифологизм мәселесін зерттеген ғалымдардың қатарында З.Г. Минц, В.П. Руднев, Я.В. Погребная, Л.В. Ярошенко, т.б. бар.

«Неомифологизм» ұғымы әдебиеттану ғылымында «мифологизм» ұғымымен бір деңгейде қолданылмаса да, кейінгі кездері ғылыми айналымға еніп, кең қолданыс тауып келеді. Көркем мәтін мифке негізделетін жағдайлар жиі ұшырасады. В.П. Руднев сөздігінде неомиф жаңа мәнге ие болған, стильге салынған, қазіргі уақытқа бейімделген миф ретінде сипатталады. Зерттеушінің ойы бойынша, неомифтің құрылымы иллюзия мен шындықтың тоғысы, циклдік уақыт, көркем мәтін тілінің миф тіліне ұқсауы, мифтік егіз кейіпкердің болуы сияқты ерекшеліктерге негізделеді [1, 28].

Қазақ әдебиеттану ғылымында мифопоэтиканы зерттеген ғалымдар С. Қасқабасов, Б. Жетпісбаева, А. Жақсылықов, т.б. еңбектерінде мифті көркем шығармаларында қолданған жазушылардың мифті қолдану ерекшеліктерін зерттеген. Қазақ прозасында да мифопоэтиканың ерекше құбылыс болғанын әр кезеңде дүниеге келген шығармалардан аңғаруға болады. XX ғасырдың басындағы қазақ жазушыларының шығармаларында мифтік желі көріне бастағанымен, одан кейінгі жылдары, 1930 ж. кейін саясаттың ықпалымен бұл желі үзіліп барып, 1960 ж. кейін сабақтастық қайта

жалғанғанын көре аламыз. Зерттеуші А. Жақсылықов қазақ проза-сындағы мифопоэтикалық ойлау дәстүрінің А. Яссауи мен Асан кайғы шығармашылығынан басталатынын жазады [2, 317].

**Негізгі бөлім.** Қазақ әдебиетінің қоржынындағы шығарма-ларда мифтер мен аңыздар бой көрсетіп, ерекше құбылыс ретінде орын алғаны белгілі. С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев шығармаларында көріне бастаған мифтік-аңыздық желі Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Д. Досжан, Д. Исабеков, О. Бөкей, т.б. шығармаларында жалғастық тапты. Аталған жазушылардың шығармаларындағы ертедегі фольклорлық-мифологиялық мәде-ниет қайта жаңғырды деуге болады. Қазақ прозасындағы мифоло-гизм тақырыбы да күрделі де ауқымды, өз алдына жеке тақырып екені белгілі. Бұл тұста қазақ әдебиетіндегі неомифологизмге тоқталу маңызды.

1970-1980 жылдардағы қазақ прозасында мифтік сюжеттерді көркем шығарманың сюжетіне айналдыру, сол арқылы ескі аңыздар мен мифтерді қайта жаңғыртудың жолға қойылғаны байқалады. Десе де оған дейінгі жазылған шығармаларды неомифологиялық үрдіс болмады деп айтуға болмайды, себебі мифті көркем игеру ХІХ ғасырдан бастау алады. Ал ХХ ғасырдың алғашқы жартысында жазылған шығармалардың көбінде аңыздар мен мифтерді поэмаға арқау ету дәстүрі болғанын көреміз. Оны М. Жұмабаевтың, С. Сейфуллиннің шығармаларынан ұшырастыруға болады. М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов шығармаларының біршамасында да осындай үлгілер кездеседі. Ұлттық прозадағы шығармаларда ертеректегі классикалық аңыз-әңгімелерді көркем туындының құрылымына енгізіп, сол арқылы оларға жаңаша мән беріп, соны сипатын танытып, оқырманға идеяны жеткізудің жаңаша жолы қалыптаса бастады. Мұндай шығармашылық ізденістерді Ә. Кекілбаев, О. Бөкей, М. Мағауин, Т. Нұрмағамбетов, С. Жүнісов, Д. Досжанов, Р. Сейсенбаев, Ә. Тарази, т.б. шығармаларынан табамыз. Бұл соны соқпақты әдебиеттанушылар да назардан тыс қалдырмай, жан-жақты зерттей бастады. Қазақ прозасынан орын алған бұл құбылысты архетип тұрғысынан талдаған ғалым А. Ісімақова: «Миф поэтикасы қазіргі әлемді ауқымды уақыттық мүмкіндіктер арқылы бейнелеулермен байытып, қолданыстағы мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді. Өз

мағыналарын бұрын да танытып үлгерген поэтикалық формулалардың (архетиптердің) «қайта тірілуі» байқалады» [3], – деген пікір айтады.

XX ғасырдағы қазақ прозасында мифтер мен аңыздарды қолданудың мақсаты көркем туындының идеясын ашып, сюжетін дамытып, көбінесе реалистік мақсатта қолданғанын байқауға болады. Ал қазіргі қазақ прозасында экспериментке бару, мифтік сюжеттер мен аңыздарды құрылымдық элемент ретінде пайдалану, сол арқылы жаңаша форма тудыру үрдісінің орын алғанын аңғаруға болады. Мысалы, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасындағы Күшікбай аңызы шығарманың сюжетін дамытуға қызмет етіп тұрады. Сол аңыз арқылы кейіпкердің жай-күйін білеміз. Сол сияқты С. Мұқановтың «Ботагөз» романының соңында кездестірілген мифологизм элементтері де негізінен шығармадағы саяси көзқарасты танытуға қызмет етіп тұрғандай. Ал «Сұлушаш» шығармасында кездесетін мифологемалар жүйесі негізінен пейзажды шебер бейнелеуге қызмет етіп тұр. Мұндай ерекшеліктер көптеген қаламгерлердің шығармашылығына тән. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап мифтер мен аңыздарды қолданудың үлгілерін тарихи прозадан кездестіре аламыз. Мысалы, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» туындысындағы Абылай ханның, Кенесары ханның образдарындағы түс жору мотивтерінен мифологиялық ойлау жүйесінің үлгісін көре аламыз. Мифологиялық ойлау дәстүрі Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарында да кездеседі.

Халқымыздың бай фольклорлық мұрасынан бастау алып, қазақ прозасында жазушылардың қалыптастырған мифологиялық ойлау жүйесі талай шығармаларда бар. XX ғасырдың 70-80 жылдарындағы қазақ прозасында миф жаңаша мәнге ие болып, өзіндік өзгеше сипатпен қайта жаңғырды. Аңыз желілері мен мифтік кейіпкерлер көркем шығарманың өн бойына қуат бітіріп, қан жүгіртуге қызмет етті. Образдар тек жаңғырып қана қоймай, неше түрлі кейіпке түрленіп те көрініс тауып жатты. Ұлттық прозамызда мифтік ойлау жүйесі өмірдің жұмбақ сырлары мен тіршіліктің мәні, жаратылыстың құпиясын тануға, сол туралы терең философиялық ойлар айтуға қажет көркемдік тәсілге айналды деуге болады.

Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Күй», «Ханша-дария хикаясы», О. Бөкейдің «Айпара-ана», «Жасын», «Құм мінезі»,

«Сайтан көпір», «Қар қызы», «Жетім бота», Р. Сейсенбаевтың «Шайтанның тағы», «Өлілер құмды кезіп жүр», С. Санбаевтың «Ақ аруана», Т. Әбдіқовтің «Тозақ оттары жымыңдайды», М. Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», «Ғажайып бала» т.б. туындыларында мифологиялық жүйелер мен аңыздық құрылымдар арқылы адамзаттың мәңгілік рухани құндылықтары турасында философиялық жинақтаулар жасалып отырды.

Мифологизмді О. Бөкей шығармаларының поэтикасы арқылы зерделеген Ж. Аймұхамбетова «Қазіргі қазақ ақын-жазушылары авторлық позициясын танытуда, шығарманың идеясын ашып, көркемдік айшықтарын бедерлей түсуде мифтік сюжеттерді, мифологиялық түсініктерді, оның ішінде мифтік құбылушылықты мақсатты түрде пайдаланып, шығармашылықпен дамыта қолданғанын байқауға болады», – деген тұжырымын ұсынады [4, 54]. Кейінгі зерттеулерде мифопоэтиканың «реминесценциялар, мотивтер, сюжеттер, тәмсіл сөздер (притчи), аллегориялар, дәйек сөздер, аллюзиялар» формаларындағы нақты көріністерін саралау қолға алына бастады [5].

Қазақ прозасындағы неомифологизм үрдісінде айрықша бөліп айтуға тұратын тәсілдердің бірі – мифтік құбылушылық. Адамзаттың балаң санасы тудырған архаикалық мифтердегі адамның басқа заттардың кейпіне ене алуы турасындағы сенімдері кейінгі жылдар прозасында жаңа стилизацияға түсті. Адам мен табиғат, адам мен жануарларды тұтастандыра қарайтын сарынның жаңа уақыт өңдеуіне, интеллектуалдық сүзгіге түсуі қазақ әдебиетінде анималистік прозаның өрістеуіне де мұрындық болды. О. Бөкейдің «Бурасы», «Кербұғысы», М. Мағауиннің «Тазының өлімі», «Жүйрігі», Ә. Кекілбаевтың «Бәйгеторысы», С. Санбаевтың «Ақ аруанасындағы» хайуанаттарға адами сипаттар берудің өткір философиялық-эстетикалық астарлары болды. Мифологизмнен тамыр тартатын анималистік образдар адамның болмыспен қарым-қатынасын тереңдей зерделудің ұтымды тәсіліне айналды. (Бұл жерде дидактикалық сипаты бар, балалар санасына лайықталып жазылатын анималистік шығармалар мен анималистік-философиялық туындыларды шатастыруға да болмайды). Өмір құбылыстарының мәнісіне тереңдеу арқасында туған анималистік проза баяндау үдерісіне «төртінші жақты» әкелді. Авторға айналадағы ақиқатқа

бірнеше позициялардан үнілу мүмкіндігі туды. «Анималистік персонаждың көркемдік қызметінің бірі адам өмірі мен оның мәңгілік құндылықтарға деген қатынасының табиғилығын хайуанаттың «бұзылмаған, таза» көзқарасы арқылы тексеріп көру қабілетіне байланысты», – дейді осы мәселемен айналысып жүрген зерттеуші Г. Алтаева [6].

Неомифтің өзегі – жеке адамның өмірі. Неомифтің дамуын жеке адам өміріне деген қызығушылықтың адамзаттың жалпы тарихына деген қызығушылыққа ұласуынан аңғаруға болады. Неомифте жеке адамның тағдыры жалпының бір бөлігі ретінде, сол жеке тұлғаның сыртқы әлеммен қарым-қатынасы, мифке қатысты ойы қарастырылады. Бұл жерде мифтің мазмұны ақиқаттың танудың соңғы нүктесі ретінде емес, керісінше, ақиқатты табудың алғашқы қадамы ретінде зерделенеді.

Қазақ прозасындағы неомифологиялық үрдістер қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларында кездеседі. Мәселен, А. Алтайдың «Алтай балладасы» шығармасының жанры роман-мифке жататынын айта кетуге болады. Оның себебі шығарма тұтастай мифтік-аңыздық желімен астасып келеді. Бұл романды зерттеушілер постмодернистік, фрейдистік философиямен тығыз байланыстырады. Автордың бұл шығармасын П. Мерименің «Локис» деп аталатын шығармасындағы аю туралы ертедегі ескі аңызбен байланыстырады

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, көркем әдебиеттегі неомифтің туып, қалыптасу процесін шартты түрде былайша айтуға болады: миф өзінің мазмұнынан айырылады, өзге мазмұнға форма болады, мәні бөлек таңбаға айналады, содан соң сол мәнді сіңіріп, сол мазмұнның символына айналады. Яғни, форма (бұрынғы мазмұн) жаңа мазмұнмен тоғысқанда, неомиф немесе әдеби миф дүниеге келеді. Әдеби процесте болып жатқан осындай күрделі өзгерістер зерттеу әдіс-тәсілдеріне де жаңаша қарауды талап ететіні айқын. Неомифологизм құбылысының қыр-сырын зерттеп, көркем мәтінге талдау жасау үшін, көркем шығармадағы неомифті тани білу үшін мифтік құрылымдарды терең талдай білу, тани білу маңызды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде де жаңашылдыққа барып, өзгеше өрнекті көркем ізденістерге барып жүрген қаламгерлердің көп екені

де белгілі. Авторлық мифті тудыра білген жазушылар дәстүрлі қалыптан шығып, мифопоэтикалық формаларды адамның болмысы мен табиғатын, өмірінің мәні мен жұмбақ та тылсым жаратылыстың құпиясын ашуға ұмтылу арқылы мифтік-аңыздың желілердің екінші тынысын ашты деуге болады. Осы бағыттағы ізденістің жалғасын табуы көркем әдеби процестің бағытын айқындау үшін маңызды болмақ.

#### Әдебиеттер

1. Руднев В.П. Словарь культуры XX века. – М.: Аграф, 1997. – 384 с.
2. Жаксылыков А. Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы: Казах университет, 1999. – 348 с.
3. Исмакова А. С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – С. 381.
4. Аймұхамбетова Ж. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі: Филол. ғыл. канд. ғыл. ... дис. – Астана, – 126 б.
5. Ғалиева А. Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2006. – 32-б.
6. Алтаева Г. Казахская анималистическая повесть 1960–70-х годов (генезис, образность, повествовательные формы): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004.

**Н.Қ. СМАГУЛОВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология факультетінің 2-курс магистранты*

### **АБАЙДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК МҰРАСЫ**

Абайды тану, Абай шығармаларының ішіне үңілу, қаншама жыл өтсе де ешбір үздіксіз дамып келе жатқан процесс. Бүкіл әлемді қаратқан Абай шығармаларын қай қырынан қарасақ та мол материал табылары сөзсіз. Кешегі күнгі зерттеулерді бүгінгі тұрғыдан қарасақ көп тәлім аламыз. Абай шығармалары осындай өміршендігімен өзекті. Қазақтың қоғамдық ой-санасының, ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің, сондай-ақ әдеби тілінің даму тарихында Абай Құнанбаевтың алатын орны да, оған сіңірген еңбегі де орасан зор, қосқан үлесі мен көрсеткен үлгісі де аса мол. Ұлы ақынның қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Ол қазақ әдебиеті

тарихында қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, сыншыл реализмнің де негізін қалаған кемеңгер ақын. Абай мұрасын зерттеуші көрнекті ғалым Қажым Жұмалиев өзінің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің жай-күйімен, қандай деңгейде болғанын таныстырып өтеді және ақын туралы: «Абай өз халқының әдебиетін сүйе де, сынай да білді. Ол өзіне дейінгі әдебиеттің жақсы табыстарын дамытты, сол үлгіде жаңартып, ілгерілетті, кемшілігін қайталамады» [1], – деп пікір білдірген болатын. Абай шығармаларының тағы бір ерекшелігін айтар болсақ, оның өлеңдерін кез келген басқа халықтың тіліне аударар болсақ, олар өзінің мәнін де, көркемдігін де жоғалтпайды. Бұл ақынның адамзат баласына ортақ тақырыптарды, мәселелерді, идеяларды, мінез-құлықтарды, арман-тілектерді көтеруінің арқасында оның өлеңдері басқа да халықтардың тілінде де үлкен мәнге ие бола берді. Абайдың ұлылығы да осында. Ол ұлт ақыны да, басқа елдерге де ортақ ақын болды. Қ. Жұмалиев еңбегінде бұның төрт себебін көрсетеді: «Бірінші, Абай өз өлеңінің тақырыбы өтіп көбіне жалпы адамзаттық мәселелерді алды да, оларды адам баласына ортақ идеяның дәрежесінде жырлай білді. Шығарманың ұлттық көрінісі сол пікірді айтып беру үшін ат шаптырар майданы ғана болды. Екінші, қандай өлең, қандай сөзді болсын, мазмұн мен сезімге құрды. Өлеңінде бірінші орынды мазмұнға, сезім дүниесін суреттеуге беріп, түр сол мазмұнды, сезімді оқушыға жеткізу үшін қолданылуы керек деп ұқты. Үшінші, әрбір сөз мағына жағынан айтатын ойға қатесіз анық, айқын, дәл болуын берік ұстады. Төртінші, өлең, сөйлемдерде мағына қатынасы жоқ, шумақтың жол санын толықтыру үшін қолданылатын бос сөздерге қарсы қатты күрес ашып, өз өлеңдеріне сөйлеммен байланысы жоқ, басы артық бір де бір бос сөз жібермей, әр сөздің шумақтағы айтылмақ ой-пікірге нық байланысты болуы керектігін және оның мүмкіндігін өз өлеңдерінің үлгісімен дәлелдеп берді» [1].

Төл әдебиетіміздің теориясын жасаған Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты кітабында былай дейді: «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шарифат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне



қондырған» [2]. Орта ғасырларда таза дидактикалық бағытта дамыған діни поэзия жыраулар толғауларында ерлікті насихаттаумен, XIX ғасырдағы зар заман әдебиеті өкілдерінің шығармашылығында мұң-қайғы араласқан ызалы кескінмен, Абай өлеңдерінде терең интеллектуалдық тәпсірлеумен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүріп, «кітаби ақындар» айдарымен аталып кеткен бір шоғыр өлеңдерінде елді ағарту, оқу-білімге талпындыру сынды мәселелер төңірегінде көрініс тапты. Егер біз қазақ руханиятындағы ағартушылықтың бітімін бүтін қалыпта тануға талаптансақ, міндетті түрде оның астарында Ислам құндылықтарының жатқанына қуә боламыз. Ал керісінше, Ислам құндылықтарына үніле қалсақ, оның өзегінде ағартушылықтың негіз боп қаланғанына көз жеткіземіз. Шығыс халықтары үшін, түркілік таным үшін ағартушылық пен Ислам – мәндес, ұштас, ұқсас ұғымдар. Мысалы, жоғарыда айтқан Абай туындыларындағы иман, имандылық, ар-ұят жайлы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» түсінікті түрде діни әдеп негізіндегі этикалық, ізгіліктік қатынас үлгілерін қоғамдық байланыстың ережелеріне айналдырып берілген:

«Бек кісіге – керек ұят, ақыл, ар,  
Зұлмат күш жоқ, ақыл – арды жапырар.  
Ұятты бар адамдар пәк момын да,  
Ұятты іске тигізбейді қолын да.  
Кімге тәңір берсе ұят, намысты,  
Оған қоса бергені құт, данқты!» –

ұят, ар-намыс, имандылық секілді қасиеттерді санасына сіңіретін болса – ұлттық танымның, діни сауаттылықтың негізі осы болары сөзсіз дейді. Сонымен қатар, Жүсіп Баласағұн дастаны мен Абай шығармалары арасындағы рухани байланысты аңғара аламыз. «Құтты біліктің» негізі идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Олар: әділет, қайрат, ақыл, қанағат-ынсап. Ал осы ұғымдар Абай атамыздың 17-қара сөзі мен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде «ақыл, қайрат, жүрек» үлгісінде берілген.

Абай кемелденген толық адам болу үшін бес асыл іске жақын болып, оның бес дұшпанынан сақтану керектігін баса айтады. Ақынның бұл ойы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алады. Ондағы «бес асыл» мен «бес дұшпанның» негізі, профессор

М. Мырзахметов айтпақшы, шығыс ойшылы Ғұламаһи Дауанидің (XV ғ.) шәкірті Жүсіп Қарабағидың (XVIII ғ.) «Рисаласындағы» екіге бөлінетін жан азығынан (жанның пайдалы азығы, жанның зиянды азығы) негіз алады. Онда шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік пен күншілдік, жалған сенім қарама-қарсы қойылады. Абайдың дүниетанымында бұл ой тереңдетіліп, адам бойына қажетті «бес асыл қасиет» пен «бес дұшпан» нақтыланады.

Ақын бес асыл іс пен оның бес дұшпанын арнайы атап көрсетеді:

Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдында,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншак,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз [3].

Яғни мына өмірде адам құсап өмір сүргің келсе, осы бес асыл іске жақын болу керектігін насихаттайды. Адам болу үшін мал-мүлік, байлық, дүниенің қажеті жоқ, жай ғана өсек, өтірік айтпай, бос мақтанға салынбай, ерінбей, ысырап етпей өмір сүру қажет. Адамды құртатын да, тоздыратын да, жоқ қылатын да осылар. Абай атамыздың бір жарым ғасыр бұрын айтып кеткені әлі күнге дейін өзінің маңызын жоймады. Себебі бүгінгі күнде өсек айтатындарды да, әр сөзінің арасына өтірік қосатындарды да, жоқты бар деп көрсетіп мақтанатындарды да, жалқаулығын жеңе алмай, тал түске дейін ұйықтап, еріншектігін шүкірлікпен ақтап алатындарды да, алды-артын ойламай ысырап қылатындарды да жиі кездестіреміз. Тіпті өзіміздің де бойымыздан табылып жатады. Сондықтан да Абай атамыздың сөзіне құлақ асып, бес нәрседен қашық болып, бес асыл іске асық болғанымыз абзал. Сонда ғана адам болып, бақытты ғұмыр кешеріміз анық.

Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Жанғара Дәдебаев өзінің Абайтануға қосқан көлемді еңбегі «Абай

антропологизмінде» ақын айтқан бес асыл іс пен оның бес дұшпанын жеке-жеке талдап нақтылайды.

Өз халқының бойындағы кеселдерді, кемшіліктерді көре білген ұлы ойшыл ақын оларды сынап, міндерін көрсетіп, толыққанды адам болуға шақырды. Ал Абайдың түсінігінде толық адам – рухани жаңғырудың шыңы, адамның өзінің рухани болмысын тануы. Адам сатысы Алла Тағаланың жаратқандарын сүюге ұмтылып гуманизм, адамгершілік деңгейінде болса, ал толық адам Жаратқанның өзін сүюге ұмтылып, рухани жаңғырудың ең биік шыңына ұмтылады, көпшіліктен бөлектенуді, өзімен жеке болуды құп көреді. Бұл – таза рухани деңгей. Өзінің қара сөздерінің бірінде былай жазған болатын: «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды».

Рухани жетілу сатысындағы «толық адамның» материалдық даму сатысындағы «адамнан» айырмашылығы неде? Бұлардың бірнеше айырмашылықтары бар. Әулиелер мен қарапайым адамдарды ажырату үшін және әркім өзінің рухани деңгейін көру үшін бұл айырмашылықтарды білу керек.

Толық адам сатысындағылар өмірін Алла тағалаға толық арнайды, ал адам сатысындағылар толық арнамайды. Олар өздеріне пайдасы болса Құдайды еске алып, оған ризалықтарын білдіреді, ал егер пайдасы болмаса Оны ұмытып, өмір қызығымен кетеді. Демек, адам мен толық адамның арасындағы бірінші айырмашылық – адамдардың іс-әрекеттерінің мақсатында. Толық адам сатысындағылардың басқалардан екінші айырмашылығы – олардың өмірлерінің түпкі мақсатында. Толық адамдарда бірақ мақсат бар. Ол – Түп Иеге қайту. Ол үшін толық адамдар Абайдың «Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті» қағидасын берік ұстанып, Аллаға биік махаббатқа жетуге ұмтылады. Үшінші айырмашылық – Құдайға Абай көрсеткен ынталы жүрек, шын көңілдің тазалығында. Бұл олардың қасиеттерінің айырмашылығы. Абай айтқандай, бұл қасиеттен басқа қасиеттер Хаққа жол емес. Бұл туралы Абай былай дейді:

Алла деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз қол емес.  
Ынталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі Хаққа жол емес [4].

Төртінші айырмашылық – адам мен толық адамның негізгі қасиеттерінде. Материалдық сатыдағы «адамдардың» негізгі қасиеті имандылық дәрежесімен өлшенеді. Соған байланысты олар түрлі жетілу деңгейінде болады. Ал рухани жетілу сатысындағы «толық адамдардың» негізгі қасиеті Құдайға берілу, яғни, Оған деген ынталы жүрек пен шын көңіл дәрежесімен өлшенеді. Яғни, рухани сатыға көтерілу шарты – ынталы жүрек, шын көңілмен Құдайға толық берілу. Сананың бұндай биік дәрежесі басқа сатыларда жоқ. Бұл сатыдағы толық адам өзінің іс-әрекетінде сырт көзге ештеңені өзгертпеуі де мүмкін. Ол өзінің бұрынғы қалпындай жақсы отбасы, қоғам қайраткері, ұлтының қамын ойлайтын кемеңгер, патриот, гуманист болып қала береді. Бірақ оның ішкі дүниесі толық өзгереді. Ол енді өзін немесе «менікі» дегендерді қанағаттандыру үшін емес, барлық себептердің себебі Алла тағаланың разылығы үшін әрекет жасайды.

Сонымен Абай шығармаларымен танысып, зерделеп оқып, мәнін түсініп қарасақ, ақынның туындылары – тұлғаның рухани жетілу жолы екеніне көз жеткіземіз. Ол өз өлеңдері мен қара сөздерінде Құран Кәрімнің аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін мағыналық тұрғыда жақсы сабақтастырып қолданған.

Оның өлеңдері мен қара сөздерін оқи отыра, Абайдың діни білімі жоғары болғанымен, қатты діншіл еместігін аңғара аламыз. Ол дінге философиялық тұрғыдан қарап, дін мен ғылымды қатар қолданған. Алланы тек дін жолымен емес, ғылым жолымен де тануға болатынын айтқан. Ал Алланы тану үшін толық адам болу қажет.

Абай үшін толық адам – біліммен, ғылыммен және дінмен ұштасып дамып, жетілген адам. Адамзат өркениетінде рухани тұрғыда игі қасиеттерді – иман, ғылым, білім, тәрбие, өнер, құқық, тапқырлық, қайраткерлік, жомарттылық, азаматтық, адамгершілік құндылықтарды бойыңа сіңіріп, жетілдірген адам. Ғалым Абайдың толық адам ілімі жайлы танымын тереңінен түсіндіріп, бүгінгі және келешек ұрпаққа рухани азық ретінде мол тағылым қалдырып отыр. Ол туралы еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам»

концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін», – деп Абай атамыздың «толық адам» тұжырымының маңызы айтқан болатын.

Қорыға айтқанда, адамның жетілу жолына түсуі үшін, Абай ілімі бойынша, әуелі салауатты өмір салтымен материалдық жолды өтуі керек. Материалдық жетілу ең әуелі әркімге табиғатынан берілген міндеттерді орындаудан басталады. Әрбір адам әке, ана, бала, дос-жора, азамат болу тәрізді бұл өмірде түрлі орын алып, соған байланысты түрлі міндеттер атқарады. Адамзат қоғамының өркендеуі олардың осы міндеттерін дұрыс орындауларына байланысты. Ендеше ең әуелі әркім сол міндеттерін дұрыс орындауға үйренулері керек. Жоғарыда айтылғандай, әркімнің өз міндетін дұрыс орындау адамға жетілу сатысындағы бір деңгейден екінші деңгейге көтерілуге мүмкіндік береді. Эволюциямен осылайша жетіліп, адам біртіндеп рухани сатыға көтеріледі. Демек, осы жолдағы Абай ілімі – адамның рухани жетілуінің биігі [5].

#### **Әдебиеттер**

1. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар, 1948. – 212 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Кұрастырып, баспаға алірлеген Н. Ақбаев). – Алматы, «Санат», 1995. – 320 б.
3. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: Дәуір, 2006. – 566 б.
4. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы: Мектеп, 2007. – 248 б.
5. Омаров Д.Қ. Абайдың рухани мұрасы. – Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2007. – 264 б.

## МАЗМҰНЫ

<i>Түймебаев Ж.</i> Құттықтау.....	3
<i>Қоғамжарова Д.</i> Құттықтау.....	4
<i>Гаипов Д.</i> Құттықтау.....	5
Өмірбаяндық деректер .....	6

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

<i>Дәдебаев Ж.Д.</i> Кітап пен автор туралы .....	8
<i>Боранбаев С.Р.</i> Жөргегінде танысқан мұң тілімен .....	10
<i>Тілеубаев С.Б.</i> Зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз, адал дос .....	15
<i>Дәрібаев С.Д.</i> Шәкірттік сезімін ұмытпаған ұстаз .....	19
<i>Шортанбай Ш.А.</i> Әдебиет әлемі, ұстаздар ұлағаты .....	29
<i>Алдабек Н.Ә., Тастанбекова Б.Ә.</i> Ғалым һәм ұстаз және біздің ағай.....	36
<i>Ахметова А.М.</i> «Әдебиеттің эстетикалық негіздері» – эстетика ғылымына қосылған үлес .....	39
<i>Жұматаева А.</i> Нағыз ұстаз, рухани тәлімгер .....	43

## II БӨЛІМ

<i>Ержанова С.Б.</i> Желілік әдебиет: дәстүр және жаңашылдық .....	47
<i>Сарбасов Б.С.</i> Ежелгі мұралардағы фольклорлық мотивтер .....	53
<i>Боранбаев С.Р., Шинтаева М.О.</i> Ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі тұрмыстық лексиканың қазақ тіліндегі көрінісі .....	60
<i>Қожағұлов С. Қ.</i> Ұлттық рухани қазынамыздың қормалы .....	68
<i>Боранбаев С.Р., Абдуллина Н.К.</i> Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштері тілінің кейбір лексика-фонетикалық ерекшеліктері.....	74
<i>Касымжанова А.А., Ахан Қ.О.</i> Л. Ребекканың «Когнитивті-әрекеттік стильді зерттеу» әдістемесінің қазақ тіліне бейімделуі .....	81
<i>Батырбекова К.А., Жантасова М.Қ.</i> Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген жазба жөдігерліктерді зерттеудің маңызы .....	95
<i>Райымбекова Ж.</i> Орта мектеп бағдарламасындағы Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын оқытудың кейбір мәселелері .....	100
<i>Райымбекова Ж.К.</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды поэзиямен тәрбиелеу арқылы ұлтжанды тұлға қалыптастыру.....	110

## ЖАС ҒАЛЫМДАР

<b>Әділбаева Б.Б.</b> Аударма пьесалардағы қазақ қоғамының көрінісі: Ф. Кафка шығармашылығын мысалға алып талдау.....	117
<b>Әділбаева Б.Б.</b> Әлем және қазақ ертегісіндегі абсурд элементтері .....	124
<b>Дүйсенбаева Ф.А.</b> С.Мұқановтың Ш.Уәлиханов туралы еңбектері (эпистолярлық мұра негізінде).....	131
<b>Измаева Б.Е.</b> Араб-парсы аңыздары мен «Шахнамадағы» тарихи тұлғалар болмысы .....	139
<b>Омарова Р.Ж.</b> Т. Жолдыұлы шығармашылығындағы азаматтық идеялар .....	146
<b>Сағынбаева Ә.Р.</b> Мұқағали – поэзия дүниесіндегі жаңа құбылыс.....	157
<b>Советова М.Н.</b> Төлен Әбдіков шығармаларындағы психологизм.....	160
<b>Әлиасқар Е.Ә.</b> Фольклортану ғылымындағы артефакт процесі (Зұлпықар қылышының мифологемалық бейнесінің «Ғажайып көл» повесіндегі сипаты) .....	167
<b>Сұлтанов М.Х.</b> Көк сөзінің шығу этимологиясы.....	170
<b>Абдулхамитова А.А.</b> Қазақ прозасындағы неомифологиялық сюжеттер .....	176
<b>Смагулова Н.Қ.</b> Абайдың рухани-адамгершілік мұрасы.....	182

Қазақ әдебиеттану ғылымына қомақты үлес қосқан ғалым,  
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
**МӘМБЕТОВ ЖОЛДАСБЕК ОРМАХАНҰЛЫНЫҢ**  
60 жасқа толуына орай өткен  
**«ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ  
ТАЛҒАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары

*Алматы, 17 маусым 2022 жыл*

ИБ№ 14864

Басуға 08.12.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 84×90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Көлемі 11,75 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 17088.

Таралымы 30 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.